

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122:378.147

Қолжазба құқығында

**КУРМАНОВА АЙНАШ КУРМАНОВНА**

**Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі**

8D01717 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор м.а.  
Қапантайқызы Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
доцент  
Тагирова С.А.  
(Уфа: М. Акмулла ат.БМПУ)

Қазақстан Республикасы  
Астана, 2025

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	6
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	18
1.1 «Коммуникация» термині, «қатысымдық жаттығулар» ұғымы және өзіндік ерекшеліктері.....	18
1.2 Қатысымдық жаттығулардың зерттелуі.....	33
1.3 Қатысымдық жаттығулардың лингвистикалық негізі.....	49
1.4 Қатысымдық құзыреттілік – тіл үйретудің мақсатты нәтижесі.....	64
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	75
<b>2 ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ</b> .....	77
2.1 Оқу басылымдарында қатысымдық жаттығулардың берілуі.....	77
2.2 Қатысымдық жаттығуларды құрастырудың ұстанымдары мен түрлері.....	86
2.3 Қатысымдық жаттығулардың үлгілері мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері.....	98
2.4 Білім беру платформаларының қатысымдық жаттығуларды құрудағы орны.....	109
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	116
<b>3 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ</b> .....	117
3.1 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен мазмұны.....	117
3.2 Тәжірибелік-эксперименттік тексеру жұмыстарының нәтижелері....	146
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	170
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	172
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	175
<b>ҚОСЫМША А</b> – Современные научные парадигмы в башкирской и казахской лингвистиках: ұжымдық монография.....	183
<b>ҚОСЫМША Ә</b> – Қазақша үйренеміз: оқу-әдістемелік құралы.....	184
<b>ҚОСЫМША Б</b> – Авторлық құқық куәліктері.....	185
<b>ҚОСЫМША В</b> – Қазақша үйренеміз: қатысымдық жаттығулар: оқу-әдістемелік құралы.....	187
<b>ҚОСЫМША Г</b> – Болашақ педагогтердің арнайы курс туралы кері байланыстары.....	188
<b>ҚОСЫМША Ғ</b> – Жұмыстары.....	189
<b>ҚОСЫМША Д</b> – Ендіру актісі.....	192

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы: 1997 жылдың 11 шілдесі, №151 қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсанда, №1045 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 16 қазанда, №914 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №603 бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда, №17651 тіркелген).

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Қазақстан халқына жолдауы (2023 жыл 1 қыркүйек).

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Аналогия ойындары** – оқу үдерісінде немесе ойын барысында бір нәрсені басқа нәрсемен салыстыру арқылы ұқсастықтарды табуды көздейтін ойындар.

**Апроксимация ұстанымы** – үйренетін тілдің дыбыстарын айту кезінде оны сол тілге бейімдеп, жақындатып айту. Бұл ұстаным бойынша дыбысты, яғни сөзді айту барысында әр ұлттың өзіндік ақценті сақталады.

**Ассоциация** – әлемді тануда адам санасында алғаш пайда болатын менталды сигналдар, білім алудың бір тәсілі.

**Бастамашыл жаттығу** – өз ойларын, идеяларын мен сезімдерін білдіруге, сондай-ақ қарым-қатынаста еркіндікті дамытуға ықпал ететін жаттығу түрі.

**Дағды** – оқыту, білім беру жүйесінде қалыптастырылатын білім алу, оны қорыту, пайдаланудың түрлі машықтары.

**Дидактика** – педагогикалық ғылымның білім беру, машық пен дағдыны меңгерту, берілетін оқыту әдістерін, білім мазмұнының көлемі мен құрылымын айқындайтын, баяндайтын бөлімі.

**Екі ауыз әңгіме** – бір-бірімен тез алмасатын екі-үш сөйлемнен тұратын қысқаша, маңызды немесе достық сипаттағы қысқа әңгіме.

**Жағдаяттық жаттығу** – шынайы өмірлік жағдаяттар мен қарым-қатынас сценарийлерін имитациялайтын қарым-қатынас жағдайларын тудыратын жаттығу түрі.

**Интерференция** (лат. *inter* – аралық, өзара, *ferio* – тиісемін) – қостілді қолданыста тілдердің бір-біріне әсер етуі. Бұл, мысалы, екі тілді меңгерген адамның сөзінде шеттілдік ақцент түрінде пайда болады.

**Кәсіби құзыреттілік** – бұл мұғалімнің білім, білік және осы еңбекті жүзеге асыруға қажетті олардың нормативтік белгілерінен хабардарлығы; психологиялық сапаларды меңгеруі, нормаға және үлгіге сай нақты кәсіби әрекет.

**Кескіндемелік (композициялық) жаттығу** – жаңа мәтіндер, мәлімдемелер мен сценарийлер құрастыратын жаттығу түрі.

**Қатысым** – адамдардың нақты сөйлеу жағдаяттыңда тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуі.

**Қатысымдық жаттығулар** – білім алушылардың білік пен дағды қалыптастыруының жүйелілігін ескере келіп, тілдік және сөйлеу жаттығулары арқылы білім алушының қатысымдық құзыреттілігін дамытуға бағытталған өзара байланыстағы әрекеттердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін жаттығу.

**Құзыреттілік** – нақты білімдері мен дағдылары арқылы кейбір міндеттерді шешуге қатыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын тұлға мүмкіншіліктері; танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің теориялық тәсілдерін меңгеру дәрежесімен анықталатын жеке тұлғаның білімдік деңгейі.

**Модель** – белгілі бір сөйлеу бірлігінің (бірліктер қатарының) белгілі бір құрылымын көрсететін символдық формула.

**Мұз жарғыш сұрақтар** – бұл топ қатысушылары арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп, еркін атмосфера орнату мақсатында қойылатын қарапайым әрі ыңғайлы сұрақтар.

**Ойын жаттығуы** – оқу үдерісін қызықты ететін, тіл үйренуге оң ынтасын қалыптастыратын, белсенді жаттығу түрі.

**Пікірлесім (дискутивті) жаттығуы** – әртүрлі тақырыптар мен мәселелер бойынша талқылау мен пікір алмасуды ынталандыратын жаттығу түрі.

**Репродуктивті жаттығу** – тілдік құрылымдар мен тілдік үлгілерді кең қолдануға бағытталған жаттығу түрі.

**Сипаттау жаттығуы** – қазақ тіліндегі объектілерді, оқиғалар мен құбылыстарды сипаттау дағдыларын дамытуға ықпал ететін жаттығу түрі.

**Сұрақ-жауап (респонсивті) жаттығу** – тіл үйренушілерге түсініктерін білдіру немесе сұрақтарға жауап беру арқылы серіктестің қатысымдық белгілеріне жауап беру мүмкіндігін беретін жаттығу түрі.

**Түпнұсқа материалдар** – ана тілінде сөйлейтіндер шынайы өмірде қолданатын материалдар.

**Факт карталары** – бұл белгілі бір тақырып немесе адам туралы қысқаша ақпараттар мен мәліметтер жазылған карточкалар.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ат.	– атындағы
ж.а	– жылдар аралығы
жж.	– жылдар
зат.	– зат есім
лат.	– латынша
лингв.	– лингвистика
т.б.	– тағы басқа
т.д.	– так далее (тағы басқа)
т.т	– тағысын тағы
АҚШ	– Америка Құрама Штаты
БМПУ	– Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті
ЕТО	– Екінші тілді оқыту
ЕҰУ	– Еуразия ұлттық университеті
Ке АҚ	– Коммерциялық емес Акционерлік қоғам
ҚПҒА	– Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдар Академиясы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
РБ	– Республика Башкирстан (Башқұртстан Республикасы)
РФ	– Ресей Федерациясы
ҰҒА	– Ұлттық ғылым академиясы
МАРЖАЛ	– орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық қауымдастығы
PhD	– Doctor of Philosophy

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Ғылым кез келген саласынан өз кезеңінің қоғамдық-әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратын зерттеулерді талап етеді. Бұл – заңды құбылыс. Мұндай күн тәртібінен туындаған өзекті мәселелердің өз шешімін табуы соны бағыттағы зерттеулердің ғылым кеңістігінде алдыңғы кезекке шығуына алып келеді. Қазіргі таңда қазақ тілін күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін үйрену басым бағыттардың біріне айналып отыр. Осы тұрғыда біздің тарапымыздан ұсынылып отырған шешімдердің бірі – қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін әзірлеу және енгізу. Бұл білім алушылардың қазақ тілін меңгеруін жақсартып қана қоймай, оның күнделікті өмірде қолданылуын қамтамасыз етеді. Жалпы «тұлғаның алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасына өзек болар ойларды біз қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым А. Байтұрсынұлының еңбектерінен табамыз. Тілші-ғалымның «Баулу мектебі» атты мақаласында тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болуы керектігі айтылады. Ғалым тірі білімді орманға жай серуендеп қана бармай, қазық жасауға қажет ағаш іздеп бару мысалымен түсіндіреді [1]. А. Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, тіл үйретуде берілетін білім де тірі білім болуы керек. Ұлттық білім беру жүйесінде кеңестік кезеңнен басталған дәстүрлі оқытуда жылдар бойы жалғасып келе жатқан аударма-грамматикалық әдіске негізделген тілдік жаттығуларды қолдану әдістемесі тіл үйретуде нақты нәтижеге қол жеткізуге әрдайым мүмкіндік бере алмады. Олай болса, қатысымдық жаттығуларды ғылыми негіздеп, тәжірибеге енгізудің маңыздылығы дау тудырмайды. Себебі, тілдік бірліктер тек білім қоры, тіл жайлы ақпарат қоры ретінде ғана емес, тілді қарым-қатынаста қолдануға, сөйлеуге баулуға қызмет етуі тұрғысынан жаңаша бағытта ұсынылуы керек. Ал тілдік бірліктерді осы аталған қарым-қатынаста қолдану тұрғысынан ұсынудың мүмкіндіктерін тіл үйретуде қатысымдық жаттығулардың мүмкіндіктері үлкен. Ол шет тілін екінші тіл ретінде үйрету әдістемесін дәлелдейді. Ондай жаттығуларда шындыққа жанаспайтын, жағдаятқа бейімделмеген тілдік бірліктер болмайды. Себебі білім алушыны жаңа тіл әлеміне баулып, еліктіріп енгізіп, ұсынылған материалдың мінсіз екендігіне иландырып, әр тапсырманы орындаған сайын оқу-танымдық уәжін арттыра түсу үшін қатысымдық жаттығулар қолданылуы орынды. Осыған байланысты теориялық-практикалық тұрғыда зерттеу өзекті болады. Сондықтан бұл зерттеу жұмысы қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін әзірлеуге және сынақтан өткізуге бағытталған. Зерттеуіміз қазақ тілін оқытудың қолданыстағы әдістерін талдауды, қатысымдық тәсілдің теориялық негіздерін зерделеуді, жаттығулар кешенін әзірлеуді, оларды эксперименттік сынақтан өткізуді және тиімділігін бағалауды қамтиды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде пайдалану мүмкіндігі болса, теориялық мәні тіл біліміндегі қатысымдық жаттығулардың рөлі туралы ғылыми ой-пікірлерді дамытудан көрінеді.

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі білім беру жүйесі *сөйлеу тілін жетілдіретін тілдік орта мен тәжірибенің жоқтығы немесе жеткіліксіздігі, бейімделген оқу материалдарының аздығы, оқу әдістерінің тиімді іріктелмеуі, білім беру бағдарламаларында қатысымдық дағдыларды дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбеу* сияқты бірқатар мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Басты назар грамматикалық ережелерді меңгеруге және сөздік қорды есте сақтауға аударылады, ал тілді нақты жағдайларда практикалық тұрғыда қолдануға аса көңіл бөлінбейді. Бұл білім алушылардың теорияны жақсы білгенімен, шынайы қарым-қатынаста қазақ тілін тиімді пайдалана алмауына әкеледі. Осындай мәселелерді шешу үшін қазақ тілін оқытудың әдістемесін қайта қараған жөн. Қазақ тілінің сабақта белсенді қолданылуына жағдай жасай отырып, қатысымдық әдістерді білім беру бағдарламаларына кіріктіру қажет.

Тақырыптың өзектілігі оның білім беру жүйесінің қазіргі қажеттіліктерімен байланысты ғылыми-практикалық маңыздылығымен анықталады. Қазіргі уақытта грамматикалық ережелерді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар әртүрлі өмірлік жағдаяттарда тілді белсенді түрде қолдануға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді әзірлеу және енгізу қажеттілігі туындайды. Қатысымдық жаттығуларды зерделеу және қолдану білім алушылардың әртүрлі қатысымдық жағдаяттарға бейімделу, өз ойлары мен идеяларын анық және қисынды түрде жеткізу, әңгімелесушіні түсініп тыңдау және алған ақпаратына өз көзқарасын білдіре алу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар қатысымдық құзыреттілік деңгейін арттыруға және білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда қазақ тілінде сөйлесу қабілетін дамытуға, сондай-ақ болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға көмектеседі.

Қазіргі отандық әдістемелік зерттеулерде қатысымдық дағдыларды қалыптастыруға қатысты бірқатар мәселелер мен кемшіліктер бар:

– тіл үйрету жаттығулары жайлы отандық әдіскер-ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында жекелеген пікірлер айтылғанымен, кешенді зерттеулер негізінде қатысымдық жаттығулар жүйесінің әдіснамасы мен әдістемесі айқындалмаған;

– отандық әдістеме ғылымының теориясынан практикалық жағының дамуының нәтижесінде тіл үйрету жаттығуларының мол қоры жинақталғанымен, олардың ішінде сөйлеу тілін дамытуға бағытталған қатысымдық сипаттағы жаттығулар аз қамтылған;

– қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында заманауи технологияларды қолдану мәселесі біршама айқындалып жүйеленгенімен, жаттығу әдіснамасы негізінде интерактивті қатысымдық жаттығулар әзірлеудің әдістемесі жасақталмаған;

– тілді оқыту мәселесі жүйелік-құрылымдық тұрғыдан белсенді зерттелгенімен, антропоцентристік парадигмаға сәйкес тілді қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесі назардан тысқары қалған.

Осы аталған қайшылықтар алынып отырған тақырыпты ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеудің *өзектілігін* танытады әрі тілдің теориялық негіздері мен

қатысым теориясының арасындағы ерекшелік пен тілді практикалық меңгеру арасындағы байланыс мәселесі әлі де *қатысымдық тұрғыдан шешімін таппағанын* көрсетеді. Бүгінгі қажеттілік сан салада қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Ал қарым-қатынасты тілсіз орнату мүмкін емес. Себебі қазіргі өмір талабы – тілді объект, нысан ретінде қарастыруды емес, қажеттілік, тілдесу құралы ретінде меңгерту. Оның шешімі – *тілді қажеттілік ретінде оқыту*. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі қоғамдық қажеттілікті тудырып отырған әлеуметтік-лингвистикалық жағдай тіл үйрету әдістемесінде қолданылатын *қатысымдық жаттығуларға баса мән беріп, терең зерттеуді* талап етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы Қазақстан Республикасында тіл үйрету әдістемесін жетілдіру бағыттарын негізге ала отырып, бүгінгі заман талабына сай тілдік құзыреттілігі жетілген жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қазақ тілін оқыту әдістемесінде қатысымдық жаттығуларды тиімді қолданудың кешенді ғылыми әдістемесін жасау қажеттілігі дау тудырмайды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тілді оқыту, үйрету әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздері А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы, Ш. Сарыбаев, С. Жиенбаев, Ғ. Беғалиев, Ы. Маманов, Д. Әлімжанов, Н. Оралбаева, К. Жақсылықова, Б. Құлмағанбетова, Ф. Оразбаева, С. Рахметова, Қ. Қадашева, З. Бейсенбаевалардың еңбектерінде жарияланып, ұсынылған. Олар қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына зор үлес қосты, алайда тілді қатысымдық бағдарлы оқыту назардан тыс қалды. Қатысымдық бағдарлы оқытудың теориялық негізін шет тілін оқыту әдістемесінде Е.И. Пассов (қатысымдық оқыту, қатысымдық әдіс, қатысымдық оқытудың әдістемелік ұстанымдары, қатысымдық жаттығулар), В.Г. Костомаров, О.Д. Митрофанова (белсенді қарым-қатынас ұстанымы, оқушылардың ана тілін есепке алу ұстанымы), В.Л. Скалкин Т.А. Рамсина, М.А. Полидва (қатысымдық жаттығулар), Э.Ю. Сосенко (қатысымдық жаттығуларды құру ұстанымдары), Л.В. Шипицо (қатысымдық оқыту жағдайында ауызша сөйлеуді бақылау), М.Н. Вятютнев, Л.Л. Вохмина (аудиовизуалды әдіс), Г.А. Китайгородская (жеделдете оқыту әдісі), И. Зимняя (тұлғалық-әрекеттік тәсіл), Б. Эггерт, Г. Палмер, А.С. Хорнби, Ш. Фриз (қатысымдық бағыт), отандық әдістеме ғылымында Т.А. Саутова (оқытудың қатысымдық әдісі), М.М. Дуйсенова (қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру), А.Қ. Мейірбекова (қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту), Б.А. Сабденовалар (қатысымдық дағдыларын дамыту) қарастырды. Бұл зерттеулер қатысымдық оқытудың теориясы мен практикасының негізін қалады. Алайда қазақ тілін оқытуда қатысымдық жаттығулар арнайы түрде әлі қарастырылмады.

Қатысымдық жаттығулар тақырыбы Е.И. Пассов ұсынған қатысымдық оқытудан бастап, тұлғалық-белсенділік тәсілі (И. Зимняя) және аудиовизуалды әдістерді (М.Н. Вятютнев, Л.Л. Вохмина) біріктіретін заманауи тәсілдерге дейінгі әртүрлі теориялар мен тәсілдер арқылы дамыды. Бұл теориялар мен модельдер білім беру саласындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін

ескере отырып жетілдірілді, бірақ қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылым тарихында әлі күнге дейін қатысымдық жаттығулар кешенді түрде зерттелмеді.

Басты теориялық негіздерге іс-әрекеттегі оқыту, тұлғалық іс-әрекеттік тәсіл және аудиовизуалды әдістер жатады. Бұл теориялар білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуының және тілді нақты қатысымдық жағдайларда қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Практикада теориялық әзірлемелер, рөлдік ойындар, пікірталастар, жобалар және басқа белсенді оқыту әдістері қолданылады. Білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту үшін оқу үдерісіне осы әдістерді енгізу маңызды.

Қолданыстағы зерттеулерде қазақ тілінің ерекшелігі ескерілмейді және қазақстандық мәнмәтінде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімді әдістері ұсынылмайды. Сондай-ақ, бұл тәсілдерді қолдануда деректердің жетіспеушілігі мен әдістемелік шектеулер кездеседі. Сондықтан оқу үдерісіне қатысымдық жаттығуларды кіріктіріп, нәтижесінде қазақ қоғамының мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін ескеретін әдістеме әзірлеу қажеттігі туындайды. Біздің зерттеуіміз қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін жасап, енгізуге ықпал етеді. Бұл білім алушылардың практикалық дағдыларының жетіспеушілігімен байланысты мәселелерді шешуге және оқыту сапасын арттыруға көмектеседі. Зерттеудің бірегейлігі оның отандық мәнмәтінге бейімделген қатысымдық жаттығуларды қолданудың кешенді ғылыми әдістемесін ұсынуымен ерекшеленеді. Мұнда қоғамның заманауи талаптары мен сұраныстары, қазақ тілі мен мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі.

**Зерттеу нысаны** – қазақ тілін оқыту үдерісінде қолданылатын қатысымдық жаттығулар жүйесі.

**Зерттеу пәні** – қазақ тілін үйрету үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – қазақ тілін үйретуде қолданылатын қатысымдық жаттығуларды кешенді зерттеп, оларды құрастыру мен қолданудың тиімді әдістемесін ұсыну. Осы мақсатқа сай мынадай **міндеттер** алға қойылады:

- коммуникация терминін, қатысымдық жаттығулар ұғымы мен мәнін және өзіндік ерекшелігін анықтау;
- әлемдік және отандық әдістеме іліміндегі қатысымдық жаттығулар жайлы зерттеулерді талдау;
- қатысымдық жаттығулардың лингвистикалық негіздерін айқындау;
- қатысымдық құзыреттіліктің негізгі компоненттері мен қазақ тілін оқытудың мақсатты нәтижелерін жүйелеу;
- оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығулардың берілуіне сараптама жасау;
- қатысымдық жаттығуларды құрастыру және қолдану әдістемесін ұсыну;
- қатысымдық жаттығулардың тиімділігін эксперимент жүргізу арқылы тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы** – қатысымдық жаттығуларды ғылыми-практикалық тұрғыдан негіздеу арқылы қазақ тілін үйретуде білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал ету.

**Зерттеу болжамы:** *Егер* қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың әдістемесі жасалса, *онда* білім алушылардың қатысымдық дағдылары мен жалпы тілдік құзыреттілігінің айтарлықтай жақсаруына, олардың тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тілді үйренуге деген ынтасы артады, *өйткені* қатысымдық жаттығулар тілді әртүрлі жағдайларда белсенді практикалық қолдануға жағдай жасайды.

**Зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік негізі.** Қазақ тіл білімі мен тілді оқыту, үйрету, меңгерту бойынша жинақталған қазақ тілін оқыту әдістемесінің білім қорына сүйене отырып, қатысымдық жаттығулардың теориялық және әдістемелік негізі сараланды. Мұнда қатысымдық жаттығулардың зерттелуіне байланысты жасалған ғылыми-теориялық тұжырымдар зерттеудің теориялық-әдістемелік негізіне алынды. Зерттеу тақырыбы антропоэзектілік парадигманы басшылыққа алған лингвистика, педагогика, психология, қатысым теориясы, тілді оқыту әдістемесі тарапынан қарастырылып, әлемдік және отандық ғылыми-теориялық зерттеу ұстанымдары мен ғылыми-ұғымдық аппараттары басшылыққа алынды. Атап айтқанда, зерттеудің теориялық негізі қатысымдық бағдарлы оқыту тұрғысынан В.Г. Костомаров, О.Д. Митрофанова, Э.Ю. Сосенко, Е.И. Пассов, В.Л. Скалкин, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, Г.А. Китайгородская, Э.П. Шубин, П.Б. Гурвич, И.Л. Бим, И.А. Зимняя, Б.А. Лопидус, Н.И. Гез, ал отандық әдістеме ғылымында А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанов, Қ. Кеменгерұлы, Н. Оралбаева, Ф.Ш. Оразбаева, К. Жақсылыова, З. Күзекова, З.Ш. Ерназарова, Н. Құрман, Қ. Қадашева, Ш. Қапантайқызы, А.М. Мұратбекова, С. Нұрғали, Р.Е. Рахимбаева, К. Маселова, А. Күзембаева, Б.Ш. Мешінбаева, Т.Т. Аяпова, Г.К. Камиева, А.Б. Шормакова, Н. Шадиева, А. Исабаевтардың еңбектері негізге алынды. Бұл еңбектердегі тұжырымдар оқытудың қатысымдық бағдары мен қатысымдық жаттығулардың тіл үйретуде ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең тиімді екендігін дәлелдеді. Бұдан шыққан жаңа пайымдаулар зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін анықтауға мүмкіндік берді.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтауда талдау және жалпылау әдістері; экспериментті ұйымдастыру кезеңінде эксперименттік, бақылау, салыстыру, әңгімелесу, сауалнама, кері байланыс; талдау әдістері: жалпылау, жүйелеу; эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық талдау әдістері (t-тест, G-ср белгілер, корреляциялық талдау) қолданылды.

**Зерттеудің дереккөзі.** Қазақ тілін үйретуге арналған қатысымдық жаттығулардың түрлерін анықтау кезінде қазақ, түрік, башқұрт тілдерін үйретуге арналған оқу құралдары дереккөз ретінде талданды. Бұл талдауда осы оқулықтарда ұсынылған диалогтар, мәтіндер, тапсырмалар, бейнематериалдар, аудиожазбалар мен жаттығулар қарастырылды.

**Эксперименттік база ретінде** Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті алынды.

**Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері.** Зерттеу жұмысы үш кезеңде жүзеге асырылды:

**Бірінші кезеңде (2020-2021)** қатысымдық жаттығуларға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбына сәйкес еңбектермен танысып, оларды жинақтау, топтау, жүйелеу арқылы зерттеудің негізгі бағыты, өзектілігі, мақсаты мен міндеттері айқындалды және қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды құрастыруға арналған материалдар жинақталды.

**Екінші кезеңде (2021-2022)** зерттеу жұмысының басты идеясы айқындалды, оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығулардың берілуі, қатысымдық жаттығулардың өзіндік ерекшеліктері, қатысымдық жаттығуларды құрастырудың ұстанымдары мен түрлері және әдіс-тәсілдері талданды. Оқыту әдістемесіне арналған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, озық тәжірибелерге сүйене отырып, білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар негізінде жаттығулар құрастырудың тиімді жолдары анықталды, құрастырылған қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды. Экспериментке «Қазақ тілі (А1, А2, В1, В2-1 деңгейлі)» пәні бойынша орыс бөлімінің 26 студенті; «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің силлабусына енген «Қатысымдық жаттығулар модулі» бойынша 6В01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 11 студенті, 6В01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 14 студенті; «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы бойынша 6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 105 студенті, 6В01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 11 студенті, 6В01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 14 студенті тартылды. Жұмыстың міндеттеріне сай қатысымдық жаттығуларға әдістемелік қырынан зерттеу жүргізілді.

**Үшінші кезең (2022-2023)** эксперимент бағыттары бойынша қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесіне байланысты сауалнама, кері байланыс алынды, зерттеу нәтижелері жүйеленді және зерттеу нәтижелеріне статистикалық, корреляциялық талдау жасалып, қорытындыланды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

– қазақ тілін үйретуге арналған қатысымдық жаттығулар алғаш рет кешенді түрде қарастырылып, ұсынылды;

– қазақ тілін үйретуде білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін қатысымдық жаттығуларды құрастыру және қолдану әдістемесі әзірленіп, негізделді;

– тіл үйрету оқу басылымдарындағы жаттығуларға қатысымдық сипаты тұрғысынан талдау жасалды;

– қатысымдық жаттығулар жүйесі әзірленіп, оны қолданудың негізінде білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген

сенімділігі, тілді үйренуге деген ынтасын арттырудағы тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденді;

– зерттеу нәтижелері болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларына енгізілді, тиімділігі тәжірибеде айқындалды.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** Зерттеу нәтижелері өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін жаңа бағытта оқытуды қалыптастыруға өзіндік үлес қосады. Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға арналған қатысымдық жаттығуларды ұсыну қазақ тілін үйрету, мәдениетаралық, тұлғааралық, қатысым мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Зерттеуде қатысымдық жаттығуларды құрастырудың ұстанымдары мен ерекшеліктері, олардың басқа жаттығу түрлерінен айырмашылығы негізделеді, сонымен қатар қатысымдық жаттығуларды оқыту үдерісінде қолданудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері айқындалады. Ғалымдардың қатысымдық жаттығулар жайлы пікірлерін басшылыққа ала отырып, педагогикалық ізденістерге сай қатысымдық жаттығулар түрлерін әзірлеу және пайдалануға қатысты жасалған талдаулар мен тұжырымдар қатысымдық жаттығулар теориясын толықтыра түседі. Қатысымдық жаттығуларды қолданудың әзірленген және негізделген әдістемесі білім алушылардың тілді меңгеру деңгейін, қарым-қатынасқа деген сенімділігін, тілді үйренуге деген ынтасын арттыруға көмектеседі.

**Жұмыстың практикалық маңызы.** Зерттеудің практикалық маңыздылығы – қазақ тілін оқыту үдерісінде тілді меңгеру деңгейін, қарым-қатынасқа деген сенімділігін, тілді үйренуге деген ынтасын арттыруға көмектесетін қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін әзірлеу және жүзеге асырудан көрінеді. Құрастырылған қатысымдық жаттығулар мен оларды қолдану әдістерін әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында, сондай-ақ қазақ тілін оқыту курстарында қолдануға болады. Бұл зерттеу оқытушыларға білім алушылардың қатысымдық дағдыларын тиімді дамыту үшін арнайы нұсқаулар мен құралдар ұсынады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерді құруда, болашақ педагогтерді кәсіби даярлауды ұйымдастыруда пайдалы. Қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі негізінде қазақ тілін күнделікті қарым-қатынаста қолдануға, сөйлеу тілін дамытуға мүмкіндік жасалады. Зерттеу жұмысы барысында дайындалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын қазақ тілін оқыту әдістемесі бағытында зерттеу жүргізетін ізденушілер мен жоғары оқу орындары оқытушылары, жалпы білім беретін мектептердің, лицей, гимназия, колледж мұғалімдері пайдалана алады.

**Зерттеудің мақсат-міндеттеріне сай қорғауға мынадай тұжырымдар ұсынылады:**

– «қатысымдық жаттығулар» ұғымының мәні әдістеме іліміндегі сөйлеу, жағдаяттық, шығармашылық, қатысымдық тапсырмалар деген түрлі ұғымдардың жиынтығын құрайды, қандай да бір жағдаятқа, мәнмәтінге байланысты құрылады, белсенді қарым-қатынасты бастауға, сұрақтар қоюға және жағдайды толық түсіну үшін қосымша ақпарат іздеуге ынталандырады;

– тарихы грамматикалық-аударма әдісінен бастау алып, табиғи, тікелей, қатысымдық әдіске ұласқан қатысымдық жаттығулар грамматикалық біліктілікті қалыптастыруға, қатысымдық құзыреттілік пен оқу-танымдық уәжді арттыруға қызмет етеді әрі сол арқылы тіл үйретуде берілетін теориялық білімді білік пен дағдыға айналдыру мәселесін шешеді;

– қазақ тілін тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту үшін грамматика жеке-дара берілмей, сөйлеудің барлық алғышарттарымен бірге тұтас жүйе түрінде оқытылуы тиіс. Лексикалық тақырып аясында, мәтін негізінде, грамматикалық формулалар арқылы тілдік заңдылықтарды меңгерте отырып қатысымдық жаттығуларды ұйымдастыру – әртүрлі жағдайда тиімді қарым-қатынас жасауға бағытталады;

– қатысымдық жаттығуларды қолдану – қатысымдық дағдыларды дамытудың мақсатты нәтижесі, қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін қазақ тілін үйретудің тиімді әдісі. Қатысымдық құзыреттілік тілдік, әлеуметтік-лингвистикалық, прагматикалық және дискурстық құзыреттіліктен құралады;

– нағыз «тірі білім беріп», тілдік қатынасқа баулитын қатысымдық жаттығулар ғылыми айқындалған тұжырымдар мен ұстанымдар негізінде сөйлеу әрекетін дамытуға бағытталу, тіл үйрену деңгейіне сәйкестік, шынайылық және өмірде қолданылу мүмкіндіктерін арттыру талаптарына сай әзірленуі тиіс. Қатысымдық жаттығулардың нақты формалық үлгілері айқындалған кезде кез келген тақырыптық лексикаға байланысты жаттығулар жүйесін дайындау қиындық тудырмайды. Білім беру платформалары қатысымдық жаттығулар жасауда, оқытушылар мен білім алушылардың тілдік және қатысымдық дағдыларын дамытуға қажетті құралдар мен ресурстарды қамтамасыз етуде, жылдам кері байланыс пен бағалауды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады;

– қазақ тілі мен әдебиетінің болашақ педагогтеріне қатысымдық бағдарлы оқыту және қатысымдық жаттығулар жайлы теориялық, практикалық білім беру маңызды. Бұл білім алушылардың болашақ педагогикалық әрекетінде қолданатын оқу материалдарымен тікелей жұмыс жасап, оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдап, құрастыру, жүзеге асыру жолдарын меңгеруіне, тіл үйрету әдістемесін жетілдіруге қатысты сыни пікірлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

– тіл үйретудің қатысымдық бағдары қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын орта құруға мүмкіндік береді. Тіл үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдануда білім алушылардың тілді меңгеру деңгейін анықтаумен қатар, қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тіл үйренуге деген ынтасының арту деңгейін де әрдайым назарда ұстау қажет.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі** қолданылған әдістердің дұрыстығы, зерттеу тобының дұрыс таңдалуы, мәліметтерді өңдеу және қателіктерді ескеру, нәтижелердің қайталануы мен салыстырмалылығы, зерттеу мақсаттарына сәйкес келуі, нәтижелердің тәжірибеде қолданылу мүмкіндігі

және болжамдардың орындалуы зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді.

**Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы.** Диссертация бойынша негізгі ғылыми-практикалық нәтижелер отандық және шетелдік халықаралық конференция жинақтарында 15 мақала жарияланып, секциялық және пленарлық отырыстарда баяндама жасалды. Зерттеу идеясы мен қорытындылары нәтижесінде ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында 6 мақала, Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) халықаралық ақпараттық ресурстарына енгізілген ғылыми жарияланымдарда 1 мақала жариялады.

1. Communicative exercises in textbooks // Scientific Herald of Uzhhorod University Series Physics. – 2024. – №55. – P. 1188-1195.

2. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – №1. – Б. 400-412.

3. Қатысымдық жаттығулар: зерттеулер мен оқулықтарға талдау // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – №4. – Б. 233-245.

4. Қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігі // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1. – Б. 59-68.

5. The role of communicative exercises in increasing the level of practical knowledge of the kazakh language // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №2. – Б. 93-104.

6. Қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. – 2023. – №4. – Б. 217-227.

7. Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4. – Б. 179-190.

8. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №2 /2022, – Б. 91-101.

9. The application of communicative exercises in the process of teaching the Kazakh language // Scientific Herald of Uzhhorod University Series Physics. – 2024. – №56. – P.456-464.

10. Оңтайлы тілдік жаттығу – жүйелі дағды негізі // Дәстүр мен жаңашылдық тоғысындағы тіл және әдебиет мәселе лері: халықаралық ғылыми конференция материалдары (8 сәуір, 2021 ж.). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021. – Б. 166-171.

11. Қазақ және түрік тілдерін үйрету оқулықтарына салыстырмалы талдау // «XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы және қыпшақтық фактор» атты Халықаралық on-line конференциясының материалдары (8 қазан 2021 жыл). – Шымкент: Әлем, 2021. – Б. 256-264.

12. Виды упражнений в учебниках башкирского и казахского языков // Духовный мир мусульманских народов: материалы Международной научно-практической конференции (XVI Акмуллинские чтения). Том II. – Уфа: Издательство, 2021. – С. 210-215.

13. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдары // «Межкультурный диалог на евразийском пространстве: Материалы Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции, посвященной 85-летию доктора филологических наук, профессора, лауреата Государственной премии РБ имени Салавата Юлаева, кавалера ордена Салавата Юлаева, заслуженного деятеля науки Республики Башкортостан, Народного поэта Республики Башкортостан Рашида Закировича Шакурова, приуроченной к Году культурного наследия народов РБ. (г. Уфа, 14 апреля 2022 г.). – Уфа : БГПУ им. М. Акмуллы, 2022. – С. 158-161.

14. А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің маңызы // Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – Б. 293-298.

15. Роль коммуникативных упражнений в формировании практических навыков обучающихся // XVII Акмуллинские чтения: материалы Международной научно-практической конференции (2-3 декабря 2022 г.). Том II. – Уфа: Издательство, 2022. – С. 63-65.

16. Қатысымдық жаттығулардың теориялық әдістемелік негізі // «Сөйлеу мен тілдегі сөз: филология ғылымындағы қазіргі зерттеу» атты филология ғылымдарының докторы, профессор О.А. Сұлтаньяевтың туғанына 85 жыл толуына арналған VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, – Қазақстан, Кокшетау, 2023. – Б. 325-332.

17. Қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі // ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «Мырзатай Серғалиев және филология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2023. – Б. 141-146.

18. Dil ders kitaplarının karşılaştırmalı analizi (kazakça ve türkçeye dayanarak) // «Türklük bilimi araştırmaları (türk dünyasından makaleler)». – Denizli, 2023. – S. 231-244.

19. Қатысымдық жаттығулар жүйесі мен түрлері // Межкультурный диалог на евразийском пространстве: Материалы Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции, приуроченной к Году педагога и наставника в РФ, Году науки и просвещения в РБ (18 апреля 2023 года). – Уфа: Издательство БГПУ им. М. Акмуллы, 2023. – С. 72-75.

20. Роль коммуникативных упражнений при изучении казахского языка // XVIII Акмуллинские чтения: В 2-х т. Т.2: материалы Международной научно-практической конференции. – Уфа, 2023. – С. 246-250.

21. Қатысымдық жаттығулар: түрлері, әдістері, нәтижелері // Всероссийская (с международным участием) научно-практическая конференция «Родной язык, культура и литература в системе образования: традиции и инновации», посвященной к 90-летию со дня рождения профессора Азнабаева Ахмера Мухаметдиновича и профессора Альмухаметова Рашита Валиахметовича. (Уфа, 1 марта 2024 г.). – Уфа: Издательство БГПУ, 2024. – С. 129-134.

22. Қазақ тілін оқытуда грамматикалық материалды оңтайландыру // Межкультурный диалог на Евразийском пространстве: Материалы Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции, посвященной 90-летию со дня рождения доктора филологических наук, профессора Халиковой Раисы Халиловой. (Уфа, 12 апреля 2024 г.). – Уфа: Издательство БГПУ, 2024. – С. 119-122.

Сонымен қатар зерттеу жұмысы бойынша 1 ұжымдық монография, 2 авторлық бірлестікте оқу-әдістемелік құрал және 2 авторлық куәлік алынды.

1. Современные научные парадигмы в башкирской и казахской лингвистиках: коллективная монография. – Воронеж: «АртПринт», 2022. – С. 141-158.

2. Қазақша үйренеміз: Оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 93 б.

3. Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар. Оқу-әдістемелік құрал. – Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті баспаханасы, 2024. – 167 б.

4. «Қазақша үйренеміз»: Оқу-әдістемелік құралы. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 2021 жылғы 18 тамыз №19787.

5. «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар». Оқу-әдістемелік құрал. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 2024 жылғы 10 шілде №42287.

**Зерттеу құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

# 1 ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Коммуникация» термині, «қатысымдық жаттығулар» ұғымы және өзіндік ерекшеліктері

Қазіргі кезеңдегі мәдениетаралық қарым-қатынас пен жаһандану жағдайында қатысымдық дағдыларды дамытудың маңызы артып келеді. Бұл үдерісте тіл үйренуде шешуші рөл атқаратын қатысымдық жаттығулар ерекше мәнге ие. Әдістемелік теория тұрғысынан қатысымдық жаттығулар жүйесі ғылыми талдаудың дербес нысаны ретінде қарастырылмады. Бүгінге дейін тіл үйренуде жүйелі құрылымдық әдіске баса назар аударылып келгендіктен, оқыту әдістемесінің бөлігі ретінде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі әзірленбеген. Соған байланысты «коммуникация» термині, «қатысымдық жаттығулар» ұғымы, оның мәні мен анықтамасын, өзіндік ерекшеліктерін айқындап алу маңызды.

Қатысым теориясы ғылыми пән ретінде ХХ ғасырдың басында АҚШ-та пайда болды. Қатысым теориясының айрықша ерекшелігі – бір жағынан, оның пәнаралық сипаты, ал екінші жағынан, практикалық мәселелерді шешуге бағытталғандығы. Бұл кездейсоқ емес. Өйткені ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында философтар С.С. Пирс, Д. Дьюи, Дж.Г. Мид; әлеуметтанушылар К. Кули, Г. Блумер; саясаттанушылар Г. Лассуэл, О. Тоффлер және өзге де бірқатар шетелдік ғалымдар қарым-қатынас мәселелерін белсенді түрде зерттеуге кірісті. Бұл қызығушылық шетел ғалымдарының, соның ішінде М. Вебердің, А. Шутцтың, Т. Лакманның, К. Ясперстің және Дж. Хабермастың да назарын аударды. Қазақ тілі білімінде бұл салаға тұңғыш көңіл бөліп, осы бағыттың ұстанымдарын теориялық тұрғыда сипаттап, практикалық тұрғыда зерделеген педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш. Оразбаева болды [2].

Қатысым теориясы – белгілі бір заңдылықтар мен өзара байланыстар туралы тұтас түсінік беретін коммуникативистикадағы негізгі идеялар жүйесі. Қатысым теориясының қандай пән екенін түсіндіретін орталық категория – «коммуникация» ұғымы. Қатысым теориясының негізін салушылар қарым-қатынас түсінігін өте кең түрде түсіндіреді. Мысалы, К. Кули: «Қарым-қатынас арқылы адами қатынастардың өмір сүруі мен дамуы мүмкін болатын ақыл-ойдың барлық нышандары және олардың әдістері кеңістікте берілуі және уақыт бойынша сақталуы «механизмі» жүзеге асады. Оған мимика, ым-ишара, қарым-қатынас, дауыс ырғағы, сөз, жазу, баспа, теміржол, телеграф, телефон және ең басты кеңістік пен уақытты игерудегі жетістіктер кіреді. Қарым-қатынас құралдары мен сыртқы әлем арасында нақты шекара жоқ. Алайда, сыртқы әлемнің пайда болуымен бірге тек ойды жеткізуге арналған стандартты символдар жүйесі пайда болады, одан қарым-қатынастың дәстүрлі дамуы басталады» [3], - деген болатын. Отандық ғалым Ж.А. Жакупов өз зерттеуінде тілдік коммуникация тұрғысында: «Біріншіден, тілдік қарым-қатынас бар жерде контекст бар. Сондықтан сөйлеу ситуациясы да контекстің бір түрі. Екіншіден, контекстік ая жалпы тілдік қарым-қатынастағы жайттарды қамтыса,

ауызекі сөйлеуде ым-ишара, тұспал, емеурін сияқты құбылыстарды, ал жазба тілде солардың көрінісін беруге тырысады» [4], - деп атап көрсетеді.

«Коммуникация» термині латын тілінен аударғанда «жалпыға ортақтық жасау, байланыстыру, қарым-қатынас жасау» дегенді білдіреді. Тіл білімінің үлкен энциклопедиялық сөздігінде: «Коммуникация» (лат. communicatio, от communico – делаю общим, связываю, общаюсь) – қарым-қатынас, ой, ақпарат, идеялар алмасу, т.б. - адамдардың танымдық және еңбек әрекеті үдерісінде өзара әрекеттесуінің нақты формасы» [5], - деп анықталса, «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Коммуникация» (лат. communicatio – байланысамын, қатысамын, қатысым) – адамдардың танымдық-еңбек процесіндегі қатынас жасау, пікір алмасу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы» [6], - деген түсінік беріледі. Ал «Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінің 8 томында»: «Коммуникация (лат. от communicatio) 1. зат. Қатынас жолдары: көлік жүрісінің маршруттары, байланыс каналдары, қала шаруашылығының жер астындағы жүйесі және т.б. 2. лингв. Сөйлесу, тілдік қарым-қатынас жасау, ой, мағлұмат алмасу; танымдық-еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын танытатын ерекше форма. Коммуникация, негізінен, танымдық қызмет, тілдің көмегімен жүзеге асырылады» [7], - деп көрсетілген. Бірінші анықтамада басымдық қарым-қатынас, ой, ақпарат, идеялар алмасуға берілсе, екінші анықтамада қатынас жасау, пікір алмасу, ой бөлісу мақсат етілгенін, ал үшінші анықтамада қатынас жолдары, танымдық-еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын танытатын ерекше форма екендігін байқаймыз. Аталған терминге қатысты анықтамалар жинақталып төмендегі 1-кестеде ұсынылды.

Кесте 1 – «Коммуникация» терминіне берілген анықтамалар

Автор	Анықтама
1	2
Даль В.	«Коммуникация» фрнц. <i>хабар, жол, орындарды байланыстыру.</i> Коммуникациялық, хабарламаларға қатысты
Ушаков Д.Н.	1. Хабарлама, <i>бір орынның екіншісімен байланысы</i> (арнайы). 2. Хабарлама, <i>ойды жеткізу</i> (артықшылық, ауызша; ғылыми). Сөз байланыс құралы
Ахманова О.С.	«Коммуникация» ағылш. communication. Тіл арқылы белгілі бір <i>ойды жеткізу немесе беру</i>
Розенталь Д.Э., Теленкова М.А.	«Коммуникация» лат. communicatio – <i>хабар, байланыс</i> . 1. Тіл құралдары арқылы <i>мазмұнды жеткізу немесе беру</i> . 2. А.А.Шахматов терминологиясы бойынша, предикативті байланысқа келтірілген <i>екі ұғымның қосылуы</i>
Т.Жанұзақов	«Коммуникация» <i>жол қатынасы, бір орынның басқа орынмен байланысы, байланыс линиялары</i>
Тихонов А.Н., Хашимов Р.И., Журавлева Г.С.	«Коммуникация» лат. communicatio « <i>хабар, байланыс</i> ». Хабарлама немесе тіл арқылы хабар жіберу

## 1-кестенің жалғасы

1	2
Жеребило Т.В.	«Коммуникация» лат. <i>communicatio</i> хабар, беру. 1) Бір тұлғаның екінші тұлғаға қандай да бір хабарды белгілі бір мақсатпен жеткізуі; 2) Публицистикалық стильде: күрделі мәселені тыңдаушыға немесе оқырманға қарастыруға ұсыну; 3) Тіл білімінде: тілдік қарым-қатынас, тілді қарым-қатынас пен ақпарат алмасу үшін пайдалану, қоғам өмірін қамтамасыз ету және адамның басқа адамдармен қарым-қатынаста болған психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру
Абасилов А.	«Коммуникация» лат. <i>communicatio</i> жалпы ету, байланыстыру, сөйлеу; орыс. Коммуникация, ағылш. Communication) – бұл да қарым-қатынас; адамзат қоғамындағы ақпараттарды беру және қабылдау
Матвеева Т.В.	«Коммуникация» қарым-қатынас, адамдардың өзара әрекеттесу формасы, оның негізгі мазмұны ақпарат беру
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [8-16]	

Кестедегі ғалымдар ұсынған анықтамаларға сүйенсек, «қарым-қатынас» сөзінің әуел баста «хабар, жол, орындарды байланыстыру» ұғымынан басталып [8, с. 150], одан кейін «бір орынның екіншісімен байланысы» [9, с. 1424], «ойды жеткізу, мазмұнды жеткізу» [10, с. 95; 11, с. 100], «жол қатынасы, бір орынның басқа орынмен байланысы, байланыс линиялары» [12, б. 315], «хабарлама немесе тіл арқылы хабар жіберу» [13, с. 86], «хабарды белгілі бір мақсатпен жеткізуі; күрделі мәселені қарастыруға ұсыну және адамның басқа адамдармен қарым-қатынаста болған психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру» [14, с. 159], «ақпараттарды беру және қабылдау» [15, б. 71-72] деген мағынаға дейін өзгеріп, мағына ауқымының кеңейгенін көреміз. Осы жерде Т.В. Матвееваның «Қарым-қатынас – негізгі мазмұны ақпаратты беру болатын адамдар арасындағы өзара әрекеттесу формасы» [16, с. 152], - деген анықтамасы ерекше сипатқа ие. Ғалым бұл жағдайда тіл (сөйлеу) ең маңызды рөл атқаратынын, лингвистикада және сабақтас пәндерде қарым-қатынас және тілдік қатынас, сөздік қатынас терминдерінің бір мағынада қолданылатынын айтады. Оған Г.В. Колшанскийдің: «Тілдік коммуникация – бұл ең алдымен өзара түсіністік орнату мақсатындағы тіл арқылы қарым-қатынас» [17], зерттеуші И.М. Кобозеваның: «... бұл сөйлеу әрекеті түрінде объективтендірілген ойды тіл арқылы беру тәсілі, вербальды қарым-қатынастың қарапайым буыны» [18], - деген пікірлері дәлел болады. Олар үдерісті сөйлесуге қатысты қарым-қатынаспен байланыстырады. Осы ретте қатысым теориясының екі маңызды термині анықталады: басты термині – *қарым-қатынас*, екіншісі – *ақпарат*.

*Қарым-қатынас* – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы үдеріс. Адамдардың танымдық хабарлармен алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы [19, 20]. Ал *ақпарат* (латын тілінен *informatio*) – түсіндіру, баяндау, бір нәрсені реттеу. Көбінесе ақпарат – адамдардың бір-біріне қандай да бір жолмен жеткізетін мәлімет мазмұны. Ал *коммуникативистикада* ақпарат тұжырымының мағынасы кеңейіп, жүйені ұйымдастыру әрекеттері ретінде

түсініледі. Сондықтан қатысым теориясындағы орталық ұғым «қарым-қатынас», ол өзара символдар алмасуды және адамдар арасындағы қатынасты дамытуды қамтамасыз ететін механизм ретінде кеңінен түсіндіріледі.

Қатысым теориясының пәнін анықтауда екі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқараста философия, әлеуметтану, психология сияқты әртүрлі ғылыми пәндер аясында жасалған қатысым теорияларының алуан түрлілігіне ерекше мән беріледі. Екінші көзқарас бойынша жалпы қатысым теориясының негізгі зерттеу объектісі ретінде қарым-қатынас элементтерін, механизмдерін бөліп көрсету ұсынылады. Осыдан келіп, қатысым теориясының барлық қатысымдық білімді қамтитыны әрі ақпарат алмасудың әмбебеп механизмдері мен үлгілерін анықтауға басымдық беретіні байқалады. Тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын жаттықтыратын және жетілдіретін қатысымдық жаттығулар қатысым теориясымен тікелей байланысты. Себебі қатысым теориясы адресат немесе адресант арасындағы ақпаратты беру және қабылдау үдерістерін, сонымен қатар хабарламалардың қалай жасалатындығын, берілуін, қабылдануын, түсіндірілуін және үдерістің тиімділігіне қандай факторлар әсер ететінін зерттейді. Қатысым теориясы вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты, қарым-қатынастағы мәдени айырмашылықтарды, хабарламаларды қабылдаудағы әсерді, қатысымдық стратегиялардың тиімділігін және тағы басқа аспектілерді қарастырады. Қатысымдық жаттығуларды қатысым теориясымен байланыстырудың бірнеше жолы бар: *теорияны практикада қолдану; ұғымдарды көрсету үшін жаттығуларды пайдалану; кері байланыс және рефлексия жасау; шынайы қарым-қатынас жағдайларын құру*. Бұл байланысу жолдары белсенді тыңдау немесе тұлғааралық алмасу сияқты арнайы қатысым теорияларына негізделеді, осылайша тіл үйренушілер осы ұғымдарды тәжірибеде қолданып, өз дағдыларын жетілдіре алады. Сонымен қатар қатысымдық жаттығуларды қатысым теориясының нақты аспектілерін көрсету үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ қатысымдық жаттығулар, әдетте, тіл үйренушілерге қарым-қатынастың күшті әрі әлсіз жақтарын білуге және оларды теориялық тұжырымдармен байланыстыруға көмектесетін кері байланыс пен рефлексия қадамдарын қамтиды. Өмірдегі қарым-қатынас жағдайларын модельдей алады, бұл тіл үйренушілерге тиімді қарым-қатынасқа қандай факторлар әсер ететінін жақсы түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар қатысымдық жаттығуларда қолданылатын келесідей қатысым теорияларын білген жөн. Атап айтсақ, *белсенді тыңдау теориясы; вербалды емес қарым-қатынас теориясы; тұлғааралық алмасу теориясы*.

*Белсенді тыңдау теориясына* негізделген қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің белсенді тыңдау және эмпатия дағдыларын дамытып, басқа адамдардың көзқарасын жақсы түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. *Вербалды емес (ым-ишара, мимика және тағы басқа) қарым-қатынас теориясына* негізделген қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің хабарламаларды қабылдауына, оның мағынасын түсінуіне ықпалы етеді. *Тұлғааралық алмасу теориясына* негізделген қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілерге ақпарат алмасу үдерісін және оның коммуниканттар арасындағы

қарым-қатынасқа әсерін түсінуге септігін тигізеді. Қатысымдық жаттығуларда осы теорияларды ұстану тіл үйренушілердің нақты қатысымдық дағдыларын дамытып қана қоймай, сонымен қатар шынайы өмірдегі қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін тәжірибеде үздіксіз дамытып, жетілдіріп қолдану мүмкіндігін береді.

«Қатысымдық жаттығулар» терминінің қалыптасуына келер болсақ, ол тіл үйретудегі қатысымдық тәсілдің дамуы аясында пайда болды. Жалпы білім берудегі, тілді оқыту мен үйретудегі қатысымдық әдіс тілді нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануға және тілдік деңгейде өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. «Қатысымдық жаттығулар» термині екі сөзден тұрады: латынның «communicatio» – «қарым-қатынас, қатысым», «exercitium» – «жаттығу». Жаттығудың ғылым аралық термин ретіндегі мағынасы кең. Мысалы, педагогикада – әдіс [21], психологияда – дағдыға айналатын іс-әрекет [22], ал әдістемеде – игерген теорияны практикада қолданудағы жұмыс түрі [23].

«Қатысымдық жаттығулар» ұғымы алғашында тіл үйрету үдерісінде қолданылғаны белгілі. Ол ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды білдіреді. Бұл тапсырмалар әдетте рөлдік ойындар, диалог, пікірталас, эссе және тіл үйренушілерден тілді шынайы өмірдегі қарым-қатынас жағдайында қолдануды талап ететін басқа әрекеттерді қамтиды. Орыс тілі әдістемесінде «қатысымдық жаттығулар» термині 1970 жылдары қолданыла бастады. Оны ғылыми айналымға шет тілдерді оқыту бағытындағы отандық әдіскерлер енгізді. Қазіргі кезеңде «қатысымдық жаттығулар» термині әдістеме мен педагогиканың бар саласында қолданылады. Мысалы, шет тілін оқыту, іскерлік қарым-қатынасты оқыту, мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту. Осылайша, «қатысымдық жаттығулар» термині тілді оқыту үдерісін шынайы қарым-қатынас жағдайында тілдік дағдыларды практикада белсенді қолдануды көздейді. Шынайы жағдаяттарда тілдік қарым-қатынас саласындағы оқулықтардың дамуына ықпал ететін практикалық жаттығуды білдіреді. Уақыт өте келе технологияның дамуымен, қатысымдық құзыреттіліктер туралы түсініктердің кеңеюімен және оқыту әдістерінің жалпылануымен бұл терминнің мағынасы кеңейді. Қатысымдық жаттығулар ауызша және жазбаша қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығуларды ғана емес, сонымен қатар желілік тәжірибені, тілдік білім алмасуды, заманауи коммуникациялық технологияларды қолдануды және кең контексте тілдік дағдыларды дамытуға ықпал ететін басқа да әдістерді қамтиды. Сонымен қатар «қатысымдық жаттығулар» ұғымы қатысымдық лингвистика ұстанымдарына негізделеді. Тіл үйренудің мақсаты – оның құрылымын игеру ғана емес, сонымен қатар тілді нақты қатысымдық жағдайларды қолдану қабілеті. Тілдік жаттығулардағы қарым-қатынастың негізгі аспектілері тілді тек формалды ережелер жүйесі емес, қарым-қатынас құралы ретінде түсінуге қатысты. Қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілерге тілдік білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану мүмкіндігін береді. Бұл термин коммуникативтік лингвистика тұжырымдарына сүйенеді.

Коммуникативтік лингвистика Дж. Остин, Г. Грис, Дж.Р. Серл сияқты көрнекті ғалымдардың қарым-қатынас контекстінде тілдік маңыздылығын көрсететін іргелі тұжырымдамалары негізінде көрініс табады. Дж. Остиннің сөйлеу актілері теориясы – сипаттама-аналитикалық лингвистикалық теория, онда біздің сөйлеуіміз сөйлеуді өндіру мен мақсат қоюды үйлестіріп, оны үдеріс ретінде бейнелейтіндігі тұжырымдалады [24]. Дж. Р. Серл осы Дж. Остиннің сөйлеу актілері теориясын ары қарай дамытты [25]. Дж. Р. Серлдің еңбектерін талдау сөйлеу әрекеті теориясы мен сөйлеу актісі тілдің жай ғана құрылым емес, сонымен бірге әсер ету және өзара әрекеттесу құралы екенін түсінуге негіз болды. Соған байланысты қатысымдық жаттығулар – нақты қарым-қатынас жағдаяттарында тілдік құрылымдарды белсенді қолдануға баса назар аудара отырып, тіл үйренушілердің қатысымдық және тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы әзірленген практикалық іс-әрекет саналады. Бұл рөлдік ойындар, пікірталас, бірлескен жобалар мен тілдік дағдыларды үйренуге, дамытуға және тәжірибеде қолдануға ықпал ететін басқа да интерактивті әрекеттер сияқты жаттығулардың әртүрлі түрлерін қамтиды. Оның *мәні* – тіл үйренушілерге шынайы немесе жасанды қарым-қатынас жағдайында тілдік дағдыларды қолдану және дамыту үшін практикалық мүмкіндіктер беру. Бұл жаттығулар тілді түсіну, пікір білдіру, өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға және тіл үйренушілерге белгілі бір қатысымдық мақсаттарға жету үшін тілді қолдануды үйретуге бағытталады. Яғни, қатысымдық және мазмұнды міндеттерді шешу кезіндегі сөйлеу тәжірибесі жағдайында нақты бағытталмайтын, реттелмейтін тілдік материалды белсендіру. Бұндай белсендірудің нәтижесі «ауызша тілдік құзыреттілік» нақты ауызша қарым-қатынасқа енгізудің операциялық дайындығы саналады [26]. Қатысымдық жаттығулардың мәнін ашатын факторлар: *шынайылық, интерактивтілік, белсенділік, функционалдылық, рефлексия.*

*Шынайылық* білім алушыларға таныс контексте дағдыларды дамытуға көмектесетін шынайы өмірдегі қарым-қатынас жағдайларынан тілдік қатынас құруға мүмкіндік береді. *Интерактивтілік* көбінесе білім алушылардың өзара әрекеттесуіне негізделеді, бұл тыңдау және басқа коммуниканттарға жауап беру әрекетін дамытуға ықпал етеді. *Белсенділік білім алушылардың* ақпаратты пассивті қабылдауға емес, практикалық жағдайларда тілдік дағдыларды белсенді қолдануды көздейді. *Функционалдылық* тілді нақты қатысымдық мақсаттарда қолдануға бағытталады. Мысалы, пікір білдіру, идеяларды талқылау, мәселелерді шешу және т.б. *Рефлексия* қатысымдық жаттығуларды орындағаннан кейін, әдетте, білім алушыларға олардың жетістіктері мен қиындықтарын тануға, жақсарту бағыттарын анықтауға көмектесетін нәтижелерді талқылау және талдау жүргізіледі. Бұл білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамыту мақсатында тілді белсенді және практикалық қолдануға жағдай жасауды көздейді. Осы ретте қатысымдық оқыту тәсіліне негіз қатысымдық жаттығулар екені даусыз. Сондықтан тілді үйретуде қатысымдық жаттығулар кеңінен қолданылуы керек. Қатысымдық жаттығуларда оқу материалы тек қайталау мен есте сақтау үшін ғана

қолданылып қоймайды, олар тіл үйренушінің танымын кеңейтіп, ой өрісін дамытуға бағытталады. Оның *басты ерекшелігі* – жаңа лексикалық бірліктердің формасын жеткілікті түрде игеруді қамтамасыз ету, лексикалық дағдыларды дамыту (лексикалық бірлікті барабар және дұрыс пайдалану, оның басқа бірліктермен үйлесуі әрі осы лексикалық бірлікті сөйлеу жағдаяттарында қолдану). Бұл тұжырым И.Л. Бимнің: «... жаттығулар оқу материалын және онымен нақты әрекеттерді біріктіру формасы ретінде әрекет етеді» [27] деген пікірлерімен үндеседі. Демек тілдік материалдарды меңгеру үшін лексикалық дағдылар мен қатысымдық түрдегі сөйлеу біліктерін қалыптастыруда жаттығудың рөлі маңызды. Өйткені олар тілдік материалды белсенді және практикалық түрде меңгеруге, сонымен қатар қазақ тілінде қатысымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. «Білім және ғылым» энциклопедиялық сөздігінде: «...жаттығу – меңгеру мақсатында әрекетті қайталап орындау» [28], - деген түсінік берілген. Жаттығу түсіндіру мен бекітуді, сонымен қатар жалпылау мен автоматтандыруды қамтамасыз етеді де, соңында амалдың толық меңгерілуі іскерлік пен дағдының қалыптасуына алып келеді. Жаттығу түсіндіруден кейін, алдын-ала жаттаусыз-ақ, бірден орындалуы мүмкін, бұл кезде бекіту толығымен жаттығу барысында іске асады. «Жаттығу – нысаналы түрде сан рет қайталап орындалатын әрекет, ондағы мақсат, осы әрекетті жетілдіре түсу» [29], - деген «Педагогика» сөздігінде берілген анықтама мен де ұштасады. Жоғарыда берілген анықтамалар негізінде жаттығу жайында белгілі бір дағдыны немесе машықты меңгеру мақсатында белгілі бір әрекетті қайталап, орындау деген қорытынды жасауға болады. Оның мақсаты материалды бекіту мен жалпылау ғана емес, сонымен қатар оны автоматтандыру, яғни оны білік немесе дағдыға айналдыру. Бұл жаттығудың оқу үдерісінде маңызды рөл атқаратынын білдіреді, себебі ол тіл үйренушілерге жаңа материалды меңгеріп қана қоймай, оны әртүрлі жағдайларда қолдануға болатын дағдыға айналдыруға көмектеседі. Осылайша, жаттығулар материалды бекіту, жалпылау және автоматтандыру функциясын орындайды, сайып келгенде, оның толық игерілуіне, білік немесе дағдыға айналуына әкеледі. Бұл Р.Г.Лембергтің: «Жаттығулар білікті ғана қалыптастыратын құрал емес, олар білім мен білікті бірге бекітетін құрал» [30], - деген пікірінің дұрыстығын көрсетеді. Себебі жаттығулар тілдің әртүрлі аспектілерін біріктіруге, тіл үйренушілердің оны жан-жақты және тұтас меңгеруіне көмектеседі.

«Қатысымдық жаттығулар» терминіне берілген анықтамаларға келсек, әдістеме ілімінде *сөйлеу, жағдаяттық, қатысымдық, шығармашылық, қатысымдық тапсырмалар* деген түрліше атаулар кездеседі. Б.А. Лapidус сөйлеу бағытына ие тілдік материалды белсендіруге арналған жаттығуларды *жағдаяттық* (ситуациялық), кейін *қатысымдық*» [31] деп атаған. Әдіскердің осы терминді біріздендіру мақсатында «жағдаяттық жаттығулар» терминінен бас тартып, «қатысымдық жаттығу» терминін ғана қолдануды ұсынуы – соңғысының тіл үйретудегі мақсаттары мен міндеттерінің кең ауқымын қамтуымен байланысты. «Жағдаяттық жаттығулар» тек белгілі бір жағдайда сөйлеу материалын белсендірумен байланысты болса, «қатысымдық

жаттығулар» қатысымдық дағдылар мен машықтарды дамытуға неғұрлым жалпы көзқарасты ескереді. «Қатысымдық жаттығулар» термині тілдік материалды белсендіруді ғана емес, сонымен қатар үйретілетін тілде тиімді қарым-қатынас жасауды, өзара әрекеттесуді және тілді пайдалана отырып, мәселелерді шешу қабілетін қамтитын қатысымдық дағдыларды дамытуға баса назар аударады. Бұл тілдік құрылымдарды білуді ғана емес, сонымен қатар оларды әртүрлі қатысымдық жағдайларда қолдана білуге мән беретін тілді оқытудың заманауи тәсіл екенін көрсетеді. Бұдан тіл үйретуде оқытудың мәні мен мақсатын мейлінше дәл көрсететін, сонымен қатар тілдік білім беру саласындағы заманауи шарттарды ескеретін терминдерді таңдаудың маңызы зор деген қорытындыға келуге болады.

Э.Ю. Сосенко: «Сөйлеу жаттығуларын *қатысымдық* (әр сөйлемнің табиғи болуы, нақты шындыққа, тіл үйренушінің өмірлік тәжірибесіне қатысты ақпаратты алып жүруі) және *шығармашылық* (тіл үйренушінің сөйлеу мәселесін өз бетінше шешіп, өз дағдыларын қолданып, өз бастамаларын көрсетуі)» [32], - деп бөліп, сөйлеу жаттығуларының қатысымдық сипатын анықтайды. Ғалым қатысымдық жаттығулар әр сөйлемде тіл үйренушінің өмір шындығы мен тәжірибесіне қатысты ақпарат болатын табиғи қатысымдық жағдайды жасауға бағытталатынын айтады. Бұл тіл үйренушілердің тілдік білімдері мен дағдыларын белгілі бір қарым-қатынас жағдаяттарында қолдануға көмектеседі, тілді тиімді меңгеруге және қатысымдық құзыреттіліктің дамуына ықпал етеді. Шығармашылық жаттығулар, керісінше, тіл үйренушілерге қарым-қатынас мәселелерін өз бетінше шешуге, өздерінің бастамаларын көрсетуге және сөйлеу үшін сөйлем құру дағдыларын пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл шығармашылық ойлауды дамытуға, үйренетін тілінде ойлары мен идеяларын өздігінен жеткізе алуға ықпал етеді, сондықтан қатысымдық құзыреттілікті дамытудың маңызды аспектісі саналады.

Т.А. Рамсина, М.А. Полидва: «Қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің орындайтын дәстүрлі тілдік, грамматикалық жаттығуларындай емес, қатысымдық дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, сөйлесім әрекетінің барлық түрін дамытуға негізделі жүргізіледі, құбылыс немесе объект, үдеріс туралы ақпараттың бір бөлігінің толық, екінші бөлігінің белгісіз болып берілу жолымен жасалған қатысымдық жаттығулар тіл үйренушінің өз бетімен ізденуі, қатысым әрекетіне түсуі нәтижесінде оқытудың тұлғааралық белсенді сипат алуын көздейді» [33], - деген болатын. Бұл тұжырым тіл үйретудегі қатысымдық жаттығулардың дәстүрлі тілдік және грамматикалық жаттығулардан айырмашылығы бар екенін дәлелдейді. Олар тілдің формальды аспектілеріне назар аударудың орнына, тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамытуды және әртүрлі сөйлеу әрекетіне қатысуды мақсат етеді. Қатысымдық жаттығулар көбінесе тіл үйренушілерге қандай да бір құбылыс немесе объект туралы ақпараттың бір бөлігін беруге негізделеді, ал ақпараттың екінші бөлігі белгісіз болып қалады. Бұл тіл үйренушілерді белсенді қарым-қатынасты бастауға, сұрақтар қоюға және жағдайды толық түсіну үшін

қосымша ақпарат іздеуге ынталандырады. Бұл тәсіл тұлғааралық белсенді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді және тіл үйренушілердің тіл үйренудің тәуелсіз және белсенді қатысушылары ретінде дамуына ықпал етеді. Осы тәсіл қазіргі әлемдегі қарым-қатынастың өзгеру сипатына негізделеді, мұнда акцент ресми тіл ережелерінен әртүрлі жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасау қабілетіне ауысады. Жоғарыда жүргізілген талдаулардан *қазіргі таңда тілді тиімді меңгеру үшін қатысымдық дағдыларды дамытатын және ақпаратты өз бетінше іздеуге ықпал ететін қатысымдық жаттығуларды белсенді қолдану қажет* деген тұжырым жасалды.

Э.Г. Азимов, А.Н. Щукиннің «Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам)» атты еңбегінде: «Қатысымдық жаттығулар – сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды және тілді практикалық меңгерудің ең жоғары деңгейін қамтамасыз ететін шығармашылық жаттығу түрі» [34], - деген анықтама беріледі. Бұл анықтама бойынша қатысымдық жаттығулар арнайы білім беру тәжірибелерінің сөйлеу дағдыларын дамыту және тілді практикалық меңгерудің ең жоғары деңгейіне жету мақсатын көздейді және нақты қатысымдық жағдайларда тілді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталады, оның ішінде өз ойын жеткізу, әңгімелесушіні түсіну, диалогта өзара әрекеттесу. Олар тіл үйренушілердің белсенді қатысуын қамтиды және практикалық түрде қолдану арқылы тілдік құрылымдар мен функцияларды жаттықтыруға мүмкіндік береді.

Б. Қапалбек, А. Кеңесова, А. Жұмағұлованың құрастырумен жарық көрген «Әдіскер анықтамалығы» еңбегінде бұл термин «коммуникативные упражнения» термині «коммуникативтік жаттығулар» деп қолданылады және сөйлеу шеберліктерін қалыптастыруды және тілді практикалық тұрғыдан меңгерудің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін шығармашылық жаттығулар ретінде анықталады [35]. Бұл тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын дамытуға және тілді қолданудың практикалық деңгейін барынша жоғарылатуға қол жеткізуге бағытталған арнайы оқу тәжірибелерін қолдануды білдіреді. Мұндай жаттығулар, әдетте, оқу үдерісінде тіл үйренушілердің шығармашылық ойлауын және белсенді өзара әрекетін ынталандыру үшін құрылады. Олар рөлдік ойындар, талқылау, жағдаяттық жаттығу, проблемалық жағдаяттар және тіл үйренушілерге өздерінің тілдік білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі тапсырмалар мен әрекеттерді қамтиды.

Қатысымдық жаттығулар жүйесі туралы біршама толық анықтаманы Н.И. Гез берді. Оның айтуынша, қатысымдық жаттығулар – білік пен дағдылар қалыптасуының жүйелілігін ескере келіп, тілдік және сөйлеу қиындықтарының ұлғаюымен жасалған өзара байланыстағы әрекеттердің ұйымдастырылуы болады. Ғалым: «Бастапқы және орта деңгейдегі тіл үйренуші жеткілікті сөздік қорды игеріп, білім, білік пен дағдыны дұрыс пайдалана алуы үшін қатысымдық жаттығулар жүйесі тілдік және сөйлеу жаттығуларынан құрастырылуы керек және оларсыз тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамыту мүмкін емес» [36], - деген болатын. Ғалымның қатысымдық жаттығуларға деген көзқарасы – тілдік білім мен дағдыларды қалыптастыру

заңдылықтарын ескере отырып, тіл үйренушінің тілдік және сөйлеу қиындықтарын жеңуге көмектесетін бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру қажеттігі. Қатысымдық жаттығулар сөздік қорын молайтуға және тілдік құрылымдарды түсінуге бағытталған тілдік жаттығуларды ғана емес, сонымен қатар тіл үйренушілерге осы білім мен дағдыларды өмірдегі қатысымдық жағдайларда дұрыс қолдануға көмектесетін сөйлеу жаттығуларын қамтиды. Сондықтан қатысымдық жаттығулар жүйесі әртүрлі тілдік және сөйлеу тапсырмаларынан тұруы керек, өйткені дәл осындай *кешенді тәсіл* арқылы тіл үйренушілер тілдік құзыреттіліктің барлық аспектілерін, соның ішінде түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамыта алады. Бұдан *қатысымдық жаттығулар тілді оқыту үдерісінің құрамдас бөлігі, тілдік құзыреттілікті тиімді дамыту үшін тілдік аспектілерді де, сөйлеу аспектілерін де ескере отырып, әртүрлі жаттығу түрлерін біріктіреді* деген қорытынды жасауға болады.

Қатысымдық жаттығу термині кейбір зерттеушілердің еңбектерінде «коммуникативтік тапсырма» деп те қолданылады. Оны қарым-қатынас психологиясында алғашқылардың бірі болып А.А. Леонтьев қолданып, «танымдық тапсырма» ұғымымен салыстырып, өзіндік айырмашылығын танытады [37]. Жалпы «коммуникативтік тапсырма» мен «тілдік тапсырма» ұғымдары ХХ ғасырдың 1980-жылдары кең түсінікке ие болып, оған шетелдік зерттеулерде түрлі түсініктемелер беріледі. Зерттеушілер (А.А. Артюнов, И.Л. Бим, М.Н. Вятютнев, И.Я. Зимняя, Т.Ю. Тамбовкина) қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруда коммуникативтік тапсырмаларды беру және оларды орындау маңызды деп есептейді. М.Н. Ватютнев: «... қатысымдық құзыреттілікті меңгеру – бұл қарым-қатынас жағдайында коммуникативтік тапсырмаларды шешудің үздіксіз үдерісі» [38], - деп атап көрсетеді. Сондықтан оқыту әдістемесінде коммуникативтік тапсырма тұғырының негізіне С.Л. Рубинштейн [39] мен А.Н. Леонтьевтің психологиялық түсіндірмесі басшылыққа алынады. Т.Ю. Тамбовкинаның түсініктемесінде әдістемедегі коммуникативтік тапсырма ең алдымен оқушылардың тілдік әрекетке деген қажеттілігін оятып, соған сәйкес ой түрткісін дамыту, тілдік ойлауға ынталандыру, жаңаша және жалпы білімдерді игеруге себепші болу, тілдік құралдар мен лингвистикалық білімдерді өзектендіруге бағытталады [40]. Бұл оның проблемалық тапсырмалардан айырмашылығын білдіреді. Дидактиктердің анықтамасы бойынша, проблемалық тапсырмалар «табиғат пен қоғам жөніндегі жаңа білімдерді алуға, мақсатқа жету немесе білімді іздеудің жаңа құралдарын жасауға» бағытталады. Сөйлеуші әрқашан өзінің пікірі арқылы қандай да бір мақсатқа қол жеткізгісі келгенде: әңгімелесушіні сендіру немесе өзінің пікірі қате екендігіне көз жеткізу, көңіл білдіру немесе ашуландыру, оның пікіріне қолдау көрсету немесе келеке ету және тағы басқа фактінің дәлелділігін көрсетеді. Осы тәрізді мақсаттарды Е.И. Пассов коммуникативтік тапсырмалар [41] деп атайды.

Қатысымдық жаттығулар – тіл мен сөйлеудің қиындықтарын ескеретін және тілдік білім мен дағдыларды қалыптастыру заңдылықтарына негізделі

ұйымдастырылған әрекеттер жүйесі. Бұл жаттығулар тіл үйренушілердің белгілі бір тілді меңгеру деңгейін (А1, А2, В1, В2-1) ескере отырып құрылады. Қатысымдық жаттығулар тілдік (мысалы, жаңа лексикалық элементтер мен грамматикалық құрылымдармен жұмыс істеу) және сөйлеу жаттығуларын (мысалы, тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар) қамтиды. Бұл компоненттер бір-бірінен ажырамас және тіл үйренушілердің тілдік құзыреттіліктерін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етеді. Тілдік және сөйлеу жаттығуларынсыз тіл үйренушілердің тілдік құзыреттілігін тиімді және жүйелі түрде дамытуды қамтамасыз ету мүмкін емес. Өйткені бұл жаттығулар олардың тіл туралы білімін ғана емес, сонымен қатар сол білімді әртүрлі қатысымдық жағдайларда қолдану дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады. Бұдан қатысымдық жаттығулар – *тіл үйренушінің білік пен дағды қалыптастыруының жүйелілігін ескере келіп, тілдік және сөйлеу жаттығулары арқылы тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамытуға бағытталған өзара байланыстағы әрекеттердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін жаттығу* деген анықтама шығады. Қорыта келгенде, қандай да бір тілдік деректерді игеруге бағытталған жаттығуларды біз тілдік жаттығулар дейміз де, мәтіннің мазмұнына басты назар аударуды қажет ететін жаттығуларды сөйлеу жаттығулары деп атаймыз. Ал тілдік дағдыларды нақты қатысымдық жағдайларда дамытуға бағытталған жаттығуларды қатысымдық жаттығулар дейміз. Өйткені қатысымдық жаттығулар – білім алушыларға тілдік материалды тиімді қолдануды, қарым-қатынас жасауды және түрлі жағдайларды меңгеруді мақсат етеді. Қатысымдық жаттығулар тілді пайдалану барысында қатысымдық дағдыларды дамытуға және тілдік жағдайларға бейімделуге көмектеседі.

Тілдік жаттығулар сөйлеу деңгейінде дайындалып, оның коммуникативтік мәнділігі, орамдылығы ескерілуі тиіс, бұл сөйлеудің жүйелі, дәйекті болуына жағдай жасайды. Олар тілдік дағды бойынша істелетін әрекеттерді, байланыстырып сөйлеуге керекті тілдік материалды меңгертіп, оқу бағдарламасында ескерілген тілдік материалды қолдану дағдыларын қалыптастырады. Бұл жаттығулардың кейде тіл дамыту және қандай да бір тілдік материалды белсендіру деген екі бірдей мақсатты көздейтін кездері де болады. Мәселен: *Қызметке қабылданған жас мамандармен кездесуді қалай өткізгендерің туралы айтып беріңдер, мәтін құрастырған кезде етістіктерді тек өткен шақ формасында жұмсаңдар*. Бұндай жаттығуды тілдік немесе сөйлесімдік деп атай аламыз, ол кезде формалды не мазмұнды элементі басым түсетіндігіне назар аудару қажет. Тілдік жаттығуларға тілдік материалды алғаш рет түсіндіруге бағытталған кез келген жаттығу жатады, ол кезде тіл үйренушілер оның қалыбы, мәні мен қолданылуына басты назар аударуы қажет. Тіл үйренушілер игеруі тиіс тілдік материалды екі категорияға бөліп қарастыра аламыз. Жаттығуларда үйренетін тілдің ерекшелігін өзі жақсы білетін басқа тілдің ұқсас /баламалы/ ережелерімен салыстыра отырып меңгерту де қолданылады. Мәселен, етістіктердің жіктелуін, өздік есімдігінің қазақ тіліндегі қолданысын өзге тілдегі ұқсас ережелермен салыстырмай-ақ

игеруге болады. Ал етістіктердің шақтары жайлы білімді орыс тіліндегі ережелермен салыстырмай беру өзіндік қиындық туғызады. Себебі ол мәнмәтінге не жағдаятқа байланысты болады. Ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақты мәнмәтін (контекст) кезінде ғана айыра аламыз. *Құстар ұш-а-ды (Птицы летают) – Мен ұшамын (Я полечу)*. Осыған орай қандай да бір жағдаятқа, мәнмәтінге байланысты және жағдаяттан тыс, аяқ асты қолданылатын жаттығулар деп бөліп қарастыруды тиімді деп санаймыз. Бұл жерде ғалым Ж.А. Жакуповтың: «... байланыстыра сөйлеу бар жерде контекст бар. Сондықтан жекеден жалпыға, қарапайымнан күрделіге өту үшін, алдымен контексті зерттеп алған дұрыс», - деген пікірі біздің тұжырымымызға негіз бола алады [4, б. 3]. Алғашқы жаттығулар осы тілде баламасы жоқ, не баламасы бар, алайда тіл үйренушілерге белгісіз тілдік құбылыстардың кез келгенін игеруде жұмсалады. Мәселен қазақ тілінде жоқ, ал орыс тілінде бар «тек» категориясына қатысты мәселелер. Екінші жаттығулар осы тілдің жүйесінде баламасы не синонимі бар, оларды таңдау қандай да бір мәнмәтінге қатысты болатын тілдік құбылыстарды игеру кезінде жұмсалады. Мәселен, жоғарыда аталып өткен етістіктердің ауыспалы шағын міндетті түрде контекст (мәнмәтін) арқылы аңғаруға болады, не болмаса қажетті сөздердің баламасын тауып алу қажет. Тілдік құбылыстарды алғаш рет игерген соң тілдік жаттығулар сөйлесімдерге жол береді, себебі кез келген тілдік құбылысты сөйлесім кезінде тыңдалым арқылы игерту керек. Жаңа материалды игерту кезіндегі тілдік жаттығулардың сөйлеу жаттығуларынан артықшылығы ретінде аз ғана уақыт ішінде, сол құбылысқа мейлінше мол назар аударылып, көп мәлімет алуға мүмкіндік туғызатынын байқауға болады.

Сөйлеу жаттығулары сөйлеу әрекетімен, сөйлеу дағдысын қалыптастырумен, сөйлей білумен тығыз байланысты. Сөйлеу қоғамдағы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде айқындалады. Сондықтан сөйлеу жаттығулары адамдардың қарым-қатынасында тілді қолдануға дайындайтын, тілдің қатысым қызметін атқаруына қарай қатысымдық жаттығулар деп аталып жүр. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту мәселесімен айналысушы ғалымдар Н. Оралбаева, Қ. Жақсылықова сөйлеу жаттығуларына ерекше мән берген. «Сөйлеу жаттығуларының мәні өте зор. Қазіргі таңда екінші тілді оқыту әдістемесі сөйлеуге үйретуді негізге алады. Олай болса, қазақ тілін басқа ұлтқа оқытуда қазақша сөйлеуге үйрету негізгі мақсат болады да, жұмыстың басым көпшілігі осы мақсатқа сай ұйымдастырылады. Сол жұмыстардың негізгілеріне сөйлеу жаттығулары жатады», - деп, олардың сөйлем құрастыру, мазмұндама, шығарма, пікірлесім сияқты түрлерін атап көрсетеді [42].

Ең басты ескеретін жайт, тілдік жаттығулар мен сөйлеу жаттығулары – бір-біріне қатысы жоқ мәселелер емес. Олар бірін-бірі жалғастыратын, аралас қолданылатын жұмыс түрлері, олар бір сабақтың үстінде де аралас келе береді. Мысалы, тіл үйренуші *сөз және оның мағыналарымен* сабақта танысып, оны тануға үйренсе, сол сабақтың өзінде тіл үйренуші оны қолдануға да дағдыланады. Сондықтан, *«табыңыз, астын сызыңыз, белгілеңіз,*

*орналастырыңыз»* деген тілдік білімді меңгертуге ғана бағытталған тапсырмалардың орнына қатысымға жетелейтін *«неге, қалай ойлайсыз, себебін түсіндіріңіз»* деген тәрізді тапсырмаларға құрылған жаттығулар маңызды.

Тілдік жаттығулардың өзі тек тілдік бірліктерді таныту мақсатымен қанағаттанбайды, тілдік бірліктерді сөйлеуде қолдануға үйрету, оларды дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру мақсатын көздей құрылады. Сөйлеу жаттығулары төмендегіше анықталады:

1. Бұл жаттығулар тіл үйренушілердің өз бетімен сөйлеуін дамытуға арналады.

2. Сөйлеу жаттығулары сөйлеудің қажетті түрін түгел қамтуы керек.

3. Сөйлеу жаттығулары оқу бағдарламасының тілдік материалын және тақырыптарын қамти алуы қажет.

4. Сөйлеу жаттығулары түрлі сөйлеу жағдаяттарына байланысты болғаны дұрыс.

Әдіскер А. Күзембаева тіл үйренушілердің қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатын жүзеге асыру үшін келесі жайттарды ескеру керектігін атап көрсетеді:

1) бұрын өтілген тілдік материалды қолдана білу;

2) дайын текст арқылы өзіндік сөйлеуді құрастыра білу;

3) сөйлеуде өзінің қателерін байқап, түзете білу;

4) өз ойын жүйелі, дәйекті, жеткізе білу;

5) сөйлеудің қорытындысын жасай білу;

6) сөйлеуде өзінің тілдік қабілетін көрсете білу;

7) сөйлеудің келесі түрлері арқылы өз ойын жеткізе білу, әңгімелесу, бейнелеу, текстің мазмұнын айту, сұрақ қоя білу, сұраққа жауап бере білу, тексті жалғастыру, толықтыру [43].

Бұл дағдыларды қалыптастыру кезінде тіл үйренушілердің мына жағдайларға көңілін аудару қажет екенін анықтадық:

1) сөйлеудің мазмұны анық болуы керек;

2) сөйлеудің тақырыпқа сәйкес құрылуы;

3) сөйлеудің логикалық жағынан байланысты болуы;

4) сөйлеудің тақырыбын ашуға материалдың жеткіліктілігі;

5) ойды қысқаша, толық жеткізе алуы.

Осыған орай жаттығулар контекст арқылы жаңа лексиканы ұсынады, берілген тақырып бойынша байланыстырып сөйлеудің үлгісін көрсетеді, әңгімелесу, бейнелеу, мазмұнын айту сөйлесу түріне үйретуге арналған материалды қамтиды. Бұл тіл үйренушілердің қазақша тілін дамытуға көмектеседі, тілді үйретудің тәжірибе түрінде, қатысымдық бағытта жүзеге асуына септігін тигізеді. Сөйлеу жаттығулары тілдік жаттығуларда берілген тілдік бірліктерді сөйлеуде, қарым-қатынаста, өз пікірін басқаға білдіруде еркін қолдануды жетілдіру, дамыту, яғни тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын дәрежеге көтеруді мақсат етеді. Басқаның сөзін түсіну, ұғу – тілдік қарым-қатынастың қажетті бір бөлігі, өйткені басқаның сөзін түсіне алмаса, адамдармен тіл арқылы қарым-қатынас жасай алмайды. Осы тұста

3.Күзекөваның тілдік жаттығулар жайлы: «*Біріншіден*, тілдік жаттығулар ережелерге сәйкес, тілдік бірліктерді табуға құрылады. Барлық назар осы тапсырмаға аударылады, әрекеттің мақсаты, мазмұны тыс қалады. Мұндай жаттығулар сөйлеу дағдысын қалыптастырады деп айтуға келмейді. *Екіншіден*, тілдік жаттығуларды орындау барысында тіл үйренуші қателіктерге көп ұрынуы мүмкін. Себебі жауап варианттары да көп. *Үшіншіден*, тілдік жаттығулар көпшілік оқушы үшін қызық емес. Лингвистикалық манипуляция көпшілікті қызықтырмайды. *Төртіншіден*, тілдік жаттығулар ситуациялылықтан мүлдем ада: сөйлеушінің алдында сөйлеу міндеті емес, тілдік формальді міндет тұр», - деген пікірі маңызды [44]. Осылардан келіп, мынадай қорытынды айтуға болады: сөйлеу дағдысын қалыптастыруға тілдік жаттығулар жарамсыз, бірақ тілдік бірліктерді түсінуге көмектеседі, жазылымды меңгерту барысында тілдік жаттығуларды пайдалануға болады. Автордың бұл ойымен біз толық келісеміз.

В.Г. Костомаров: «Тіл үйренушілердің көпшілігі табиғатынан лингвист емес және олар парадигманы оқудан әсер ала алмайды, жалғаулардың варианттылығын жаратпайды, сөздік оқуды ұнатпайды» [45], - деген болатын. Жоғарыдағы ойларды тұжырымдай келе, тілдік, сөйлеу, қатысымдық жаттығуларды: мақсаты, бағыты, жаттығу түрлері, оқыту формасы, оқыту құралдары және ұқсастығы мен айырмашылықтары бойынша салыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктерін бердік (2-кесте).

Кесте 2 – Тілдік, сөйлеу және қатысымдық жаттығулардың ерекшеліктері

Атау	Тілдік жаттығулар	Сөйлеу жаттығулары	Қатысымдық жаттығулар
1	2	3	4
Мақсаты	Тілдік ережелер мен құрылымдарды меңгеру, сөздік қорын молайту	Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, аяқ асты сөйлеуді жетілдіру	Қатысымдық құзыреттілікті, тілдік дағдыларды нақты жағдайларда қолдана білуді дамыту
Бағыты	Дұрыс грамматикалық құрылымдар мен лексикалық элементтер сияқты тілдің формальды аспектілері	Табиғи қарым-қатынас, соның ішінде диалогтық дағдылар, талқылауға қатысу, тыңдау және дыбысты түсінуі	Ақпарат алмасу, проблемаларды шешу, талқылау және т.б. сияқты әртүрлі жағдайларда тиімді қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу
Жаттығу түрлері	Грамматикалық жаттығулар, жазу және оқу жаттығулары	Рөлдік ойындар, диалог, тыңдау және дыбысты түсіну	Жағдаяттық тапсырмалар, ақпарат алмасу, пікірлесу, пікірталастыру
Оқыту формасы	Дұрыстығына назар аударып отырып, құрылымдық тапсырмаларды орындау	Табиғи сөйлеуге мән беретін интерактивті, еркін жаттығуларды орындау	Тиімді әрекеттестікке баса назар аударып отырып, икемді, бейімдеу жаттығуларын орындау
Оқыту құралдары	Оқулықтар, жұмыс дәптеріндегі жаттығулар.	Аудио жазбалар, бейнематериалдар, рөлдік карточкалар.	Мультимедиалық материалдар, интерактивті бағдарламалар.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ұқастығы	Тіл байлығын дамытуға бағытталған. Тіл үйренушілердің белсенді қатысуын талап етеді. Тілді практикалық жағдайларда қолдануға назар аударады.		
Айырмашылықтары	Тілдің формальды аспектілеріне баса назар аударуы	Табиғи қарым-қатынас пен айтылымға баса назар аударуы	Тиімді қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуге баса назар аударуы
Ескерту – Автордың құрастыруымен			

2-кестеден байқайтынымыз, жаттығулардың үш түрі де тілдік дағдыларды дамытуға бағытталғанымен, олар мақсаты мен бағыты бойынша ерекшеленеді: тілдік жаттығулар – тілдік құрылымдардың дұрыстығына, сөйлеу жаттығулары – табиғи қарым-қатынасқа, қатысымдық жаттығулар – әр түрлі жағдайда тиімді қарым-қатынас жасауға бағытталады. Сөйлеу жаттығуларында сөйлеу жүзеге асады, бірақ сөйлесу орын алмайды. Ал қатысымдық жаттығуларда сөйлесу жүзеге асып, ол пікірлесу, пікірталастыру, талқылау тәрізді күрделі әрекеттерге ұласады. Бұл қатысымдық жаттығудың өзіндік ерекшелігі әрі қарым-қатынастың негізгі бірліктерінің қатарынан саналады. Сонымен қатар қатысымдық жаттығулардың *шынайылық, мақсаттылық, интерактивтілік, аутенттік, контекстуалдық, шығармашылық, мағынаға басымдық, ынталылық, инклюзивтік, кері байланыс* сияқты өлшемшарттары бар.

*Шынайылық* білім алушыларға нақты өмір жағдайларында тілдік дағдыларын қолдануға мүмкіндік беріп, тілді күнделікті өмірде пайдалану қабілетін арттырады. *Мақсаттылық* жаттығулардың белгілі бір қатысымдық дағдыны дамытуға бағытталуын қамтамасыз етеді, бұл білім алушыларға нақты мақсаттарға жету үшін қажетті тілдік құралдарды меңгеруге септігін тигізеді. *Интерактивтілік* білім алушылардың өзара әрекеттестігі арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. *Аутенттік* шынайы мәтіндер мен материалдарды қолдану арқылы білім алушылардың тыңдау және оқу дағдыларын дамытып, тілдік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. *Контекстуалдық* жаттығулардың белгілі бір жағдайларға негізделуін қамтамасыз етіп, тілдік құрылымдарды нақты қолдану қабілетін арттырады. *Шығармашылық* білім алушылардың ойлау икемділігін және импровизация жасау қабілетін дамытып, әртүрлі қатысымдық жағдайларда еркін сөйлеуге көмектеседі. Мағынаға басымдық беріп, білім алушылардың өз ойларын анық және дәл жеткізуді жүзеге асырады. *Ынталылық* қызықты және ынталандырушы жаттығулар арқылы білім алушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді қатысуына және өздігінен білім алуға ынталандырады. *Инклюзивтілік* жаттығулардың әртүрлі тіл деңгейлеріне бейімделуін қамтамасыз етіп, әрбір білім алушының белсенді қатысуына жағдай жасайды. Уақытылы және конструктивті *кері байланыс* білім алушыларға өз жетістіктері мен жақсарту қажет салаларын түсінуге көмектесіп, олардың оқу үдерісіне деген көзқарасын жақсартып, өзін-өзі бағалау қабілетін дамытады. Қатысымдық жаттығулардың осы өлшемшарттарын сақтау оқу үдерісінің сапасын арттырып, білім алушылардың тілді меңгеру деңгейін жоғарылатады.

Бұл өлшемшарттар білім алушылардың тілдік құзыреттілігін жан-жақты дамытып, олардың тілді еркін және сенімді қолдану қабілетін қалыптастырады. Қатысымдық жаттығулардың тиімділігі осы өлшемшарттарды сақтау арқылы айқындалады және нәтижесінде білім алушылардың тілдік дағдылары практикалық тұрғыда дамиды.

Қорыта келгенде, қатысымдық жаттығулар қатысым теориясымен байланыста қаралады. Сондықтан оның *қарым-қатынас*, *ақпарат* деген екі маңызды термині анықталды. Бұл тіл үйренушінің білік пен дағды қалыптастыруының жүйелілігін ескере келіп, тілдік және сөйлеу жаттығулары арқылы қазақ тілін тиімді меңгеруде қатысымдық дағдыларды дамытатын, ақпаратты өз бетінше іздеуге ықпал ететін, өзара байланыстағы әрекеттердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін қатысымдық жаттығуларды белсенді қолдану қажет деген тұжырым жасауға негіз болды. «Коммуникация» термині өзара әрекеттесудің кең ауқымын қамтиды және «қатысымдық жаттығулар» осы өзара әрекеттесулердің дамуына ықпал ететін негізгі құрал саналады. Оның ерекшелігі – олардың тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге жалпы қатысымдық құзыреттілікті дамыту қабілеті. Олар тіл үйренушілерге тиімді қарым-қатынас жасауға, сыни тұрғыдан ойлауға және әртүрлі қатысымдық жағдайларға бейімделуге көмектеседі, бұл – табысты оқыту мен кәсіби өсудің негізі.

## **1.2 Қатысымдық жаттығулардың зерттелуі**

Тіл үйренушілердің қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесінен және шет тілдерді оқытудың, үйретудің әдістемесінен бөлек қарастыруға болмайды. Себебі қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесінің зерттелуі шет тілдерді үйрету әдістемесінен, негізінен оқытудың грамматикалық-аударма әдісінен басталады. Аталған әдіс аударма, сұрақ құрастыру, сұраққа жауап беру сынды бір типті тапсырмалар ғана беріліп, тіл үйренушілердің аудару, сұрақ құрастыру, сұрақтарға жауап беру біліктерін дамытуды ғана көздейді. Шет тілдер әдістемесінде оқытудың *грамматикалық-аударма әдісі* XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін қолданылып келді. Бұл негізінде құрастырылған жаттығулардың басты сипаттамасына келсек, алдымен, тілдің грамматикалық заңдылықтарын игеру талап етілді, лексикалық қор соған сай таңдалды; екіншіден, грамматиканы игеру үшін ғана лексика іріктелді, сөздерді тек жатқа оқу ұсынылды; үшіншіден, мәтіннің аудармасын жазбаша жаздырды, себебі жазбаша жұмыстан соң ғана тілді меңгереді деген ұғым қалыптасты; төртіншіден, мәтінмен жұмыс істегенде тек грамматикалық талдау жасатылды; бесіншіден, шет тілден ана тіліне, ана тілден шет тілге аударма жасаумен айналысты. Оқулықтарда ұсынылған барлық жаттығулар тек грамматикамен байланысты болды. Ал мәтіннің мазмұнына, ондағы негізгі ойға, лексикаға мүлдем мән берілмеді. Сол себепті тіл үйрету әдістемесі ғылымында грамматикалық-аударма әдісі тиімсіз деп танылып, оның орнына оқытудың табиғи әдісі келді.

Оқытудың *табиғи (натуралды)* әдісінде бала өз ана тілін қалай игерсе, сондай жолмен өзге тілді де оқыту керек деген ұстаным негізге алынды. Табиғи әдіс деп аталуының себебі де осы болды. Бұл әдістің негізгі мақсаты – тіл үйренушілердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Әдісті қолдаушылар ауызша сөйлеуді меңгеру, оқу және жазу қабілетін қамтамасыз етеді, ол үшін тек оқу және жазу техникасын меңгеру қажет деп есептеді. Сондықтан барлық жұмыс ауызша сөйлеуге бағытталды. Соның бірі баланың ана тілінде сөйлеу ортасына ұқсас *жасанды тілдік орта* құру болды. Зерттеушілер ұсынған әдістемелік талаптар төмендегі мәселелерді қамтыды:

1) оқытуда ана тілі қолданылмауы қажет, өйткені тілдік құбылыстарды қабылдау имманентті (тікелей), аудармаға жүгінбеуі керек;

2) тілдік құбылыстардың мән-мағынасы түрлі көрнекілік, мәнмәтін немесе түсіндіру арқылы ашылуы керек;

3) жаңа тілдік материал тек ауызша берілуі керек, материалды бекіту аналогияны кеңінен қолдана отырып, мұғалімге еліктеу арқылы жүзеге асырылуы керек;

4) жұмыстың негізгі түрі мұғалім мен оқушылар арасындағы диалог болады.

Қарым-қатынастың шынайы шарттарына еліктейтін ойындар, сондай-ақ мұғалім мен тіл үйренушілердің іс-әрекеттеріне түсініктеме беру кеңінен қолданылды. Оқытудың табиғи әдісінің идеялары ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында танылып, сөйлесу кіріспе курстар аясында жүзеге асырылды. Бұл әдіске деген қызығушылық соғыстан кейінгі жылдары оның модификациялары – аудиолингвальды және аудиовизуалды әдістердің пайда болуымен байланысты қайта жаңғырды [34, с. 157].

Жалпы оқытудың табиғи әдісін зерттеуші М. Берлиц ауызша сөйлеуді дамытуда сөзді затпен немесе әрекетпен байланыстыра оқыту ұстанымын басшылыққа алған. Бұл әдісте тіл үйренуші ана тілінде сөйлегенде грамматикаға арнайы назар аудармайды, оны сезіну арқылы ғана қабылдайды, яғни грамматикалық заңдылықтар мен ережелер мүлдем оқытылмайды. М. Берлиц жаттығуларды осы табиғи әдіс ұстанымдары бойынша құрады. Алдымен сурет арқылы сөздің мағынасын білу, одан кейін сөзді есту жаттығуларын ұсынды, ал жаттықтыру ретінде сұрақ-жауап тапсырмаларын орындатты. Оның әдістемесі бойынша жаттығулардың басым бөлігі диалогтардан тұрды [46]. Бұл әдісті әрі қарай дамытқан еуропалық ғалымдар – Ф. Гуэн, М. Вальтер. Алайда, жаттығуларды бұл табиғи әдіспен құру кейінгі оқулық авторлары тарапынан қолдау таппады. Өйткені ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басында оқытудың табиғи әдісінен басқа *тікелей әдіс* зерттеле басталды. Тікелей әдісті ұсынған ғалымдар – В. Фиетор, О. Есперсен, әдіскерлер – Ш. Швейцер, Г. Вендт, Э. Симоно. Әдістеме өкілдері тілді, негізінен, ауызша түрде үйренуді мақсат етті. Лексикалық материалды іріктеу қарым-қатынас тақырыптарымен реттелді, ал грамматикадан тек қазіргі нормаға сәйкес келетіні ғана ұсынылды. Тікелей әдіс авторлары индукцияны кеңінен қолдануды, яғни тілдік материалды бақылауды және кейін ережелерді

оқушылардың өз бетінше шығаруын жүйеге енгізуді ұсынды. Тікелей әдіс өкілдерінің негізгі тұжырымы – ауызекі сөйлеу тіліне бет бұрудан, ауызша сөйлеудің оқыту әдістемесін жасаудан, тілдің дыбыстық жағын оңтайлы меңгеруге мүмкіндік беретін фонетикалық жаттығулар жүйесін құрудан және көрнекілікті өзге тілді материалды мағыналық түсіну құралы ретінде пайдаланудан тұрды.

Тікелей және табиғи әдіс келесі айырмашылықтармен сипатталды:

а) тікелей әдісте жаңа материалды зерттеу арнайы жасаған жоспарға сәйкес жүзеге асырылды, ал табиғи әдісте мұндай жоспар болмады;

ә) тікелей әдісте түзету жұмыстары үшін қажетті ережелердің белгілі бір жиынтығын игеру қарастырылды, ал табиғи әдісте ережелерді зерттеуге жол берілмеді;

б) тікелей әдісте оқу мен жазуды қисынды қолдану жаңа материалды бекітуге ықпал етті, ал табиғи әдісте оқу мен жазу қарастырылмады. Оқытудың тікелей әдісі табиғи әдістің жалғасы болып есептеледі, өйткені бұл әдіс те аудармадан бас тартты. Дыбысты дұрыс айту тәсілі енгізілді. Сабақта мұғалім суреттердегі заттарды атап, білім алушылар оны қайталады. Содан кейін сұрақ-жауап не мәтін арқылы оқу материалдары бекітіліп отырды. Оқытудың грамматикалық-аударма әдісі қарапайым әрі бір жақты болса, оқытудың тікелей әдісі білім алушының тілге деген қызығушылығын дамытуға және ана тіліндегідей сөйлеуге біршама мүмкіндік берді. Оқытудың тікелей әдісі бойынша екінші тілді ана тілін меңгеру тәсілімен салыстырып оқыту керек деген пікірлер болды. Мәселен, Л.А. Виноградова: «Екінші бір тілмен ұдайы салыстырып отыру – өте ұтымды әдіс» [47], - деп тұжырымдады. Шынында да, орыс тілді аудиторияда қазақ тілін үйреткенде, екі тілді салыстыру тіл үйренушілердің материалды тез сапалы ұғынуына септігін тигізеді. Бұл тікелей әдістің оңтайлы қыры саналды. Дегенмен тікелей әдістің де кемшін тұстары жоқ емес. Оның бірі – жаттығуларға тыңдалым әрекетінің енгізілмеуі. Себебі ғалымдар тыңдалым әрекетін айтылымның бір бөлігі деп санайды. Бұл көзқараспен бүгінгі күні кейбір зерттеушілер келіспейді. Олардың пікірінше, сөйлеу әрекетінің төрт түрі де жаттығуларда қамтамасыз етілуі керек. Бұл тұрғыда И.А. Грузинская оқытудың бастапқы кезінде шәкірттердің қабілетінде механикалық және логикалық есте сақтау ерекшеліктерінің қатар болатынын ескереді де, қайта жаңғыртумен бірге білім алушыларды өз пікірін білдіруге, ойындағысын айтуға дағдыландыру қажет деп есептейді [48]. И.А. Грузинскаяның осы идеясы қатысымдық жаттығуларды жасаудың алғашқы қадамы саналады. Бұдан соң 30-жылдары әдіскер-ғалымдар шығармашылық жаттығулар жөнінде пікірлер білдіре бастады. Олар білімнің білік пен дағдыға өтуі мәселесін шығармашылық жаттығулар арқылы шешуге болатынын дәлелдеді. Қазірде бұл мәселе кеңінен зерттелуде. Мысалы, жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде жобалық іс-әрекет деген бар. Ондай ғылыми іс-әрекет жасауда білім алушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі керек, сонымен қатар игеретін вербалдық, грамматикалық қоры мол болуы шарт. XX ғасырдың 30-жылдары қатысымдық жаттығулар қалыптаса бастады,

оларды жүйелеудің іргетасы қаланды. Ғалымдардың назарында тек тілдік материалды меңгерту мәселесі болды. Білім алушылар дайын үлгі бойынша жаттығуларды, тапсырмаларды орындап, сөйлеп кетеді деп тұжырымдалды. Ал сөйлеу жаттығулары туралы сөз болмады. Жаттығуларды *тілдік және сөйлеу* деп бөлу тілдерді оқыту әдістемесінде 50-жылдардан бастау алды. Себебі жаттығуларды қатысымдық бағытқа қарай бұру көзделіп, тілді үйретуде практикалық мақсат қойыла бастады. Ал *қатысымдық жаттығулардың элементтері* оқу үдерісінде ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап қана біртіндеп қолданыла бастады. Бұл кезде түпнұсқа (аутентті) материалдарды зерттеу мақсат етілді. Түпнұсқа материалдар – ана тілінде сөйлейтіндер шынайы өмірде қолданатын материалдар. Қатысымдық жаттығуларда шынайы материалдарды пайдалану тіл үйренушілерге сөйлеу үлгілерімен танысуға және тілді шынайы қарым-қатынас жағдайында қолдануға мүмкіндік берді. Бұл зерттеулер қатысым элементтеріне негізделген тілдік жаттығулар сөйлеу және тілдік дағдыларын дамытудың тиімді оқу әрекеті екенін көрсетті. Ал 1970-1980 жылдары тек екінші тілді оқытуда (ЕТО) ғана емес, барлық тілдерді оқытуда қатысымдық жаттығуларды қолдануға көп көңіл бөлінді. Ол *қатысымдық оқытумен* байланысты болды.

Бұл әдістің тұжырымдамасы 1970 жылдары *қатысымдық тіл білімінің* қалыптасуымен байланыстырылды. Қазіргі тіл ғылымының бұл бағытқа қызығушылығы 1950-1960 жылдары *құрылымдық және трансформациялық-генеративтік бағыт* идеяларының қайта қарастырылуымен ұштастырылды. Ол аудиовизуалды, аудиолингвалды, бағдарламаландырылған әдістердің ұзақ уақыт оқу материалы мен оны бекіту тәсілдеріне ерекше ықпал етті. Ұзақ жылдардағы оқу үдерісіндегі тәжірибе аталған ағымның өзге тілді оқытудағы ықпалынан күтілген практикалық нәтижелерді бермеді.

Осы кезеңнен бастап тілді екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі ғылымында тіл үйренушілер арасындағы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастыққа бағытталған *қатысымдық жаттығулардың жаңа түрлерін* жасауға бағытталған белсенді ізденістер қолға алына бастады. Атап айтсақ, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар және жобалық жұмыстар сияқты жаттығулар пайда бола бастады. Сонымен қатар осы кезде қатысымдық жаттығуларды құрудың әртүрлі жаңа әдістері мен тәсілдері, сондай-ақ қатысымдық жаттығулардың тіл үйренушілердің уәжіне тигізетін әсері де зерттеле бастады. Қатысымдық жаттығулар арқылы тіл үйренушілердің жаңа тілді үйренуге деген ынтымақ арттыруға болатыны дәлелденді. Оның дамуына үлес қосқан шетелдік ғалымдар: Дж.С. Брунер, В.М. Риверс, Д. Хаймс, С. Крашен; ресейлік ғалым-әдіскерлер: Е.И. Пассов, А.А. Леонтьев, А.Н. Щукин, М.Н. Вятютнев, Г.А. Китайгородская, Г.В. Рогова, И. Зимняя, М.Н. Колесников, В.Л. Скалкин, Э.Ю. Сосенко, Т.А. Рамзина, М.А. Полидва, В.Г. Костомаров, И.Д. Салистра, И.В. Рахманов, Н.И. Гез, И.А. Грузинская, Б.А. Лапидус, Э.П. Щубин, И.Л. Бим. Мәселен, Дж.С.Брунер, Р. Оливер және П. Гринфилд «Когнитивті өсудегі зерттеулер (Studies in Cognitive Growth)» атты мақаласында тіл үйренушілердің меңгеретін материалды белсенді түрде *зерттеу* арқылы жақсы

игеретіндігі айтылды. Оның идеялары қатысымдық жаттығулардың дамуына айтарлықтай әсер етті, сол себепті тіл үйренушілердің белсенділігін арттыруға, оларды оқуға ынталандыруға көп назар аударылды. Ғалымдар қатысымдық жаттығулар ойлануға және мәселелерді шешуге мәжбүрлейтін *жағдаяттық тапсырмаларға* негізделуі керек деп есептеді әрі қатысымдық жаттығуларда шынайы өмірден алынған материалдарды пайдалану маңызды екенін айтты. Пәнді меңгеру үдерісін сипаттай отырып, бір мезгілде жүзеге асатын: 1) жаңа ақпарат алу; 2) бар білімді түрлендіру: оны кеңейту, жаңа мәселелерді шешуге бейімдеу; 3) берілген тапсырмаға қолданылатын әдістердің сәйкестігін тексеру сынды үш үдерісті анықтады [49]. Тіл үйренушілердің ойлауын ынталандыратын жағдаяттық мәнмәтінге негізделген мұндай жаттығулар шет тілдерін заманауи оқыту әдістемесінде маңызды әрекет саналады. В.М. Риверс қатысымдық тәсілге баса назар аудара отырып, жаттығуларды тілдік дағдыларды меңгеру құралы ретінде қарастырды. Ол тілдік білім беруді екі санатқа бөлетін «дағдыларды меңгеру» және «дағдыны қолдану» моделін ұсынды [50]. Шынайы қарым-қатынас дағдыларын дамытуда белсенді өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасты қажет ететін ғалымның бұл моделі тілдің негізгі құрылымдарын меңгертіп қана қоймай, шынайы өмірдегі қатысымдық жағдайларды шешуде де қолданыла бастады. Д. Хаймс өзінің «Коммуникативтік құзыреттілік» (1962) еңбегінде тиімді қарым-қатынасқа қажетті білім, білік, дағдыларды қамтитын «қатысымдық құзыреттілік» ұғымын ұсынды. Ғалым бұл терминді Н. Хомскийдің (1965) тілдік құзыреттілік пен өнімділік арасындағы айырмашылықтың сәйкессіздігіне реакция ретінде енгізді. Н. Хомскийдің абстрактілі құзыреттілік түсінігіне жүгіну үшін ол қатысымдық құзыреттілікке этнографиялық зерттеу жүргізді. Онда қатысымдық форма мен функцияны бір-бірінен ажырамас байланыста қарады. Ғалым негізін қалаған тәсіл қазір ғылымда қарым-қатынас этнографиясы ретінде белгілі. Ол қатысымдық құзыреттіліктің төрт компонентін анықтады:

- лингвистикалық компонент – тіл (оның ішінде лексика, грамматика, фонетика және прагматика) туралы білім;
- әлеуметтік лингвистикалық компонент – әлеуметтік нормалар мен қарым-қатынас ережелері туралы білім;
- жағдаяттық компонент – белгілі бір қарым-қатынас жағдайы туралы білім;
- прагматикалық компонент – тілді қарым-қатынастың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қолдана білу туралы білім.

Д. Хаймс қатысымдық жаттығулар қатысымдық құзыреттіліктің барлық компоненттерін дамытуға бағытталуы керек деп есептейді. Ғалым бірқатар еңбектерінде сөйлеу қауымдастығындағы тілді қолдану үлгілерін өзгертудің басқа, неғұрлым техникалық, көбінесе типологиялық бағытталған тәсілдерін ғылыми негіздеді. Оның қатысымдық құзыреттілік туралы зерттеулері тиімді қарым-қатынас түсінігінің дамуына айтарлықтай үлес қосады. Қатысымдық құзыреттіліктің барлық аспектілерін дамыту үшін қатысымдық жаттығулардың маңыздылығын мойындайды және сөйлеу қауымдастығындағы тілдік үлгілерді

түрлендірудің әртүрлі әдістерін ұсынады. Сонымен қатар ол тіл үйренушілердің жан-жақты қатысымдық құзыреттілігін дамыту үшін қатысымдық жаттығуларда жоғарыда аталған компоненттердің барлығын ескеру қажеттігін атап өтеді. Ғалымның: «ең бастысы – нені және кімге айту керектігін түсіну, ал керісінше болғанда, үндемей қалу. Шынында да, диалогты сауатты құра білу өте маңызды, өйткені қарым-қатынассыз біздің өміріміз мүмкін емес», - деген пікірі, тіпті жоғары технологиялық дәуірде де, интернет байланыстың негізгі құралы болған кезде де қатысымдық дағдының әрқашан қажет екенін дәлелдейді [51]. С. Крашен енгізген теориялық ұстанымдар жаңа тіл үйрену теориясының бастапқы кезеңінің (1970-1980) дамуына ықпал етті. Ғалым тіл үйрену теориясына қатысты «меңгерту-оқыту гипотезасы», «енгізу гипотезасы», «бақылаушы гипотеза», «эмоционалды сүзгі (фильтр) гипотезасы», «тілді меңгерудегі табиғи тәртіп гипотезасы» деген сынды бірқатар маңызды болжамдар мен терминдер ұсынды. С. Крашен ұсынған «еркін оқыту» әдісі өзге тіл үйретуде де, өз (ана) тілін оқытуда да тиімді құрал болып саналады [52].

Тілді қатысым құралы ретінде қолданыстағы қызметіне бағыттау тұрғысынан үйрету әрқашан маңызды. Осы ретте кеңестік және ресейлік лингвист, шет тілін оқыту әдістемесіне айрықша еңбек сіңірген, қатысымдық бағыттың теориялық негізін қалаушы Е.И. Пассовтың аты ерекше аталып жүргені белгілі. Ғалымның әдістеме саласындағы негізгі тұжырымдары:

1) сөйлеу дағдысы мен моториканың түбегейлі айырмашылығын дәлелдеуі. Ол шартты сөйлеу жаттығуларының әдістемесін жасауға негіз болды;

2) шет тілдерін оқыту әдістемесіне жаңа ұғымдар кешенін енгізуі. Алғаш рет шет тіліндегі білім беру пәнін белгілеу үшін «шет тілі мәдениеті» терминін айналымға енгізіп, «қабылдау», «оқыту құралдары», «жағдаят», «ұстаным» және «ұстанымдар иерархиясы», «жаттығулардың жүйелілік деңгейі» және басқа да бірқатар дәстүрлі әдістемелік терминдерді қайта түсіндірді;

3) алғаш рет сөйлеудің қатысымдық оқыту ұстанымдарын тұжырымдауы (1968 жылы орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық қауымдастығының (МАРЖАЛ) бірінші конгресінде);

4) қатысымдық оқытудың алғашқы теория-моделін құруы. Ол шет тілін оқытудың қатысымдық білім беру теориясының негізіне айналды;

5) лексика-грамматикалық және айтылым дағдыларын қалыптастыру кезеңдері мен сөйлеуді дамытудың деңгейлерін анықтауы;

6) шет тілі сабақтары типологиясының негізін қалаған сөйлеу материалын меңгерудің үш сатылы схемасын әзірлеуі (сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, оларды жетілдіру және сөйлеу қабілетін дамыту);

7) функционалды-семантикалық, лексика-грамматикалық кестелерді, логикалық-синтаксистік схемаларды, проблеманың логикалық-семантикалық және жағдаяттық позиция карталарын қоса алғанда, оқытудың бірқатар жаңа материалдық құралдарын әзірлеуі;

8) оқу үдерісіне жаңа сипаттағы жаттығудың бірі – қатысымдық жаттығуларды енгізуі.

Автордың өзі бұл жаттығудың түрлері грамматикалық біліктілікті қалыптастырады деп санайды [41, с. 7]. Оның жаттығуларында грамматикалық тақырыптар белгілі бір реттілік бойынша жүйеленеді. Мысалы, сын есім, етістік шақтары, модаль етістіктері. Олардың негізгі мақсаты – белгілі бір тілдік бірліктерді меңгерту. Бұл дәстүрлі тілдік жаттығулар мақсатымен сәйкес келсе де, Е.И. Пассовтың жаттығуларында аталған мақсат тіл үйренушілерге байқалмайды және сөйлеу тапсырмаларының нәтижесі жаттығулардың жаңаша белгісі, сипаты ретінде көрініс табады. Әдіскер-ғалым тілді игеру үшін тек қатысымдық жаттығулар ғана қажет дей келе, оларды: «сөйлеушінің қатысымдық тапсырмаға еліктеуі», «грамматикалық формалардың баламасын игеруі», «грамматикалық форманың тілдесу кезіндегі қызметімен байланысы» деген ұстанымдарға негіздеп жіктейді де, қатысымдық жаттығулардың тіл үйретудің А2 кезеңінде қолданылатындығын атап өтеді. Себебі бұл жаттығуларды орындау үшін тіл үйренушінің белгілі тілдік білімі, сөздік қоры, пікірлесу тәжірибесі болуы қажет деп есептейді. Әдіскер қатысымдық жаттығуларды құрамына, орындалу тәсіліне және қолданылуына қарай топтастырады. Е.И. Пассовтың тәжірибеге енгізген қатысымдық жаттығуларының дәстүрлі тілдік жаттығулардан ерекшеленетін тұстары бар. Олар грамматикалық дағдыларды дамытуға бағытталған, бірақ тапсырмалар нәтижесі тіл үйренушілерге байқалмайтындай етіп орындалады. Жаттығуларға бұл жаңа көзқарас сөйлеушінің қатысымдық міндеттеріне және олардың қарым-қатынаста қолданылуына байланысты грамматикалық формаларды меңгерудегі ассимиляцияға негізделген. Олар тіл үйренушіден белгілі бір тілдік білімін, сөздік қорын және қарым-қатынас тәжірибесін талап етеді. Әдіскер-ғалымның жаттығуларды топтастыруындағы сұрау мәнді тапсырмалары қарым-қатынас жағдайында оқытудың әртүрлілігі мен бағыттылығын қамтамасыз етеді. Бұдан әрі бұл бағытты В.Л. Скалкин жалғастырады. Әдіскер-ғалым қатысымдық жаттығуды сөйлеуді дамытуға арналған жалпы жаттығулар жүйесінде қарастырады. Ауызша сөйлеуге арналған жаттығулар екі жолмен іріктеліп топтастырылады: 1) сөйлеу әрекетінің түріне (сөйлеу-тыңдау) қарай; 2) сөйлеу немесе тыңдай алудың күрделілігіне қарай іріктеп топтастырады. Бірінші жол өз ішінен ішкі екі жүйені: біреуі – сөйлеуді үйретуді, екіншісі – тыңдауға үйренуді анықтайды [41, с. 17].

Екінші жолы типологиялық ерекшелігін қарастыруда шет тілінде сөйлеу алдымен қарапайым шет тілдік лексикалық қорды, құрылымдық-грамматикалық әрекеттер жиынтығын, сөйлеу дағдыларының кешенін игеруін талап етеді. Бірінші типтегі (жаттықтыру) жаттығулардың тағайындалуы – тілдік материалдарды мақсатты белсендіру, оның нәтижесі белгілі бір фонетикалық, лексикалық және грамматикалық элементтермен немесе тұтас сөйлемдермен жұмыс істеу дағдысының болуы, ал екінші типтегі (коммуникативтік) жаттығулардың мәні – «қатысымдық және мазмұнды мәселелерді шешуде сөйлеу практикасы жағдайында тілдік материалдың

реттелмейтін нақты бағытталмаған белсенділігінің болуы» [53]. Бұл жерде автор белсенділіктің нәтижесі ретінде «ауызша тілдік құзыреттілік» деп аталатын, шынайы ауызша қарым-қатынасқа түсу дайындығы деп ойын тұжырымдайды [31, с. 18]. Әрі ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үдерісін зерттеу негізінде қатысымдық жаттығуларға қойылатын төмендегі талаптарды ұсынады:

1) білім алушыларға нақты сұраныс немесе оқу тапсырмасы болуы мүмкін ақпарат беру;

2) өмірлік тәжірибеге, шынайы оқиғаға негізделген байланыстырып сөйлеу өнімділігін ынталандыру;

3) сыныпта ауызша қарым-қатынас үшін жасау үшін жағдаяттар құру;

4) материал, сондай-ақ ұйымдастыру бойынша қатысымдылықтың болуы;

5) білім алушылардың тілдік материалдарды жеткілікті және айқындалған ұстанымдар негізінде құрылымдалуы, сөйлеуді іске асыруда негізгі назардың оның мағынасына бағытталуы;

6) ұзақтығы, дайындығы, бастамашылдығы, қатысымдық мазмұны, сөйлеу әрекетінің мақсаты сияқты түрлі сөйлеу түрлерінің бірін қалыптастыруды көздеуі;

7) тіл үйренушілердің әлеуметтік-қатысымдық орнына, сөйлесу тақырыбы мен оның бағытын таңдауға, әңгімелесушілердің қатысымдық қауымдастығын бағдарлауға сәйкес табиғи сөйлеу әрекетін қамтамасыз етуі [53, с. 18-19].

Бұл әдістемелік жүйе жоғарыдағы талаптар негізінде *жасалған сұрақ-жауап (респонсивті), жағдаяттық, репродуктивті, сипаттау, пікірлесім, кескіндемелік (композициялық) және бастамашыл* жаттығулардан тұрады. Сөйлеу ынтасының шарттылық және оқу әрекеті белгілерінің негізінде шартты уәждеделген (мысалы, шартты әңгіме) және нақты уәждеделген (мысалы, пікірлесім, түсініктеме) қатысымдық жаттығулар деп бөлінеді. Бірінші жаттығуларға белгілі бір дәрежеде дайындық жаттығуларымен байланысты ерекшеліктер тән. Екінші жаттығу үлгілерінде сөйлеу актілері шынайылыққа (пікірталас) жақын.

В.Л. Скалкиннің қатысымдық жаттығуларды жүйелеуі көңілге қонымды. Тіл үйренушілердің сөйлеудің диалогтық және монологтық түрде жаттығуы да ерекше. Мәселен, түсінік беру жаттығуы тіл үйренушінің монологтық сөйлеу дағдысын, ал сұрақ-жауап жаттығулары диалогтық сөйлеуін дамытады. Жалпы алғанда, ауызша сөйлеуге арналған жаттығулар жүйесінің, әсіресе қатысымдық жаттығулардың орны осындай сипатқа ие.

Э.Ю. Сосенко бастапқы кезеңдегі сөйлеуге үйрететін қатысымдық дайындық жаттығулар жүйесін құрудың теориялық (лингвистикалық және психологиялық) негіздерін қарастырады. Автор қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің жеке сөйлеу тәжірибесін арттыруға мүмкіндік беретінін айтады да дайындықтың үш негізгі компонентін ұсынады [32, с. 107]. Ғалымның зерттеуі сөйлеуге үйретуге бағытталған бастапқы кезеңдегі белсенді жаттығулар жүйесін құрудың теориялық негіздеріне арналған. Автор тіл

үйренушілердің жеке сөйлеу тәжірибесін арттыруда қатысымдық жаттығулардың маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша оқытудың бастапқы кезеңінде қатысымдық жаттығуларды қолдану *тілдік құрылымдар* мен оларды *ауызекі сөйлеуде* қолдану тәсілдерін терең және саналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Бұл жаттығулар тіл үйренушілердің игеретін тілде қарым-қатынас және сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі, олардың жеке сөйлеу тәжірибесін айтарлықтай байытады және тілді қолдануға деген сенімділігін арттырады. Сонымен Э.Ю. Сосенконың зерттеуі тіл үйренушілердің тілдік дағдылары мен жеке сөйлеу тәжірибесін тиімді дамытудың бастапқы кезеңінде сөйлеуге үйрету құралы ретінде қатысымдық жаттығулардың маңыздылығын растайды.

Т.А. Рамсина, М.А. Полидва қатысымдық негізде жаңа зерттелетін құбылысты автоматтандыру жаттығудың негізгі міндетті деп санайды. Осы мақсатта жаттығуларға – *растауды, толықтыруды, нақтылауды, теріске шығаруды* білдіретін жауап үнқатымдарды енгізеді. Жаттығулардың реттілігі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдерімен анықталады: *үлгіні ұсыну, еліктеу, өзіндік аналогияны* қолдану. Әр түрлі сөйлеу жағдайларында зерттелетін грамматикалық форманы дәйекті түрде бірнеше рет тыңдау және қайталау бұл форманы автоматтандыруға сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді деген пікір білдіреді [33, с. 3]. Бұл зерттеуде оқытудың негізгі міндеті – пәндік негізде зерттелетін құбылысты автоматтандыру, жауап диалогтарын жаттығуларға енгізу оқытылатын материалды бекітуге, толықтыруға, нақтылауға және теріске шығаруға бағытталады деп саналады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жаттығулармен бірізді жұмыс, соның ішінде модельді көрсету, еліктеу және өзіндік аналогияны қолдану тілдік дағдыларды тиімді автоматтандыруға ықпал етеді. Грамматикалық формаларды әртүрлі жағдаяттарда қайталап тыңдау және қайталау, сөйлеу мен тыңдау дағдыларын дамытады. Осылайша, Т.А. Рамсина мен М.А. Полидваның зерттеуі тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын автоматтандыру және сөйлеу мен тыңдауды дамыту үшін жауап диалогтарының маңыздылығын айқындайды.

В.Г. Костомаровтың еңбегінде жаттығулар сипатына жаңа талаптар қойыла бастады. Негізгі талап – қатысымдық жаттығулардың жағдаяттылығы, тақырыптылығы. Мұндай жаттығулардың мазмұнында тіл үйренуші өмірде кездестіретін шынайы жағдаяттар (ситуациялар) болуы тиіс; жаттығулардың грамматикалық мақсаты байқалмауы керек; жағдаятқа байланысты өз ойын жеткізе алу амалына құрылуы тиіс; жаттығулардағы тапсырма нысандарының да берілуі басқаша болуы керек. Ғалым жаттығулар мазмұнының маңызды аспектілері ретінде тіл үйренушінің өмірде кездесетін нақты жағдаяттары мен өзіндік әрекетін назарға алады [45, с. 224]. В.Г. Костомаров ұсынған жағдаяттық және тақырыптық жаттығулар тілді тиімді және табиғи түрде меңгеруге ықпал ететінін атап өтуге болады, өйткені олар контекстік қолдауды қамтамасыз етеді және шынайы қарым-қатынас жағдайларына мүмкіндігінше жақын. Бұл тәсіл тіл үйренушілердің тілдік құрылымдарды меңгеруі мен қатысымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

И.Д. Салистра шет тілін үйрету үдерісінде қатысымдық жаттығуларды өткізу кезеңі мен атқаратын қызметіне қарай дайындық жаттығулары; сөйлеуге дайындайтын жаттығулар; сөйлеу жаттығулары деп үш түрге бөледі. Ғалымның пікірінше, бұл жаттығулар арқылы алдымен тілдік деректер (фактілері) меңгеріліп, кейін бастапқы сөйлеу және негізгі сөйлеу дағдылары қалыптастырылады [54]. Осы тұрғыдан келгенде, әдіскер тілді меңгеруге көмектесетін жаттығуларды: сөйлеуге дайындайтын жаттығулар және нағыз сөйлеу жаттығулары деп екіге топтайды. Зерттеуші бірінші топтағы жаттығулар арқылы тілдік материал, сөйлеу үлгілерін қалыптастырады. Екінші топтағы жаттығулар өз ойын білдіруге және басқаның ойын түсінуге бағытталады. И.Д. Салистраның еңбегі бойынша жасалған қорытындылар шет тілін оқыту үдерісінде әртүрлі жаттығуларды жүйелі қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Дайындық жаттығулары тілді меңгеруге ықпал етеді, ал сөйлеуге дайындық жаттығулары мен сөйлеу жаттығулары сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл тәсіл оқу үдерісін тиімді құрылымдауға әрі тіл үйренушілердің тілдік және сөйлеу құзыреттілігін жүйелі түрде дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тіл үйренушілердің тілдік мақсатына жетуде жаттығулардың әртүрлілігі мен мақсаттылығының маңыздылығын көрсетеді.

«Тілдік» және «сөйлеу» терминін өз зерттеулерінде алғаш орыс әдіскері И.В. Рахманов қолданды. Оның анықтауынша, тілдік жаттығулардың өзгешелігі – олардың аспектіліктен тыс (фонетикалық, грамматикалық, лексикалық) бір-бірімен мағыналық байланысы жоқ сөз тіркестерінде, сөйлемдерде қолданылу мүмкіндігі. Ал сөйлеу жаттығуларының негізінде «өзара байланысты тілдік тұтастық» бар, сондықтан олар «байланысы бар сөйлеу бірліктерінен» тұруы керек, бұл – жеке тілдік құбылыстармен салыстырғандағы сөйлеудің негізгі ерекшелігі. И.А. Рахманов жаттығулар жұмысының бірізділігін сақтауда алдымен тілдік жаттығулардың, одан кейін барып сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын жаттығулардың берілгенін жөн санайды. Ғалым тілдік жаттығулар белгілі бір сөз мағынасын, не сөз формасын есте сақтап, меңгеру үшін қажет, ал содан кейін сөйлеу жаттығулары беріліп, тіл бірлігі ретінде меңгерілген, жинақталған білімі сөйлеу үдерісінде қолданылатынын атап көрсетеді [55]. Әдіскер-ғалымның сөзінен тіл үйренушінің қатысымдық дағдыларын тиімді дамыту үшін тілдік жаттығулардан бастап, сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын жаттығуларға көшу реттілігін сақтау маңызды деген қорытынды жасауға болады. Демек тіл үйренуші қатысымдық жағдаяттарда жаңа білім мен дағдыны белсенді қолданбас бұрын, алдымен сөздер мен сөз формаларының мағыналарын есте сақтауға көмектесетін лингвистикалық жаттығулар арқылы оларды бекітуі керек. Қатысымдық дағдыларын дамыту үшін тіл үйренушілерге алған білімдері мен дағдыларын нақты немесе симуляциялық (жасандылық) қарым-қатынас жағдайына қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі қатысымдық жаттығуларды (мысалы, рөлдік ойындар, талқылаулар, берілген тақырыптар бойынша жазуды немесе сөйлеуді қажет ететін тапсырмалар) беру де маңызды.

Сонымен тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын тиімді дамыту үшін тілдік бірліктерді игеруден оларды қатысымдық іс-әрекетте қолдануға біртіндеп көшу ұстанымын негізге ала отырып, лингвистикалық және қатысымдық жаттығуларды біріктіру маңызды деп санаймыз.

Жаттығулар теориясы жайында өз пікірін толық, дәлелді жеткізген ғалымның бірі – И.И. Гез. Ол жаттығуларды мазмұны мен қолданылуы кезеңіне қарай сөйлеуге дайындық кезеңі, сөйлеуді тудыру кезеңі және өзіндік, спонтанды сөйлеуді тудыру кезеңі деп үшке бөліп қарастырады. Ғалым адам ойын, пікірін толық жеткізу үшін сөздік қордағы сөздерді саралап, қажеттісін таңдап алып, бір-бірімен байланыстырып, оларды дұрыс орналастырып, сөйлем құрауы керек екендігін айтады. Бұл сөйлеу әрекетіне қатысты білік, сондықтан сөздерді байланыстыру үшін сөйлем теориясын білу жеткіліксіз, оны іс жүзінде қолдана алуы тиіс, тілдік білімді тәжірибеде қолдану ғана тілді игеру болып саналатындығын ескертеді [36, с. 19-22]. Ғалымның бұл пікірінен тіл үйренушінің қатысымдық дағдыларын дамыту тіл туралы теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар оны іс жүзінде қолдануды қажет етеді деген қорытынды жасауға болады. Тілді меңгеру грамматика мен лексиканы меңгеруді ғана емес, сонымен бірге осы білімді нақты қатысымдық жағдайларда дұрыс пайдалана білуді де қамтиды. Әдіскер-ғалым сипаттаған жаттығулар контекстінде бірнеше негізгі ойларды бөліп көрсетуге болады:

1. Сөйлеуге дайындық кезеңі. Бұл кезеңде тіл үйренушілер қажетті тілдік құрылымдармен, сөздік және грамматикалық ережелермен танысады. Бұл жаңа материалды бекіту және түсіну үшін жаттығулар жасауды қамтиды.

2. Сөйлеуді қалыптастыру кезеңі. Мұнда тіл үйренушілер тілдік білімдерін бірізді айтылым жасау үшін белсенді пайдаланады. Бұл сөйлем, диалог, әңгіме жазуға арналған жаттығулардан тұрады.

3. Өзіндік, спонтанды сөйлеуді құру кезеңі. Бұл кезеңде тіл үйренушілерде алдын-ала дайындықсыз өз бетімен ойларын жеткізу дағдылары қалыптасады. Бұдан тіл үйренушілердің нақты уақыт кезеңінде өз ойлары мен пікірлерін білдіруі талап етілетін пікірталас, талқылау, сөйлесу және басқа әрекеттерді жатқызуға болады. Тіл үйренушінің қатысымдық дағдыларын дамыту үшін осы кезеңдердің әрқайсысында негізгі тілдік құрылымдарды меңгеруден бастап, әр түрлі қатысымдық жағдаяттарда өз ойын еркін, нәтижелі жеткізе білуге дейінгі жаттығулар берілуі қажет деген ой түйдік.

Жаттығулар мәселесінің кең тұрғыда зерттелуі И.А. Грузинскаяның еңбегінен бастау алады. Әдіскер-ғалым жаттығулар технологиясын лингвистикалық негізге құрған. Ол жаттығуларды төрт топқа бөліп қарастырады: үш тобы тілдік аспектілерге сәйкес фонетикалық-орфографиялық, грамматикалық, сөздіктік (словарные), төртінші топ біліктілікті арттыруға арналған, ол еркін, өз бетінше сөйлеуді дағдыландыруға бағытталады [56]. Әдіскер-ғалым жаттығуларды тілді меңгеру кезеңіне қарай бөледі. Бірінші кезең аспектілік жаттығулар, олардың міндеті – оқып отырған құбылысты тану біліктілігін қалыптастыру. Екінші кезеңге жартылай репродуктивті жаттығуларды жатқызады. Мысалы, «Диалогты жаттап алыңыз»,

«Рольді орындаңыз», «Белгілі сөзді немесе грамматикалық құбылысты пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз», «Бір-біріңізбен жоспар бойынша әңгіме құрыңыз», «Диалогты бір-бірімен байланысы бар әңгімеге өзгертіңіз». Үшінші аяқталу кезеңі – еркін, өз бетінше сөйлеу. Бұл кезеңге тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу үшін пайдалана білуге бағытталған жаттығулар (берілген тақырып бойынша өз бетінше әңгіме, хат, шығарма жазу) жатады. И.А.Грузинскаяның әдістемесін сипаттаудан тіл үйренушінің қатысымдық дағдыларын дамытуға қатысты төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Сөйлеу дағдыларын кезең-кезеңімен дамыту. Әдістеме тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын бастапқы деңгейден жоғары деңгейге дейін жүйелі түрде дамытуды қарастырады. Бұл тіл үйренушілердің әртүрлі қатысымдық жағдаяттарда еркін және өз бетінше сөйлеуге деген сенімділігін және қабілетін дамыту үшін маңызды.

2. Тілді меңгерудің әртүрлі кезеңдеріндегі жаттығулар. И.А. Грузинская жаттығуларды тілді меңгерудің әртүрлі кезеңдеріне бөліп, әр кезеңге арнайы жаттығулар ұсынды. Бұл тіл үйренушілердің негізгі тілдік құрылымдарды меңгеруден бастап, еркін және өз бетінше сөйлей білуге дейінгі қарым-қатынас дағдыларын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

3. Жаттығулардың әртүрлі формалары. Әдістеме рөлдік ойындар мен диалогтардан бастап, эссе жазуға және еркін әңгімелесуге дейінгі жаттығу түрлерін ұсынады. Бұл тіл үйренушілердің әртүрлі мәнмәтіндер мен қарым-қатынас жағдаяттарындағы қатысымдық дағдыларын дамытады.

4. Тәжірибелік тапсырмаларда тілдік құбылыстарды белсенді қолдану. Әдістеме оқытудың барлық кезеңдерінде практикалық тапсырмаларда зерттелетін тілдік құбылыстарды белсенді түрде қолдануды қарастырады. Бұл тіл үйренушілерге теориялық материалды түсініп қана қоймай, оны нақты қатысымдық жағдаят тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Әдіскер-ғалымның әдістемесі оқытудың әр кезеңінде түрлі жаттығулар арқылы тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын жүйелі және дәйекті түрде дамытуды көздейді, бұл тілді тиімді меңгеруге және қатысымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Осы ретте И.А. Грузинскаяның: «Ең бастысы және ең қиыны... бұл тіл туралы ақпаратты пассивті қор ретінде емес, тілді әрекет ретінде өзіңіз үшін тұжырымдау» [57], - деген пікірі құптарлық. Ал бұл мақсатқа жету тек тіл туралы білімді игеріп қана қоймай, оны сөйлеу әрекетінде қолдануды қалыптастырған кезде, қатысымдық жаттығулар арқылы ғана іске асырылады. Бұл жалпыға міндетті білім берудің стандартында көрсетілген: «... тіл арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, яғни сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты машықтарын шыңдауға септігін тигізеді» [58], - деген оймен ұштасады. Б.А. Лapidустың сөйлеу жаттығуларына келер болсақ, оның тұжырымдары қызық әрі әдістемелік тұрғыдан жемісті деп санауға болады [59]. Әдіскер-ғалымның ойынша, сөйлеу жаттығуларының міндеті – өз ойын жеткізу мен басқалардың ойын түсіну жағдайында тілдік материалмен қамтамасыз ету

немесе тілдік материалмен қамтамасыз етуді жалғастыру, шет тілін қатысым құралы ретінде пайдалану. Ғалым ойларын келесідей тұжырымдауға болады:

1. Жаттығулар – тілдік жұмыс пен қарым-қатынастың құралы. Сөйлеу жаттығулары – тілдік дағдыларды бекіту құралы ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас дағдыларын дамыту құралы. Бұл жаттығуларды тіл үйренушілер шет тілінде өз ойын жеткізуге және басқалардың ойын түсінуге ынталандыратындай етіп ұйымдастыру керек дегенді білдіреді.

2. Қарым-қатынас үшін мәнмәтін (контекст) құру маңызды. Сөйлеу жаттығуларының мақсаты – өз ойын білдіру және басқалардың ойын түсіну контексінде тілдік материалды беру. Бұл тіл үйренушілер үйренген тілдік материалды шынайы қарым-қатынас пен ақпарат алмасу үшін қолдана алатын қатысымдық жағдайларды құруды қамтиды.

3. Шет тілін қатынас құралы ретінде пайдалануды меңгеру. Сөйлеу жаттығуларының мақсаты – шет тілінде ойды түсінуге және жеткізуге үйрену ғана емес, сонымен қатар тілді қатысымдық жағдаяттарға белсенді қатысу құралы ретінде пайдалану екенін көрсетеді. Осылайша жаттығулар тіл үйренушілерді тек дайын сөз тіркестері мен сөйлемдерді қайталау емес, шетел тілінде белсенді қарым-қатынас жасауға ынталандыру керек деген қорытынды жасайды. Тұтастай алғанда, Б.А.Лапидустың ұстанымдары, ерекшеліктері басқа қатысымдық жаттығуларды тіл үйренушілер шет тілінде белсенді қарым-қатынас жасауға ынталандыратындай етіп ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетеді, оны тек өз ойын білдіру үшін ғана емес, сонымен қатар басқалардың ойын түсіну үшін де пайдаланады. Бұл тіл үйренушінің қатысымдық дағдыларының толық дамуына ықпал етеді.

В.С. Цетлин тілдік жаттығулардан сөйлеу жаттығуларын айыратын тағы бір белгіні қосады: тілдік жаттығулар үшін – тілдік бірлік белгі болса, сөйлеу жаттығулары үшін мазмұн белгі болады [60]. Ғалым тілдік бірлік ұғымын тілдік жаттығулардың негізгі сипаттамасы ретінде енгізіп, оны сөйлеу жаттығулары үшін негізгі деп саналатын мазмұннан ажыратады. Біріншіден, тілдік бірлік тіл жаттығуларының белгісі ретінде қарастырылады. Бұл тілдің грамматикалық ережелерін, сөздік қорын, фонетикасын және басқа да аспектілерін білуді қамтиды. Тілдік жаттығулар үшін осы тілдік формаларды меңгеру және бекіту мақсаты қойылады. Екіншіден, сөйлеу жаттығуларына арналған мазмұн ретінде сипатталады. Мазмұнның тілдік бірліктен айырмашылығы тілдік қарым-қатынас жасау үшін қолданылатын тақырыпты немесе контексті сипаттауында болады. Сөйлеу жаттығулары үшін мақсат – белгілі бір жағдайда немесе тақырыпта мағынаны жеткізу және қарым-қатынас жасау үшін үйренген тілдік формалар мен дағдыларды пайдалану. Осыдан қатысымдық жаттығулармен байланыстыру және оқушының қатысымдық дағдыларын дамыту туралы қорытынды жасауға болады:

1. Тілдік бірлік пен мазмұн арасындағы тепе-теңдік. Қарым-қатынас дағдысын тиімді дамыту үшін тілдік формалар мен құрылымдарды (тілдік бірлік) және тілді қолданудың (мазмұнын) мәнмәтінін немесе жағдаятын ескеру қажет. Жаттығулар тіл үйренушілерді түрлі жағдаяттар мен тақырыптарда

қарым-қатынас жасау үшін тіл формаларын қолдануға ынталандыруды мақсат етеді.

2. Қатысымдық тапсырмаға назар аудару. Сөйлеу жаттығулары нақты қатысымдық мақсаттарға жету үшін тіл үйренушілер өздерінің тілдік білімдері мен дағдыларын қолдана алатын шынайы өмірдегі қатысымдық тапсырмалар мен жағдаяттарға бағытталуын қажет етеді. Сондықтан тілдік форма мен мазмұнның айырмашылығын ескере отырып, қатысымдық жаттығуларды тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын өмірдегі қатысымдық жағдаяттар мен тақырыптарда қолдану мүмкіндігін беретіндей ұйымдастыру керек.

Отандық әдіскер-ғалымдардың қатарында Н. Оралбаева, К. Жақсылықова, А. Кузембаева, Б.Ш. Мешінбаева, Г.К. Камиева, Ф. Абдразахова, Ж. Ноғайбаева, З.С. Кузекова, Ш. Қапантайқызы, Т.Т. Аяпова, А. Исабаевтардың зерттеу еңбектерінде аталған мәселе аясында қатысымдық жаттығудың құрамдас элементтері туралы пікірлері беріледі. Б.Мешінбаева өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін пікірлесім арқылы меңгертуде дайындық, қатысымдық жаттығу түрлерін қолдану керектігін айтады. Дайындық жаттығуларына: сөз ауыстыру; көшірме: тілдік, сөйлеу; болымсыздық: лепті, бұйрық, сезім мәнді, қатысым жаттығуларына: сұрақ-жауап, үнқатым, шартты әңгіме, пресс-конференция, оқытудағы сөйлеу жағдайлары, суреттемелі тілдік жағдай, пікірталас, айтыс, лингвистикалық ойындарды жатқызып, жаттығуларды сұрыптауда олардың қатысымдық сипатын басшылыққа алады. Әдіскер-ғалымның еңбегінде қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне пікірлесім арқылы оқытуда қолданылатын дайындық жаттығуларының маңыздылығы көрсетіледі. Диалог, сұрақ-жауап, пікірталас және лингвистикалық ойындар сияқты қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің оқу ісіне белсене араласуына септігін тигізіп, олардың қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс ынталандырушы оқу ортасын жасайды және тіл үйренушілердің ынтасын арттырады [61]. Г.К. Камиева мақал-мәтелдің мағынасын түсіну және дұрыс оқу дәрежесіне жеткізуді ғана емес, оларды сөйлемдерде, қарым-қатынаста қолдануға жаттықтырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл мақсатқа жетуде сөйлеу жаттығуларының, әсіресе пікірлесім жаттығуларының рөлі ерекше. Пікірлесім жаттығулары студенттердің тілін дамытып, қазақша сөйлеуге дағдыландырады, қазақша сөйлеу қабілеттерін қалыптастырады. Пікірлесімнің негізгі ерекшелігі, сөйлеудің жағдайлылығы /ситуативтілігі/ және сөйлеудің эмоционалдылығы [62]. Ал Ф. Абдразахова өз зерттеуінде жазылым дағдысын дамытуға бағытталған фонетикалық, лексикалық, еліктеу, кеңейту және құрастыру жаттығуларының түрлерін атап көрсетеді. Әдіскер-ғалым қазақ тілін жазылым арқылы оқытуға арналған түрлі жаттығулардың қатарында материалды есте сақтауға және шығармашылықпен оқытуға арналған жаттығулар, мысалы, тіл үйренушілердің тіл байлығын және шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған диктанттардың әртүрлі формалары мен ойын тапсырмаларын да ұсынады [63]. Ж. Ноғайбаева дыбыс үндестігі арқылы орыс бөлімі студенттерін қазақша сөйлеуге үйретуде қатысымдық жаттығулардың тиімділігін айтып,

сөйлесім әрекетінің оқылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім, жазылым, әрекеттерін қамтитын жаттығу үлгілерін ұсынады. Әдіскер-ғалым тіл үйренушілердің қазақ тілінде қабылдау, білдіру, өзара әрекеттесу және қарым-қатынас жасау қабілеттерін қоса алғанда, қатысымдық дағдыларының жан-жақты дамуына баса назар аударады. Жаттығулардың алуан түрлілігі тіл үйренушілерге тілді әртүрлі жағдаяттар мен мәнмәтіндер аясында меңгеруге мүмкіндік береді, бұл тілдік құрылымдарды жан-жақты түсінуге және күнделікті өмірде тілді қолдануына ықпал етеді деп есептейді [64].

З.С. Күзекова қатысымдық тапсырмалардың молдығы «қатысымдық жаттығулардың психологиялық негізі болып табылады және оқу жаттығуларын қарым-қатынас үдерістері сияқты жасауға мүмкіндік беретіндігін атап өтеді [44, б. 139]. Ғалымның бұл пайымдауы нақты қатысымдық жағдайларды бейнелейтін оқыту әдістерінің өзектілігін көрсетеді. Отандық тілші әдіскерлердің ұсынған жаттығу түрлерін саралай келе, біз жаттығу түрлерінің өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда айрықша қызмет атқаратынын байқадық. Жоғарыда қарастырылған жаттығу түрлері Н. Оралбаева мен К. Жақсылықованың «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде қарастырылып, тұжырымдалған тілдік жаттығулар мен сөйлеу жаттығуларына негізделеді [42, б. 110-116]. Түрлі көзқараста айтылған ой-пікірлер, жаттығулардың түрліше жіктелуі, бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді, дегенмен зерттеушілердің бәрі бір ғана пікірде бірауыздылық танытады, ол – тіл үйретуде жаттығулардың маңыздылығы әрі оның ең тиімді, ұтымды тәсіл екендігі.

Қазіргі уақытта қатысымдық жаттығулар барлық жастағы және тілді білудің әр түрлі деңгейіндегі адамдар үшін қатысымдық дағдыларын дамытудың тиімді әдісі саналады. Қатысымдық жаттығуларды қашықтықтан оқытуда, аралас оқытуда қолданудың және түпнұсқа материалдарды пайдаланудың әртүрлі тәсілдері әзірленуде. Қазіргі таңда қатысымдық жаттығуларды құруда ақпараттық технологияларды пайдаланып, интерактивті түрде орындауға мүмкіндік беретін түрлі компьютерлік бағдарламалар жасалуда. Олар әртүрлі контекстерде, соның ішінде сыныпта, лингафондық зертханада және онлайн курста қолданылады. Жалпы қатысымдық жаттығулардың пайда болу тарихы салыстырмалы түрде жаңа, бірақ қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі таңда қатысымдық жаттығулар тіл үйрету әдістерінің құрамдас бөлігі саналады. Жоғарыдағы тұжырымдарды түйіндей келе, қатысымдық жаттығуларды дамытудың кезеңдерін былайша жүйелеуге болады:

- 1) бірінші кезең (1960-1980): қатысымдық тәсілдің пайда болуы мен айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға бағытталған алғашқы қатысымдық жаттығулардың қалыптаса бастауы;
- 2) екінші кезең (1980-1990): қатысымдық тәсілдің кеңінен тарала бастауы және басқа да тілдік дағдыларды (оқылым, жазылым) дамытуға арналған қатысымдық жаттығулардың элементтерінің қолданыла бастауы;

3) үшінші кезең (1990 ж. – қазіргі уақытқа дейін): қатысымдық жаттығулардың дамуы, олардың жан-жақтылығы мен шығармашылық сипаты.

Алғашқы екі кезеңнің тарихи ерекшелігі – Кеңес одағындағы бір орталықтандырылған жүйесінің болуы. Барлық ғылыми ізденістер орыс және шет тілінің аясында қарастырылды. Ал үшінші кезеңнің ерекшелігі – Кеңес дәуірі ыдырап, егемен және тәуелсіз елдердің пайда болуымен байланысты болмақ. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде, республика азаматтарының ресми қатынас құралы ретінде Конституцияда белгіленіп, тілдерді дамыту туралы түрлі тұжырымдама, бағдарламалар іске асырыла бастады. Халықаралық қатынаста да қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі статусы арта түсті, ұлтаралық қатынас құралы ретінде, мемлекетаралық титулдық тіл ретінде қолдану қажеттілігі туындады. Мемлекеттік тілді оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері, технологиялары, соның ішінде, қатысымдық жаттығулар осы кезеңде ерекше қарқынмен зерттеле бастады. Осы бағытты дамытқан ғалымдар қатысымдық жаттығулардың теориялық негіздерін қалады және оқу үдерісінде қолдануға болатын практикалық жаттығулардың кең ауқымын жасады. Олардың зерттеулері бүгінгі тілдерді оқыту тәсіліне де әсер етуде. Жалпы қазіргі қатысымдық жаттығулар келесі шарттармен сипатталады:

- Нақты өмірдегі қатысымдық дағдыларды дамыту. Жаттығулар тіл үйренушілердің өмірдегі қарым-қатынас жағдайында тілді қолдану қабілетін дамытуға бағытталады.

- Танымдық үдерістерді есепке алу. Жаттығулар әлем және тіл туралы білімдерін пайдалана отырып, қазақ тіліндегі мәтінді түсіну және құру қабілетін дамытуға бағытталады.

- Тілдік форма мен оның мағынасының байланысы. Жаттығулар тілдік құралдарды сөйлеуде атқаратын қызметіне сәйкес пайдалана білуді дамытуға бағытталады.

Бұл бағыттар қатысым теориясы, қатысымдық лингвистика, когнитивтік лингвистика және функционалды лингвистиканың негізгі қағидаларын көрсетеді. Сонымен қатар қатысымдық жаттығуларды дамытуда, олардың тиімділігін арттыруға, заманауи қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған бірқатар заманауи шарттар бар (1-сурет).



Сурет 1 – Қатысымдық жаттығуларды дамытудың заманауи шарттары

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Жоғарыда берілген қатысымдық жаттығулардың заманауи шарттары бүгінгі тіл үйренушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын интерактивті жаттығулар жасауға, олардың қатысымдық дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл шарттар қатысымдық жаттығулардың қазіргі әлемде табысты өмір сүру үшін қажетті қатысымдық дағдыларды дамытудың тиімді әдісі екенін көрсетеді. Оқыту үдерісінде бәрі де жаттығуларға байланысты болатыны заңдылық. Себебі жаттығуларда оқытудың барлық тұжырымдамасы көрініс табады. Олай болса, қатысымдық оқытуда барлық жаттығулар сөйлеу, яғни, қарым-қатынастағы жаттығулар болуы керек. Тек дұрыс құрастырылған жаттығулар жүйесі ғана оқу үдерісін мақсат көздеуші, қатысымдық және нәтижелі етпек.

Қорыта келгенде, қатысымдық жаттығулардың қалыптасу тарихы XVIII ғасырдағы грамматикалық-аударма әдісінен бастау алып, табиғи, тікелей, қатысымдық әдіске ұласқанын М. Берлиц, В. Фиетор, О. Есперсен, Ш. Швейцер, Г. Вендт, Э. Симоно, И.А. Грузинская, Дж.С. Брунер, В.М. Риверс, Д. Хаймс, С. Крашен, Е.И. Пассов, В.Л. Скалкин, Э.Ю. Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, В.Г. Костомаров, И.Д. Салистра, И.В. Рахманов, Н.И. Гез, Б.А. Лapidус сынды зерттеуші ғалымдардың еңбектері дәлелдейді. Ал отандық әдіскер-ғалымдар Н. Оралбаева, К. Жақсылықова, А. Кузембаева, Ш. Мешінбаева, Г.К. Камиева, Ф. Абдразахова, Ж. Ноғайбаева, З.С. Кузекова, Ш. Қапантайқызы, Т.Т. Аяпова, А.Исабаевтардың еңбектерінде аталған мәселе аясында қатысымдық жаттығудың құрамдас элементтері туралы пікірлер ғана беріледі. Бұл қатысымдық жаттығулар мәселесінің қазақ тілін оқыту әдістемесінде әлі де толық қарастырылмағанын анықтайды. Соған байланысты қазақ тілін үйрету үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін жан-жақты зерттеудің қажеттілігі туындайды. Өйткені қатысымдық жаттығулар оқыту үрдісін сапалы өткізуге, тіл үйренушінің сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) терең меңгеруіне ықпал етіп, нәтижесінде өз ойын, пікірін, болып жатқан оқиғаны, тағы да басқаларды дұрыс бағалап, сөйлей білуге дағдыландырады. Осы бағытта жүргізілген талдауларымыз негізінде «Современные научные парадигмы в башкирском и казахском языкознании» атты ұжымдық монографияға бір тарау енгізілді [Қосымша А].

### **1.3 Қатысымдық жаттығулардың лингвистикалық негізі**

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) меңгерту тіл білімінің негіздеріне сүйенеді, сондықтан тіл үйрену үдерісінің негізінде жатқан лингвистикалық теорияның маңызы ерекше. Лингвистикалық теория тілдің байлығын, мәнерлілігін танытып, тілдік бірліктердің құрылысын, маңызын айқындайды. Олай болса, лингвистикалық теория тілдің ауызша, жазбаша түрлерін меңгеруге қажетті, маңызды дағдыларды қалыптастырудағы, жетілдірудегі негіз болады. Қазақ тілін үйретуде фонетика, лексика, грамматиканы меңгертудің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл тілдік салалар мен материалдарды тізбектеп оқыта берумен емес, керісінше, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап алу,

сөйлеу материалдарын тану, оларды дұрыс қолдану және сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен айқындалады. Тіл үйренушілер жұмыс барысында *фонетика, лексика, грамматика* мәселелерімен жиі кездесетіндіктен, оларды игерту қажеттілігі туындайды. Яғни тіл үйрету үдерісінің практикалық бағытталуы ең маңызды, қажетті ұғымдарды белгілеп, оларға көңіл бөлуді талап етеді.

Тілдік бірліктерді игерту – қазақ тілін үйретудің мақсаты емес, керісінше алға қойылған мақсатқа жетудің құралы. Тіл материалын игерту – оны тану ғана емес, сол материалды дұрыс түсіну әрі қолдана білу дағдысын меңгеру деген сөз. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілін үйренуде тілдің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерудің маңызы зор. Бұл жөнінде М.С. Лапатухин «Очерки по методике казахского языка в русской школе» деген еңбегінде қазақ тілінің дыбыстарын қалай оқыту керектігін ұсынады. Қазақ дыбыстарын үйретуде жеңілден ауырға деген ұстанымын басшылыққа алады. Онда алдымен орыс тілі дыбыстарына айтылуы жағынан ұқсас дыбыстарды үйрету керектігін айтады. Кейін қазақтың төл дыбыстарының қысқаша жасалу жолына талдау жасайды. Мысалы, «к» – глубокий твердый звук. Образуется при смыкании мягкого неба с самой задней частью спинки языка. Бұл жерде әдіскер «к» дыбысын орыс тіліндегі «к» дыбысымен салыстыруға болмайтынына назар аудартады. Оның: «В дальнейшем преподаватель подходит к обучению письму. Алфавит преподаётся постепенно, не более трех-семи букв на каждом уроке в зависимости от трудности освоения звуков» [65], - деген пікірі, С. Жиенбаевтың: «... әуелі орыс тілінде бар жай әріптерден бастап, бірте-бірте басқа әріптер көрсетіледі. ... әріптердің жазылуын, дыбыстардың айтылуын, бәрін бір жобада ежелеп түсіндірем демеу-ақ, бір жолы бір дыбыстармен шұғылданып, екіншілеріне көп тоқтай, тез жазып кетіп, оларға кейінгі сабақтарда біртіндеп тоқталып отырылсын... дыбыстарын дұрыс айттырып, жаттықтырғаннан кейін әріптерді білу қиындық қылмайды» [66], - деген пікірімен үндеседі. Осыған байланысты әдіскер В.М. Чистяков: «...учить читать и писать надо сразу так, чтобы потом не переучивать... не торопиться с прохождением азбуки. Опыт показывает, что там, где учителя стремятся поскорей пройти азбуку, это всегда и неизбежно приводит к снижению качества чтения, так что потом учеников приходится доучивать» [67], - деген өзіндік көзқарасын білдіреді, әрине қазіргі әдістеме автордың бұл ойын толық қолдайды. Себебі қазіргі жағдайда өзге ұлт өкілдеріне таныс емес дыбыс пен әріпті жан-жақты талдап, оның жасалуы, айтылуы, қолданылуы, жазылуы сияқты мәселелерді қамтып көрсетпейінше, қазақ әрпін, дыбысын таныттым, білдірдім деуге болмайды. Осы тұрғыда Ш.Х. Сарыбаевтың фонетиканы оқытуда дыбыстау мүшелерін оқыту, дыбыстарды оқыту, дауыстылардың бөлінуі (алтыға), дауыссыздардың дауыс қатысына қарай бөлінуі (үшке), дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай бөлінуі жайында айтылған пікірлері көңіл аударарлық [68].

Тілдің фонетикалық жүйесін оқытуда: *біріншіден*, дыбыстардың дұрыс айтылу нормасына ерекше көңіл аудару қажет. Өйткені дыбыстарды дұрыс

айта білу – түсінікті сөйлеудің ең негізгі шарты. Дегенмен *тіл үйренушілердің арасында әлі де болса қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айта алмайтындар кездеседі*. Лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерде дыбыстарды айта білу дағдысына байланысты бекіген аппроксимация ұстанымы бар. *Аппроксимация ұстанымы* – үйренетін тілдің дыбыстарын айту кезінде оны сол тілге бейімдеп, жақындатып айту. Бұл ұстаным бойынша дыбысты, яғни сөзді айту барысында әр ұлттың өзіндік акценті сақталады. Алайда өзге ұлт өкілі қазақша сөйлегенде дыбыстарды дұрыс айтпаса, оны бірде-бір тыңдаушы түсінбейді. Себебі сөздің мағынасы өзгеріп кетеді. Сонымен қатар фонетикалық дыбыстарды дұрыс оқып үйренбеген адам белгілі бір мәтінді екінші біреуге өзінше оқып берсе, оны да ешкім түсінбеуі мүмкін. Сөйлемдегі сөздерді әдеби тіл нормасына сай айтса ғана, ол басқаға түсінікті болады. Бұл – тәжірибеде көп кездесіп жүрген орфоэпиялық қателер. Адам қазақша сөздерді білгенімен, оны дұрыс айта алмаса, ойын толық жеткізе алмауы мүмкін. Сондықтан қазақ сөздерін білумен бірге, олардың орфоэпиясын, айтылуын да білу міндеттеледі.

*Екіншіден*, тілдің дыбыстық құрамымен танысып қана қоймай, ол дыбыстарды сөзде, сөздің тіркесінде, сөйлемде дұрыс айтуға жаттығу керек. Себебі қазақ тілінің басты ерекшелігі – үндестік заңының әсерінен сөз іші мен сөз арасындағы дыбыстар айналасындағы басқа дыбыстардың ықпалына түседі, ол дыбыстардың айтылуына түрлі үн қосады. Қазақ тіліндегі еріндік үндесу құбылысының айтылу мен жазылудағы ерекшелігін дұрыс түсініп, есте сақтап алу маңызды. Мысалы, сөздің бірінші буынындағы еріндік дауыстының ықпалынан екінші буындағы езулік дауысты еріндік болып айтылады (*үлкен-үлкен, өзен-өзен*). Қазақ тіліндегі палатальды үндесуді дұрыс меңгерген тіл үйренуші түбірдің соңғы дыбысының жуан не жіңішке болуына байланысты оған қосымшаларды дұрыс қоса алатын болады (*бала+лар+ға, үлкен+дер+ге*). Осындай құбылыстар түбірдің соңғы дыбысы мен қосымшаның басқа дыбысының арасында да болады (*мысалы: басшы-башшы, қосшы-қошшы*). Сол сияқты сөздердің басында, аяғында қолданылуы мен қолданылмауының арасында да бірсыпыра ерекшеліктер бар. Мысалы *л, р* дыбыстары сөз басында қолданылмайды, осыған байланысты басқа тілден қазақ тіліне кірген сөздердің алдында *ы, і* айтылады. Мысалы, *рахмет-ырахмет, рахым-ырахым*. Сол сияқты қазақ тілінде сөз *б, в, г, д* дыбыстарына аяқталса, оны қатаң дыбыспен айтады, ол – қосымшаның қатаңнан басталуына әсер етеді.

*Үшіншіден*, қазақ тілінде дыбыс үндестігі ерекше орын алады. Әсіресе түбір мен қосымша арасында анық байқалады. Қосымшаның сөзге қалай жалғануы, қалай оқылуы сөздің соңғы буынына, сөздің соңғы дыбысына байланысты шешіледі. Бұл буын және дыбыс үндестігіне байланысты. Фонетиканың бұл заңдылығы тілді үйретуде өте маңызды.

*Төртіншіден*, екпінге ерекше мән беру керек. Себебі қазақ тілінде екпін тұрақты, сөздің соңғы буынына түседі. Ол қазақша сөйлеуде дұрыс интонациямен айту, оқу дағдысын қалыптастыру үшін керек. Ал тәжірибеде тіл үйренушілердің екпінді бірінші буынға түсіріп айтуы жиі кездеседі. Сондықтан оларға екпінді сөздің соңғы буынына түсіріп айтуды үйрету керек.

*Бесіншіден*, дауысты дыбыстардың топтастырылуын жақсы білу керек. Олар сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қажет. Сөз бен сөзді дұрыс байланыстыру – сөйлемді дұрыс құрастыруға ең керекті нәрсе, сөздерді дұрыс байланыстырмай, сөйлем құрау мүмкін емес. Сонымен қатар тіл үйренуші қазақ тілінің дауысты дыбыстарын білгенде ғана сөздің буынын ажырата алады. Буынды білу дұрыс оқу, сөздерді дұрыс тасымалдау, сөзге екпінді дұрыс қою үшін қолданылады.

*Алтыншыдан*, қазақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесін білу керек. Қазақ тілінде қосымша атаулы сөзге үндестік заңына бағынып жалғанады. Фонетиканың ерекшеліктері мен заңдылықтарын үйрену тіл үйренушілердің төмендегідей дағдыларын қалыптастырады:

- 1) дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке айтылуындағы ерекшеліктерді ажырата білу;
- 2) дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке айтылуын білу;
- 3) айтылудағы ұқсас дыбыстардың өзгерісі арқылы сөз мағынасының өзгеруін аңғару (мысалы әл-ал, күн-күн);
- 4) дыбыс пен әріптің ерекшелігін түсініп, фонетикалық талдау жүргізе білу;
- 5) сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді дұрыс оқып, айта білу;
- 6) орфографиялық норманы сақтау;
- 7) мәнерлеп оқуға дағдылану.

*Жетіншіден*, сингармонизм заңына бағынбайтын қосымшаларды үйрету қазақ тілін үйренушілер үшін маңызды. Өйткені бұл тілдің құрылымын терең түсінуге және дұрыс жазу мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, грамматикалық ережелерді меңгеруге және қатысымдық құзыреттілікті дамытуға көмектеседі. Мұндай қосымшаларды білу білім алушыларға әдеби және ресми тілде дұрыс сөйлеп, жазуға мүмкіндік береді.

Демек тілді үйренуде, сөйлеуде фонетикалық дағдылардың алатын орны ерекше. Фонетикалық дағдыларды жете меңгермей, тілдік қатынас та жүзеге аспайды. Фонетикалық дағдыларды меңгеру дұрыс сөйлей білу мен сөйлеген сөзді дұрыс түсіне білу дегенді білдіреді. Тілдік қарым-қатынаста сөйлеушінің де, тыңдаушының да фонетикалық дағдылары болуы тиіс. Себебі сөйлеуші дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыланса, онда ол ойын жеткізе алады. Ал тыңдаушы дыбыстардың дұрыс айтылуын білсе, айтылған ойды қабылдай алады, түсіне алады. Сонда ғана адамдар арасында тіл қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалып, сөйлесу, тілдесу жүзеге асады, бір адамның айтар сөзі екінші адамға түсінікті болып қабылданады және оған жауап беріледі.

Мысалы, «Қазақша үйренеміз» оқу-әдістемелік құралына (Қосымша Ә) енгізілген фонетикалық дағдыны дамытуға байланысты берілген жаттығуда (2-сурет) [69] қазақ тілінде бір сөздің ішінде а, о, ұ, ы дауыстыларымен тек қана қ және ғ дауыссыздары, ал ә/е, ө, ү, і дыбыстарымен тек қана к, г дауыссыздары келетіндігі, соған байланысты сөздер жуан және жіңішке сөздер болып

бөлінетіндігі түсіндіріледі. Жаттығуда жуан, жіңішке сөздердің құрамындағы дауыссыздар көк түспен, дауыстылар қызыл түспен айшықталып ұсынылады.



Сурет 2 – «Қазақша үйренеміз» оқу-әдістемелік құралынан алынған фонетикалық жаттығу

Ескерту – Автордың құрастыруымен [69]

Келесі кезекте сөздікпен жұмыс істей отырып, өз сөздік қорларына қосқысы келетін сөздерді тауып, оларды жуан және жіңішке сөздер тобына ажыратып, бағандарға жазу жаттығуы орындалады. Оқулықта ұсынылған сөздермен ғана шектелмей, тіл үйренуші өзіне қажет деп санайтын сөздерді өзі іздеп, тапқан кезде оларда ерекше қанағаттану сезімі туындайды. Осындай мақсатты әрекет міндетті түрде өз жемісін береді, жазылған сөздер тіл үйренушінің меншігіне өтіп, сөздік қоры қатарын толықтыра береді. Осылайша сөздің фонетикалық заңдылықтарын меңгеру барысында лексикалық дағды қалыптастыру жұмыстары да қатар жүргізіледі.

Қазақ тілі лексикасын оқытудың лингвистикалық негізіне ұстаным болар пікірлерді отандық зерттеушілер Ә. Болғанбаев, И. Ұйықбаев, А. Айғабыловтардың орыс тілін оқыту әдістемесі бойынша Л.В. Щерба, В.В. Виноградов, С.Н. Ожегов, А.А. Уфимцова, Ю.И. Шмелева, М.Н. Шанский, В.В. Степанова сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерінен көреміз. Бұлар лексикадағы жүйелілік қатынасты маңызды мәселе ретінде танып, лексикалық бірлік ретіндегі сөз жеке қарастырылмай, оны басқа сөздермен қатынаста, байланыста алып, екі жақты негізде зерттеуді мақсат тұтқан:

1. Лексика бөлімінің білімдік, танымдық негізін ашу.

2. Тілдің ең кіші бөлшегі сөз арқылы фонетиканы, грамматиканы, стилистиканы түсінуге, сөйтіп бүкіл тілдік жүйені тұтас ұғынуға мүмкіндік беру.

Тіл үйретуде лексиканы меңгертуде алға қойылатын бұл екі мақсаттың да тіл үйренушілер үшін маңызы зор. Себебі қазақ тілін меңгерген адамдардың барлығы тілдің заңдылықтарын, өзіндік ерекшелігін сөз арқылы меңгереді. Лексиканы оқу арқылы тіл үйренуші сөз жүйесін меңгереді әрі сөзді орынды қолдану дағдысын дамытады, сөйлеу жағдаятына сәйкес сөздерді түсініп, дұрыс қолдана білуге дағдыланады. Өйткені тіл заңдылықтарын, ережелер мен

анықтамаларды үйрену бар да оларды күнделікті қатынас құралы ретінде қолданудағы қажеттігі бар. Бұл екі жағдай бір-бірімен тығыз байланысты. М. Балақаев тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті екенін, тіл арқылы айтылатын ой сөзге, сөз тіркесіне, солардан құралған сөйлемдерге негізделетінін, тілдің бас қаруы – сөз болатындығын айтса [70], А. Айғабылов сөздегі сан алуан мағына тек грамматикалық байланыста ғана көрініп жанды көрініске, қимылға ие екендігін атап өтті. Ал Н. Оралбаева, К. Жақсылықова: «Қандай тілде болмасын сөйлеу үшін, әуелі айтылатын ойға қатысты сөздерді білу керек, сонан соң сөздердің тілдің грамматикалық жүйесі бойынша қолданылу заңдылығын білу керек. Тілді білу үшін бұл екеуі де өте қажет, онсыз тілді білу мүмкін емес. Ол оқушының қазақша сөздік қорын қалыптастырудың тілді үйретудегі негізгі шарттардың бірі екенін көрсетеді» [42, б. 130], - деп лексикалық тақырыпқа сай сұрыпталған жаңа сөздерді үйрету үнемі грамматиканы оқыту арқылы білім мазмұны кеңейіп, оның тәжірибелік маңызы арта түсетінін айтады [71]. Себебі жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіндігін толық ашып бере алмайды. Б.Б. Жахина сөзді лексиканың негізгі бірлігі ретінде қарастырып, лексиканың жүйелілік сипатын ашатын дидактикалық материалдарды пайдалану керектігін ескертеді [72].

Тіл үйрету үдерісінде ең маңызды орын алатын материал – лексика. Өйткені белгілі бір тілді меңгерту үшін лексиканы оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Егер тіл үйренуші сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық бірліктерді білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын түсінбейді. Демек, тіл үйренуші сөйлесу, пікірлесу үшін қажетті лексикалық бірліктерді меңгермесе, тілдік қатынасқа да түсе алмайды. Сондықтан лексикаға баса назар аудару керек.

*Біріншіден*, қазақ тілінің сөздік қорындағы актив сөздерді анықтап, тілдік тақырыптарды ашатын деңгейлік лексикалық минимумды сұрыптап алу қажет.

*Екіншіден*, әрбір жаңа сөзді және оның мағынасын мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, тілдік жағдаятпен когнитивтік байланысты меңгерту қажет. Яғни тіл үйренуші әрбір меңгерген жаңа сөзін тілдік жағдаятпен байланысты есте сақтайды. Ол үшін алғашында заттың өзін, суретін көрсету арқылы түсіндіріп, кейін ана тіліндегі аудармасын беру әдісі қолданылады. Өйткені сөз жеке қолданылмайды, сондықтан тіл үйренушінің есте сақтауын жеңілдету мақсатында оны сөйлем ішінде, белгілі бір қатысымдық жағдаятқа қатысты меңгерткен дұрыс. И.Ф. Филин: «Сөздің лексикалық бөлшек екендігінің негізгі белгілері оның басқа сөзбен байланысы кезінде жан-жақты ашылады, өйткені белгілі бір сөз басқа сөздермен байланысқа түсіп барып қана белгілі бір ойды білдіріп, өмір сүреді» [73], - деген болатын.

*Үшіншіден*, сөздердің тіркесімділігін үйрету маңызды. Мысалы, *әдемі қыз, кең бөлме, таза көше, қызық кітап, кітап оқу, бөлмеде жүру*. Сөздердің тіркесімділігін меңгертуде екі сөздің арасындағы семантикалық және грамматикалық үйлесімділіктерді басты назарда ұстауға дағдыландыру керек.

Тілдің лексика саласын меңгертуде тіл үйренушілер сөз мағынасын түсініп, басқа сөздермен тіркестіріп, жай сөйлем құрауды үйренеді. Сөйлем, мәтін ішінен таныс сөздерін тауып, сөз тіркесіндегі, сөйлем ішіндегі мағынасын ажыратып, ауызша, жазбаша ойларын жеткізуде қолдана білуге жаттығады. Аударма сөздіктерді пайдалана отырып, дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу дағдысын қалыптастырады. Актив сөздерді меңгерту барысында оқытудың жеңілден ауырға қарай ұстанымы бойынша сөздердің қолданылу ерекшеліктері үйретіледі. Мысалы, *жас ет, таза ауа, кәрі адам, тез жүру, ерте келу*.

Әдіскер А. Айғабылов лексиканы оқытудың маңызын былайша дәйектейді: «Ана тілінде сөйлей білген адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле береді деуге болмайды. Сондықтан лексиканы оқытудың практикалық маңызы зор. Білім алушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу, жазылу нормасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлілігін түсінуге дағды алады. Лексиканы оқытудағы мұндай талаптар жастарды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу мақсатын қояды. Өйткені тіл заңдылықтарын, ережелер мен анықтамаларды үйрете отырып, тілдік фактіні меңгерту бар. Сондай-ақ оның күнделікті қатынас құралы ретінде қажет болатын қыр-сырын түсіндіру керек» [71, б. 94].

Тіл үйренушілердің өзара пікір алмасуы тек сөзге ғана емес, сөзден басқа да тілдік материалдарға байланысты. Бірақ басқа тілдік бірліктерге қарағанда сөз – тілдік қатынастың ең негізгі құралы. Лингвистикалық әдебиеттерде сөздің екі жағы қарастырылады: сөздің қалпы, яғни сыртқы пішіні (дыбыс арқылы айтылуы, әріп арқылы жазылуы): сөздің мағынасы, яғни ішкі мазмұны, мәні. Н.П. Бехтерева сөздің пішіні (форма), мағынасы (значение), қызметі (назначение) сияқты ерекшеліктерге көңіл бөледі. Оның ішінде сөздің атқаратын қызметін негізі деп есептейді [74]. Автордың пікірінше, сөз сөйлеушінің көзқарасын, көңіл-күйін білдіргендіктен адамдар арасындағы қарым-қатынас қызметін атқара алады. Е.И. Пассов психологиялық тұрғыдан, сөздің сезімдік (сыртқы) және мағыналық (ішкі) ерекшелігі бар екенін айтады [75]. Оқыту үдерісінде осы мәселелерге де көңіл аударған жөн. Мысалы, қазақ тілінде сөйлеу үшін сөздіктен қаншама көп сөзді жаттасаң да, оны дұрыс қолдануды білмесең, ойыңды түсінікті етіп жеткізу мүмкін емес.

Лексикалық бірліктерді сөйлеу кезінде қолдана білу үшін тіл үйренушілер қажетті сөздер мен сөздік құрамды игерулері керек. Сөздердің ішкі мәні мен мағынасын, семантикалық қасиеттерін жете меңгеруі тиіс. Сөздерді айтар ойға сәйкес бір-бірімен тіркестіру, байланыстыру үшін тиісті грамматикалық заңдылықтарды игеруі қажет. Мысалы, «Бөлме» тақырыбына қатысты тіл үйренушіге *кең бөлме, тар бөлме, жарық бөлме, қараңғы бөлме, суық бөлме, ыстық бөлме, таза бөлме, кір бөлме; есік бар, терезе бар, кереует бар, үстел бар, орындық бар* сияқты тіркестерді бере отырып, актив лексикалық бірліктерді меңгертуде грамматикалық заңдылықтарды да

автоматты деңгейге жеткізіп, жаттамай, есте сақтауға дағдыландыру қажет. Сөз тіркестерін құрастыру негізінде қалыптасқан білімін ойдың жүйесіне сай сөйлемге біріктіріп, мәтін құрамына енгізіп, тілдік қолданыста пайдалану машығын дамыту керек. Қатысымдық әрекетте басты көңіл бөлетін нәрсе – тілдік бірліктердің жеке қолданылуы емес, олардың бір-бірімен өзара байланысқа түсу арқылы белгілі бір ойды, пікірді жеткізуге себепші болатын заңдылықтары. Тілдік бөлшектер өз алдына жеке, дербес тұрғанда қарым-қатынас құралы бола алмайды, сондықтан мұндай жағдайда түсінісу де болмайды. Белгілі бір хабарды жеткізу мақсатында әрбір сөз нақтылы мағынаны білдіру арқылы бүтіндей жүйелі байланысқа түседі де, адамның ойын екінші біреуге түсінікті етеді.

Фонетикалық норманы сақтай отырып, осы лексикалық бірліктердің дұрыс айтылымын іс жүзіне асырулары қажет. Сол себепті тіл үйренуде қажетті сөздер мен сөздік құрамды игеру лексикалық материалдарды оқыту барысында басты орын алатын сөздік минимумды ескеруді талап етеді. Оқу кезеңінде жаңа сөздер күн санап өсіп отырады. Алғашқы үйренген сөздер ұмытылып қалмас үшін кейіннен ұсынылатын лексикалық минимуммен байланыстыра, үздіксіз қолданыста болса ғана, тіл үйренушінің сөздік қоры толығып отырады. Сөздік минимумды тандау үшін алынатын өлшемдер көбінесе И.В. Рахмановтың еңбектерінде айтылған [76]. Ол сөздікті іріктеуде мынадай белгілерге сүйену қажет деп есептейді: *сөздердің мағыналық жағы; тіркесім ерекшелігі; стильдік қолданысы; жұмсалым өрісі (қолдану аясы); ұғымға қатысы; синонимдік ерекшелігі.*

Лексикалық материалдарды бақылау, оқытуға байланысты тіл үйренушілер меңгеруге тиісті білім жүйелері: сөздің графикалық, орфографиялық, фонемалық жақтарын оқыту барысында қалыптасатын фонологиялық білім; дыбыстардың айтылу қасиетіне қатысты ерекшеліктерін үйрететін фонетикалық білім; лексикалық бірліктердің тіркесу, байланысу ережелерін меңгертетін грамматикалық білім; сөйлем құрауға қатысты сөздердің лексикалық мағынасын тани білуге апаратын лексикалық білім; лексикалық бірлік арқылы айтылым, оқылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттерін жүзеге асыратын лингвистикалық білім.

Лексикалық материалдарды оқыту тек лексикалық бірліктерді жақсы білумен шектелмейді. Басқа ұлт өкілдерін қазақ тілінде сөйлеуге үйрету үшін сөздік қордың жиынтығын ғана емес, ондағы сөздердің қолданылу ерекшелігі мен ережесін де қатар үйрету қажет. Мұның өзі сөздерді тілдік қарым-қатынаста қолдану үшін, сөйлем құрау үшін грамматикалық заңдылықтарымен бірге лексикалық заңдылықтардың айырықша маңызды орын алатындығын аңғартады. Сөз тіркесін айту, ойды сөйлем арқылы жеткізу тек грамматикалық заңдылықтарға ғана қатысты емес, лексикалық заңдылықтарға да тікелей байланысты. Сондықтан тіл үйрену үшін оларды лексикалық ереже, грамматикалық заңдылық деп бөліп қарамай, біртұтас пайдаланып, бірге оқытқанда ғана тиісті оң нәтижеге жетуге болады.

Лексикалық бірліктерді ұсынуда көрнекілік әдісін қолдану өте маңызды. Мысал ретінде берілген суреттерді мағынасы сәйкес келетін сөйлемдермен сәйкестендіруге арналған бір жаттығу үлгісін ұсынамыз (2-сурет). Құралдың «Қазақша үйренеміз» атауына сәйкес жаттығудың берілуі де «Сәйкестендіреміз» деп, тіл үйренушінің өз атынан жазылған. Бұлай беруде II жақ бұйрық райы формасынан гөрі өз әрекетіне құлшына кірісуіне түрткі жасау мақсаты көзделген (3-сурет) [69, б. 46].

## 2. Сәйкестендіреміз.



Шайнамай жұтып жатыр Қатып ұйықтап жатыр Басын алмай оқып жатыр

Сурет 3 – «Қазақша үйренеміз» оқу-әдістемелік құралынан алынған лексика-грамматикалық жаттығу

Ескерту – Автордың құрастыруымен [69, б. 46]

Ұсынылған тапсырманы орындау барысында тіл үйренушіге жаңа сөздерді меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар белгілі бір сөз тіркестерінің тұрақты мәні болатыны да түсіндіріледі. Сонымен қатар, байқағанымыздай, бұл мысалдар грамматиканың көсемше формасы арқылы жасалған етістікті тіркестерін меңгерту мақсатында берілген. Себебі лексиканы меңгерту грамматикалық форманы меңгертумен тығыз байланыста жүзеге асады.

Грамматиканың тілді оқытудағы рөлі туралы Л.В. Щерба: «Грамматика – сөйлеу тілімізді реттейтін объективті тілдік шындық», - деген пікір білдіре отырып, тілдің қызметін және оның қарым-қатынаста қолданылуын анықтайды [77]. Осы тұрғыда, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырудың түп негізі грамматикаға келіп тіреледі. Өйткені тіл арқылы түсінісудің, басты қазығы – грамматикалық материалдарды сөйлеу кезінде дұрыс меңгеріп, қолдана алу. Сондықтан тілдің грамматикалық ерекшеліктерін сөйлеу үдерісінде жете үйренудің маңызы зор. Сол сияқты грамматиканы үйрену сөйлеу үшін ғана емес, тыңдап-түсіну үшін де қажет. Грамматикалық материалды игерту мәтінмен жүргізілетін жұмыстармен астасып жатыр, өйткені онда тілдің барлық бірліктері қатысады. Дыбыс, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, байланыс түрлері сияқты заңдылықтарды үйретуге бағытталған жұмыстар жүргізуге болады. Дайын мәтінмен жұмыс істегенде де, өздері құрастырғанда да грамматикалық заңдылықтарды басшылыққа алуға жаттығады.

Грамматика тілдегі барлық материалдың өзегі саналады. Ол жөнінде С. Исаев: «Тілдің грамматикалық құрылысы тіл деңгейлерінің көлемі жағынан

да, мазмұны жағынан да әрі күрделісі, әрі ауқымды екені даусыз. Өйткені тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, атқаратын қызметіндегі сан алуан жүктері, даму барысындағы диалектикалық заңдылықтары – бәрі-бәрі тілдің грамматикалық құрылысынан анық көрінеді», - [78] деген болатын. Қазақ тілі елімізде тегін, қолжетімді түрде қанша оқытылып келе жатса да, *бір ауыз қазақша сөйлеуді білмей, оның есесіне грамматикалық ережелерді біліп тұратын тіл үйренушілер өте жиі кездеседі*. Бұл – грамматиканы сөйлеу тілін меңгерту үшін емес, тек қазақ тіл білімінің жеке саласы ретінде оқытқандығымыздың дәлелі. Ондай сабақта лингвистикалық білім берілгенімен, сөйлеу іс жүзіне асырылмайды. Өйткені сөйлеуге қажетті өлшемдер меңгерілмейді, тиісті материалдар керек бағытта үйретілмейді. Сондықтан белгілі бір тілде сөйлей білу үшін грамматика жеке-дара бөлінбей, сөйлеудің барлық алғышарттарымен бірге тұтас жүйе түрінде оқытылуы керек. Ол үшін қажетті басты алғышарт ретінде сөйлеудің материалдық негізін ажыратуымыз керек. Сөйлеудің материалдық негізін *дыбыстық құрам, сөз, грамматика* құрайды. Бұл бірлестікте сөйлеу әрекеті үшін негізгі орынды *сөз* алады; оны *дыбыс* құрайды; ал *сөз бен дыбыстың* барлық тілдік міндетін *грамматика* жүзеге асырады. Ғалым Б.В. Беляевтің: «Теориялық білім ретінде грамматикалық ережелер қажетті сөйлеу дағдылары мен мүмкіндіктерін өзінен тудыра алмайды. Тіл үйренушілер грамматикалық білім көмегімен шет тілдің грамматикалық ерекшеліктерін сезініп (түсініп), сөйлеуге жаттыққан кезде ғана ол білімнің тілді меңгеруге көмегі тиеді», - деген пікірі біздің ойымызбен байланысып жатыр [79].

Тілші-әдіскер ғалым А. Байтұрсынұлының мына пікірі грамматиканы оқытуда өте маңызды: «Сөз дұрыстығы – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек» [80]. Сондықтан әр грамматикалық форма дұрыс анықталып, коммуникативтік мүддеге сәйкес таңдалуы, белгілі бір грамматикалық мағынаны жеткізетін грамматикалық формалар функционалдық тұрғыда үйретіліп, тілдік бірліктер мен құрылымдарды түрлендіре қолдану қажет. Әсіресе, тіларалық, тілішілік интерференция негізіндегі стилистикалық қателерді болдырмау үшін сөздердің орын тәртібіне үнемі назар аудару керек. Осы орайда, тілдік бірліктерді коммуникативтік аспектіде «модель, сөйлеу үлгісі, сөйлеу әрекеті» тұрғысынан қарастырамыз. Тілді, сөйлеуді және сөйлеу әрекетін бірлікте дамытуды көздейтін құрылымдық лингвистиканың модельдеу әдісі үлкен рөл атқарды. Әдіскер-ғалым Е.И. Пассов: «Модель – белгілі бір сөйлеу бірлігінің (бірліктер қатарының) белгілі бір құрылымын көрсететін символдық формула», - деп түсіндіреді [75, с. 75]. Лингвистикада модельдеудің статистикалық емес (негізгі) және статистикалық (стохастикалық) екі түрі белгілі.

Тілді үйрету әдістемесінде грамматикалық материалдарды көрнекі түрде ұсынудың модель, кесте, сызба тәрізді бірнеше түрлері бар. Соның бірі

профессор Ш.К. Курманбаева ұсынған *грамматикалық формулалар* [81]. Ол грамматикалық материалды ұсынудың ең тиімді жолы саналады және оқытуды бағдарлау, құрылымды алгоритмдеу арқылы жүзеге асады. Грамматикалық формулалар өзгеріске түспейтін, әрқайсысының өзіне ғана тән нақты грамматикалық мағыналары бар графикалық белгілерден жасалады. Мысалы, төмендегі екі (1) формула да жедел өткен шақтың болымсыз түрін береді:

$$\left\{ \begin{array}{l} \text{-ма/-ме} \\ \text{☪ + -ба/-бе + -ды/-ді + ☐} \\ \text{-па/-пе} \\ \text{Мен ал+ма+ды+м} \end{array} \right\} = \left\{ \begin{array}{l} \text{-қан/-кен} \\ \text{☪ + жоқ + ☐} \\ \text{-ған/-ген} \\ \text{Мен ал+ған жоқ+пын} \end{array} \right\} \quad (1)$$

Тұйық етістікке табыс септігінің жалғауы қосылу арқылы жасалған күрделі етістік және онымен мағыналас болып келетін –қан/-кен, –ған/-ген формалы есімшелі күрделі етістіктердің грамматикалық (2) формуласы:

$$\left\{ \begin{array}{l} \text{☪ + у} \\ \text{(-ған)} \\ \text{(-ген)} \text{ -ды} \\ \text{(-қан)} \text{ +} \\ \text{(-кен)} \text{ -ді} \end{array} \right\} \begin{array}{l} \text{жақсы көру} \\ \text{ұнату} \\ \text{қалау} \\ \text{жек көру} \\ \text{білу} \\ \text{үйрену} \end{array} \quad (2)$$

Мысалдар арқылы мағыналарын түсіндіру көзделеді: *Бала кітап оқуды ұнатады = Бала кітап оқығанды ұнатады. Ол шындықты айтуды жақсы көреді = Ол шындықты айтқанды жақсы көреді. Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдыруды жек көремін = Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырғанды жек көремін. Қазақ тілі сабағында шығарма жазуды үйрендік = Қазақ тілі сабағында шығарма жазғанды үйрендік.* Бұл грамматикалық формулалардың дидактиканың жүйелілік, саналылық ұстанымдарына сай келуі оның тиімділігін айқындайды. Әрі қазақ тілін үйрету үдерісінде грамматикалық материалдарды ұсынудың ең жылдам, ыңғайлы, көрнекті тәсілі ретінде бағаланады. Олай болса, грамматикалық жағынан бір-бірімен байланысқан сөздер не тіркестер адамның ойын дұрыс жеткізеді. Сондықтан да сөздер белгілі бір мағынаны білдіре келіп, өзара байланысқан бір бүтінді құрайды. Бұл жөнінде тілші-әдіскер Н. Оралбаева мен К. Жақсылықова: «Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы жеке сөздер арқылы емес, сөйлем арқылы іске асады. Ойды байланысты түрде басқаға жеткізу тіл үйренушіде қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөйлемді, сөйлемнің құрылысын, сөйлем құрайтын негізгі тұлғаларды білмейінше мүмкін емес. Ойды байланысты түрде білдіру тікелей сөйлеммен байланысты» [42, б. 166], - деп, тіл арқылы қатысымының сөйлемге тікелей қатысы барын айтқан болатын. Ал қатысымдық әдісті ұсынған әдіскер-ғалым Ф. Оразбаева: «Сөйлем – тілдік қатынастың орындалуына тікелей себепкер болатын ең қажетті тұлға. Сөйлем баяншының айтайын, жеткізейін деген ойын, хабарын қабылдаушыға түсінікті етіп қана қоймай, сонымен бірге

оның қайыра жауап беруінің көрсеткіші болады. Тілдік бірлік ретінде сөйлем тиянақты ойды білдірсе, қатысымдық тұлға ретінде ойды білдірумен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асырушы тілдесім жолы, сөйлесу құралы» [82], - деп сипаттайды. Бұл пікірлер сөйлемнің сөйлеу әрекетін іске асырудағы маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан сөйлемді дұрыс құрастыру үшін тілді үйретуді сөйлеу тәжірибесіне бағыттау, тәжірибелік бағыттың басым болуын қамтамасыз ету басты мақсат болады.

Адам тіл арқылы өз ойын біреуге түсінікті етіп жеткізу үшін, тілдік бірліктердің тіркесу амалдарын білуі керек. Сонда ғана дыбыс та, сөз де белгілі бір ойды білдірудің маңызды құралы бола алады. Демек тілдік бірліктердің қатысымдық ерекшеліктері грамматикалық заңдылықтар арқылы жүзеге асады. Грамматика – дыбыстар құрамынан тұратын сөздерді тілдік қарым-қатынас құралына айналдыратын ережелер жиынтығы. Тіл үйретуде грамматика тек осы тұрғыдан оқытылғанда ғана оқытушы өз мақсатына жетеді. Сондықтан грамматиканы сөйлеу әрекетімен біртұтас құбылыс деп қарау қажет. Оны сөзден және басқа тілдік бөлшектерден бөліп оқыту нәтиже бермейді, грамматикалық материалдарды сөйлеу құралдарымен бірге меңгермеген тіл үйренуші сол тілде сөйлеуді ешуақытта да үйренбейді. Басқа ұлт тілінде пікірлесу үшін деңгейлік лексикалық минимум мен грамматикалық минимумды (сөз бен грамматиканы) қатар меңгеру керек. Сөйлеу кезінде бұлардың бірінсіз бірінің мәні жоқ. Оқыту жүйесінде басты орын алатын сөйлеудің негізгі құрамы грамматикалық ережелер, сөздердің тіркесуі, сөздердің орфоэпиялық және орфографиялық нормаларына сәйкес айтылуы мен жазылуы тілдік ерекшеліктеріне қарай қолданылады. Мұндағы назарда болатын басты заңдылық – грамматикамен, мағына сөзбен, бірлік дыбыстық құраммен тікелей байланыстылығы. Ойды білдіретін сөйлемнің құрлымы жүйелі ойға негізделген мәтінмен байланысты болады. Мұндай мәтіндер екі түрлі болады: а) тыңдалым арқылы берілетін мәтін; ә) жазбаша түрде берілетін мәтін.

Тыңдалым арқылы аудиомәтінді оқытудың алғашқы кезеңінде мақсат тіл үйренушіге түсінікті болу үшін арнайы дәріс жүргізу тиімді. Бұл кезеңде сабақ көбінесе ауызша жүреді. Оқытушы да, тіл үйренуші де ауызекі сөйлесудің арқасында қарым-қатынастың алғашқы баспалдағын аттайды. Мұнда тілдік қатынас ауызша қатынасқа негізделеді. Жазба мәтін оқытудың негізгі кезеңінде пайдаланылады. Бұл уақытта тіл үйренуші алфавитпен танысып, өзі оқып, өзі жаза білетіндей жағдайға жетеді. Берілген шағын мәтінмен жұмыс істей бастайды. Мәтінмен жан-жақты дұрыс жұмыс жасап үйренген тіл үйренуші сол меңгерген тіркестерін өмірде қолдануға тырысады. Мәтінді оқыту амалы деп қарамайды, керісінше, мәтінді сөйлеуге ойын айта білуге үйрететін құрал ретінде таниды. Сөздерді сол үшін жаттайды, тіркестерді де сөйлеу үшін есте сақтайды. Сөйлеу әрекетін іске асыруда грамматиканың қызметін анықтауда грамматикалық материалдардың негізгі ерекшеліктерін анықтау керек. Сол ерекшеліктерді танытатын және бекітетін практикалық жаттығулар құрастырылуы тиіс. Яғни тіл үйрету үшін нені, қалай оқыту керек деген

сауалды үнемі назарда ұстау керек. Игерілетін лексикалық және грамматикалық материалдарды тиімді оқыту әдістері арқылы ұсынылады.

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету барысында алдымен үйретілетін тілдің негізгі грамматикалық ерекшеліктерінен ықшам білімдерінің болғаны дұрыс. Мәселен, қазақ тілінің жалғамалы (агглютинативті) табиғаты – оны басқа тілдерден ажырататын және оның өзіндік басты грамматикалық типологиялық қасиетін танытатын өзгешелігі. Бұл өзгешелік қазақша сөйлеуге қатысатын лексикалық бірліктердің бәріне тән. Екіншіден, өзара грамматикалық байланысқа түсетін түбірлердің тұрақты болуы, олардың өзгермейтін тиянақтылығы. Түбірді дұрыс табу арқылы қазақша сөйлеуге үйренетін тіл үйренуші сөздерді қатесіз байланыстыруға қалыптасады. Ол қазақша тіркестерді, сөйлемдерді құрастыру үшін, алдымен сөздің түбірін табады да, оған қажетті жалғауларды қосып, оны екінші сөзбен байланыстырады. Сөйтіп, сөз тіркесін жасайды, сосын сөз тіркестерінен сөйлем құрайды. Үшіншіден, жіктік, септік, тәуелдік, көптік жалғауларын үйренеді. Себебі бұл грамматикалық бірліктер негізінен сөйлеу әрекетіне жетелейді. Мысалы: кеше, жақсы, жылы, қазір, келді. «Мен қазір дәрігермін», «Сен кеше келдің», «Менің әкем келді», «Сенің бөлмең жылы». Енді осыларға ұқсас алғаш тіркестер, кейін сөйлемдер ойлап табу тапсырылады. Сабәқ осы ретпен қайталанып, ауызша-жазбаша түрде пысықталып, бекітіліп жалғаса береді. Төртіншіден, сөйлеу әрекетіне ең қажет материалдың бірі – етістік сөздер. Сондықтан басқа сөз таптарына қарағанда етістік алғашқы кезекте меңгертіледі. Өйткені сөйлем баяндауышсыз жасалса, ой аяқталмайды. Ой аяқталмаған жерде тілдік қатынас та іске аспайды. Бесіншіден, тіл үйренуші ойын сөйлем арқылы дұрыс жеткізу үшін, білуге тиісті маңызды заңдылықтың бірі – баяндауыштың сөйлемдегі орын тәртібі. Өйткені ол берілетін ақпарат мазмұнының әрекетін сипаттайды. Бұл өз кезегінде сөйлемнің өзекті мүшеленген сыңарларымен де байланысады. Әдетте, тема және рема – сөйлемнің коммуникативтік құрылымындағы маңызды ұғымдар. Тема – сөйлемнің белгілі немесе контекстен түсінікті бөлігін білдіреді, яғни не туралы айтылып жатқанын көрсетеді. Ал рема – сөйлемде жаңа ақпаратты жеткізетін, айтылып жатқан нәрсеге қатысты түсінікті кеңейтетін бөлік. Тема сөйлемнің бастапқы бөлігінде орналасса, рема әдетте соңында болады. Бұл мәселеге қатысты ғалым Б. Шалабай: «Сөйлеуші сөйлеу жағдайында, әдетте өз ойын белгіліден белгісізге қарай біртіндеп дамытады. Бұл ойлаудың жалпы логикасына сай келеді. Сөзді қатысымдық міндетіне сай зерттеуші мәтіндегі бұл құбылысты сөйленімнің актуалды мүшеленуі тұрғысынан қарастырып, сөйлеушіге бұрыннан белгілі жайды «тема» терминімен, ал белгісіз жайды «рема» терминімен атайды. Белгілісі (тема) әдетте сөйленімнің басқы бөлігінде, белгісізі – енді хабарланатыны (рема) сөйленімінің соңғы бөлігінде орналасады. Сөйлеуші нені хабарлауды маңызды санаса, соны сөйленімнің соңына таман орналастырады да, соған екпін түсіре баяндайды. Осыған байланысты сөйленімнің соңына таман орналастырады да, соған екпін түсіре баяндайды. Осыған байланысты сөйленімнің құрылысы және оның интонациясы

анықталады» [83], - деп пікір білдірсе, ғалым Ж. Жақыпов: «Тема – айтылыстың ремалық бөлігі, сүйенетін арқау. Ол әрқашан алдыңғы контекстке және ситуацияға бағытталып содан бастау алып отырады да, осы себептен талданбақшы сөйлемдегі темалық бөлікте айтылатын ақпар белгілі болып отырады, сондықтан бұл бөлік логикалық тұрғыдан айрықшаланбайды. Рема, керісінше, сол сөйлемде айтылатын ойдың басты керекті бөлігі, қажетті коммуникативтік бөлік. Ол айтылуда просодикалық, сондай-ақ формальды-грамматикалық құралдармен ерекшеленіп отырады. Сөйлемнің ремалық бөлігі ақпаратты қабылдаушыға белгісіз жаңа мағлұмат жеткізеді. Тема мен реманың өзара үйлесімі мен байланысы сөйлемнің коммуникативтік іргетасын қалайды» [84], - деп тұжырым жасайды. Ал зерттеуші М. Ахметова: Жаңа хабар – мәтін мағынасының өзегі. Мәтін құраушы сөйлемдердің бірінен екіншісіне динамикалық түрде жылжып отыратын тема мен рема ой қозғалысын тудырып, белгілі бір хабар, мәлімет береді. Тема – ойдың бастаушысы, ал рема – оның қозғаушысы. Осы ретпен актуалды мүшеленудің категориялары мәтіннің фразааралық жүйелі байланыстарын ұйымдастырады» [85], - деп атап өтеді. Осыдан, тема мен рема сөйлемнің логикалық және мағыналық құрылымын анықтап, тыңдаушыға ақпаратты қабылдау мен түсінуді жеңілдететіндігімен сипатталады.

Тілде орын алған барлық грамматикалық ережелерді шектеп, соның ішінен тілдік қарым-қатынасқа керектісін сұрыптай білу – сапалы оқыту үшін қажетті шарт. Сөйлеуді үйретуге қажет мұндай материалдарды дұрыс іріктеп оқыту грамматикалық минимумды анықтауды талап етеді. Тілді үйретуге қатысты грамматикалық минимумды дұрыс таңдау мен сұрыптаудың басты өлшемдері ретінде Ф.Ш.Оразбаеваның топтамасы басшылыққа алынады:

1. Сұрыпталған материалдар қазақ тілінің типологиялық табиғатын аңғаратын грамматикалық көрсеткіштерден болуы керек. Сөйлеу үшін тілдің ішкі құрылысын, оның заңдылығын меңгеру – қажетті шарт.

2. Қазақ тілінің өзіне ғана тән айырықша белгілерін танытатын грамматикалық категориялар мен формалар іріктеліп, жеке топталғаны ұтымды.

3. Сұрыпталған грамматикалық материалдар тілдік қарым-қатынаста жиі қолданылатын грамматикалық формалар мен категориялар болуы тиіс.

4. Алынған грамматикалық көрсеткіштер кең өрісті болып, тілде жиі жұмсалып, тілдік категориялардың көбіне тән болуы қажет. Яғни оның белсенділік қызметі ескерілгені жөн.

5. Іріктелген грамматикалық материалдар тілдің нормасына сәйкес көрсеткіштерден тұрғаны абзал.

Грамматикалық материалдарды оқыту барысында өткізілетін жұмыс түрлері:

- а) грамматикалық материалдарды дайындау және дұрыс ұйымдастыру;
- ә) материалдарды түсіндіру;
- б) өтілген материал арқылы сөйлеуді жаттықтыру;
- в) әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу;

- г) грамматиканы мәтін көлемінен шығарып, өмірге қосу, іс жүзіне асыру;
- ғ) грамматикалық дағдыны бақылау және дамыту;
- д) үйретілген материалдарды бекіту [82, б. 451].

Грамматикалық материалды таңдау және ұсыну лексикалық тақырыптың аясында жүзеге асырылады. Мысалы, «Отбасы» тақырыбында туыстық атауларды (әке, ана, ата, әже, аға, жеңге, жезде, әпке, қыз, ұл, сіңлі, іні, қарындас), ғаламзат атауынан (қала, көше, үй, қабат, пәтер, бөлме); сапа мәнді сөздерден: көлем мәнді сөздерді (үлкен, шағын), тұлғалар арасындағы қарым-қатынас сипатын білдіретін сөздері (тату, туыс); сандық ұғым атаулары (бірліктер мен ондықтар), қимыл мәнді сөздер (отыр, жүр, жатыр, тұр) іріктеліп алынады. Грамматикалық формалар ұсынылып отырған мәтіннің мазмұнынан алынады. Мысалы,

*Менің отбасымда алты адам бар. Олар – анам, әкем, әйелім /күйеуім/, екі балам және мен. Менің анамның аты – Марал, әкемнің аты – Қанат. Әйелімнің /күйеуімнің/ аты – Мәрия /Марат/, ұлымның аты – Жеңіс, қызымның аты – Анар. Менің анам алпыс жаста, әкем алпыс үш жаста. Әйелім /күйеуім/ отыз тоғыз жаста, ұлым он сегіз, қызым он бес жаста. Мен қырық жастамын. Менің анам мен әкем – зейнеткерлер, Әйелім/күйеуім/ – сатушы/дәрігер/, ұлым – студент, қызым – оқушы. Мен мұғаліммін. Әйелім/күйеуім/ базарда/ауруханада/ жұмыс істейді. Мен мектепте жұмыс істеймін. Ұлым Назарбаев университетінде оқиды, қызым қырық жетінші мектепте оқиды.*

1. Лексикалық минимум: а) отбасы, адам, ана, әке, әйел, күйеу, бала, ұл, қыз, зейнеткер, сатушы, дәрігер, студент, оқушы, мұғалім, мектеп. ә) бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың. б) жұмыс істеу, оқу.

2. Грамматикалық минимум: а) жекеше тәуелденудің 1 жағы; ә) жатыс септік, ілік септік; б) жіктік жалғаудың 1 жағы; в) көптік жалғау; г) ауыспалы осы шақ.

Лексиканы үйретуде «Отбасы» тақырыбындағы бейнелі-визуалды көрнеліктер көрсетіліп жаңа сөздер таныстырылады. Грамматикалық формаларды қолдану арқылы сөздердің байланысу түрлері үйретіледі.

Мысалы,

- менің отбасым, менің әкем, менің балам;
- отбасымда, мектепте, университетте;
- мен мұғаліммін, мен қырық жастамын;
- мен жұмыс істеймін, әйелім жұмыс істейді, ұлым оқиды.

Келесі кезекте игерілген сөз тіркестерінен сөйлеу құрау ұсынылады. Ол үшін жай сөйлемнің сызба құрылымы көрсетіледі, үлгісі беріледі. Мысалы,

Менің отбасым бар. 

Ұсынылған үлгі мен құрылым негізінде сөйлем құрайды. Одан кейін мәтінді оқып, мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. Қатысымдық жаттығулар негізінде лексикалық бірліктер меңгертіледі. Осы орайда, сұрақ-

*жауап (респонсивті), өнімді (репродуктивті), сипаттау жаттығулары* орындалады.

Қорыта келгенде, грамматикалық білім тіл үйренушілердің өз ойлары мен идеяларын нақты және құрылымды түрде жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді қатысымдық дағдыларды дамытуда шешуші рөл атқарады. Қатысымдық мақсатта грамматика мен лексиканы ұштастыра оқыту тиімділігі отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделеу негізінде дәлелденді. Сондай-ақ, сөйлеу әрекетіне қатысты грамматиканың рөлі, грамматикалық материалдардың басты ерекшеліктері қарастырылып, тіл үйрену үшін оқытылатын материалдарды сұрыптау, оны меңгерту жолдары айқындалды. Грамматикалық құрылымға негізделген қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілерді тек грамматикалық ережелер туралы біліммен ғана емес, оларды нақты қарым-қатынас жағдайында қолдана білумен де ерекшеленеді. Олар тілдік нормаларды ескере отырып, тіл үйренушілерге өз ойларын жеткізуге мүмкіндік беретін сындарлы диалог дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Белсенді және практикалық қарым-қатынасқа баса назар аударатын қазіргі заманғы оқыту әдістері жағдайында қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі ерекше маңызға ие. Грамматикалық құрылымдарды қатысымдық жаттығулар шеңберінде модельдеу тіл үйренушілерге тілдік дағдыларды тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар практикалық қолдану деңгейінде де меңгеруге мүмкіндік береді.

#### **1.4 Қатысымдық құзыреттілік – тіл үйретудің мақсатты нәтижесі**

Қазақ тілін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру – Қазақстанның білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі. Ол туралы ҚР «Білім туралы» Заңының 48-1 бабында: «Оқыту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған үдерісі» [86], - деп атап көрсетілген.

Құзыреттілік – оқыту мен оқудың нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, мәселені шеше білу қабілеттілігі. Латынның «*compeete*» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағынаны білдіреді. «Білу» – тек кәсіби қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті нақты, ақиқат білім ғана емес, сонымен қатар ақиқат мәні бар және білім мен білікті қолдануға бағыттайтын құндылық. «Жасай алу» – педагогикалық үдерісті жүзеге асыру амалы ғана емес, адамның ең басты білігі өзінің ішкі жан дүниесін еркін және саналы сезіне білуде де, сыртқы кәсіби педагогикалық қызметте де субъект бола білу. Ал «дегеніне жету» – қойылған мақсатқа заң, адамгершілік және мәдениет шеңберінде жете білу [87]. Бұл анықтама құзыреттілік ұғымын «білу – әрекет – нәтиже» үштігі негізінде түсіндіреді. С.И. Ожеговтың сөздігінде: «құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу» [88],- деп анықталса, Педагогикалық терминологиялық сөздікте: «Құзыреттілік – нақты білімдер мен

дағдылар арқылы кейбір міндеттерді шешуге ат салыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын жеке тұлға мүмкіншіліктері» [89], - деп түсіндіріледі. Методикалық терминдер сөздігінде: «Құзыреттілік (латынның *competentis* – бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – деп берілсе, орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы», - деп анықталады. Д.Н. Ушаковтың түсіндірме сөздігінде: «Құзыреттілік белгілі бір саладағы хабардарлық, бедел және білімдер», – деп тұжырымдалады [90]. Бұл адамның белгілі бір салада әрекет ету немесе шешім қабылдау үшін жеткілікті білімі мен тәжірибесі болған жағдайда құзыретті деп танылады дегенді білдіреді. Екінші жағынан, «құзыреттілік» тұлғаның өкілеттігі, білімі мен тәжірибесі бар мәселелер немесе құбылыстар жиынтығы, сондай-ақ тұлғаның шешімдер қабылдау мен қабылдауға құқығы бар өкілеттік немесе белгілі бір мәселелермен айналысатын құқықтар саласы ретінде түсіндіріледі. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе, «құзыреттілік» латын сөзі, «*competens*» – «қабілетті, қатысты» деп түсіндірілген [91]. Кей ғалымдар «құзырет» белгілі бір салада туындаған мәселені шешуге қажетті білім мен дағды, ойлау және түсінудің жиынтығы десе, енді бір топ ғалымдар тұлғаның жеке сапасы, жұмысында қабілеті мен іскерлігін практикалық тұрғыда қолдана білуі, ұйымдастырушылық қабілетінің болуы деп санайды. Осылайша, «құзырет» адамның білімі мен тәжірибесінің деңгейін білдіреді, ал «құзыреттілік» бұл тұлғаның өкілеттігі немесе шешім қабылдау құқығы бар мәселе немесе өкілеттік саласын сипаттайды [90, с. 257]. Осыдан келіп, «құзырет – белгілі бір саладағы білім жиынтығы, құзыреттілік – тұлғаның өзінің беделі, танымы, тәжірибесі арқылы меңгерген іскерліктер жиынтығы» деген жалпы түсінік шығаруға болады. Жалпы құзыреттілік ұғымына берілген көптеген анықтамалар бар, оларды төмендегі 3-кестеден көруге болады.

### Кесте 3 – «Құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалар

Автор	Анықтамасы
Н.Хомский	Құзыреттілік – қатысым барысында адамның тілдің өзіндік заңдылықтары мен ережелерін түрлі жағдаяттарға байланысты практикада дұрыс қолдануы
Л.Н.Паламарчук	Құзыреттілік – оқушының біліміне қоғамның талабы, белгілі бір пән жөнінде теориялық білімі және осы білімді жүзеге асыру тәсілдері мен жолдары
Л.М.Митина	Құзыреттілік – білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері
Г.Ж.Ниязова	Құзыреттілік – білім беру құзырлары студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы

### 3-кестенің жалғасы

М.Жадрина	Құзырет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты салалардың (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, құзыреттілік – адамның сол әрекетке, оның пәніне жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі
ДЖ.Равен	Құзыреттілік – бір-біріне тәуелсіз, көптеген компоненттердің бірлігінен тұрады. Компоненттердің бірнешеуі бірігіп, адамның танымдық аймағын, бірнешеуі мотивациялық аймағын құрады
Л.А.Петровская	Жеке тұлғаның өзіндік қабылеттері, қасиеттері
Н.Коряковцева	Оқушының оқу мақсатына сәйкес өзінің оқу іс-әрекетін басқаруды, соңғы нәтижеге жеткенге дейін бүкіл ұйымдастыру және бақылау қабілеттері
М.М.Дуйсенова	Құзыреттілік – тек білім ғана емес, оқушының оқыту үдерісінде меңгерген білімдерін практикада қолдануы, дағдылары мен біліктерін орынды пайдалануы
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [92-100]	

Ғалымдардың анықтамаларын талдай келе, біріншіден, құзыреттілік – «дағды», «білік» ұғымдарына қарағанда мағынасы кең; екіншіден, адам арнайы құзыретті болып тумайды, ол оны білімді меңгеру, оқу әрекеті үдерісінде қалыптастырады; үшіншіден, құзыретті тұлға – тілі жетік, тіл заңдылықтары туралы білімі мен түсінігі бар, оқу-танымдық әрекетке қабілетті, өмірлік, әлеуметтік дағдылар мен қатысымдық бірліктерді меңгерген тұлға деген тұжырымға келдік. Өйткені сапалы тілдік білімсіз қатысымдық дағды қалыптастыру мүмкін емес. Бұл теория мен практиканы шебер ұштастыру арқылы ғана өз шешімін табады. Сондықтан *құзыреттілік* – бұл алынған білім мен білікті іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Оның негізі мектеп қабырғасында қалыптасады.

Демек, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектеп тәжірибесіне енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды қажет етеді. Құзыреттілік тұлғаның бойында *білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің* негізінде қалыптасады. Яғни «құзыреттілік» ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) ұғымдарының мәнін қамтиды. Ол білім, білік, дағдыны мүлдем жоққа шығармайды, дегенмен өзіндік айырмашылықтары бар. *Біріншіден*, құзыреттіліктің білімнен айырмашылығы ақпарат ретінде ғана емес, іс-әрекет түрінде болуы. *Екіншіден*, құзыреттіліктің біліктен айырмашылығы – құзырет қандайда бір міндеттерді шешуде пайдаланылуы (іс-әрекеттің түрлі объектілеріне ауысады). *Үшіншіден*, құзыреттіліктің дағдыдан айырмашылығы – үйреншікті ғана емес күтпеген жағдайларда адамның саналы іс-әрекет жасауға мүмкіндік беруі. Алайда, білім, білік және дағдының құзыреттіліктен бөлек қалыптасуының дәлелдігі айқын емес, бірақ олар жетістікке (құзыреттілікке) мақсатты түрде жету құралы ретінде маңызды [101]. Бірақ бұл білім, білік, дағдының жаңаша жай ғана жиынтығы болмайды. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол тіл үйренушілердің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де сипаттайды. Сонымен қатар «құзырет» және

«құзыреттілік» ұғымдарын білім алушылардың стандартталған білім мазмұнының деңгейімен де сипаттауға болады. Яғни әр деңгейде алған білім мазмұнын білім алушы тәжірибеде өз деңгейінде қолдана алу дағдысы құзыреттілік көрсеткіші бола алады. Бұдан шығатын қорытынды: педагогика ұғымындағы «құзырет» және «құзыреттілік» динамикалық түрде өседі деп тұжырымдауға болады.

Қатысымдық құзыреттілік – әртүрлі қарым-қатынас жағдайында тілді тиімді және барабар (адекватты) қолдана білу. Ол лексика мен грамматиканы білу ғана емес, сонымен қатар хабарламаларды қабылдау және түсіндіру, диалог жүргізу, өз ойлары мен эмоцияларын білдіру қабілетін қамтиды. Ақпарат пен коммуникация негізгі рөл атқаратын қазіргі қоғамда қатысымдық дағдылар кәсіби ортаға және әлеуметтік өмірге табысты кірігу үшін таптырмас қажеттілікке айналады. Олар сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылықты және топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Бұл ойдан жеке тұлғаның өзіндік проблемалық ойлауы, шығармашылығынан жаңа ойды топшылауы, топта жұмыс істеуі арқылы қоғамға ашықтығы көрінеді.

Тілді меңгерудің стандартталған деңгейлерін енгізу оқуды құрылымдауға және әр кезеңде тіл үйренушілердің құзыреттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. А1 деңгейіне сәйкес қазақ тілін оқытудың бастапқы кезеңінде қатысымдық дағдыларды дамытуға басты назар аударылады. Тіл үйренушілер күнделікті тапсырмаларды орындау үшін қажетті қарапайым сөз тіркестерін түсінуге және қолдануға үйренуі керек. Оқыту үдерісі сөздер мен грамматикалық ережелерді есте сақтауға ғана емес, тілді нақты жағдайларда белсенді түрде қолдануға бағытталғаны маңызды. А1 деңгейінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру тілді одан әрі үйрену үшін берік негіз жасайды, қазақ тілін әртүрлі контексттерде қолдануға сенімділігін әрі оқу мотивациясын арттырады.

*Қатысымдық құзыреттілік* – өзара түсіністікке қол жеткізу және қатысымдық мәселелерді шешу үшін әртүрлі қарым-қатынас жағдайында тілді тиімді және барабар (адекватты) қолдана білу. Бұл тұжырым тек грамматика мен лексика туралы білімді ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас жағдайының контексті мен ерекшеліктерін ескере отырып, функционалдық тұрғыда осы білімді тәжірибеде қолдана білуді қамтиды. Қатысымдық құзыреттілік ақпаратты, эмоциялар мен ниеттерді ауызша және жазбаша түрде қабылдау, түсіндіру және білдіру дағдыларын қамтиды. Қатысымдық құзыреттілік бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысы қарым-қатынас үдерісінде маңызды рөл атқарады.

1) *Тілдік құзыреттілікке* тілдің грамматика, лексика, фонетика және емле туралы білім кіреді. Бұл тұжырым жасау және түсіну қабілетінің негізі. Тілдік құзыреттілік сөйлеушіге грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер құрастыруға және өз ойын дәл жеткізу үшін әртүрлі сөздік қорларды пайдалануға мүмкіндік береді. Тілдік ережелерді берік білмей, жоғары қатысымдық құзыреттілікке жету мүмкін емес, өйткені дәл осы білім басқа компоненттердің қалыптасуына негіз болады.

2) *Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік* әлеуметтік мәнмәтін аясында тілді қолдану қабілетімен байланысты. Бұған белгілі бір мәдениетте немесе әлеуметтік топта қабылданған қарым-қатынас нормалары мен ережелерін білу, жағдайға, әңгімелесушінің мәртебесіне, қарым-қатынастың формальдылық дәрежесіне және басқа факторларға байланысты сәйкес сөйлеу формаларын таңдау мүмкіндігі кіреді. Әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілік мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарға байланысты түсінбеушілік пен келеңсіздіктерді болдырмайтын тиімді және сыйластық қарым-қатынасқа ықпал етеді.

3) *Прагматикалық құзыреттілік* қатысымдық мақсаттарға жету үшін тілді қолдануға қатысты. Ол мәлімдемелерді белгілі бір жағдайда орынды және мақсатты болатындай етіп құрастыру мүмкіндігін қамтиды. Прагматикалық құзыреттілік тілдің функционалдық аспектілерін білуді қамтиды, мысалы, кешірім сұрау, құттықтау, ұсыныс және тағы басқа. Ол сонымен қатар әңгімелесушінің ниетін түсіндіру және оларға лайықты жауап беру қабілетін де қамтиды. Прагматикалық құзыреттілікті дамыту әсіресе тілді үйренудің бастапқы кезеңдерінде маңызды, өйткені ол тіл үйренушілерге тілді нақты қатысымдық жағдайларда белсенді түрде қолдануға көмектеседі.

4) *Дискурстық құзыреттілік* үйлесімді және логикалық құрылымдалған мәтіндер мен мәлімдемелерді құра білумен байланысты. Бұған сөйлемдер мен абзацтарды біртұтас тұтастыққа біріктіру, жүйелілік пен сабақтастықты қамтамасыз ету кіреді. Дискурстық құзыреттілік сөйлеушіге нақты және құрылымдық хабарламалар жасауға, қорытынды жасауға, оқиғаларды немесе идеяларды түсіндіруге, дәлелдеуге және сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл ауызша және жазбаша қарым-қатынас үшін маңызды және ақпараттың терең және тиімді алмасуына ықпал етеді. Қатысымдық құзыреттілік – әр түрлі компоненттерді қамтитын күрделі және көп өлшемді ұғым, олардың әрқайсысы табысты қарым-қатынасқа ықпал етеді. Осы аспектілердің барлығын дамыту қазақ тілін тиімді меңгеру мен қоғамдық және кәсіби өмірге белсенді қатысудың кілті саналады. Лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, прагматикалық және дискурсивті құзыреттіліктерді түсіну және мақсатты түрде дамыту тілдік қоғамдастыққа интеграциялану жеке және кәсіби мақсаттарға жету үшін қажетті толық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы орайда, Ш.Т.Мұқанбетова: «Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі лингвистикалық, тілдік, дискурсивті, прагматикалық, мәдени компоненттерден құрылған. Лингвистикалық компонентінің негізі тілдік білім, ауызша және жазбаша сөздің нормалары туралы білімнен құралса, дискурсивті компонент дискурстың түрлерін білу, оларды құру, жасау және түсіну іскерлігін қамтиды. Прагматикалық компонент қарым-қатынастың белгілі ситуациясында коммуникативтік мазмұнды жеткізу даярлығын көрсетсе, мәдениеттілік компонент сөйлеу, сөз таңдау, грамматика деңгейінде сөйлеу мәдениетін меңгеруге байланысты болады» [102], - деген тұжырым айтады.

Қатысымдық құзыреттілікті зерттеу лингвистикада, педагогикада және психологиядағы маңызды тақырып. Бұл ұғымды түсінуге және дамытуға көптеген ғалымдар үлес қосты. Атап айтсақ, отандық ғалымдар Ы.Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Т. Шононов, Ғ. Бегалиев, Ә. Садуақасов, С. Жиенбаев, И. Ұйықбаев, Ш. Сарыбаев, К. Бозжанов,, М. Жұбанова, С. Рахметова, Ф. Оразбаева, Ғ. Уәйісова, Қ. Молдабек, Ш. Қапантайқызы, Р. Рахметова, Ә. Жұмабаева; орыс тіл ғылымында Ю.М. Жуков, А.А. Петровская, П.В. Растянников, Е.И. Мычко, А.Р. Лурия, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, М.Н. Вятютнев, Дж. Равен, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Т.А. Гудкова, А.А. Чингизова, Р.С. Немов, Д.И. Царенков, Н.В. Хорунжая, Л.К. Граудина, С.Н. Ширяева, К.Ф. Седов, И.Л. Бим, Н.Д. Гальскова, В.Г. Костомаров, И.И. Лейфа, В.В. Сафонова, В.А.Сластенин, Е.Н. Соловова, Г.Д. Томахин, Г.С. Трофимова, О.В. Фадейкина, Т.Н. Чернявская, А.Н. Шамов, О.В. Шмайлова, С.А. Юсупов. Еуропалық ғылыми мектептерде осы мәселені Т. Hutchinson, А. Waters, Н. Хомский, Д. Хаймс, Я.А. ван Эк (J.A. van Ek, 1986), Л.Ф. Бахман (L.F. Bachman, 1990), М. Каналя (M. Canale, 1983) қарастырды. Жоғарыда аталған ғалымдар қатысымдық құзыреттілік туралы идеяларды дамытуға елеулі үлес қосты. Мысалы, Ресей ғалымдары, психология-педагогика аясында әртүрлі жас топтарындағы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мен дамыту механизмдерін зерттеп, оның қалыптасуының негізгі құрамдас бөліктері мен ұстанымдарын анықтады. Еуропалық зерттеушілер шет тілдерін оқыту контекстінде қатысымдық құзыреттілікті зерттеуге елеулі үлес қосты, тілдік білім беру аясында қатысымдық құзыреттілікті бағалаудың үлгілері мен әдістерін жасады, «қатысымдық құзыреттілік» термині «қатысымдық құзырет» идеясын танытатын күрделі ұғым ретінде қарастырды.

Қатысымдық құзыреттілік тақырыбын алғаш қозғаған зерттеушілердің бірі Ноам Хомский болды, ол 1965 жылы ана тілінде сөйлейтіндердің грамматикалық біліміне назар аудара отырып, «лингвистикалық құзыреттілік» ұғымын енгізді [103], оны сөйлеушінің жұмыс істеуінің ішкі ережелерінің жүйесі ретінде сипаттады. Ал «құзыреттілік» ұғымын тілді оқыту әдістемесінде оқытудың жалпы және арнайы мақсаттары мен мазмұнын анықтау үшін қолданды әрі тілдің тәжірибеде қолданылуымен сабақтастырды. Ғалым: «Құзыреттілік қатысым барысында адамның тілдің өзіндік заңдылықтары мен ережелерін түрлі жағдаяттарға байланысты практикада дұрыс қолдануы», - деп анықтама берді [92, с. 54]. Н.Хомскийдің осы пікірі кейінірек «құзыреттілік» ұғымын адамның білімі мен білік, дағдыларын практикада өзіндік көзқарасы, пікірі тұрғысында қолдануы деген көзқарасты қалыптастырды. Сондықтан құзыретті сөйлеуші (немесе тыңдаушы) Н.Хомскийдің анықтамасы бойынша, модельдер негізінде сөйлемдердің шексіз санын құрай алады және түсінеді, сонымен қатар екі тілдегі формальды ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көре отырып, пайымдаулар жасайды. «Қатысымдық құзыреттілік» терминіне алғаш рет анықтама берген ғалым – американдық антропологист Д.Хаймс. Ғалым бұл терминді шет тілін ойдағыдай меңгеру үшін тек тілдік құзыреттілік

кана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамда «тілді дұрыс қолдана білу қабілеті болуы керек», - деп анықтады [51, р. 271]. Алайда кейінірек 1970 жылдары Делл Хаймс әлеуметтік лингвистикалық аспектілерді қамтитын және «коммуникативтік құзыреттілік» тілді тек грамматикалық тұрғыдан дұрыс қолдана білу ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мәнмәтіндерде орынды қолдану қабілеті ретінде анықтайтын кең көзқарасты ұсынды. Қазіргі ғылымда «қатысымдық құзыреттілік» ұғымының әртүрлі түсіндірмелері бар. Мысалы, Д.Хаймс бұл терминді тілдің лингвистикалық білімін ғана емес, сонымен бірге мәлімдеменің жағдаяттық өзектілігін әлеуметтік-мәдени түсінуді қамтитын интегративті формация ретінде қарастырады. Ол қатысымдық құзыреттілікті «сөйлеу әрекетінің қатысушысы болу қабілеті» деп тани отырып, Н.Хомскийдің идеяларын дамытты. Сондықтан «қатысымдық құзыреттілік» термині қарым-қатынас жағдайында тілді тиімді пайдалануға қатысты көптеген аспектілерді қамтиды. А.Халлидэй «қатысымдық құзыреттілікті» ауызша қарым-қатынасқа ішкі дайындық және қабілеттілік ретінде қарастырған [104]. Ғалымның түсіндіруі бойынша, ол тілдік құрылымдар мен ережелерді білуді ғана емес, сонымен қатар басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау үшін осы білімді пайдаланудың ішкі дайындығы мен қабілеті бірлігінен тұрады. Ауызша қарым-қатынасқа ішкі дайындықты және қабілеттілікті атап өту дегеніміз қарым-қатынастың грамматика және лексика сияқты сыртқы аспектілеріне ғана емес, сонымен қатар мотивация, эмоционалдық дайындық, өзіне деген сенімділік пен эмпатия және қатысымдық жағдайларға бейімделу сияқты ішкі психологиялық аспектілерге назар аударуды білдіреді. Осылайша А.Холлидейдің қатысымдық құзыреттілікке деген көзқарасы қарым-қатынас үдерісінде тиімді өзара әрекеттесуге әсер ететін сыртқы және ішкі аспектілерді қамтиды. Кейіннен Майкл Кэнайл және Меррилл Суэйн сияқты зерттеушілер *лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, дискурстық және стратегиялық құзыреттілік* деген төрт компоненттен тұратын қатысымдық құзыреттілік моделін жасады. Оның ішінде шешуші рөлді стратегиялық құзыреттілік атқарады [105]. Dörnyei мен Thurrell (1991) стратегиялық құзыреттіліктің жеткіліксіз дамуы еркін сөйлеу мен сөйлеу дағдыларының болмауына әкеледі деген болатын [106]. Стратегиялық құзыреттілік парафраз, сөзбе-сөз аударма, тілді ауыстыру, ым-ишара және көмек сұрау сияқты қатысымдық стратегиялар арқылы жүзеге асады, олардың көмегімен әңгімелесушілер қарым-қатынас мақсатына қол жеткізеді. Қатысымдық стратегиялар тіл үйренушілердің қиыншылыққа тап болған кезде сөйлесуді қолдау (Dörnyei & Scott, 1997) [107] және сөйлесудің тиімділігін арттыру (Littlemore, 2003) әрекеті ретінде анықталады [108]). Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «қатысымдық құзыреттілік» ұғымының біртұтас түсіндірмесі және оның мазмұнында бірізділік көзқарас жоқ. Ол ауызша қарым-қатынастың маңызды құрамдас бөлігі саналады. Әртүрлі зерттеушілер қатысымдық құзыретті анықтау мен дамытудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Олардың кейбіреулерін қарастырайық:

1) Канада мектебі (Кэнайл мен Суэйн). Кэнайл мен Суэйн моделі төрт құрамдас бөлікке бағытталған: *грамматикалық құзыреттілік, әлеуметтік*

*лингвистикалық құзыреттілік, дискурстық құзыреттілік және стратегиялық құзыреттілік.* Олар жоғары қатысымдық құзыреттілікке жету үшін осы компоненттерді тілді оқыту үдерісіне кіріктіру қажеттігін атап көрсетеді. Грамматикалық құзыреттілік грамматикалық ережелер мен лексиканы білуді қамтиды. Әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілік тілді әлеуметтік контекстке сәйкес қолдану қабілетін білдіреді. Дискурсивті құзыреттілік үйлесімді мәлімдемелер құра білумен байланысты. Стратегиялық құзыреттілік қарым-қатынас мәселелерін жеңу үшін стратегияларды қолдануды қамтиды.

2) Еуропалық мектеп (Тілдер бойынша жалпы еуропалық анықтамалық шеңбер). Тілдерге арналған жалпы еуропалық анықтамалық шеңбері (CEFR) қатысымдық құзыреттілікке кешенді көзқарасты ұсынады, оны лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық және прагматикалық құзыреттілікке бөледі. Олар нақты жағдайларда тілді практикалық қолдануға бағытталған оқу үдерісін құрылымдауға және тіл үйренушілердің үлгерімін бағалауға мүмкіндік беретін А1-ден С2-ге дейінгі тілдік деңгейлерді ұсынады.

3) Қазіргі тәсілдер (интерактивті және когнитивтік модельдер). Қатысымдық құзыреттілікті дамытудың заманауи тәсілдері тіл үйренуді белсенді өзара әрекеттесу және мағынаны қалыптастыру үдерісі ретінде қарастыратын интерактивті және когнитивтік модельдерді қамтиды. Бұл тәсілдер шынайы қарым-қатынас жағдайларының, мультимедиалық ресурстарды пайдаланудың және оқу үдерісіне мәдени аспектілерді біріктірудің маңыздылығын көрсетеді. Майкл Бэйрдс, Роберт Эллис сияқты зерттеушілер тіл үйрену барысында болатын когнитивті үдерістерге және қатысымдық құзыретті дамытудағы өзара әрекеттестіктің рөліне ерекше мән береді.

Қатысымдық құзыреттілікті зерттеу теориялар мен модельдердің кең ауқымын қамтиды, олардың әрқайсысы осы тұжырымды түсіну мен дамытуға құнды үлес қосады. Кэнайл мен Суэйн моделі бар канадалық мектеп, еуропалық CEFR стандарттары, заманауи интерактивті және когнитивті тәсілдер қатысымдық құзыреттілікке әртүрлі, бірақ бірін-бірі толықтыратын көзқарастарды ұсынады. Осы тәсілдерді оқу тәжірибесінде біріктіру қазақ тілін үйренушілердің қатысымдық дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етеді.

Лингводидактикада М.Н. Вятютнев «қатысымдық құзыреттілік» терминін енгізді, оны әртүрлі қатысымдық жағдайларда бағдарлау, сөйлеу мінез-құлық бағдарламаларын таңдау және жүзеге асыру қабілеті ретінде сипаттады. Бұл тәсіл әңгіме басталғанға дейін де, қарым-қатынас кезінде өзара бейімделу үдерісінде де тақырыпты, міндеттерді және қатысымдық көзқарастарды ескере отырып, жағдайларды бағалай білу дегенді білдіреді [109]. И.А. Зимняя өз зерттеулерінде қатысымдық құзыреттілікті қарым-қатынастағы күрделі дағдылар мен машықтарды меңгеру деп анықтайды. Ол құзыретке негізделген тәсіл практикалық, іс-әрекеттік жағына баса назар аударады, ал құзыреттілікке негізделген тәсіл жеке қасиеттердің кең ауқымын қамтиды және білімнің гуманистік құндылықтарына қатысты екенін атайды. Ол психология шеңберінде қатысымдық құзыреттілікті субъектінің тіл үйретудің мақсаты болатын әртүрлі міндеттер мен қарым-қатынас жағдайларына барабар «сөйлеу

әрекетін жүзеге асыру қабілеті» ретінде де қарастырады [110]. Ғалым Н.И. Гез қатысымдық құзыреттілік адамның әртүрлі әлеуметтік шартты жағдайларда шет тілінде ауызша немесе жазбаша мәлімдемелерді түсіну және жасау қабілетін білдіреді деп тұжырымдайды [111]. Оның үстіне бұл қабілет сол тілдің ана тілінде сөйлейтіндер бақылайтын тілдік (тілдік) және әлеуметтік ережелерді ескере отырып жүзеге асырылады. Қатысымдық құзыреттілікті бұлай түсіну тілдегі мәтіндерді түсіну және құру қабілетін ғана емес, сонымен бірге белгілі бір тілдік ортаға тән әлеуметтік-мәдени контекст пен нормаларды да ескеруді білдіреді. Тұтастай алғанда, бұл анықтама тілді білудің ғана емес, сонымен қатар оны әртүрлі қарым-қатынас жағдайында әлеуметтік және мәдени нормаларға сәйкес қолдана білудің маңыздылығын көрсетеді [112]. Д.И. Изаренков қатысымдық құзыреттілікті табиғи қарым-қатынас немесе арнайы дайындық үдерісінде қалыптасатын және сөйлеу тұлғасының ерекше сапасын білдіретін сөйлеу әрекетінің әртүрлі салаларында табысты қарым-қатынас жасау қабілеті ретінде қарастырады [113]. Түрлі зерттеушілердің пікірінше, қатысымдық құзыреттілік этно және әлеуметтік-психологиялық нормалар мен мінез-құлық стандарттарын меңгеруді және қарым-қатынас «техникасын» меңгеруді қамтитын кешенді білім беру болып есептеледі. Ол сондай-ақ жаңа әлеуметтік құрылымдарға сәйкес күрделі қатысымдық дағдыларды дамытуды, мәдени нормалар мен қарым-қатынас шектеулерін білуді, әдептілік пен мәдениетті сақтау қабілетін қамтиды.

А. Байтұрсынов сөйлеу әрекеті компоненттерін бірге қалыптастыруға көңіл бөлген. Оған ғалымның ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге қатысты: «Балаға сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің де керектігі одан да артық», «сөйлегенде сөздің жүйесін келтіріп сөйлеу қажет. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын дағдысын баулу керек», - деген пікірі дәлел болады [114]. Сонымен қатар ғалым тілдесім кезіндегі сөздерді дұрыс тіркестіру жөнінде де өз тұжырымын айтқан болатын. Онда тілдесімнің прагматикалық аспектілері, диалогке қатысушы субъектілердің мақсаты мен сөйлеу жүйесіндегі сөздерді талғау, қолдану жайы қатысымдық тұрғыдан беріледі. «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтыру үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады», - деген пікірі қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың бағыт-бағдарын анықтап тұр [114, б. 142-274]. Ғалым атап көрсеткен дағдылар мен әрекеттер жиынтығы бүгінгі әдістемедегі қатысымдық құзыреттілік ұғымының мәнін ашып береді. Бұл тіл үйренушілерді сөйлеуге үйрету, қоршаған шындық ортадағы заттар мен құбылыстар жөнінде әңгімелеуден басталып, өздеріне қызықты тақырыптар жөнінде пікірлесім, ой бөлісу, ой қорытуды үйрету жолымен жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Сол себепті қатысымдық құзыреттілік бір мақсатқа бағындырылып, шоғырланған сөйлесім әрекеттерін бірден қатар үйрету жолымен қалыптасады. Бұл К.И. Саломатовтың «қатысымдық

құзыреттілік – оқушылардың сөйлесім әрекеттеріне түсу және қатысымдық міндеттерді шешу қабілеті» [115] деген қатысымдық құзыреттілікке берген анықтамасымен үндеседі. С. Аманжолов сөйлеу әрекетін жетілдіруді қандай жұмыспен бастау керектігі туралы: «... әрбір адам дұрыс ойлап, дұрыс сөйлеп, дұрыс жазуға мүмкіндік іздеуі керек», - деген болатын [116]. Бұл пікір білімнің жаттандылыққа құрылмай, тұлғаның ойын дамытуға бағытталуы керек дегенді білдіреді. Біз ғалымның бұл пікірімен келісеміз әрі мұндай олқылықтардың орнын толтырып, оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызудың бір жолы – қазақ тілін оқытуда қатысымдық жаттығуларды қолдану деп ойлаймыз. Себебі ғалым С.Аманжоловтың пікірі ақпаратты есте сақтау емес, ой-өрісін, дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қабілетін дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Р.С. Рахметова: «Құзырет тіл үйренушінің білуі қажет нәрсе болса, құзыреттілік осы нәрсені жақсы істеуі, өзін-өзі танытуы, білімі, білігі, өзін-өзі бағалауы сияқты мәселелерді қамтиды», - деп екеуінің ара жігін ашып көрсетеді [117]. С. Жиенбаев қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру сөз тіркесін меңгеруден басталады десе [118], Т. Шонанов мұғалімнің кәсіби біліктілігімен байланыстырады [119]. Е.А. Жұматаева Т. Шонановтың пікірін қолдаса [120], С. Рахметова сөздерді мағыналарына қарай тіркестіру олардың тілдік қатынаста орынды сөйлей алу қабілеттерінің бағыты бір екенін айтады [121]. Н. Құрманова білімді саналы меңгеру ғана тұлғаның қатысымдық құзыреттілігінің дамуына оң ықпал ететінін айтса [122], А. Рауандина қатысымдық құзыреттілік пен тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыру мәселелері бір-бірімен тығыз сабақтастықта екенін айтады [123]. Бұл ХХ ғасырдың басынан бері «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының зерттеген отандық ізденушілер де мұғалімнің біліктілігі мен білім алушылардың тілдік материалды игеріп, қисынды қолдана білу әрекетіне көңіл бөлгендігін байқаймыз.

Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану – тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін дамытудың тиімді жолы. Интерактивті сабақтар тіл үйренушілердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді, пікір алмасуға, ой бөлісуге түрткі болады, қазақ тілінде қатысымдық дағдыларды дамытады. Мысалы, ойын, рөлдік ойындар, дебат және топтық жобаларды пайдалану тіл үйренушілерге алған білімдерін практикада қолдануға және қатысымдық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді (Литлвуд, 1981) [124]. Онлайн платформалар мен мобильді қосымшаларды пайдалану қазақ тілін ыңғайлы және қолжетімді үйренуге ықпал етеді. Әртүрлі білім беру ресурстары, мысалы, онлайн курстар, интерактивті жаттығулар, бейне оқулықтар және т.б. тіл үйренушілерге кез келген уақытта және өздеріне ыңғайлы жерде оқу мүмкіндігін береді. Бұл дәстүрлі сабақтарға әрдайым қатыса алмайтын жұмыс немесе оқумен айналысатын тіл үйренушілер үшін өте маңызды. Оқытудың нәтижелі болуы үшін тіл үйренушілердің білім деңгейіне бейімделген және қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталған сапалы оқу материалдарына қол жеткізу қажет. Түрлі мәтіндерден, аудиоматериалдардан және қатысымдық

тәжірибе тапсырмаларынан тұратын бейімделген оқу материалдарын әзірлеу және пайдалану тіл үйренушілерге тілдік материалды жақсы меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға көмектеседі (Еуропа Кеңесі, 2001) [125]. Виртуалды тіл үйірмесі – тіл үйренушілер ана тілінде сөйлейтіндермен және өзге де тіл үйренушілермен қазақ тілінде сөйлесе алатын интерактивті онлайн-қауымдастықтар. Бұл – сөйлеуді үйренуге, тәжірибе және білім алмасуға, сондай-ақ әлеуметтік ортаны кеңейтуге тамаша мүмкіндік (Крашен, 1985) [126]. Тілдік алмасулар мен серіктестіктер өмірдегі қарым-қатынас жағдайында тілдік дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. Қазақ тілінде сөйлейтіндермен кездесу тіл үйренушілерге тілдік ортаға енуге, олардың айтылуын және сөйлеуді түсінуін жақсартуға, сонымен қатар Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрін жақсы түсінуге мүмкіндік береді (Эллис, 2003) [127]. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүріне арналған мәдени іс-шаралар мен мерекелерді өткізу де тіл үйренушінің тілге деген қызығышылығын арттыруға өз үлесін қосады. Мұндай іс-шараларға қатысу тіл үйренушілердің мәдени ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, білімдері мен дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл да тілдің оң имиджін қалыптастыруға көмектеседі және тіл үйренушілерді қазақ тілі мен оның мәдениетін үйренуге ынталандырады.

Қорыта келгенде, қазақ тілін үйренуде қатысымдық құзыреттілікті дамыту қатысымдық жаттығулар арқылы жүзеге асады. Бұл мәселені тиімді шешу үшін оқытудың интерактивті әдістерін қолдану, бейімделген оқу материалдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету, онлайн платформалар мен қосымшалар сияқты заманауи технологияларды пайдалану, түрлі мәдени іс-шаралар мен ақпарат алмасулар өткізу қажет. Бұл іс-шаралар тілдік дағдыларды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар тіл үйренушілердің мәдени тәжірибесін байытуға ықпал етеді әрі олардың тұлғалық дамуының маңызды аспектісі саналады. А1 деңгейіндегі қатысымдық құзыреттілік қазақ тілін оқыту үдерісінде шешуші рөл атқарады. Бұл – тіл үйренудің базалық деңгейі, осы деңгейде тіл үйренуші тілдің негіздерін игере бастайды және қарапайым ойлар мен идеялар айтуды үйренеді. А1 деңгейінде-ақ қатысымдық құзыреттілікке ие болу тіл үйренушінің сенімін тудыру үшін маңызды. Бұл тұлғаның оқуға деген ынтасын арттырады, сондай-ақ тілдік және мәдени қауымдастыққа интеграциялануын жеңілдетеді.

Қазақ тілін А1 деңгейінде тиімді оқытуды және қатысымдық құзыреттілікті дамытуды қамтамасыз ету үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- жаңадан бастаған тіл үйренушілердің ерекшеліктерін ескеретін және олардың қатысымдық дағдыларын дамытуға ықпал ететін А1 деңгейіне бейімделген оқу материалдары мен әдістерінің болуы;

- сыныптан тыс тіл үйрену мен тәжірибені қолдайтын заманауи технологияларды, онлайн платформалар мен қосымшаларды пайдалануды қоса алғанда, ынталандырушы және интерактивті оқу орталарын құру;

- шынайы қарым-қатынас жағдайында тілдік дағдыларды меңгеруге және Қазақстан мәдениетін терең түсінуге ықпал ететін түрлі мәдени іс-шараларды, тілдік тәжірибе үшін тілдік орта қалыптастыру.

Зерттеу жұмысында қатысымдық құзыреттілік түсінігі, оның құрамдас бөліктері, және қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды тәжірибеде қолдану мәселелері қарастырылды. Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды іс жүзінде қолдану тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын тиімді меңгеруіне және қатысымдық дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды. Сондықтан қатысымдық құзыреттілік тұлғаның қалыптасуында әлеуметтік бейімделуіне, өзін-өзі түсінуіне, тұлғаның дамуына және кәсіби табысқа әсер етуде шешуші рөл атқарады. Қатысымдық құзыреттілік – басқа адамдармен табысты әрекеттесу үшін қажетті білім, білік және дағдылар жиынтығын қамтитын көп қырлы ұғым. Ол тіл үйренушіге өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, өз мақсаттарына жетуге, басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға және өмірде табысты болуға мүмкіндік береді. Қатысымдық жаттығуларды қолдану – қатысымдық дағдыларды дамытудағы соңғы мақсатты нәтиже – қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін қазақ тілін үйретудің тиімді әдісі. Бұл зерттеу – қатысымдық құзыреттілік мәселесін зерттеудің бастапқы кезеңі ғана. Болашақта қатысымдық құзыреттіліктің адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне әсері туралы терең зерттеулер жүргізу, қазақ тілін үйретуде қатысымдық құзыреттілікті дамытудың тиімді әдістерін әзірлеу, әртүрлі кәсіптік салалардағы қатысымдық құзыреттілік ерекшеліктерін зерттеу қажет деп санаймыз.

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Диссертациялық жұмыстың *«Қатысымдық жаттығулардың теориялық негіздері»* бөлім бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Қатысым теориясының пәнін анықтауда ғылыми көзқарастардың әртүрлілігі көрсетілді. Қатысымдық жаттығуларды қатынас теориясымен байланыстырудың бірнеше жолының бар екендігі айқындалды. Қатысымдық жаттығуларда белсенді тыңдау теориясы, вербалды емес қарым-қатынас теориясы, тұлғааралық алмасу теориясы маңыздылығы дәйектелді. «Қатысымдық жаттығулар» терминінің қалыптасу жолдарын айқындай келе, тіл үйретудегі қатысымдық әдіс тілді нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануға және тілдік деңгейде өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығы түйінделді.

2. Әлемдік, отандық ғалымдардың әдістемелік еңбектеріндегі қатысымдық жаттығулардың зерттелу сипаты, құрастырылуы, практикалық құндылығы жайлы пікірлері, көзқарастары зерттеу барысында басшылыққа алынды. Дегенмен, қатысымдық жаттығулардың отандық әдістеме ғылымында әлі де болса түбегейлі зерттелмегені анықталды. Осы тұрғыда, диссертациялық жұмыста қатысымдық жаттығулардың түрлері, тиімділігі, маңызы зерттеліп, эксперименттік сараптаудан өту қажеттігі мақсат етілді.

3. Қатысымдық жаттығулар – бұл тілдік және сөйлеу қиындықтарын ескеретін әрі тілдік білім мен дағдыларды қалыптастыру заңдылықтарына негізделі ұйымдастырылған әрекеттер жүйесі екендігі зерделенді. Тілдік, сөйлеу, қатысымдық жаттығулар салыстырылып, өзіндік ерекшеліктері алғаш рет кестелік сипаттамамен берілді. Қатысымдық теория, қатысымдық жаттығуларды меңгертуде фонетика, лексика, грамматика, оның өзіндік ерекшеліктері отандық, шетелдік ғалымдардың зерттеулерін қарастыру негізінде дәлелденді. Сөйлеу әрекетіне қатысты грамматиканың рөлі, грамматикалық материалдардың басты ерекшеліктері қарастырылып, тіл үйрену үшін оқытылатын материалдарды сұрыптау, оны меңгерту жолдары іріктелді.

4. «Құзыреттілік», «қатысымдық құзыреттілік» ұғымына отандық, шетелдік ғалымдардың берілген анықтамалары салыстырмалы кесте арқылы дәйектелді. Қатысымдық құзыреттілік тұлғаның қалыптасуында шешуші рөл атқаратындығы сипатталды. Тіл мен сөйлеу, тілдің функционалдық құрылымы мен қызметі туралы ғылыми ойлар мен пікірлер жүйеленді. Бірнеше ғалымдардың қатысымдық құзыреттілік түрлері бойынша жіктеулері ұсынылып, қатысымдық құзыреттілік тіл үйретудегі мақсатты нәтиже екені анықталды.

## 2 ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

### 2.1 Оқу басылымдарында қатысымдық жаттығулардың берілуі

Оқулық – білім алудың негізгі қайнар көзі, білім беру мазмұнын, меңгеруге жататын оқу ақпаратын толық көрсететін құрал [128]. Оқулық ғылым негіздерін, оның заңдары мен әдістерін жай ғана баяндап қоймайды, сол пән бойынша теориялық материалды меңгерту мақсатына арналып жазылады. Ондағы материалдар тіл үйренушілердің жас ерекшелігіне негізделеді. Оған енетін материалдардың берілуі өзінің бірізділігімен, жүйелілігімен, тұжырымдылығымен ерекшеленеді. Бұл туралы В.П. Беспалько: «Оқулық жазу оңай шаруа емес, нағыз оқулықтар жасайтындай болып кемелдену үшін, педагогика жөніндегі қазіргі ғылыми монографияларды байыбына жете зерттеп оқыған жөн» [129], - деген болатын.

XX ғасырдың басында Алаш зиялылары ұлттық білім беру жүйесіне әдістемелік тұрғыда көп жаңалық әкелді және олардың еңбектері қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалады. А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлының еңбектері бұл тұрғыда айрықша маңызды. А. Байтұрсынұлы «Оқу құралы (Қазақша алифба) еңбегінде қазақ тілі грамматикасының негіздерін жүйелеп, білім алушыларға түсінікті әрі қолжетімді етті. Оның әдістемелік тәсілдері қазақ тілін үйретуде тиімді жаттығулар жүйесін құруға бағытталған. Жаттығулар тілді қолдануға, дұрыс жазуға және оқуға үйрету мақсатында құрылған. Сонымен қатар қатысымдық дағдыларды дамытуға да баса назар аударған [114, б. 33-46]. Қ. Кемеңгерұлы «Оқу құралы» атты еңбегінде тілді үйретудің практикалық аспектілеріне ерекше көңіл бөлген. Ол оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру үшін жаттығуларды көп қолданды. Бұл жаттығулар грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға, сөздік қорды кеңейтуге және тілдік ортада еркін қарым-қатынас жасауға бағытталған [130]. Т. Шонанұлы «Жаналық (Әліппе)» оқулығында ересектер мен балаларға арналған жаттығуларды енгізді. Оның әдістемелік тәсілдері оқу мен жазуды үйрету барысында қатысымдық жаттығуларды қолдануды көздеді. Жаттығулар өмірлік жағдаяттарға негізделіп, оқушылардың тілдік қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етті. Жаттығулардың ерекшеліктеріне келер болсақ, олар қатысымдық бағыт, жағдаяттылық пен тақырыптылық, оқушының тұлғалық дамуын қамтыды. Мысалы, қатысымдық бағыт бойынша жаттығулар білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатын көздеді. Олар тек грамматикалық ережелерді жаттауға емес, сол ережелерді қолдана отырып, өз ойын жеткізуге, сұрақтарға жауап беруге, диалог құруға және түрлі қатысымдық тапсырмаларды орындауға бағытталды. Жағдаяттылық пен тақырыптылық бойынша жаттығулар өмірлік жағдаяттарға негізделді. Бұл білім алушыларға шынайы өмірде кездесетін жағдайларда тілді қолдануға мүмкіндік берді. Мысалы, дүкенде сауда жасау, поштада хат жазу, қоғамдық орындарда сөйлеу сияқты тақырыптар қамтылды [131].

Оқушының тұлғалық дамуы тұрғысынан жаттығулар оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға, ойлау дағдыларын дамытуға және өзіндік пікір қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл тәсіл білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына оң әсер етеді. Алаш зиялыларының әдістемелік жаңалықтары қазіргі қазақ тілін оқыту әдістерінің негізін қалап, олардың еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Алаш зиялыларының еңбектері заманауи оқулықтар мен оқу құралдарының қалыптасуына үлкен ықпал еткені сөзсіз. Олардың әдістемелік жаңалықтары қазіргі білім беру бағдарламаларының негізін қалап, оқу үдерісін тиімді және нәтижелі етуде. Осыған орай, заманауи оқулықтар мен оқу құралдарынсыз жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес екенін түсінеміз.

Педагог-ғалым И.Я. Лернердің пікірі бойынша, оқулық үш бөлімнен тұрады [132]. Оның бірінші бөлімі – *теориялық бөлім*, бұнда оқулықтағы мәтіндердің мазмұны қаралады. Екінші бөлім – *әдістемелік бөлім*, бұнда әрбір тақырыптарға байланысты берілген сұрақтар мен тапсырмалар қамтылады. Әдістемелік бөлім – тіл үйренушілердің пәнге қызығушылығын, олардың өзіндік жұмысқа талпынысын, зерттеушілігі мен шығармашылығын дамытуға арналған негізгі бөлім. Оқулықтың үшінші бөлімі – *эстетикалық бөлім*. Мұнда тақырыпқа байланысты сызбалар, суреттер, бейнелі көрнекіліктер орналасады. Бұл бөлімінің маңызы тақырыппен тікелей байланысты бола отырып, оның мазмұнын толық ашуға және тіл үйренушілердің өзіндік жұмыстарын орындауды жүзеге асыруға көмектеседі. Осы үш бөлімнің тығыз байланыстылығын жақсы меңгерген педагог тиімді әдістер арқылы тіл үйренушілердің тілдік білімдерін тереңдетіп, олардың шығармашылық арқылы білімді саналы меңгеруін қамтамасыз ете алады. Білімді меңгеру тек кітапты оқумен жүзеге аспайды. Ол күнделікті өмірден, өзін қоршаған ортадан, маңайындағылармен қарым-қатынастан білім шеңберін кеңейте түсетіні белгілі. Бірақ, ғылыми білім мен ұғым адамзат тарихында арнаулы сыннан өткен, ғылыми ізденістердің нәтижесінде қол жеткізген материалдардың негізінде меңгеріледі. Әр ғылым саласы бойынша мұндай материалдар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқулықтарда жазылған ғылыми деректер арқылы беріледі. Сондықтан оқулық – білім алудың басты құралы. Ол білім берудің мемлекеттік стандарты мен қазақ тілін оқытудың типтік бағдарламасына сай жасалады. Оқулық арқылы тілден теориялық білім, дағды беріледі.

Оқу құралының негізгі аспектісі – жаттығу, өйткені ол курс материалын практикада қолдануға және дағдыларды дамытуға бағытталған. Жаттығудың мақсаты – білімді бекіту, материалды түсінуді тексеру және тіл үйренушілерге үйретілетін ұғымдарды немесе дағдыларды қолдануда практикалық тәжірибе беру. Себебі кез келген тілді оқыту теориялық білімді іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін мамандар әртүрлі тиімді әдістер мен тәсілдерді қолданады. Бұл ретте практикалық дағдыларды қалыптастырудың алғышарттарын ескеру қажет. Тілді үйретуде практикалық дағдыларды қалыптастыратын шынайы

тілдік ортаны құру аса өзекті. Практикалық дағдыларды дамытудың тиімді жолының бірі – жаттығулар. Ғалым З.Күзекова: «Оқулық – оқытудың құралдарын ұйымдастыру мен жүзеге асырудың нысаны әрі оқытудың нағыз құралы – жаттығулар. Әсіресе тілді үйреткіңіз келсе, жаттығуларсыз нәтижеге жете алмайсыз, жаттығу дегеніміз сөздің оқыту амалдарыңыздың мазмұны, кең тұрғыда, әдістеменіздің мазмұны» [133], - деп санайды. Жалпы жаттығу – білім беру үдерісінде қолданылатын оқу материалын әдістемелік ұйымдастырудың құрылымдық бірлігі және дағдыларды қалыптастыру мақсатында белгілі бір әрекеттерді немесе операцияларды білім алушылардың мақсатты, қайталауын қамтамасыз ететін оқыту әдісі. Жаттығудың белгілі бір құрылымы бар, ол тапсырманы қоюдан, оны шешу жолдарын көрсетуден (тіреулер, кілттер, бағдарлар) және бақылаудан тұрады. Е.И. Пассов былай деп жазады: «...жаттығуда әрқашан мақсат болады, оның ерекше ұйымдастырылуы бар және ол әрқашан іс-әрекеттің орындалу тәсілін жақсартуға бағытталған. Ол үшін кем дегенде бір әрекеттің қайталануын қамтамасыз етуі керек» [41, с. 2]. Жаттығулар оқытуда маңызды рөл атқарады. Жаттығулардың тиімділігі көп жағдайда оларды ұйымдастыру мен өткізу әдісіне байланысты. Жаттығулардың саналы бағыттылығы іс-әрекет сапасын арттырудың ең маңызды шарты болады. Жаттығу түрлерінің көптеген классификациялары бар: фонетикалық-орфоэпиялық, грамматикалық, сөздік, белсенді дағдыларды қалыптастыру жаттығулары (И.А. Грузинская); формальды, формальды-мазмұнды, мазмұнды-формальды, мағыналы (П.Б. Гурвич), бастапқы, сөйлеуалды, сөйлеу (И.Д. Салистра); дайындық, біріктірілген (Б.А. Лapidус); сөз алды, сөйлеу (М.С. Ильин), қатысымдық (Е.И. Пассов); табиғи коммуникативті, шартты коммуникативті, коммуникативті емес (С.Ф. Шатилов); тілдік және дайындық (Т.А. Рамсина, М.А. Полидва); құрылымдық-семантикалық, лексика-грамматикалық (З. Күзекова); грамматикалық формула-схемалар (Ш.Қ. Құрманбаева); аспектілі (Н.Ж. Құрманова); сөйлеу үлгісі, үлгіні ауыстыру, кеңейту (М.Г. Усманова). Ең көп таралғаны И.В. Рахмановтың (1980) классификациясы, онда жаттығулар: а) бағыты бойынша – *тілдік және сөйлеу, рецептивті және репродуктивті, аспектілі және кешенді, оқу және табиғи-коммуникативтік, дайындық және бақылау*; б) материалдың сипаты бойынша – *диалогтік және монологтық сөйлеудегі жаттығулар және т.б.*; в) жаттығуларды орындау әдісі бойынша – *ауызша және жазбаша, бір тілді және екі тілді, механикалық және шығармашылық, аудиториялық және үйдегі, жеке, жұптық, хормен* деп бөлінеді [55, с. 39-78]. Сонымен қатар оқыту әдістемесінде жаттығулар сөйлеу әрекетінің түріне (тыңдау, айтылым, оқылым, жазылым), сөйлеу формасына (ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу) және тіл аспектісіне (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) байланысты да бөлінеді. Осы тұрғыдан келгенде, біз қолданыста жүрген, қоғамдық доменде қолжетімді «Қазақ тілінің қарапайым деңгейі А1» оқулықтарын зерттеуді мақсат еттік. Атап айтсақ:

1. Жантілеуова Л. Қазақ тілі сабақтары А-1 қарапайым деңгейге арналған оқу құралы.

2. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей А1.

3. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1): оқу құралы.

4. Бейсенбаева Л.Ж., Балабеков А.К., Жакыпжанова А.С. Қазақ тілі: Қарапайым деңгей (А1): шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулық.

5. Усманова М.Г. Изучаем башкирский язык. Интенсивный курс обучения.

6. Yedi İklim Türkçe. Yunus Emre Enstitüsü «Türkçe Öğretim Seti Ders Kitabı Seviye A1.

Мәселен, Л. Жантілеуованың «Қазақ тілі сабақтары» оқу құралында қарапайым деңгейге (А-1) сәйкес 14 тақырып пен коммуникативтік бағыттағы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілген [134]. Тұрмыстық, әлеуметтік, ресми-іскери мазмұндағы лексиканы тіл қолданушыға меңгерту және ой-пікірін қарапайым деңгейде жеткізуге дағдыландыратын грамматикалық білік дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді. Оқу құралы қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары, әдіскерлеріне және жалпы оқырман қауымға арналған. Әр лексикалық тақырып бойынша жаңа лексикалық қормен танысып, жеңілден күрделіге ұласатын ой қозғау, пікірін білдіру, өз ойын айту тапсырмалары қамтылған. Грамматика бөлігі қазақ тілінің грамматикалық негіздерін тез түсініп, тілдік кедергілерді жеңе білуге бағытталған. Оқылым, сөйлесім, жазылым түрлеріне арналған тапсырмалар бар. Г.Қ. Досмамбетова, А.К. Балабеков, А.Т. Бозбаева-Хунг, А.Д. Сейсенова. «Қазақ тілі. Қарапайым деңгей А1» оқулығы қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгеруге арналған [135]. Онда қазақ тіліндегі материалдарды тыңдап түсіну, оқып түсіну, қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білу қабілеттерін арттыру мақсаты көзделген. Оқулық мазмұны он екі бөлімнен, әр бөлім екі сабақтан тұрады. Әр сабақта қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің түрлі әдістері қарастырылған. Олар тіл үйренушілерді сенімді түрде сөйлеуге дағдыландырады, өйткені тілді қарапайым деңгейде меңгерудің материалдары толық қамтылған. Оқулық қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары, әдіскерлеріне және жалпы оқырман қауымға арналған. 3. Күзекова, Б. Ақбұзауовалардың «Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1): Оқу құралы» қазақ тілін кешенді оқытудың бастапқы А1 деңгейіне арналған [136]. Құралда қамтылған материал Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама» бойынша дайындалған. Қазақ тілінің фонетикасынан басталған оқу құралы тіл үйренушінің қарапайым қажеттіліктерін өтейтін тақырыптар мен оларды меңгертетін жаттығулардың тығыз сабақтастығына құрылған. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларын меңгерту қатар жүріп отырады. Грамматикалық тақырыптар қарапайымнан күрделіге қарай машықтану жаттығуларымен дамытылады. Оқу құралы қазіргі тіл үйретудегі сұранысты

ескере отырып, қатысымдық дағдыларды қалыптастыру мақсатында жазылған. Тіл үйренушінің келесі базалық А2 деңгейге өтуіне негіз қалайды. Ал Л.Ж. Бейсенбаева, А.К. Балабеков, А.С. Жакыпжановалардың «Қазақ тілі: Қарапайым деңгей (А1): Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулығында тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі қатысымдық дағдылары мен тыңдап-түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсат етілген [137]. Оқулық қоғамдық өмірдің жағдаяттарын қамтып, тіл үйренушінің қатысымдық құзыретінің қалыптасуына ықпал ететін мазмұнда ұсынылған. А1 деңгейіне арналған тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларындағы тапсырмалар тіл үйренушіні әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеуге және жазуға бейімдейді.

М.Г. Усманованың «Изучаем башкирский язык. Интенсивный курс обучения» деген кітабы башқұрт тілін өз бетімен оқып үйренгісі келетіндерге арналған жан-жақты интенсивті курс. Оқу құралын сабақта мұғалімнің басшылығымен де қолдануға болады. Кітаптың практикалық бағыты бар, мақсаты – оқушыларға диалогтар, модельдер, күнделікті қарым-қатынас тақырыптары негізінде сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған материалдар ұсыну. Оқу құралы 27 сабақтан тұрады, әрбір сабақта диалогтар, лексика-грамматикалық түсініктемелер, тақырып бойынша модельдер, жаттығулар, оқуға арналған мәтіндер. Грамматиканы ұсынудың дәстүрлі тәртібі өзгертілген, негізінен ұғымдық грамматика беріледі. Лексика-грамматикалық материал «мазмұннан формаға», «ойдан оны білдіру құралдарына» ұстанымы бойынша ұсынылады. Сабақ материалдары мазмұндық және тілдік тұрғыдан біртіндеп күрделенеді. Кітапта диалогтік және монологтік мәтіндер, әртүрлі тілдік, сөйлеу және қатысымдық жаттығулар, сондай-ақ кестелер, схемалар мен суреттер бар. Әр сабақта жиі қолданылатын сөйлеу формулалары берілген «Есіңізде сақтаңыз» бөлімі бар. Кітапта грамматикалық қосымша, башқұртша-орысша және орысша-башқұртша сөздіктер, сондай-ақ суретті сөздік бар [138].

«Yedi İklim Türkçe. Yunus Emre Enstitüsü «Türkçe Öğretim Seti Ders Kitabı Seviye A1» кітабы түрік тілін үйренгісі келетіндерге арналған. Yunus Emre институты түрік тілін оқыту үшін ең үздік әдістер мен құралдарды қолданады. Кітап түрік тілін жылдам, оңай және күнделікті өмірге қажетті деңгейде меңгеруге көмектесу үшін жасалған. Мақсаты – оқушылардың жазу, оқу, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамыту. «Yedi İklim Türkçe» кітабы 8 бөлім, 24 сабақтан тұрады. Сонымен қатар 24 грамматикалық тақырып қамтылған. Оқулық соңында «Бағалау», «Мен өзімді бағалаймын», «А1 каталогы», «А1 тілдік ақпарат» атты қосымша бөліктер қамтылған [139].


Аталған оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығулардың қамтылу деңгейін анықтау үшін төмендегідей өлшемдер алынды:

- 1) жаттығулардың қамтылу деңгейі;
- 2) іріктелген оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығулардың қамтылу деңгейі;
- 3) дағдыларды дамытуға бағытталу деңгейі;

4) жаттығулардың саны мен әртүрлілігі және тіл үйрену деңгейіне сәйкестігі;

5) жаттығулардың шынайылығы және олардың шынайы өмірде қолданылу мүмкіндігі.

*Бірінші кезекте* оқулықтардағы жалпы жаттығулар саны анықталды (4-сурет).




Сурет 4 – Талданған оқулықтардағы жаттығулар саны

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Бұл деректерден қазақ тілі оқулықтарындағы жаттығулар санының әртүрлі екенін байқаймыз. Әсіресе «Қазақ тілі. Қарапайым деңгей А1» оқулығында жаттығулар саны басқа басылымдармен салыстырғанда әлдеқайда көп. Бұл оқулықта жаттығулардың көп болуы оның оқыту әдістемесі мен мазмұнының ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілін оқытудағы жаттығулар санының әртүрлілігі оқулықтардың мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан айырмашылықтарын көрсетеді.

*Екінші кезекте* оқулықтардағы қатысымдық жаттығулардың қамтылуы қарастырылды. Оны төмендегі 5-суреттен көруге болады.



Сурет 5 – Оқулықтардағы қатысымдық жаттығулардың қамтылуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Суретте қазақ, башқұрт және түрік тілдеріне арналған әртүрлі оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығулардың бөлінісі көрсетілген. Жаттығулар төрт түрлі категорияға бөлінген: сұрақ-жауап, ойын, жағдаяттық және пікірлесім. Барлық оқу басылымдарында ең көп қолданылатын жаттығулардың түрі сұрақ-жауап екендігін байқауға болады. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1) оқулығында сұрақ-жауап жаттығуларының үлесі айтарлықтай жоғары (49%), бұл басқа оқулықтармен салыстырғанда анағұрлым көп. Сонымен қатар, жағдаяттық жаттығулар көбінесе басқа әдістемелермен бірге қолданылмайтындығы анықталды, ал пікірлесім жаттығулары барлық оқулықтарда ең төменгі пайызды көрсетіп отыр. Бұл нәтижелер оқу бағдарламаларында қатысымдық жаттығулардың қамтылуының әртүрлілігін және олардың мазмұндық ерекшеліктерін көрсетеді. Осындай талдау мен ұсыныстар оқу бағдарламаларын жақсартуға және оқытуды тиімді әрі қызықты етуге көмектеседі. Сонымен қатар оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығулардың аз қамтылуы қазақ тілін үйретуге арналған қатысымдық жаттығулар жинағын құрастыру қажет екенін көрсетті, сондықтан зерттеу жұмысы аясында қатысымдық жаттығу жинағын құрастыру мақсат етілді.

*Үшінші кезекте, қатысымдық жаттығулардың дағдыларды дамытуға бағытталу деңгейі талданды. Жоғарыда берілген оқулықтарда сөйлеу икемділіктері мен дағдысын қалыптастыруда қолданылатын сұрақ пен жауапқа негізделген жаттығулар көп екені анықталды. Олар тіл үйренушілердің есту және айту дағдыларын дамытады. Қайта-қайта сұраққа жауап беру арқылы тіл үйренуші әрекет етуді үйренеді. Нәтижесінде онда икемділік пен дағды пайда болады. Бұл жерде икемділік пен дағдыны айыру қажет. Икемділік – адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеті. Ол білім мен тәжірибеге негізделеді. Ал дағды – жаттығу, әдет арқылы пайда болатын әрекет. Дағды жаттығу үдерісінде қалыптасады. Оны қалыптастыру үшін жай қайталау жеткіліксіз, оған арнайы жаттығу қажет. Мәселен, жүзіп дағдылану үшін жүзу әдістерін меңгертетін жаттығуларды орындау керек, әрі оны судың ішінде орындау керек. Сол сияқты сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін түрлі қатысымдық ортада сөйлеуге негізделген қатысымдық жаттығулармен көп жұмыс жасау керек. Жалпы жоғарыда берілген оқулықтардың әрқайсысы белгілі бір икемділік пен дағдыны қалыптастыруға негізделген. Атап айтсақ, «Қазақ тілі сабақтары» оқу құралында қазақ тілінің бастапқы дағдыларын игерту көзделген. Мысалы, оқу, сұраққа жауап беру, диалог құрастыру, сөйлем құрау, сөйлемдегі бос орындарды толтыру. «Қазақ тілі. Қарапайым деңгей А1» оқулығында тіл үйренушінің естігенін түсінуі мен оған қатысты тапсырмаларды еркін орындау дағдыларын дамытуға бағытталған. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1) оқу құралында жазу, оқу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын меңгерту қатар жүргізілсе, Қазақ тілі: Қарапайым деңгей (А1) шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулығында қазақ тіліндегі коммуникативтік дағдылар мен тыңдап-түсіну, жазылым, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсат етілген.*

*Төртінші кезекте* жаттығулардың саны мен әртүрлілігі және тіл үйрену деңгейіне сәйкестігі бағытында жұмыс жасалды. Онда жаттығулар *мақсатына* (тілдік, сөйлеу, қатысымдық, жағдаяттық, бақылау, шығармашылық), *тілдің аспектілеріне* (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік), *материалды игеруге* (сөйлеуалды, сөйлеу кезеңі), *сөйлеу әрекеті түріне* (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым), *орындау тәсіліне* (ауызша, жазбаша, жеке, жұптық, топтық), *оқу материалы табиғатына* (диалогтық, монологтық), *мәтінмен жұмыс істеу кезеңдеріне* (мәтін алды, мәтінмен жұмыс, мәтіннен кейін) қарай топтастырылды.

*Бесінші кезекте* жаттығулардың шынайылығы және олардың шынайы өмірде қолданылу барысында «Қазақ тілі» қарапайым деңгей А1 мен «Қазақ тілі» (А1) шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулықтарындағы *дүкенде, жұмыста* немесе *қоғамдық жерде* сөйлесуді модельдейтін жаттығулар шынайы өмірлік сценарийлерге сәйкес алынғаны анықталды. Алайда тіл үйренушілердің бір белгілі бір тілдік жағдаяттан шығу дағдысы қажетті деңгейде қалыптаспағандықтан тіл үйренушілер кері байланыс жасай алмайды. Оның себебі қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған қатысымдық жаттығулардың оқулықта шектеулі мөлшерде берілуі. Нәтижесінде жалпы оқулықтарда шынайы өмірге бейімдейтін қатысымдық жаттығулар көп болуы керектігі туралы ой түйдік.

Оқулықтармен жұмыс жүргізу барысында *салыстырмалы талдау, сипаттау, жүйелеу, сыни талдау және қорыту* әдістері басшылыққа алынды. Талданған оқулықтардың ішінен «Қазақ тілі» (А1) шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулығы сәлемдесу мен таныстырудан бастап А1 деңгейіндегі негізгі қатысымдық қажеттіліктерге сәйкес келетін лексикалық тақырыптардың кең ауқымын қамтиды. Отбасы, мекен-жайы, кәсібі, күні, мерекесі сияқты тақырыптар тіл үйренушілерге өзін, отбасын және тағы басқаларын сипаттауға мүмкіндік береді, бұл бастапқы деңгейдегі қатысымдық дағдылардың маңызды бөлігі болады. Оқулықта ұсынылған лексикалық тақырыптардың әртүрлілігі тіл үйренушілерге тақырыптың кең ауқымымен танысуға және олардың сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді. Сондықтан әр тақырыпта сөйлеу, оқу, тыңдау және жазу дағдыларын дамытуға ықпал ететін әртүрлі жаттығулар ұсынылған. Бұлар оқулықтардың ұтымды жақтарын көрсетеді.

Жалпы жаттығулар *қатысымдық, шартты-қатысымдық, қатысымдық емес* деп бөлінеді. Сондықтан осы типтегі жаттығулар оқулықтарға енуі керек деп ойлаймыз. Мысалы, *қатысымдық жаттығу* үлгісіне назар аударайық.

*1. Бүгін бізге шетелден студенттер келді, бір-біріңізбен сөйлесіңіз, өзіңіз туралы айтып беріңіз, олар туралы ақпарат алыңыз, армандарыңыз туралы айтып беріңіз, олардың тілектері туралы сұраңыз.*

Бұл – қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамыту үшін оқулықтарға енгізуге болатын қатысымдық жаттығудың бір түрі. Енді берілген тапсырманы қатысымдық жаттығулар тұрғысынан талдап көрейік. Мәселен, Қазақстанға шетелден келген білім алушылармен өзара қарым-қатынас жасау сәлемдесу

және таныстырудан басталады. Бұл тіл үйренушілерге қазақ тілінде әдеттегі сәлемдесу сөздерін қолдануға және бір-бірін білуге мүмкіндік жасайды. Тіл үйренушілер өздері, отбасы, оқу, хобби және басқа да ақпараттармен алмасу кезінде бұл жаттығу қазақ тілінде сөйлеу және ой білдіру дағдыларын дамытуға көмектеседі. Әркім өзі туралы айтқаннан кейін, тіл үйренушілер әңгімелесушілер туралы көп ақпарат алу үшін бір-біріне сұрақ қоя алады. Сұрақ қоя отырып белсенді тыңдау дағдыларын дамытады. Армандар мен тілектер туралы әңгімеде тіл үйренушілер өздерінің арман-мақсаттарын бөлісе алады, сондай-ақ бір-бірінен олардың тілектері мен болашақ жоспарлары туралы сұрай алады. Бұл жаттығу өз ойларын білдіру және басқа адамның жоспары мен тілектерін түсіну дағдыларын дамытуға көмектеседі. Аталған жаттығу тіл үйренушілердің қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамытатын жаттығудың ұтымды түрі ретінде оқулыққа енгізуге болады. Бұл тіл үйренушілерге сөйлеу дағдысын шынайы қарым-қатынас жағдайында қолдануға және тілді үйренуге деген сенімділігін дамытуға көмектеседі [140].

Тіл үйренушінің тілдік дағдыларын қалыптастыруда шартты-қатысымдық жаттығулармен жұмыс жүргізген дұрыс. *Шартты-қатысымдық жаттығу* тіл үйренушілерге белгілі бір сөйлеу әрекеттерін, атап айтқанда нақты модельденген жағдайларда қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Мәселен, бір нәрсені нақтылау, біреуге көмек көрсету, пікір білдіру және қолдау көрсету, сондай-ақ, жағдаяттық болып табылатын сөйлеу тапсырмасының болуы. Осыған сүйене отырып, аталған негіздердің біреуі болмаған жағдайда, жаттығуды шартты түрде қатысымдық деп сипаттауға болмайды (Luck and Swartz, 2020) [141]. Мысалы,

2. *Ата-анаңыздың жіберген хабарламасын оқыңыз (Хабарламаның мазмұны үй жұмыстарына қатысты: гүлдерді суару, еденді жуу, киімді үтіктеу, мысықты тамақтандыру). Ата-анаңыз үйге оралды, сіз хабарлама алғаныңызды және барлық өтініштерді орындағаныңызды айтыңыз.*

Тапсырма екі бөліктен тұрады, сондықтан тіл үйренушінің назары мазмұн мен форма арасында тікелей бөлінеді. Тіл үйренушінің барлық мәлімдемелері мен сөздері бірдей құрастырылмайды, бұл мұндай жаттығудың шартты түрде коммуникативті екенін көрсетеді. Осы типтес тапсырмалар тіл үйренушілердің қазақ тілінде берілген ақпаратты түсініп, саналы реакция негізінде кері байланыс жасауы мен тілді түсіну деңгейін көрсетеді. Бұл – қатысымдық жаттығудың тиімділігінің дәлелі.

*Қатысымдық емес* тапсырмаларға тән, тіл үйренушілер сөйлеу материалын пайдалану арқылы орындайтын жаттығулар да бар, бірақ бұл сөйлеу жағдайынан тыс болады, яғни оның назары дәл орындау формасына бағытталады. Мысалы,

3. *Төмендегі мәтінде курсивпен белгіленген сөйлемдегі сөздерді пайдаланып, әр тұжырымға екі сұрақ қойыңыз. Үлгі.*

Бұл – біздің отбасылық шежіреміз. Бізде Иван ата мен Елена әже бар, олар шежіренің басында. Одан кейін ата-анамыз тұр, әкем – Алексей және анам – Ольга. Әкемнің екі ағасы бар, олардың аттары – Сергей және Михаил.

Анамның бір ағасы бар. Біздің үйде екі бала бар: бір ұл, бір қыз. Менің атым – Иван және қарындасым – Мария.

Тапсырманы орындау барысында тіл үйренуші жақшада берілген сөздерді пайдалана отырып, тұжырымдар жасайды. Мысалы, *Әкемнің неше ағасы бар? Олардың есімдері кім? деген сұрақтарды, Сергей, Михайл кім? Әкеме Сергей мен Михайлға кім болады? Сергей мен Михайлға әкеме кім болады? деп сұрақты түрлендіре отырып, тұжырымдар жасайды.* Бұл жерде, тіл үйренушіге сөйлеу тапсырмасы берілмейді, ол барлық назарды формаға аударады, атап айтқанда грамматикалық ережелерде қарастырылған сұрақ сөйлеміндегі сөздерді ұсынудың тәртібі мен заңдылығын қамтамасыз етеді, ал сөйлеу жағдайы жоқ (Chan, 2021) [142]. Осылайша, қарастырылған оқулықтарда оқу іс-әрекетінің әртүрлі аспектілеріне әсер ететін осы типтес қатысымдық жаттығуларды енгізу тиімді болар еді (Nordlund and Norberg, 2020) [143].

Зерттеу нәтижесінде қатысымдық жаттығулар қазақ тілін үйренудің негізгі және тиімді құралының бірі екендігі анықталды әрі қатысымдық жаттығулардың ұғымы зерделеніп, мәні сараланды. Сонымен қатар, оқу үдерісінде қолдануға болатын қатысымдық жаттығулар түрлерін талдау жұмыста маңызды орын алады. Қатысымдық жаттығулардың тиімділігі олардың дұрыс іріктелуімен және ұтымды тәсілдерді қолдануымен байланысты болады. Қатысымдық жаттығулардың мақсат-міндеттері қатысымдық бағдарлы болуы тиіс: олардың мазмұнының оқу мақсаттарына сәйкестігі (әсіресе жеке оқу үдерісі жағдайында); перспективалар мен сабақтастық негіздеріне сәйкестігі; ынтымақтастық және оқытудың кешенді тәсілдерін қолдану; интерактивті оқыту құралдарын енгізу; жаттығулар құрылымында мазмұнды ақпараттың болуы маңызды.

Жүргізілген талдау барысында қазақ тілін үйренуге арналған оқулықтарда қатысымдық жаттығулардың берілу көлемінің аздығы анықталды. Оқулықтарда берілген жаттығулардың сипаты сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталады. Алайда тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану мүмкіндігі шектеулі. Оның себебі – сөйлесім көп жағдайда тек сұрақ-жауап әрекетіне негізделгендігі. Сөйлесім бір ғана үлгіде көрініс тапқан. Ал қатысымға түсетін субъектілердің сөйлесім әрекетінің өзге де жағдаяттық үлгілері (өзіндік ойы, пікірі, көзқарасы) қатысым әрекетінен тыс қалған. Сондықтан қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтарға қатысымдық жаттығуларды белсенді енгізіп, тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамыту қажет деп тұжырымдаймыз. Осы тұрғыдан келгенде, қатысымдық жаттығулардың түрлерін ғылыми айқындалған ұстанымдар мен тұжырымдар негізінде құрастыру қажеттілігі туындайды.

## **2.2 Қатысымдық жаттығуларды құрастырудың ұстанымдары мен түрлері**

Тіл үйренушілердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, пікір алмасуында жаттығулардың қатысымдылығы үлкен рөл атқарады. Аталмыш мәселемен

Е.И. Пассов, В.Л. Скалкин, Э.Ю. Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, В.Г. Костомаров, И.Д. Салистра, И.В. Рахманов, Н.И. Гез, И.А. Грузинская, Б.А. Лapidус, Э.П. Щубин, И.Л. Бим сынды әдіскерлер айналысты. Әдіскер Е.И. Пассов қатысымдық жаттығулардың теориялық негізін анықтауда ой алмасу сөйлеудегі грамматикалық формаларды меңгерудің автоматтандырылған жоғары дәрежесін білдіреді, грамматикалық дағдыларсыз өз ойларын білдіру мүмкін емес деген тұжырым айтады [41, с. 6]. Себебі тілді оқытудың мақсаты – тіл үйренушілерге қарым-қатынасқа, қатысымдық іс-әрекетке қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету болғандықтан, оқытудың негізі осы іс-әрекеттегі *қатысымдық жаттығулар* болады. Бұдан *қатысымдық жаттығулар* қарым-қатынас үдерісінің нақты қасиеттеріне, оның лингвистикалық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек деген түйін шығады. Қатысымдық жаттығулар жасауда *тілдік белгілердің мәнмәтіндік-жағдаяттық байланысы, сөйлеушінің қатысымдық міндеті* сияқты қасиеттер түбегейлі маңызды. Өйткені тілдік белгілердің мәнмәтіндік-жағдаяттық байланысында ақпарат алмасу әрдайым қарым-қатынастың нақты жағдайларында жүреді, ақпарат бірлігі тығыз семантикалық қарым-қатынаста болады. Бұл жерде *шындық жағдаяты және сөйлеу (тілдік) жағдаяты* деген екі ұғымды нақты ажырату керек. *Шындық жағдаят* – бұл қарым-қатынас орын алатын жағдайлар мен оған қатысатын адамдар жиынтығы. *Сөйлеу жағдаяты* – бұл сөйлеуде қолданылатын логикалық контекстпен өзара байланысты тіл белгілерінің жиынтығы. *Сөйлеу жағдайы* – әңгімелесушілер арасындағы қарым-қатынас бірлігі. Ол келесі элементтен тұрады: а) сұрақ пен жауап, ә) бірінші сұхбаттасушының мәлімдемесі және екінші сұхбаттасушының үнқатымы б) алуан түрлі тілдік жағдаяттар. Екінші сұхбаттасушының үнқатымдары сөйлеушінің барлық сезімдерін білдіре алады. Екінші үнқатымдар, өз кезегінде, бірінші сұхбаттасушының жаңа мәлімдемелерін тудырады, міне, диалог осылай пайда болады. Сұрақ-жауап түріндегі үнқатымдар *сұрақ-жауап жаттығулары* түрінде сөйлеуге үйрету әдістемесінде қолданылды. Үнқатымдардың екінші түріне келетін болсақ, олар оқытуда лайықты орын алуы керек. Бұл сөйлеу жағдайлары қатысымдық жаттығулардың лингвистикалық негізіне айналған жағдайда ғана болады. Ал сөйлеушінің қатысымдық міндетіне келсек, адамның сөйлеуінде оның қоршаған шындыққа қатынасы көрінеді. Психологтардың айтуынша, адам өз сөйлеуінде алдында тұрған шешілуі тиіс міндетін таныған кезде ғана, соңында нені және қалай айту керектігін біледі әрі саналы әрекет ретінде сөйлеуін құра алады екен [144]. Басқаша айтқанда, адам сөйлеуінің негізгі қызметі қатысымдық қызмет болғандықтан, сөйлеушінің қарым-қатынас үдерісінде әрқашан қатысымдық міндеті болады. Демек біздің қатысымдық іс-әрекетіміз сұхбаттасушылардың үнқатымдарын сезіммен бояу, қарым-қатынас актісінің себебі – оның ынталануы болады. Әрі қатысымдық жаттығулар байланыс үдерісінің нақты қасиеттеріне сәйкес келуі керек. Осы орайда Е.И. Пассов қатысымдық жаттығуларға келесідей талаптар қояды:

1) жағдаятты болу, яғни автоматтандырылған грамматикалық белгісі немесе құрылымы бар бір типті сөйлеу жағдаяттарынан құралуы керек;

2) әр элементінің өмірлік болуы, яғни сөйлеу жағдаяттарының нұсқалары қарым-қатынастың осы түріне тән жаттығу элементтерінен болуы тиіс;

3) білім алушының материалға белсенді қатынасы, яғни сөйлеушінің шынайы мақсаты, белгілі бір қатысымдық міндеті болуын қамтамасыз ету керек;

4) грамматикалық рефлексия қажеттілігін болдырмау керек. Сөйлеушінің назары не айтуға және не үшін айтуға бағытталуы керек, қалай айту керегі арнайы ұйымдастырылған жаттығулардың арқасында еріксіз сіңіріледі;

5) сананың ана тіліне ауысу мүмкіндігін болдырмау керек; қатесіз орындауды қамтамасыз ету қажет, өйткені іс-әрекеттің беріктігі – шеберліктің негізі, ал сөйлеудегі тұрақты қателіктер оң нәтиже бермейді, яғни бұл жағдайда қалыпты динамикалық стереотип қалыптаспайды [41, с. 9-10]. Ал В.Л. Скалкин ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үдерісін зерттеу негізінде қатысымдық жаттығуларға қойылатын төмендегі талаптарды тұжырымдайды:

1) тіл үйренушілердің нақты қажеттілігіне байланысты оқу тапсырмалары мен ақпараттарды ұсыну;

2) өмірлік тәжірибе мен шындықтың белгілі бір тәрбиелік мәні бар оқиғасына өз көзқарасын білдіруге негізделген үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру;

3) сабақта ауызша қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау;

4) материалдың да, оны ұйымдастырдың да қатысымдық сипатта болуы;

5) сөйлеу кезінде тіл үйренушілердің негізгі назары оның мазмұнына бағытталады, сондықтан оқыту үдерісі олардың жеткілікті түрде игерген тілдік материалына негізделуі керек;

6) ұзақтығы, дайындығы, бастамашылдығы, қатысымдық мазмұны, сөйлеу әрекетінің мақсаты бойынша әр түрлі сөйлеу түрлерінің бірін қалыптастыруды көздеу керек;

7) оқушылардың әлеуметтік-қатысымдық жағдайына сәйкес табиғи сөйлеу мінез-құлқын қамтамасыз ету, әңгіме тақырыбын, оның бағытын таңдау үшін әңгімелесушілердің қатысымдық ортақтығына бағдар беру керек [53, с. 18-19].

Жоғарыда көрсетілген әдіскер-ғалымдардың шарттарын ескере отырып, қазақ тілін үйренуде қолданылатын қатысымдық жаттығулар келесі талаптарға негізделеді:

*Біріншіден*, жаттығулар нақты сөйлеу жағдаятына негізделуі керек. Бұл жаттығулар тіл үйренушілердің шынайы өмірде болуы мүмкін нақты қарым-қатынас жағдайларын модельдеуі керек дегенді білдіреді. Бұл оларға тілдік дағдыларды іс жүзінде қолдануға және қатысымдық құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

*Екіншіден*, жаттығулар тіл үйренушілердің белсенді өзара әрекеттесуіне және қатысуына ықпал етуі керек. Жаттығу үдерісіне белсенді қатысуы, өз

ойлары мен сезімдерін білдіруі, ақпарат алмасуы және бір-бірімен өзара әрекеттесуі керек.

*Үшіншіден*, жаттығулар мәлімдеменің мазмұны мен мақсатына бағытталуы керек. Тіл үйренушілердің назары грамматикалық құрылымдарға емес, олардың нені және неге олай айтқандарына аударылуы керек. Жаттығулар үйлесімді және мағыналы сөйлеуді қалыптастыруға ықпал етуі керек.

*Төртіншіден*, жаттығулар сөйлеудің әртүрлі түрлерін дамытуға ықпал етуі керек. Бұл ауызша қарым-қатынас дағдыларын, презентацияларды талқылауларды және қатысымдық қызметтің басқа түрлерін қалыптастыруды қамтиды.

*Бесіншіден*, жаттығу табиғи сөйлеу мінез-құлқына ықпал етуі керек. Жаттығу барысында тіл үйренушілер өздерінің даралығын көрсете білуі және сөйлеуін белгілі бір қарым-қатынас жағдайына бейімдеуі керек. Осылайша, қатысымдық жаттығуларға қойылатын талаптар шынайы және белсенді әрекеттестіктің маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынастың мазмұны мен мақсатына бағдарлану қажеттілігін көрсетеді, бұл, сайып келгенде, тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етеді. Қатысымдық жаттығуларға қойылатын талаптар қатысымдық ұстанымдармен тікелей байланысты және оларды жүзеге асырудың негізін құрайды.

*Қатысымдық ұстанымдар* тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін шыңдауға да негіз болады. Өйткені мұнда тіл мен сөйлеудің барлық қырлары танылады, ауызша, жазбаша түрлері, олардың өзіндік ерекшеліктері, тіл нормалары жөнінде білім қалыптасады. Ұстанымдарды педагогиканың дидактика саласы қарастырады. Дидактика – педагогика ғылымының білім беру және оны оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол нені оқыту керек, қалай оқыту керек, не үшін оқыту керек, оқыту қалай жүргізіледі, оның заңдылықтары қандай, қайда оқыту керек, кімді оқыту керек деген мәселелерді қарастырады. Жалпы ұстанымдардың әдіснамалық рөлі педагогика ғылымында терең зерттелген. Оқытудың мазмұнын, мақсат-міндетін, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін құрайтын дидактикалық ұстанымдарды ғалымдар бірнеше түрге бөлген. Дидактикалық ұстанымдарды алғаш Я.А. Коменский, одан кейін орыс тілін оқыту әдістемесінде К.Д. Ушинский, ал қазақ тілін оқыту әдістемесінде Ы. Алтынсарин қарастырған. Одан кейін Д. Әлімжанов, Ы. Маманов, Б. Құлмағанбетова, А. Исанова, М. Исінғарина, М. Көккөзова, Р. Құрманғалиева, П. Айтжанова, С. Қазыбаев, А. Әбілқабов, Ә. Исабаев, Н. Оралбаева, Ф. Оразбаева, К. Жақсылықовалар жетілдірген. Олардың зерттеу мәселелеріне қарай өзіндік ұстанымдары, пікірлері бар. Мысалы, Р. Сыздықова «оқушы зат есімдердің, антоним, синонимдердің ережесін жаттап айтады, бірақ ол тақырыптың өмірдегі қажеттілігін түсінбейді» [145], - деген пікір білдірсе, М. Балақаев «оқушы грамматикалық тұлға-ережелерді құрғақ жаттамай, табиғатын түсіне білу керек», - деп тұжырымдайды [146]. К.Д. Ушинскийдің «жүйелілік қана өз білімімізді толық меңгеруімізге мүмкіндік береді, бір-

бірімен байланыспаған әртүрлі мәліметтердің үзінділері түріндегі білімнен адам өзіне керегін тез таба алмайды» [147], - деп болжаса, Я.А. Коменский «көрінетіннің бәрін көзге, естілетіннің бәрін құлаққа, сезілетіннің бәрін қолға беру керек» [148], - деген саналы ой айтады. Бұл пікірлердің өзі жоғарыдағы қатысымдық жаттығуларға қойылған талаптардың *саналы білім беру және оқушының белсенділігін арттыру ұстанымымен* тікелей байланысты екенін көрсетеді. Бұл үйретілген тілдік материалдарды құрғақ жаттамай, терең түсініп, саналы меңгеру қажет екенін, саналы білім берумен қатар пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру керек екендігін дәлелдейді. Әрі осы ұстанымның негізінде:

1. Тілдік қағида, ережелерді өз бетімен түсініп, өз сөздерімен айтып беруге дағдыландыру.

2. Тілден алынған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге машықтандыру.

3. Оқушының туған тіліне, оқуға, үйренуге деген ынтасын, қызығушылығын арттыру жүзеге асады.

*Жүйелі және бір-бірімен байланысты білім беру ұстанымы* кез келген пәнді оқып меңгеру үшін тиісті мәліметтерді белгілі бір жүйеде берудің мәні зор екенін анықтайды, *оқытудың көрнекілік ұстанымы* мәліметті қабылдауда адамның барлық сезім мүшелерінің қатысуын талап етеді. Осы орайда, Е.И. Пассов жаттығу түрлері грамматикалық біліктілікті қалыптастырады деп санайды әрі төмендегідей қатысымдық жаттығулардың ұстанымдарын атап көрсетеді:

– *сөйлеушінің қатысымдық міндетін келтіру;*

– *грамматикалық формаларды игертудегі ұқсату;*

– *форманы оның тілдесу кезіндегі қызметімен байланыстыру* [41, с. 12-14].

Енді осы ұстанымдардың мәнін ашу үшін мына екі диалогты салыстырайық:

1. - Ал мен кеше көйлек сатып алдым.

-Жүннен?

-Иә. Ол маған өте ұнады.

-Жасыл?

-Жоқ, қара. Және өте арзан - 5000 теңге.

-Иә, шынымен арзан екен!

2. -Сіз кеше көйлек сатып алдыңыз ба?

- Иә, Мен кеше көйлек сатып алдым.

- Сіз қандай көйлек сатып алдыңыз?

- Мен жүннен жасалған көйлек сатып алдым.

- Сіз жасыл көйлек сатып алдыңыз ба?

- Жоқ, мен қара көйлек сатып алдым.

-Бұл қымбат немесе арзан көйлек пе?

-Бұл арзан көйлек.

- Сіздің көйлегіңіз қанша тұрады?

-Менің көйлегім 5000 теңге тұрады.

Екі диалогтың мазмұны бір, бірақ айтылу формасы әртүрлі. Екінші диалогтың әрбір фразасы сөйлеуде жеке қолданылуы мүмкін, бірақ шынайы жағдаятта біртұтас күйінде кездесуі екіталай. Диалогтың бірінші сұрағы: «Сіз кеше көйлек сатып алдыңыз ба?» түрінде өте нақты жағдайда ғана сұралуы мүмкін. Тіл үйренушінің көзқарасы бойынша: «Мен кеше дүкенде болған жоқпын», - деп жауап беру өте қисынды болар еді. Алайда бұл белгілі бір құрылымды немесе белгіні автоматтандыру үшін жаттығуды құру қажеттілігі тұрғысынан мүлдем қолайсыз, өйткені ондай жағдайда жаттығу «іске аспайды».

Екінші диалогтағы «Мен кеше көйлек сатып алдым» деген сөйлемде логикалық мәнмәтін болуының арқасында сөйлеу жағдаятының алғышарты жасалады. Кез келген жағдайда сұхбаттасушы: «Жүн?», «Қандай түсті?», «Қайда?» деген нақтылаушы сұрақтар қоя алады. Соның арқасында диалог ары қарай жалғаса береді. *Дегенмен белгілі бір хабарламада (фразада) жасырын болуы мүмкін логикалық контекст ауқымы өте кең екенін атап өткен жөн. Бірдей мәлімдеме көптеген себептерге байланысты әртүрлі реакцияларды (репликаларды) тудыруы мүмкін. Бірақ біз нақты грамматикалық форманы автоматтандыру туралы айтып отырғандықтан, жаттығу әрбір тіл үйренушінің реакциясы (репликасы) бір мәнді болатындай ұйымдастырылуы керек. Басқаша айтқанда, логикалық контекст грамматикалық форманы автоматтандыруға қажетті бір бағытта ашылуы керек. Мұны жаттығу параметрлерін өзгерту арқылы жасауға болады.*

Жаттығулардың берілуінде «Сөйлемдерді болымды/ болымсыз мағынаға ауыстырыңыз» немесе «сұрақтарға иә /жоқ деп жауап беріңіз» деген тапсырмалар жиі кездеседі. Бұндай жаттығулар тек белгілі бір грамматикалық түрлендірулерді ынталандырады, оларда қатысымдық міндет жоқ болғандықтан, ешқандай қызығушылық тудырмайды. Сөйлеушінің міндеті – белгілі бір ойды, пайымдауды білдіру, мысалы, іс-әрекеттің өткенде болған-болмағанын білуге деген ұмтылыс немесе әңгімелесушінің ойын жоққа шығару ниеті. Қарым-қатынас әрекеті белгілі бір сезімдер арқылы ынталандырылады. Біздің сөйлеуіміз тіл үйренушінің тілді үйренуге деген ынтасын арттыратындай болуы керек. Мысалы, қарсылық пен сұрау, ойды нақтылау және оны растау, болжам мен күмәнді білдіру, сенімділік пен таңданыс, бір нәрсеге сенімділік, келісім сынды параметрлерге сәйкес келуі керек. Ол үшін тіл үйренуші тапсырманы ұнатуы, өзіне пайдалы болатынына сенуі тиіс. Сондықтан қатысымдық жаттығуларды құрудың бірінші ұстанымы – сөйлеушінің қатысымдық тапсырмаға еліктеуі болады.

Жаттығудың қатысымдық сипатта болуы оны белгілі бір грамматикалық форманы автоматтандыруға арналған жаттығу деп тануға негіз бола алмайды. Сондықтан жаттығуды грамматикалық форманы меңгерту мен белгілі бір қатысымдық мақсатты шешу қатар жүретіндей етіп ұйымдастыру керек. Мысалы, үйренетін сөйлеу үлгісі тақтада көрсетілуі керек. Тіл үйренуші белгілі бір қатысымдық тапсырманы орындай отырып, осы үлгі бойынша жұмыс істейді, автоматтандырылған түрі бар бірнеше ұқсас тіркестерді қолданады және оның бойында динамикалық стереотип қалыптасады. Грамматикалық

форма автоматты түрде қолданылады, ал сана сөйлеушінің ойын жеткізуге бағытталады. Тіл үйренуші тілдік құрылымды сенімді түрде меңгерген кезде, ол енді үлгіні ұстануды қажет етпейді және оның формасы мен динамикалық үлгісіне негізделген келесі сөз тіркестерін құра алады. Бір грамматикалық форманы әртүрлі сөз тіркестері мен жағдаяттарда қайталау оның автоматтандырылуына ықпал етеді, бұл тұрақты грамматикалық дағдылардың қалыптасуына әкеледі. Мысалы,

1. - Мен кеше кітап оқыдым.

2. - Менің бөлмем бар.

- Қызық кітап па?

- Үлкен бөлме?

- Жоқ, өте қызықсыз.

- Иә, үлкен және жап-жарық!

Сондықтан қатысымдық жаттығуларды құрудың екінші ұстанымы – *грамматикалық формалардың баламасын игеру ұстанымы болады.*

Автоматтандырылған грамматикалық форма маңызды болғанымен, ол ойды қазақ тілінде жеткізу үшін жеткіліксіз. Толыққанды қарым-қатынас жасау үшін сөздік қорын, үйлесімді мәлімдемелер құра білуді, тілдің мәдени және контекстік ерекшеліктерін түсінуді, сондай-ақ тілді әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында қолдануға деген сенімділікті дамытуы қажет. Бұл құбылыс тілді оқшаулап үйрену мен оны нақты қарым-қатынаста қолданудың айырмашылығымен түсіндіріледі. Оқыту үдерісі барысында тіл үйренушілер жеке грамматикалық формаларды меңгеруі мүмкін, бірақ олардың нақты қарым-қатынас жағдайында функционалдық тұрғыда қолданылуын әрқашан түсіне бермейді. Тілді оқыту тек жеке грамматикалық құрылымдарды үйренуді ғана емес, оларды нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануды да қамтитыны маңызды. Бұл тіл үйренушілерге етістіктің формасын ғана емес, сонымен бірге контексте онымен байланысты мағыналар мен функцияларды тануға мүмкіндік береді. Бұл дағдыны дамытуда тілдің көмегімен ойды білдіру үшін қолдануға бағытталған сөйлеу жаттығулары басты рөл атқарады. Олай болса, оқу үдерісінде тілді тұтас түсінуге, оның ішінде оның құрылымын ғана емес, нақты сөйлеуде функционалдық қолданысын да қамтуға ұмтылу маңызды. Осыған сәйкес қатысымдық жаттығуларды құрудың үшінші ұстанымы – *грамматикалық форманың тілдесу кезіндегі қызметімен байланысы* деп аталады. Ұсынылған ұстанымдар кез келген грамматикалық белгіні немесе құрылымды автоматтандыруға арналған жаттығулардың алуан түрін құруға мүмкіндік береді. Бұл жаттығуларда (егер оларды орындау әдістемесі сақталса) барлық қажетті қасиеттер бар.

Кеңес мектебінің бай тәжірибесі, педагогика, лингвистика, психология сияқты ғылымдардың деректері, сондай-ақ соңғы жылдары тілді оқытудың отандық және шетелдік әдістерімен жүргізілген нақты теориялық және эксперименттік зерттеулер ауызша сөйлеуді оқыту ұстанымдарын тұжырымдау мен түсіндіруге анағұрлым негізді көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осы орайда В.Л. Скалкин ауызша сөйлеудің келесідей ұстанымдарын ұсынады:

– *қатысымдық бағыттылық ұстанымы;*

– *ауызша сөйлеудің саралануын ескеру ұстанымы;*

– *типтік қатысымдық жағдаяттарды модельдеу ұстанымы;*

– ауызша сөйлеуді қатысымдық қызмет ретінде оқыту ұстанымы;  
– қарқынды (интенсивті) сөйлеу тәжірибесі ұстанымы;  
– сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдері ұстанымы;  
– жаттығулардың қалыптасқан әрекеттің сипатына сәйкестігі ұстанымы [53, с. 14-17].

Е.И. Пассов пен В.Л. Скалкиннің ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, біз қазақ тілін оқытуда қатысымдық жаттығулардың келесідей ұстанымдарын қолдануды ұсынамыз:

1) Сөйлеушінің қатысымдық тапсырмаға еліктеуі: Жаттығулар тіл үйренушілерге нақты қатысымдық жағдаяттарды елестетіп, сөйлеуші мен тыңдаушы рөлдерін ойнауға мүмкіндік беретіндей құрылуы керек.

2) Грамматикалық формалардың баламасын игеруі: Жаттығулар тіл үйренушілерге қазақ тілінің грамматикалық формаларын ана тілімен немесе басқа оқылатын тілдермен аналогиялар арқылы түсініп, меңгеруге көмектесуі керек.

3) Грамматикалық форманың тілдесу кезіндегі қызметімен байланысы: Жаттығулар тіл үйренушілерге қазақ тілінде әртүрлі грамматикалық формалардың сөйлеуде қандай қызмет атқаратынын және олардың әртүрлі контексте қалай қолданылатынын көрсетуі керек.

4) Қатысымдық бағыттылық ұстанымы: Жаттығулар тіл үйренушілердің қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамытуға, нақты қарым-қатынас жағдайында сөйлеу, тыңдау және өзара әрекеттесу тәжірибесін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

5) Ауызша сөйлеудің саралануын ескеру: Жаттығу орындауда тіл үйренушілердің ауызша сөйлеу деңгейіндегі айырмашылықтары ескеріліп, олардың қажеттіліктері мен дайындық деңгейіне сай тапсырмалар берілуі керек.

6) Типтік қатысымдық жағдаяттарды модельдеу: Жаттығулар орындау арқылы тіл үйренушілер күнделікті өмірде кездесетін қазақ тіліндегі типтік қатысымдық жағдаяттарды жаңғыртуы керек.

7) Қарқынды сөйлеу тәжірибесі: Жаттығулар әртүрлі қатысымдық жағдайларда қазақ тілін жүйелі және қайталап қолдану тәжірибесін қамтамасыз етуі керек.

8) Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдері: Жаттығулар тіл үйренушілердің негізгі тілдік формаларды меңгеруден бастап, күрделі ойын жеткізе білуге дейін ауызша сөйлеу дағдыларын дәйекті түрде дамыту керек.

9) Жаттығулардың қалыптасқан әрекеттің сипатына сәйкестігі: Жаттығулар қазақ тілін оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы, тіл үйренушілерге нақты қатысымдық іс-әрекеттерді жаттықтыру мүмкіндігін беруі керек.

Осы ұстанымдарды жаттығулардың нақты түрлері арқылы қалай жүзеге асыруға болатындығын түсіну үшін ұстанымдардың әрқайсысы қатысымдық жаттығулар түрлерімен сәйкестендірілді. Мысалы, сөйлеушінің қатысымдық

тапсырмаға еліктеуі ұстанымы рөлдік ойындар, нақты қарым-қатынас жағдайларын модельдеу, сөйлеу жағдаяттарын орындауда; грамматикалық формалардың баламасын игеруі ұстанымы қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын тіл үйренушілердің ана тілімен салыстыру, ұқсас грамматикалық құрылымдарға арналған жаттығуларды орындауда; грамматикалық форманың тілдесу кезіндегі қызметімен байланысы ұстанымы грамматикалық құрылымдарды нақты контексте қолдануға арналған жаттығуларда, грамматикалық формалардың қызметтерін түсіндіруге арналған тапсырмаларда; қатысымдық бағыттылық ұстанымы сөйлеу практикасы, тыңдау, содан кейін талқылау, ауызша сөйлеуді дамыту ойындарында; ауызша сөйлеудің саралануын ескеру ұстанымы әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларда, жеке және топтық жаттығуларда, тілді меңгерудің әр түрлі деңгейлеріне бейімделген жаттығуларда; типтік қатысымдық жағдаяттарды модельдеу ұстанымы күнделікті әлеуметтік жағдайларды модельдеу, нақты қарым-қатынас сценарийлеріне арналған ойын жаттығуларында; қарқынды сөйлеу тәжірибесі ұстанымы монологиялық және диалогтық сөйлеу жаттығуларында, шешендік өнер тапсырмалары, диктанттар және сөйлеу қателіктерін түзетуде; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдері ұстанымы тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі, қарапайымнан күрделіге дейін, өткен материалды жүйелі түрде қайталау және бекітуде; жаттығулардың қалыптасқан әрекеттің сипатына сәйкестігі ұстанымы нақты өмірлік жағдайлар мен тіл үйренушілердің қажеттіліктеріне сәйкес келетін тапсырмалар, жағдаяттық ойындар мен модельдеуде қолданылады. Жаттығулардың бұл түрлері әрбір ұстанымды тиімді іске асыруға және қазақ тілін мақсатты және нәтижелі оқытуды қамтамасыз етуге көмектеседі. Қатысымдық жаттығулардың осы ұстанымдарына сәйкес келетін қазақ тілін үйрену бойынша жаттығулар жасау үшін біз әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданамыз. Сол арқылы тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамыта отырып, қазақ тілін тиімді үйренуге көмектесеміз.

Қатысымдық жаттығулардың түрлері өзара тығыз байланысты және бір ұстанымға ғана сәйкес келмейді. Олар бір-бірін толықтырып, бірлесіп қолданылғанда тиімді болады. Осындай жаттығулардың басты мақсаты – тіл үйренушілердің қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту. Мысалы, сұрақ-жауап жаттығулары сөйлеушінің қатысымдық міндетін келтіруге бағытталған. Бұл жаттығуларда тіл үйренушілер сұрақтарға жауап береді, серіктестің ұсыныстарына жауап қайтарады және импровизацияланған диалогтарға қатысады. Бұл арқылы олар тілдік реакцияларын дамытады. Жағдаяттық жаттығулар типтік қатысымдық жағдаяттарды модельдейді. Рөлдік ойындар, күнделікті сценарийлерді модельдеу және сөйлеу жағдайларына арналған ойындар арқылы тіл үйренушілер нақты немесе ойдан шығарылған жағдайларда тілдік дағдыларын пысықтайды. Репродуктивті жаттығулар тілдік құрылымдарды көбейту жаттығулары тіл үйренушілердің қалыптасатын іс-әрекет сипатына жеткіліктілігін қамтамасыз етеді. Сөз тіркестері мен

өрнектерді қайталау, сөйлемдердегі бос орындарды толтыру және диктанттар арқылы тілдік құрылымдар нығайтылып, автоматтандырылады. Сипаттау жаттығулары грамматикалық формаларды игертудегі ұқсату ұстанымын ұстанады. Сурет, зат немесе орындардың сипаттамасы, әрекеттердің немесе үдерістердің сипаттамасы арқылы тіл үйренушілер грамматикалық құрылымдарды қолдануды үйренеді. Пікірлесім жаттығулары қарқынды сөйлеу тәжірибесін қамтамасыз етеді. Топтық талқылау, пікірталас және даулы мәселелер бойынша пікір алмасу арқылы тіл үйренушілер өз ойларын еркін білдіруді және дәлелдеуді үйренеді. Кескіндемелік жаттығулар сөйлеу дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған. Белгілі бір тақырып бойынша жазбаша эсселер, әңгімелер немесе диалогтар құрастыру және презентациялар жасау арқылы тіл үйренушілер тілдік дағдыларын дамытады. Бастамашыл жаттығулар тіл үйренушілердің өз ойлары мен идеяларын білдіруге мүмкіндік береді. Еркін қарым-қатынас, жеке әсерлер мен эмоцияларды білдіру және жаңа идеяларды ұсыну арқылы олар өз пікірлерін қазақ тілінде еркін жеткізуді үйренеді. Ойын жаттығулары – қазақ тілін үйренудің қызықты әрі тиімді тәсілі. Рөлдік ойындар, сөйлеу жағдайларына арналған ойындар, ассоциация және аналогия ойындары, лексиканы дамытуға арналған ойындар, шығармашылық және қиял ойындары, командалық өзара әрекеттесу ойындары – осылардың бәрі тіл үйренушілердің тіл үйрену үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, тілді меңгеруін жеңілдетеді. Осы жаттығулардың барлығы бір-бірімен байланысты және кешенді түрде қолданылғанда, тіл үйренушілердің қазақ тілін үйрену нәтижелілігі артады. Бұл әдістер олардың тілдік және қатысымдық дағдыларын жан-жақты дамытады.

Жаттығулардың осы түрлерінің әрқайсысы белгілі бір ұстанымды іске асыруға жарамды және тіл үйренушілердің қатысымдық мақсаттарын ескере отырып, қазақ тілін тиімді оқытуға ықпал етеді. Осыған байланысты ф.ғ.д., профессор З.С. Күзекова: «Оқытудың да, оқулықтың да нағыз құралы – жаттығулар. Тек қана жаттығуларды орындау мақсатқа жеткізеді. Олардың болмауы – барлық оқыту мақсатының болмауына, жоқтығына әкеледі», - дей келе, оның келесі себебін атап көрсетеді: «Өйткені, жаттығуда мақсат болады. Ол бей-берекет жұмыс істеу емес, оны арнайы ұйымдастыру керек. Жаттығу дамытуға, жетілдіруге бағытталады. Бір ғана жаттығу оқыту барысында ешқандай нәтиже бермейді. Сондықтан жаттығулар жүйеге біріктіріледі, кешенді беріледі» [44, б. 80]. Әдіскер-ғалымның бұл пікірі жаттығулар жүйесінің өзектілігін танытады. Біз онымен келісеміз. Себебі жаттығулардың жүйелілігі – оның табысты болуының бірінші және басты талабы. Сондықтан жаттығулар жүйесі:

- а) сөйлеу дағдысына, шеберлігіне сәйкес қажетті жаттығуларды таңдауды;
- ә) жаттығулардың қажетті бірізділігін айқындауды;
- б) материалдың жүйелілігін;

в) жүйенің барлық деңгейінде өзара байланыстылықтың болуын қажет етеді.

Қатысымдық жаттығулар жүйесіне енген жаттығу түрлері білім алушының тілдік және сөйлеу дағдыларын дамытуға негізделеді. Бұл ретте дайындық және сөйлеу жаттығулары басшылыққа алынады. Оның өзі ішінара бірнеше түрге бөлінеді. Атап айтсақ, *дайындық жаттығулар*: имитациялық, саналы таңдау, ауыстыру, түрлендіру, кеңейту, сөйлемдерді толықтыру, аналогиялық; *сөйлеу жаттығулары*: сұрақ-жауап, көшіру (үнқатым), шартты әңгіме, жағдаяттық, рөлдік ойын, сипаттамалық, талқылау, ауызша, бастамашыл. Енді әрқайсысына қысқаша тоқталып, түсінік берейік. Мәселен,

*Имитациялық жаттығулар* лексикалық бірлік пен грамматикалық модельді бекіту үшін қолданылады. Яғни фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастырады. *Саналы таңдау жаттығуы* белгілі бір сөйлеу мәнерін шешу жағдайында грамматикалық форманы дұрыс таңдауды қажет етеді. *Ауыстыру жаттығулары* үлгіге сәйкес сөзді немесе сөздерді алмастыруды көздейді. Алмастыру үш жолмен жүзеге асады: а) басқа сөздердің формасын өзгертуді қажет етпейтін алмастыру; ә) сөздердің формасын өзгертуге байланысты алмастыру; б) басқа сөзбен алмастыру. Бұл білім алушылардың сөздік қорын молайтудың бірден бір жолы болады. *Түрлендіру жаттығуы* ауыстыру жаттығуларынан нұсқауларға сәйкес түрлендірудің неғұрлым күрделі сипатымен ерекшеленеді. Мұнда болымсызды болымдымен алмастыру, нақ осы шақты келер шақпен алмастыру сияқты нұсқауға негізделген тапсырмалар орындалады. Мысалы, *Сен кітапты оқыма. Сен кітапты оқы. Сөйлемдерді толықтыру жаттығулары* қажетті сөздерді қою арқылы білім алушылардың ынталандыруға ұсынылған реакция жылдамдығын қалыптастырады. Мысалы, *Мен ... тұрамын. Мен ..... оқимын. Мен .... жұмыс істеймін. Сөйлемдерді кеңейту жаттығуы* кезінде білім алушылар ұсынылған сөз тіркестерінің мазмұнын нақтылау үшін қосымша сөздерді қолданады. Мысалы, *Мен Қазақстанда тұрамын. Мен Қазақстанда Көкшетау қаласында тұрамын. Мен Қазақстанда Көкшетау қаласында, Абай көшесінде тұрамын. Аналогиялық жаттығулар* мақұлдаушы сөйлем мен жауапқа түрткі болатын сұрақтан тұрады. Сұрақта жауап беруде қолдануға болатын сөз көрсетіледі. Мысалы, *Әлихан университетке барады. Ол қайда барады? Ол университетке барады. Сұрақ-жауап жаттығулары* оқыту тәжірибесінде өте көп қолданылады. Оқылған мәтінге немесе қарым-қатынас жағдайына байланысты сұрақтар қойылып, жауап алынады. *Көшіру (үнқатым) жаттығулары* диалогтық бірліктерді қамтиды: мәлімдеме-сұрақ, мәлімдеме-байланыс, мәлімдеме-терістеу. *Шартты әңгіме жаттығуы* білім алушыларды мәлімдеме бойынша өз пікірлерін білдіруге шақырады. Сөйлеуге мүмкіндік беретін ықтимал мәлімдеме жасалады. Мысалы, кеше қызық фильм көрдім. Сұрақ: фильмнің аты қалай? Керемет! Мазмұнын айтшы. *Жағдаяттық жаттығулар* – сөйлеудің кең тараған түрі. Онда да білім алушыларға жағдаятты сипаттау ұсынылады. Сонымен бірге тірек сөздер беріледі, білім

алушылар рөлдерге бөлінеді. *Рөлдік ойын* – шынайы қарым-қатынас жағдайларына барынша жақын немесе осындай қарым-қатынасқа еліктеу жағдайында сөйлеу дағдыларының қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін оқу қызметінің ұжымдық түрі. Рөлдік ойын *қатысымдық* оқыту шеңберінде және интенсивті әдістермен жұмыс істегенде белсенді қолданылады. *Сипаттау жаттығулары* сурет, иллюстрация, фотосурет, кесте басқа да көрнекіліктер негізінде орындалады. *Талқылау жаттығуы* кез келген мәселені, оқиғаны талқылауды қамтамасыз етеді. Мұғалім талқылау тақырыбын, оның барысын, тірек сөздерді, сөйлеу үлгілерін ұсынады. Пікірталасқа қатысушыларды, мәселені талқылаумен бірге жүруі мүмкін сұрақтарды белгілейді. Қорытындысында талқылаудың нәтижесі шығарылады, қатысушылардың жұмысы бағаланады. *Ауызша әңгіме* – тақырып бойынша егжей-тегжейлі баяндауды талап ететін сөйлеу жаттығуларының ең қиын түрі. Бұл жерде сөйлеу дайындықпен және дайындықсыз (стихиялық) екі бағытта жүреді. Дайындалған сөйлеу үшін білім алушыларға алдын-ала тақырып беріледі, сөйлеу жоспары, лексикалық және грамматикалық бірліктер дайындалады. Ал дайындықсыз сөйлеуде ештеңе берілмейді. Тосыннан сөйлеу қажеттілігі туындайды. *Бастамашыл жаттығуларында* білім алушылар сұхбат өткізу үшін сұхбаттасушыға сұрақтар қояды. Жаттығу жұппен жұмыс, тізбекпен жұмыс, топпен жұмыс қалыбында өтеді.

Қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын қатысымдық жаттығулар:

- тілді оқытудың тиімді әрі маңызды әдісі саналады;
- нақты өмірлік жағдайларға байланысты берілетін тапсырмаларға негізделеді. Мысалы, *ана тілінде сөйлейтін адамдармен сөйлесу, саяхаттау, халықаралық компанияда жұмыс істеу.*

- ана тілінде сөйлейтіндерді түсінуге және олармен практикалық қарым-қатынасқа түсуге көмектеседі;

- кері байланыс пен қателерді түзетуді көздейді, бұл білім алушыларға өз қателерін түсінуге және оларды түзетуге ықпал етеді;

- тілді тез және тиімді меңгеруге, қатысымдық дағдыларды жақсартуға және тілді нақты жағдайда қолдануға бейімдейді. Яғни, жаттығу мәселесі – оқулықтағы басты мәселелердің бірі, тиімді жаттығулар жүйесін таңдай білу тілді оқыту барысындағы табысты айқындайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қатысымдық жаттығулардың ұстанымдары мен түрлерін қарастыру тілді оқытуға жүйелі және мақсатты көзқарастың маңыздылығын көрсетеді. Сөйлеушінің қатысымдық міндетіне еліктеу, форманы, оның тілдесу кезіндегі қызметімен байланыстыру және ауызша сөйлеудің саралануын ескеру сияқты таңдалған ұстанымдар тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді оқыту әдістерін жасауға негіз болады. Қатысымдық жаттығулардың алуан түрлері оқу үдерісін қазақ тілінде тілдік құрылымдарды меңгеруге және қатысымдық дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін интерактивті және ынталандырушы тапсырмалармен қамтамасыз етеді. Нақты

өмірдегі қарым-қатынас жағдаяттарын имитациялайтын жауапты және жағдаяттық жаттығулардан бастап, белсенді өзара әрекеттесу мен пікір алмасуға ықпал ететін ойын және талқылауға негізделген жаттығуларға дейін әрбір түрі мұғалімнің қоржынындағы құнды құрал болады. Бұл тарауша тұжырымынан қатысымдық жаттығулардың нақты үлгілері мен әдіс-тәсілдерін анықтау қажеттілігі де туындайды.

### **2.3 Қатысымдық жаттығулардың үлгілері мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері**

Әдістемеде қатысымдық мақсат тіл үйренушілердің әртүрлі жағдайдағы қарым-қатынасын ұйымдастырудан туындайды. Тілдерді оқыту әдістемесінде қатысымдық мақсаттың үш түрлі негізгі типі сипатталған:

– тіл үйренушілердің келісімін, айтылғанды растауын, айтылғанға қосылатынын, әңгімелесушіні толықтыратынын білдіретін тілдік құрылымдар: *келісіңіз, растаңыз, айтылғанды толықтырыңыз, жалғастырыңыз;*

– тіл үйренушінің құбылысқа, оқиғаға, фактіге қатысын, көзқарасын білдіретін тілдік құрылымдар: *дәлелдеңіз, келіспеушілікті білдіріңіз, қуанышын, таңданысын, күмәнін, ренішін білдіріңіз;*

– әрекетке немесе тыйым салуға шақыратын тілдік құрылымдар: *өтініңіз, ұсыныңыз, шақырыңыз, тыйым салыңыз;*

– нақтылауды, анықтауды талап ететін құрылымдар: *түсіндіріңіз, өтіңіз, анықтаңыз, нақтылаңыз.*

Осы құрылымдар негізінде қатысымдық жаттығулардың әртүрлі үлгілері бар, олардың әрқайсысы белгілі бір қатысымдық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған бірнеше артықшылықтарға ие.

*Біріншіден*, тіл үйренушілердің *сұрақ қою, өз ойын, пікірін білдіру, әңгімелесушіні тыңдау* сияқты қатысымдық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Әрі тіл үйренушілер қазақ тілінде сөйлеп қана қоймай, сонымен қатар сол тілде қарым-қатынас жасауды үйренеді, бұл олардың жеке өміріне де мансабына да пайдасын тигізеді. Мысалы, тіл үйренушілерге берілген тақырып бойынша бір-бірімен өзара әрекеттесу үшін рөлдік ойындар ұсынылады. Бұл ойын барысында тіл үйренушілер серіктестерін тыңдап-түсінуге, өз ойлары мен пікірлерін еркін айтуды, сұрақ қоюды үйренеді. Нәтижесінде олар үйретілетін тілде тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыта алады, бұл оларға күнделікті қарым-қатынастан кәсіби іс-әрекетке дейін өмірдің әртүрлі салаларында көмектеседі.

*Екіншіден*, қатысымдық жаттығулар басқа жаттығу түрлеріне қарағанда *қызықты да мағыналы* сипатқа ие. Бұл олардың нақты жағдаяттар мен тапсырмалар төңірегінде құрылуымен байланысты. Мысалы, *дүкеннен азық-түлік алу* немесе *мейрамханада тағамға тапсырыс беру*. Бұл тіл үйренушілерге тілді болашақта кездесетін практикалық жағдайларда қолдануға және сол арқылы іс жүзінде дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Қызықты

және мағыналы іс-әрекеттер тіл үйренушілердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

*Үшіншіден*, қатысымдық жаттығулар *тілдік кедергіні жеңуге, қазақ тілінде сөйлесу кезеңінде сенімділікті сезінуге* көмектеседі. Себебі, мұндай жаттығулар тіл үйренушілерге тілді практикада жаттықтыруға, мұғалімнен және басқа тіл үйренушіден кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Мысалы, тіл үйренушілер «Отбасы» тақырыбы бойынша *отбасы мүшелерінен сұхбат алу* сияқты тапсырманы орындап, оқытушымен немесе топтағы тіл үйренушімен кері байланысқа түсіп, өзінің отбасы туралы ақпарат береді және өзге тіл үйренушілерден ақпарат алады. Өзгелерді тыңдау барысында өзінің жақсартатын тұстарын біледі және осы жағдайға қатысты өз көзқарасын білдіреді.

*Төртіншіден*, қатысымдық жаттығулар *топта ынтымақтастық, идеяларын бөлісу және мәселелерді шешу* сияқты өзара әрекеттестік пен әлеуметтік дағдыларды да дамытады. Бұл дағдылар нақты өмірде тиімді қарым-қатынас жасауда өте маңызды, өйткені олар топта жұмыс істеуді, сөйлесуді және ымыраға келуді үйренеді. Мысалы, «Сыйлық таңдау» тақырыбы бойынша пікір алмасуды қамтитын тапсырма тіл үйренушілердің топта ынтымақтастық пен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен бірге тіл үйренушілер белгілі бір көзқарасты жақтаушы және қарсылас ретінде әрекет ете алады, ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп жұмыс істейді.

*Бесіншіден*, тіл үйренушілер *нақты қажеттіліктерге қол жеткізуге* бейімделеді. Бұл оқытушыны әр тіл үйренушінің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыратын жаттығулар құрастыруға міндеттейді. Мысалы, егер тіл үйренуші тобы бизнеспен айналысса, онда оқытушы іскерлік келіссөздерге немесе бизнес-жоспарлауға байланысты қатысымдық жаттығуларын жасайды. Егер тіл үйренушілер белгілі бір елдің мәдениетіне қызығушылық танытса, онда осы елдің мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге байланысты қатысымдық жаттығуларын қолданады. Осылайша, қатысымдық жаттығуларды тіл үйренушілердің белгілі бір тобының қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай бейімдеуге болады, бұл олардың тілді тиімді меңгеруіне және өз саласында дамуына ықпал етеді.

*Алтыншыдан*, тіл үйренушілерге *тілді шынайы өмірде қалай қолдану керектігін үйрету* маңызды. Бұған қарым-қатынас, ақпарат алмасу немесе мәселені шешу сияқты қатысымдық мақсаттарға жету үшін тіл үйренушілер тілді пайдалана алатын жағдаяттарды құру арқылы қол жеткізеді. Мысалы, *мейрамханада тағамға тапсырыс беру, сатушымен сөйлесу немесе қонақүйді брондау* сияқты шынайы өмірде туындауы мүмкін жағдайда тіл үйренушілерден администратор мен клиент, сатушы мен сатып алушы, тіркеуші мен қонақ рөлдерін сомдау тапсырылады. Тіл үйренушілер бұл жағдайда өз мақсатына жету үшін тек қана қазақ тілін қолданулары керек, басқа тіл үйренушілермен сөйлесуші рөлінде сөйлесіп, өзгермелі ортаға бейімделуді

үйренулері керек, бұл оларға шынайы жағдайда тілді жаттықтыруға мүмкіндік береді.

*Жетіншіден*, тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін дамыту қажет. Қатысымдық жаттығулардың дәстүрлі тілдік жаттығулардан айырмашылығы тіл үйренушілерге *тілді жаттықтыруға және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға* мүмкіндік беретіндігі. Мысалы, қатысымдық жаттығуда тіл үйренушілер өздерінің *сүйікті хоббиі* туралы топтастарымен *экспромтты сұхбат жүргізуі* мүмкін. Бұл арқылы тіл үйренушілер үйреніп жатқан тілді қолданып қана қоймайды, сонымен қатар сұрақ қою, өз ойын, ойын жеткізу, басқа адамдардың жауаптарын тыңдау және түсіну дағдыларын дамытады. Бұл жаттығудың нәтижесінде тіл үйренушілер қазақ тілінде қарым-қатынас жасауда практикалық тәжірибе жинақтап, қарым-қатынас мақсатына жету үшін қажетті тілдік құралдарды жақсы меңгеруді үйренеді.

Сегізіншіден, барлық жұмыс түрлері тіл үйренушілердің *ынтасын ояту мүмкіндігіне бағытталады*. Қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілерге тіл үйрену тек грамматика мен лексиканы меңгерумен шектелмейтінін, сонымен қатар қатысымдық дағдылар мен қабілеттерді дамытудың кең үдерісінің бөлігі екенін түсінуге көмектеседі. Мысалы, тіл үйренушілер өз қызығушылықтарына немесе жұмыс саласына қатысты *қазақ тілінде жоба әзірлеу және ұсыну* үшін топта жұмыс істей алады. Бұл *зерттеу жүргізу, презентация дайындау* және басқа тіл үйренушілермен *қазақ тілінде сөйлесуді қамтиды*. Мұндай тапсырмалар тіл үйренушілерді ынталандырады, өйткені олар тіл туралы білімдерін нақты өмірде және нақты жобаларда қалай қолдануға болатынын көреді. Бұл олардың тіл үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығын оятады.

Жалпы алғанда, қатысымдық жаттығулардың тілдік немесе сөйлесу жаттығуларынан артықшылықтары бар. Олар тіл үйренушілерге тілді неғұрлым шынайы жағдайларда қолдану мүмкіндігін береді, өзара әрекеттестік пен әлеуметтік дағдыларды дамытады және жаттығуларды тіл үйренушілердің нақты қажеттіліктеріне бейімдейді. Сондықтан қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығу үлгілері тіл үйренушілердің қатысымдық дағдылары мен қабілетін дамытуға бағытталғандығымен тиімді. Сондай-ақ, қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығу түрлері тіл үйренушілердің өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл тіл үйренушілерге жоспарлау, ұйымдастыру және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осы тұрғыдан келгенде, заманауи білім беру жағдайында қатысымдық дағдыларды тиімді оқыту тіл үйренушілердің тұлғалық дамуы мен табысты әлеуметтенуінде басты рөл атқарады. Бұл қатысымдық жаттығулардың үлгілері және оларды орындау әдістері білім беру және кәсіби қарым-қатынасты дамытуда маңызды құрал болады. Сондықтан біз қатысымдық жаттығудың үлгілерін бере отырып, оны тәжірибеге енгізудегі маңыздылығын көрсетпекпіз.

Зерттеу барысында қатысымдық жаттығулардың нақты формалық үлгілерін айқындап алғаннан кейін, тақырыптық лексикаға байланысты

жаттығулар жүйесін дайындау қиындық тудырмайтынына көзіміз жетті. Зерттеуіміздің нақты өнімі ретінде «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралы құрастырылды (Қосымша Б). Ол қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін қамтитын сегіз негізгі тақырыптан тұрады: «Танысу», «Отбасы», «Күнделікті өмір», «Біздің орта», «Мамандық», «Байланыс», «Қарым-қатынас (телефон, ғаламтор)», «Демалыс». Аталған 8 қатысымдық жаттығу (сұрақ-жауап, жағдаяттық, репродуктивтік, сипаттау, пікірлесім, кескіндемелік, бастамашыл, ойын) түріне байланысты 768 бірегей тапсырма қамтылды. Әр жаттығу түрлері А1, А2, В1, В2-1 деңгейлеріне бөлінген. Аталған оқу құралы қазақ тілін тиімді оқыту үшін әзірленген жаттығулар кешені саналады. Олардың әрқайсысы белгілі бір қатысымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Жоғарыда ұсынылған жаттығу түрлерінің маңыздылығы мен тиімділігін, артықшылығын дәлелдеу мақсатында іріктелген қатысымдық жаттығуларға сараптама жасау көзделді. Мәселен, «Танысу» тақырыбына қатысты А2 деңгейлі жағдаяттық жаттығу үлгісі (б-сурет) [149].



**1-жаттығу.** Жағдаят. Сіз көшеде келе жатырсыз. Алдыңыздан бір топ шетелдік туристер шықты. «Көкшеде танысу» ойыны бойынша өзіңізді көшеде кездейсоқ өтіп бара жатқан адам ретінде таныстырыңыз. *1-рөл (Сіз); 2-рөл (Турист).*

*Үлгі.*

*1-рөл: Сәлеметсізбе! Сіздің атыңыз кім? Қайдансыз?*

*2-рөл: Менің атым – Анна. Мен – Германияданмын.*

*1-рөл: Танысқанымға қуаныштымын, Анна! Сіз қайда жұмыс істейсіз?*

*2-рөл: Мен маркетинг саласында жұмыс істеймін.*

*1-рөл: Нені ұнатасыз?*

*2-рөл: Мен бос уақытымда кітап оқуды, тамақ жасауды, саяхаттауды, ұнатамын. Менің гүл бақшам бар.*

*1-рөл: Анна, сізге қандай кітаптар ұнайды?*

*2-рөл: Мен детектив оқуды ұнатамын.*

*1-рөл: Танысқанымға қуаныштымын, Анна.*

*2-рөл: Рахмет! Мен де!*

Сурет 6 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған жағдаяттық жаттығу

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* тіл үйренушілерді көшеде кездескен бейтаныс адаммен аяқ астынан (экспромт) қатынасқа түсу әрекетінде сөйлесуге және сөйлесуді қолдауға үйрету. *Тиімділігі:* шынайы өмірлік жағдайда қазақ тілінде сөйлесу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Шетелдік туристермен кездесу аясында сөздік қорын кеңейтуге және тілді қолдануға деген сенімділікті арттырады. Сұрақтар қою және оларға қазақ тілінде жауап беру тәжірибесіне ие болады, бұл олардың ауызша сөйлеуін және әңгімелесушінің сөйлеуін түсінуін дамытуға септігін тигізеді. Тілді оқыту үдерісінде жағымды әсер

калыптастыруға ықпал етеді, өйткені қатысушылар достық жағдайда қазақ тілінде қарым-қатынас жасаудың практикалық тәжірибесін алады. Мысалы, «Отбасы» тақырыбына қатысты А1 деңгейлі сұрақ-жауап жаттығу үлгісі (7-сурет) [149, б. 39].



**1-жаттығу.** «Отбасылық альбом» тәсілін қолданып, өз отбасы мүшелерінің суреттерін көрсете отырып, басқаларды отбасыңызбен таныстырыңыз, сұрақтарына жауап беріңіз, олардың отбасы туралы кері сұрақ қойыңыз.

*Үлгі.*

*Бұл кім? Оның аты кім? Сіздің отбасыңызда қанша адам бар? Олар кімдер? Қайда тұрады?*

Сурет 7 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған сұрақ-жауап жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* өз отбасылары туралы ақпарат беру арқылы тіл үйренушілердің қазақ тілін оқытуға белсенді қатысуын ынталандыру, сұрақтар қою және өз ойларын қазақ тілінде білдіру сияқты қатысымдық дағдыларды дамыту. *Тиімділігі:* Бұл жаттығу тіл үйренушілердің отбасын таныстыру мен қойылған сұрақтарға жауап беру, өз ойларын білдіру арқылы қатысымдық дағдыларын дамытады. Тіл үйренушілердің белсенді қатысуын және өзара әрекеттесуін ынталандырады, достық атмосфераның қалыптасуына әсер етеді әрі қолайлы оқу ортасын жасайды. Мысалы, «Күнделікті тұрмыс» тақырыбына қатысты А1 деңгейлі репродуктивті жаттығу үлгісі (8-сурет) [149, б. 71].

**А1 деңгей**




**1-жаттығу.** Етістік, оның шақтарын дұрыс қолданып, сөйлемдегі бос орындарды толтырыңыз.

*Күнде таңертең мен сағат 7-де \_\_\_\_\_ (оянамын, оянды, ояндық). Кеше түнде ол бүкіл отбасы үшін дәмді кешкі ас \_\_\_\_\_ (әзірледім, әзірледі, әзірлейтін). Ол әдетте мектепке жаяу \_\_\_\_\_ (бара жатыр, барады, барды). Менің достарым қиын кезде маған әрқашан \_\_\_\_\_ (көмектестім, көмектесіп отыр, көмектеседі). Үйге келсем, әпкем емтиханға \_\_\_\_\_ (кеткен, кетті, кетітті). Біздің қалада қар сирек \_\_\_\_\_ (жауып тұр, жауды, жауады). Ол ағылшын тілін бірнеше жылдан бері \_\_\_\_\_ (оқытты, оқытқан, оқытады). Келесі айда біз теңізге \_\_\_\_\_ (барамыз, барды, барады).*

Сурет 8 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған репродуктивті жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* тіл үйренушілердің етістік, оның шақтары туралы білімін бекіту. *Тиімділігі:* Тіл үйренушілердің етістіктің, оның шақтарының дұрыс формаларын таңдауға, грамматикалық заңдылықты белсенді іріктеуіне ықпал етеді. Мұндай жаттығуларды үнемі қайталау тіл үйренушілерге сөйлеу мен жазуда етістіктерді сенімді түрде қолдануға көмектеседі. Мысалы, «Біздің ортамыз» тақырыбына қатысты В1 деңгейлі сипаттау жаттығуының үлгісі (9-сурет) [149, б. 91].

 **1-жаттығу.** Өз үйіңізді немесе пәтеріңізді, соның ішінде бөлмелер санын, олардың орналасуын, жиһаздарын сипаттаңыз.



Сурет 9 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған сипаттау жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* тіл үйренушілерге үйді немесе бөлмені сипаттауға қажет лексика мен грамматикалық құрылымдарды қолдануға үйрету. *Тиімділігі:* тіл үйренушілердің кеңістік пен ондағы заттар, оның сипаттары туралы актив лексикалық қорын дамытуына және грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолдануына ықпал етеді. Мысалы, «Кәсіп» тақырыбына қатысты В2-1 деңгейлі пікірлесім (дискутивті) жаттығуының үлгісі (10-сурет) [149, б. 109].

 **1-жаттығу.** «Менің мамандығым» тақырыбы бойынша өз мамандығыңыз туралы ойыңызды айтыңыз.

Сурет 10 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған пікірлесім (дискутивті) жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* тіл үйренушілердің өз мамандығы туралы серіктес немесе әлеуметтік топ өкілдерімен қатынасқа түсуі. *Тиімділігі:* тіл үйренушілердің арнаулы лексикадан (кәсіби сөз, термин) сөздік қорын дамытуға және грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолдануына ықпал етеді. Мысалы, «Байланыс» тақырыбына қатысты В1 деңгейлі кескіндемелік (композициялық) жаттығу үлгісі (11-сурет) [149, б. 130].



**3-жаттығу.** Қарым-қатынас туралы комикс жасаңыз. Онда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын және өзара әрекеттесуін көрсету үшін сызбалар мен жазуларды пайдаланыңыз.

Сурет 11 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған кескіндемелік (композициялық) жаттығу

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* визуалды кескіндер мен мәтіндер арқылы қарым-қатынас, қолдау және қуаныш сияқты тұлғааралық қатынастардың аспектілерін бейнелеу. *Тиімділігі:* бұл тақырыпты жақсы түсінуге ықпал етеді. қатысымдық дағдыларды дамытуға көмектеседі, өйткені қатысушылар комикстің мазмұны мен хабарламаларын талқылай алады. Мысалы, «Қарым-қатынас» тақырыбына А2 деңгейлі қатысты бастамашыл жаттығу үлгісі (12-сурет) [149, б. 147].



**2-жаттығу.** «Фотоальбом» тәсілін қолданып, өзіңнің саяхатың немесе өмірдің маңызды сәті туралы фотосуреттерден онлайн альбом жасаңыз. Әр фотосуретке жазбаша сипаттама мен түсініктеме беріңіз.



Сурет 12 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған бастамашыл жаттығу

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* тіл үйренушінің өміріндегі маңызды сәттерін еске түсіру және сипаттау. *Тиімділігі:* тіл үйренушінің ІТ құзыреттілігі қалыптасады, шығармашылығы шындалады және сөйлеу дағдысы дамиды. Мысалы, «Демалыс» тақырыбына қатысты А2 деңгейлі ойын жаттығуының үлгісі (13-сурет) [149, б. 161].



**2-жаттығу.** «Ассоциация» ойыны арқылы «демалыс» ұғымы туралы алғашқы ассоциацияланған сөзді немесе сөз тіркесін түсіндіріңіз.

Сурет 13 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған ойын жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

*Жаттығудың мақсаты:* тіл үйренушілердің ассоциативті ойлауын және олардың белгілі бір тақырыптармен немесе ұғыммен байланысын түсіндіру.

*Тиімділігі:* ойын жаттығуы тіл үйренушілердің тілдік шығармашылығы қабілеттерін дамытуға (синонимдерді қолдануға, грамматикалық аналог формаларды іздеуге) көмектеседі. Сонымен қатар берілген тақырыпқа тез ассоциация құруды үйренеді, сол арқылы ассоциативті ойлауды дамытады. Тіл үйренушілердің «Демалыс» тақырыбындағы белсенді лексикалық қорын кеңейтіп, грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолдануына ықпал етеді.

Қатысымдық жаттығу үлгілерін белгілі бір аудиторияда іске асыру үшін орныққан әрі тиімді әдіс-тәсілдер жүйесі бар. Атап айтсақ, сұрақ-жауапқа негізделген: «Сұрақтар картасы», «Сұрақтар тарихы», «Сұрақтар шеңбері», «Қағаздағы сұрақтар», «Мүз жарғыш сұрақтар»; әңгімелеуге негізделген: «Отбасылық шежіре бәйтерегі», «Өзің туралы айт», «Өзін-өзі таныстыру», «Шағын-биография», «Ұжымдық әңгіме құру», «Екі ауыз әңгіме», «Әңгіме тарихы»; диалогқа түсуге негізделген: «Карусель», «Сұхбаттағы серіктестер», «Жылдамдықпен танысу», «Диалогты бекіту», «Факт карталары», «Сөйлем карталары», «Тақырыптық кештер», «Үштік сұхбат», «Лифт спикері», «Командалық жобаны құру», «Пікірталас»; грамматикалық құрылымдарды игеруге бағытталған: «Сөйлем құрастыру», «Сөйлемді толықтыру», «Сөйлемді аяқтау», «Сөз тіркестерін біріктіру», «Бос орындарды толтыру», «Антонимдерді таңдау», «Сөйлемдерді жинақтау», «Жағдаяттарды талқылау», «Фотопрофиль», «Профильдеу»; жазу дағдысын қалыптастыруға негізделген: «Эссе жазу», «Кейіпкер жасау», «Презентация құру», «Мозаика». Ұсынылған әдіс-тәсілдер бойынша төмендегідей жаттығулармен жұмыстар жасалды. Нәтижесінде бұл әдіс-тәсілдер тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамытуда тиімді екендігі дәлелденді. Мәселен, А1 деңгейлі сұрақ-жауап жаттығуы (14-сурет) [149, б. 11].

 **3-жаттығу.** «Факт карталары» тәсілі арқылы берілген картадағы қызықты фактінің бірін таңдап, картаның несібін табыңыз. Онымен жақын танысу үшін сұрақтар қойыңыз.

<b>1-карта.</b> Мен үш тілде сөйлеймін.	<b>2-карта.</b> Мен кәсіпкермін.	<b>3-карта.</b> Мен танымал әншімін.	<b>4-карта.</b> Мен кәсіби спортшымын.
---	--	--	--

*Үлгі. Карточка: Мен үш тілде сөйлеймін.*

*1-рөл: Сәлеметсіз бе, сіздің картаңызда үш тілде сөйлейтініңіз туралы ақпарат берілген. Сіз қандай тілдерді білесіз және оларды қанша уақытта үйрендіңіз?*


*2-рөл: Мен қазақ, ағылшын, неміс тілдерін білемін. Бұл тілдерді 5 жылда үйрендім.*

Сурет 14 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған сұрақ-жауап (респосивті) жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

«Факт карталары» – білімді құрылымдау, деректерді талдау және шешім қабылдау үшін қолданылатын ақпаратты ұсыну және визуализациялау әдіс-тәсілі. Мақсаты – өздері туралы қызықты фактілермен бөлісу, содан кейін қарым-қатынасты тереңдету үшін сұрақтар қою арқылы қатысушылар арасында байланыс пен түсіністік орнату. Оның бірнеше артықшылығы бар: 1) Қарым-қатынасты ынталандырады; 2) Бір-бірін тануға мүмкіндік береді; 3) Белсенді қатысуды ынталандырады.

Бұл жаттығумен жұмыс жасау барысында қатысушылар қызықты деректер айтып, сұрақтар қою арқылы бір-бірін жақсы түсінеді. Өзара қарым-қатынас пен ақпарат алмасу топта тығыз байланыс орнатуға және өзара түсіністікті дамытуға ықпал етеді. Сондықтан бұл жаттығудың *тиімділігі* жоғары болды, өйткені ол ақпарат алмасудың қарапайым және жеңіл әдісі арқылы қатысушылар арасында байланыс пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етті. Осылайша, «Факт карталары» тәсілі арқылы орындалған сұрақ-жауап жаттығуы топта қатысымдық дағдыларын дамыту және қарым-қатынас орнату үшін пайдалы педагогикалық әрекет бола алды. В1 деңгейлі Бастамашыл (инициативные) жаттығуы (15-сурет) [149, б. 61].

 **1-жаттығу.** «Отбасылық шежіре бәйтерегі» тәсілін қолдана отырып, отбасы мүшелерін және олардың бір-бірімен қарым-қатынасын көрсететін отбасылық шежіре құрыңыз. Оны көрнекі ету үшін фотосуреттерді немесе сызбаларды пайдаланыңыз.



Сурет 15 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған бастамашыл жаттығу

Ескерту – Автордың құрастыруымен

«Отбасылық шежіре бәйтерегі» – отбасы мүшелері арасындағы туыстық қатынастарды визуализациялау және талдау әдіс-тәсілі. Мақсаты – отбасы құрамының, оның мүшелерінің өзара қарым-қатынасының көрнекі бейнесін жасау. «Отбасылық шежіре бәйтерегі» тәсілі арқылы орындалған «бастамашыл жаттығуы отбасы мүшелері мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы туралы генеалогиялық ақпаратты бейнелейді. Ол отбасылық байланыстарды нығайтуға, қатысушыларға отбасылық динамикадағы өз орнын жақсы түсінуге көмектесуге және отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсартуға бағытталды. Оның артықшылықтары:

1) Көрнекі бейнелеу. Отбасы шежіресі қатысушыларға туыстары мен олардың қарым-қатынастарын бір суретте көруге мүмкіндік береді, бұл отбасы құрамын көрнекі түрде түсінуді жеңілдетеді.

2) Отбасылық қарым-қатынасты жақсарту. Отбасылық шежірені құру ата-баба тарихын талқылауға, туыстарды еске түсіруге және отбасы мүшелері арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі.

3) Интерактивтілік. Отбасылық шежірені құруға қатысу, әсіресе отбасы мүшелерінің фотосуреттерін немесе сызбаларын пайдалану кезінде қызықты және тартымды болады.

Нәтижесінде қатысушылар отбасының қарым-қатынасы мен тарихын көрсететін аяқталған отбасы шежіресінің бәйтерегін жасады. Ол сондай-ақ отбасылық қарым-қатынас пен оның қалыптасу тарихын терең түсінуге ықпал етті. *Туімділігі:* отбасы мүшелерінің ұрпақ аралық ынтымақтастығын нығайту, отбасы тарихын білу және туыстық атауларды игеруде пайдалы. Мысалы, В2-1 деңгейлі Пікірлесім (дискутивті) жаттығуы (16-сурет) [149, б. 156].



**1-жаттығу.** «Пікірталас» тәсілін пайдаланып, әртүрлі демалыс түрлерінің жағымды және жағымсыз жақтары, артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтыңыз.

Сурет 16 – «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралдан алынған пікірлесім (дискутивті) жаттығуы

Ескерту – Автордың құрастыруымен

«Пікірталас» – сыни ойлауды, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын және өз ұстанымдарын дәлелді түрде қорғау қабілетін дамыту үшін қолданылатын педагогикалық және риторикалық әдіс-тәсіл. Мақсаты – қатысушылардың сыни ойлауын, дәлелдер келтіруін және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту. Оның өзіндік артықшылықтары:

1) *Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырады.* Қатысушылар демалыстың түрлі аспектілерін қарастырып, олардың жағымды, жағымсыз жақтарын анықтайды, артықшылықтары мен кемшіліктерін саралайды, бұл сыни ойлаудың дамуына септігін тигізеді.

2) *Пікір алмасуға ықпал етеді.* Қатысушылар бір-бірімен тілдік қатынасқа түсіп, демалыс тақырыбы бойынша өз көзқарастарын айтады және бір-бірімен пікір алмасады.

3) *Шешім қабылдауға көмектеседі.* Демалыс түрлерінің жағымды және жағымсыз жақтарын талқылау қатысушыларға өздеріне ең қолайлы демалыс түрін таңдау туралы шешім қабылдауға әсер етеді.

4) *Қарым-қатынасты нығайтады.* Талқылау қатысушылардың қатысымдық дағдыларын жақсартады, қарым-қатынас, байланыс орнатуға септігін тигізеді.

Пікірталас әдісі мұқият дайындықты, көпшілік алдында сенімді сөйлеу, логикалық аргумент және қарсыластарды тыңдау қабілетіне байланысты күрделі әрекетті талап етеді. Бұл тапсырма А1 деңгейіндегі тіл үйренушілерге қиындық тудырды. Оған себеп – олардың шектеулі сөздік қоры мен негізгі аргумент келтіру дағдыларының әлі де толық қалыптаспағаны. Осы орайда *пікірталасты ұйымдастырудағы қиындықтар, оларды болдырмау бойынша ұсыныстарды ескеру керек:*

1) *Бағалаудың субъективтілігі.* Демалыс түрлерінің жағымды және жағымсыз жақтарын бағалау субъективті болуы мүмкін, ол әрбір қатысушының жеке тәжірибесі мен қалауына байланысты.

2) *Ақпараттың жеткіліксіздігі.* Қатысушыларда кейбір әрекеттер туралы жеткілікті ақпарат болмауы мүмкін, бұл олардың оң және теріс жақтарын объективті бағалау мүмкіндігін шектейді.

3) *Уақыт шектеулігі.* Әрекеттің ұзақтығына байланысты қатысушыларға әрекеттердің барлық аспектілерін толық талқылауға берілген уақыт аздық етеді. Осылайша, пікірталас жаттығуының өзіндік артықшылығы мен кемшілігі бар, бірақ тұтастай алғанда ол сыни ойлауды дамыту және тақырып бойынша пікір алмасу үшін пайдалы.

Қатысымдық жаттығулар негізінде қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемесін әзірлеу білім беру мен лингвистикалық практика үшін маңызды. Сондықтан қатысымдық жаттығулардың маңыздылығын біз бірнеше зерттеу жұмыстарымызда қарастырамыз [150-152]. Зерттеу барысында қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру, ұсынылған тақырып шеңберінде қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игертуді көздейміз. Жаттығулардың бұл түрлерімен жұмыс істеу тіл үйренушілердің қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын айтарлықтай жақсартуға көмектесті. Олар тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жағдайларда тіл үйренушілердің тиімді әрекеттесу қабілетін дамыта отырып, оңай және сенімді қарым-қатынас жасауына ықпал етті. Бұл олардың үйренгендерін күнделікті өмірде қолдануға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар олардың өзіне деген сенімділігін арттырды. Рөлдік ойын, диалог, талқылау, мәтінмен жұмыс және басқа да қатысымдық жаттығу түрлері тіл үйренушілердің қатысымға түсуі мен ақпарат алмасуын жақсартады. Осылайша, қатысымдық жаттығуларды қолдану тіл үйренушілердің жан-жақты дамуына ықпал етеді және олардың тілдік дағдыларды меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар олардың шынайы қарым-қатынаста тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Қатысымдық жаттығулардың үлгілерін іске асыру әдіс-тәсілдеріне сабақты ұйымдастыру және қолайлы тақырыптарды таңдау ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды, интерактивті оқыту платформалары мен кері байланыс құралдарын пайдалану да кіреді. Ұсынылған үлгілер мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері тілді

меңгерудің барлық деңгейінде тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамыту және тілдік құзыреттіліктерін арттырудың тиімді құралы бола алады. Рөлдік ойындар мен фотоальбом жасаудан бастап, ассоциация мен пікірталасқа дейінгі жаттығулардың әртүрлілігі тіл үйренушілердің қалауларына орай іріктеу мүмкіндігін береді. Рөлдік ойындар белсенді қарым-қатынас пен нақты жағдайларға еруге ықпал етеді, сұрақ-жауап әдісі логикалық ойлау мен жауаптарды тұжырымдау дағдыларын дамытуға көмектеседі, онлайн фотоальбом жасау және ассоциацияларды пайдалану материалды жеңіл түсінуі мен шығармашылық ойлауын қалыптастырады. Бұл әдіс-тәсілдерді аудиторияда оқытудың бір бөлігі ретінде де, тілді өз бетінше үйрену үшін де қолдануға болатынын атап өткен жөн. Олар қатысымдық дағдыларды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісінде қызықты және жағымды атмосфера құруға да көмектеседі.

Қорыта келгенде, тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамыту үдерісінде ұсынылған қатысымдық жаттығу үлгілерінің тілді оқыту барысындағы маңыздылығы дәлелденді. Әрі ұсынылған қатысымдық жаттығуларды оқу үдерісінде жүзеге асыруда қолданылатын іріктелген оңтайлы әдіс-тәсілдердің жүйесі айқындалды. «Қазақша үйренеміз қатысымдық жаттығулар жинағы» оқу құралында жинақталған 800-ге тарта жаттығуларымыз оған негіз болады.

#### **2.4 Білім беру платформаларының қатысымдық жаттығуларды құрудағы орны**

Қарым-қатынас дағдыларын жақсарту үшін білім беру платформаларының әлеуетін түсіну маңызды. Ең алдымен, жаһандық COVID-19 пандемиясы және адамзатқа қасірет әкелген табиғи апаттар цифрлық қашықтықтан білім беру жүйесін белсенді пайдаланудың ерекше қажеттілігін тудырды. Бұл білім беру саласына цифрлық технологияларды енгізуді жеделдетті, қазіргі жағдайда бұл тақырыпты одан да өзекті етеді. Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Цифрландыру – сән трендтерін ұстанудың емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты құралы», - деп атап көрсетті [152, б. 246-249]. Тәжірибелі, өркениетті елдердің қатарында болудағы мақсат – еліміздегі білім мен ғылымды дамыту. Өйткені бәсекеге қабілеттілік бар жерде даму мен ілгерілеу болатыны анық. Жаңа ғасырға лайық қабілеттердің қатарында саналатын цифрлық құзыреттілік кез келген мұғалімге қажет. Сондықтан цифрлық дәуір мұғалімнің жан-жақты дамуын, заманауи өзгерістерге бейімделуін талап етеді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тезисі заманауи отандық педагогикада ойдың тұтастығын табады. Бұл тақырыптың өзектілігі білім беру технологияларын зерттеуге жалпы қызығушылықпен және олардың оқыту нәтижелеріне әсерімен анықталады. Көптеген зерттеулерде білім беру платформаларын әртүрлі контексте пайдалану қарастырылғанымен, олардың қатысымдық жаттығуларды құру мәселесі толық қарастырылмады. Осы тұрғыда, білім беру платформалары

қатысымдық жаттығулар құруда маңызды рөл атқарады, өйткені платформалар әртүрлі құралдар мен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Біздің зерттеу жағдайымызда бұл қатысымдық жаттығуларды құру мен оларды қолдану мүмкіндігін көрсету болады. Қатысымдық жаттығуларды құру мен пайдаланудың тиімділігін анықтау және тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын, креативтілігін, ақпараттық, сандық, медиа сауаттылықтарын дамыту мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді:

*Бірінші* кезекте, білім беру үдерісінде қолданылып жүрген 100-ге тарта платформаны зерделеп, *видеоконференция, презентация, онлайн тақта, конструктор, quiz-тест, дидактикалық ойын, бағалау, әр түрлі қолданба және бейнебаян* деп топтастырдық.

*Екінші* кезекте, осы топтастырған платформалардың ішінен тіл үйренушінің қатысымдық дағдысын қалыптастыруға келетін LearningApps.org, Tarsia, Kahoot, Wordwall, Classroomscreen, Flippity, Joyteka платформаларын іріктеп алдық. Платформаларды іріктеуде төмендегідей өлшемшарттар басшылыққа алынды:

- қолдану тұрғысынан жеңіл;
- жұмыс жасау қызметі бойынша қарапайым;
- тапсырманы құруда көп уақыт кетпейтін;
- тіл үйренушінің нәтижесін бірден көруге болатын;
- сабақтың кез келген кезеңінде қолдану тиімділігі жоғары.

*Үшінші кезекте*, іріктелген платформалар туралы қысқаша сипаттама мен үлгі беріп, платформаның тиімділігіне тоқталдық.

«*LearningApps.org*» – шағын, көпшілікке қолжетімді интерактивті модульдердің (бұдан әрі-жаттығулар) көмегімен оқыту мен оқуды қолдау үшін жасалған платформа. Бұл платформада түрлі бағыттағы жаттығулар онлайн режимде жасалады. Оның түрлі дайын шаблондары бар. Берілген шаблондар негізінде жаттығу, тапсырма құру механизмі өте жеңіл. Дайын шаблондармен жұмыс жасауды өте тез игеріп алуға болады. «*LearningApps.org*» платформасында құрастырылған жаттығу, тапсырмаларды сабақтың кез келген бөлігінде қолдануға болады. Бұл жерде сөйлемді толықтыр, сөздерді топтастыру, сөз құрастыру, сөздерді сәйкестендіру, сурет пен мәтінді байланыстыру, викторина, сауалнама құру сияқты түрлі тапсырмалар құруға болады. «*LearningApps.org*» платформасының артықшылықтары:

- дайын тапсырма-жаттығулар тіркелусіз де қолжетімді;
- дайын жаттығулар негізінде жаңа жаттығу-тапсырмаларды жасау;
- бар шаблондар негізінде жаңа тапсырмалар жасау;
- тапсырмалар үшін мәтіндік сілтемені QR-коды ретінде де, веб-бетке қою коды ретінде де тіркелусіз алуға болады;
- тапсырмаларды оффлайн режимінде орындау үшін дербес компьютерге сақтау мүмкіндігі;
- тіркелусіз де әлеуметтік желілерге басып шығару мүмкіндігі;

- сыныппен жұмыс істеу үшін жұмыс кеңістігін жасау мүмкіндігі  
Төмендегі 17-суретте мысал берілді.



Сурет 17 – «LearningApps.org» платформасында құрылған тапсырмалар

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [153]

«Learning.Apps» мультимедиалық конструкторы – электронды оқыту ресурстарын жасауға, нақты айтатын болсақ, түрлі тест тапсырмаларын орындауға өте ыңғайлы тамаша сервис. Сайтта түрлі құрылымдық тест тапсырмаларын дайындауға арналған ондаған шаблондар бар. Оған тек қана мәтін емес сонымен бірге, сурет, аудио-видеоматериалдар да салуға болады. Тапсырма жасап болған соң оны сол кезде бірден сайтқа жариялауға немесе сақтап қою мүмкіндігі қарастырылған.

*Formulator Tarsia* – әртүрлі басқатырғыш (головоломка) карталарды жасайтын қосымша платформа (18-сурет). Tarsia формуласының көмегімен төртбұрышты және үшбұрышты карталардан түрлі басқатырғыштарды жасауға болады. Бағдарлама 24 сегменттен тұратын күрделі және 6 сегменттен тұратын қарапайым басқатырғыштарды жасауға қабілетті. Оның артықшылықтары: қисынды ойлауды қажет етеді; интерактивті әрекеттер оқуды қызықты етеді; әрекеттерді әртүрлі пәндер мен деңгейлерге бейімдеуге болады; тұрақты пайдалану материалды жақсы есте сақтауға көмектеседі; интуитивті интерфейс және дайын үлгілер уақытты үнемдейді; оқытудың ойын түрі тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырады.



Сурет 18 – «Formulator Tarsia» платформасында құрылған тапсырма

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [154]

Қолдану мысалдарына тілдердегі сөздердің аудармалары, мәтіннің логикалық желісі, тарихи оқиғалар мен күндер құрастыруға болады. Әр Tarsia платформасында жасалған әртүрлі тапсырмалар оқытуды интерактивті және тиімді етеді.

*Kahoot* – ойын арқылы бағалауға мүмкіндік беретін танымал интерактивті оқыту платформасы (19-сурет). Kahoot дәстүрлі тестілеуді қызықты және бәсекеге қабілетті тәжірибеге айналдырады. Оқушылар белсенді қатысады, сұрақтарға жауап береді және құрдастарымен жарысады, бұл оқуды қызықты және ынталандырады. Kahoot белсенді қатысуды, ынтымақтастықты және сыни ойлауды ынталандырады.



Сурет 19 – «Kahoot» платформасында құрылған тапсырмалар


Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [155]

*Wordwall* – интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функциялы құрал (20-сурет). Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану төмендегідей мақсатты көздейді:

- оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануды үйрету.


Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін пайдалану кезеңдері: а) Wordwall.net арқылы тіркелу; ә) Менің жұмыстарым бөліміне кіріп, тапсырма түрлерін таңдау.



Сурет 20 – «Wordwall» платформасында құрылған тапсырмалар

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [156]

*Classroomscreen* – оқытушыларға интерактивті экран арқылы өз тобын тиімді басқаруға және оқуды жақсартуға арналған онлайн құралы (21-сурет). Платформа интерактивті тақтада немесе аудиторияда проекторды пайдалануға болатын виджеттер мен құралдар жиынтығын ұсынады. Сондықтан таңдау пайдаланушының немесе ұйымның нақты қажеттіліктеріне байланысты жүзеге асатыны назарда болу керек.



Сурет 21 – «*Classroomscreen, Padlet*» платформаларында құрылған тапсырмалар

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [157]

Қатысымдық жаттығулар құру және олармен жұмыс істеу үшін Trello, Padlet, Jamboard, Kahoot, Wordwall платформаларын да қолдануға болады. Мысалы, Trello платформасы тапсырмаларды ұйымдастыру және басқару үшін қолданылды. Онда әртүрлі қатысымдық жаттығуға карточкалар жасалынды, оған жауап беретін білім алушы тағайындалды. Білім алушылар тақтадағы тапсырмалар бойынша пікір алмасты, материалдарды жүктей алды және тапсырманың орындалу барысын бақылай алды. Quiz-тест платформалары да қатысымдық жаттығулармен жұмыста қолданылды. Атап айтсақ, Gimkit, Socrative, Mentimeter, Kahoot, Formative.

*Gimkit* ойын механикасын пайдаланып, интерактивті жаттығулар жасау мүмкіндігін береді. Бұл тіл үйренушілердің сабаққа қатысуын ынталандырды және қарым-қатынасты дамытты, өйткені олар бір-бірімен бәсекелесе алады немесе топ болып жұмыс істей алады. Socrative платформасы сауалнамалар, викториналар және тіл үйренушілер нақты уақытта орындай алатын басқа интерактивті жаттығулар жасауға мүмкіндік берді. Бұл пікірталас пен пікір алмасуды ынталандыру үшін пайдалы болды. Mentimeter платформасы интерактивті презентациялар мен сауалнамалар, соның ішінде графиктер, диаграммалар, сауалнамалар жасау үшін әртүрлі құралдарды ұсынады. Бұл аудиториямен байланыс пен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға пайдасын тигізеді. Kahoot платформасы ойын түрінде интерактивті викториналар мен сауалнамалар жасауға және алуға мүмкіндік береді. Бұл тіл үйренушілер арасында қарым-қатынас пен білім алмасуды ынталандырудың қызықты тәсілі. Сонымен қатар аталған платформалардағы жаттығуларды бірлесіп орындау,

нәтижелерге түсініктеме беру және талқылау мүмкіндіктері тиімді қолданылды. Сондықтан бұл платформалар тіл үйренушілердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына, алмасуға және ынтымақтастыққа ықпал ететін қатысымдық жаттығуларды құрудың тиімді құралдарының бірі бола алады деген қорытындыға келдік.

*Liveworksheets* – интерактивті электрондық жұмыс парағын жасауға арналған платформа. Жұмыс парақтарын жасаудың ең көп тараған әдістері - Google Docs, Power Point, Word немесе Photoshop. Жұмыс парағының сапасы бағдарламаға емес, жақсы жазылған жоспарға байланысты.

Қатысымдық жаттығулар құруда білім беру платформаларын пайдаланудың бірқатар маңызды артықшылықтары бар:

1. Білім беру платформалары білім алушыларға өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта және интернетке кіру мүмкіндігі бар кез келген жерден оқуға жағдай жасайды.

2. Платформалар жаттығулар мен тапсырмаларды әр білім алушының білім деңгейіне және қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

3. Білім беру платформалары әдетте жылдам кері байланыс алуға және жаттығулардың нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тіл үйренушілерге өздерінің жетістіктері мен қателіктерін білуге, тиімді оқуға және өзін-өзі бақылауға ықпал етеді. Осылайша, қатысымдық жаттығулар құруда білім беру платформаларын пайдалану оқу үдерісін ыңғайлы және икемді етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың қатысымдық дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етеді. Білім беру платформалары әртүрлі тілдік дағдыларды жаттықтыруға кең ауқымды жаттығулар мен мүмкіндіктер бере отырып, тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар оқытудың икемділігі мен қолжетімділігін, әр тіл үйренушінің қажеттіліктеріне сәйкес жаттығуларды жекелендіруді және жылдам кері байланыс алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл саладағы болашақ зерттеулер білім беру платформаларында оқытудың әртүрлі әдістерінің тиімділігін зерттеуге және қатысымдық дағдыларды оқытудың жаңа инновациялық тәсілдерін дамытуға бағытталады.

Білім беру платформаларында құрылған қатысымдық жаттығулар:

1) Қатысымдық дағдыларды дамытуды көздейді. Оған форумдық пікірталас, топтық жоба, рөлдік ойын дәлел болды. Болашақ мамандар мен тіл үйренушілер белгілі бір тақырып бойынша пікір алмасып, платформадағы форумдық талқылауларға қатыса алды. Қолданылған платформалар арқылы ортақ тапсырманы бірлесіп орындап, өз идеяларын талқылап, шешім қабылдауға бағытталған топтық жобалар құрды. Интерактивті жаттығулардың көмегімен ақпарат алмасу және бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы рөлдік ойындарға қатысты.

2) Тындау дағдыларын дамыту барысында аудио материалдар жасайтын платформалармен жұмыс жасалды. Онда өздері аудиомәтіндер, шағын

видеофрагменттер жазды. Бір-бірінен интервью алды. Ұсынылған аудиоматериалдар негізінде жаттығу жұмыстарын орындады.

3) Жазу дағдыларын дамыту үшін жазбаша сұрақтар құрастырды, шағын мәтіндер түзді, бір-біріне хабарламалар жолдады. Бірінің жұмысын бірі тексеріп, жазбаша комментарий жазды.

4) Оқу дағдыларын дамыту мақсатында қолданылған платформаларда тіл үйренушілер әртүрлі қиындықтағы интерактивті жаттығуларды орындады. Түсініктерін тексеру үшін сұрақтар немесе тапсырмалар берілді. Мәтіндерді оқып, өз ойлары мен пікірлерін білдіру арқылы мазмұнды талқылауға қатысты. Алайда, ана тілінде сөйлейтіндермен тікелей қарым-қатынастың болмауы, кейбір платформаларда жұмыс істеу дағдыларының аздығы сияқты кедергілер кездесті. Бұл сөйлесу тәжірибесін ынталандыру үшін ана тілінде сөйлейтіндермен онлайн кездесулер сияқты қосымша іс-шараларды ұйымдастыру, геймификация элементтерін пайдаланып, қызықты жаттығулар құру, уақытында кері байланыс беру жұмыстарын жүргізу керектігі туралы қорытынды жасауға негіз болды. Интерактивті, қатысымдық жаттығулар оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым сияқты тілдік дағдыларды өмірдегі қарым-қатынас жағдайында қолдануға ықпал етеді. Олар білімді неғұрлым тиімді меңгеруге және қатысымдық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін белсенді өзара әрекеттесу және ынтымақтастық атмосферасын жасайды. Интерактивті іс-әрекеттер түрлерінің тиімділігі мен олардың тіл дамытуға әсері туралы зерттеулерді жалғастыру маңызды. Бұл оқу үдерісін оңтайландырады және тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамытатын тиімді білім беру платформаларын жасайды. Жалпы білім беру платформалары қатысымдық жаттығулар жасауда, оқытушылар мен тіл үйренушілердің тілдік және қатысымдық дағдыларын дамытуға қажетті құралдар және ресурстарды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олардың маңыздылығын көрсететін аспектілер:

1) Әртүрлі оқу материалдарына қол жеткізу. Білім беру платформалары әртүрлі тілдік дағдыларды дамытуға көмектесетін мәтіндердің, аудио және бейне материалдардың, сондай-ақ интерактивті жаттығулардың кең ауқымына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл оқытушыларға өмірден алынған материалдар негізінде әртүрлі қатысымдық жаттығулар жасауға мүмкіндік берді.

2) Интерактивті құралдар мен жаттығулар. Платформалар викториналар, рөлдік ойындар, хабар алмасу, аудио және бейне жазбалар, чаттар және т.б. интерактивті жаттығуларды жасауға арналған әртүрлі құралдарды ұсынады. Ол сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу сияқты әртүрлі қатысымдық дағдыларды қалыптастырды.

3) Оқытуды жекелеңдіру. Білім беру платформаларында оқытушыларға әр тіл үйренушінің деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімделген жаттығулар жасалады. Бұл жеке оқытуға мүмкіндік берді.

4) Кері байланыс және бағалау. Платформалар орындалған жаттығулардың нәтижелерін жылдам кері байланыс пен бағалау мүмкіндігін берді. Бұл тіл үйренушілерге нақты уақытта олардың жетістіктері мен қателіктерін түсінуге көмектесті.

Қорыта келгенде, білім беру платформалары әртүрлі материалдарға, құралдарға және ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Тіл үйренушілердің белсенділігін арттырып, тілді оқуға деген ынтасын көтереді. Олар тиімді және интерактивті оқытуға ықпал ете отырып, оқу үдерісін нәтижелі етеді, жекелендіру мен жылдам кері байланысты орнатады.

### **Екінші бөлім бойынша тұжырым**

Диссертациялық жұмыстың «Қатысымдық жаттығулардың әдістемелік негіздері» тарауы бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Жаттығу – оқу құралының негізгі аспектісі, сонымен қатар жаттығудың басты мақсаты – білімді бекіту, үйренушілердің алған тілдік білімін практикалық тәжірибеде қолдану жолдарын үйрету екендігі қайтара анықталды. Қазақ, башқұрт, түрік тілі оқу басылымдары нақты өлшемдік тұрғыдан сараланып, онда берілген қатысымдық жаттығулар теориялық және практикалық тұрғыда талданды.

2. Қатысымдық жаттығуларды теориялық және практикалық тұрғыда зерттеген ғалымдардың пікірлері жіктеліп, сараланды (Е.И. Пассов, В.Л. Скалкин, Э.Ю. Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, В.Г. Костомаров, И.Д. Салистра, И.В. Рахманов, Н.И. Гез, И.А. Грузинская, Б.А. Лапидус, Э.П. Щубин, И.Л. Бим). Қазақ тілін үйрену кезінде Е.И. Пассов пен В.Л. Скалкиннің ұстанымдарына негізделген қатысымдық жаттығулардың сипаты жүйеленді.

3. Зерттеу жұмысы аясында құрастырылған «Қазақша үйренеміз: қатысымдық жаттығулар жинағына» енген қатысымдық жаттығулардың түрлері сараланып, әрқайсысының мақсаты мен міндеті нақты мысалдармен дәлелденді. Ұсынылған жаттығу түрлерімен жұмыс істеу тіл үйренушілердің қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіретіндігі, тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жағдайларда тиімді әрекеттесу қабілетін дамытатындығы және сенімді қарым-қатынас жасауға үйрететіндігі айқындалды.

4. Білім беру платформалары қатысымдық жаттығулар құруда маңызды рөл атқаратындығы қарастырылды, білім берудің бірнеше платформалардың өзіндік ерекшеліктері мен кемшіліктері жүйеленіп, жіктелді. Білім беру платформалары қатысымдық жаттығулар жасауда, оқытушылар мен білім алушылардың тілдік және қатысымдық дағдыларын дамытуға қажетті құралдар және ресурстарды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратындығы зерделенді.

### **3.1 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен мазмұны**

Тіл үйренушілерге қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану және болашақ педагог мамандардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде өткізілді. Бұл *тәжірибелік-эксперименттің мақсаты* – қазақ тілін оқыту үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін зерттеп, талдау болды. Эксперимент тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін, қарым-қатынасқа деген сенімділігін және тілді үйренуге деген ынтасын арттыруға бағытталды. Сондай-ақ болашақ педагог мамандардың бойында қасиеттерді кәсіби іс-әрекетінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін қатысымдық құзыреттіліктерді дамыту мақсаты қойылды.

*Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұнына* келсек, эксперимент екі пән және бір арнайы курс аясында жүргізілді. Сондай-ақ анықтау, оқыту, бақылау мақсатындағы үш бағытта ұйымдастырылып, сәйкесінше үш кезеңді (анықтау кезеңі, оқыту кезеңі, бақылау кезеңі) қамтыды.

*Бірінші бағыт «Қазақ тілі» пәні бойынша жүргізілді.*

*Мақсаты:* Қатысымдық жаттығулардың тілді меңгеру деңгейіне, қарым-қатынасқа деген сенімділігіне және тіл үйренуге деген ынтасына әсерін анықтау.

*Міндеттері:*

- эксперименттік зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- тіл үйренушілердің бастапқы білім деңгейлерін анықтау үшін алдын ала тест алу;
- сол арқылы оларды деңгейлік топтарға (бақылау, эксперименттік) бөлу;
- эксперименттік топ үшін қатысымдық жаттығуларды пайдаланып, сабақ өткізу;
- қатысымдық жаттығулардың тілді меңгеру деңгейіне, қарым-қатынасқа деген сенімділігіне және тіл үйренуге деген ынтасына әсерін бағалау.

*Мазмұны:*

- қатысымдық жаттығуларды пайдалана отырып сабақ өткізу;
- экспериментке дейін және одан кейінгі қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау;
- тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тілді үйренуге деген ынтасын бағалау мақсатында сауалнама алу.

*Қазақ тілі пәні бойынша анықтау экспериментін* жүзеге асыруда келесі жұмыстар жүргізілді:

- 1) Эксперименттік зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттері анықталды.

2) Тіл үйренушілердің қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында қазақ тілінен *алдын ала тест* алынды.


3) Тест нәтижесі бойынша тіл үйренушілер *бақылау және эксперименттік* топтарға бөлінді.

Эксперименттік зерттеудің негізгі *мақсаты* – қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесінің тиімділігін анықтау.

*Зерттеу міндеттері:*

- қатысымдық бағдарлы оқытудың қолданыстағы әдістерін талдау;
- қатысымдық жаттығуларды құру және тәжірибеге енгізу;
- тіл үйренушілердің қатысымдық жаттығуларды орындау нәтижелерін бағалау.

Экспериментке қатысушы ретінде «6В01301 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «6В01101 – Педагогика және психология», «6В01701 – Шетел тілі: негізгі мектепте екі шет тілі (ағылшын, неміс/қытай)», «6В01708 – Орыс тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті», «6В01502 – География-тарих» білім беру бағдарламаларының оқу орыс тілінде жүргізілетін топтарында оқитын студенттер тартылды. Жалпы саны: 26. Олардың қазақ тілін білу деңгейлерін анықтау мақсатында қазақ тілінен *алдын ала тест* алынды. Қазақ тілінен алдын ала тест тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, лексика және грамматика бөлімдерін қамтыды. Тыңдалым материалы ретінде бейнежазба алынды. Тәжірибені әрбір топта жүргізуге ең ұзағы 50 минут уақыт берілді. Алдын ала тест нәтижесі төмендегі 22-суретте берілді.



Сурет 22 – Қазақ тілінен алдын ала тест нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Бақылау және эксперименттік топтар сынақтың барлық аспектілері бойынша бірдей нәтижелер көрсетті. Екі топтың да бастапқы білім деңгейінің

бірдей болғаны кейінгі тәжірибеге жақсы негіз болады. Орташа балл шамамен 64% екі топтағы тіл үйренушілердің білімі мен дағдыларын жақсарту үшін айтарлықтай әлеует бар екенін көрсетеді. Бұл сонымен қатар қазақ тілін меңгеруді жақсарту үшін сапалы оқыту шаралары мен араласуларын қамтамасыз етудің маңыздылығын білдіреді. Бұл тест тіл үйренушілердің қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға және қосымша назар аударуды қажет ететін салаларды анықтауға көмектесті. Суретте көрсетілген тест нәтижесі бойынша тіл үйренушілер бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Бақылау және эксперименттік топтарға бөлу алдын ала тестілеу нәтижелері сияқты объективті деректерге негізделді және деңгейлік топтар ішінде кездейсоқ тағайындауды ескере отырып жүзеге асырылды. Бұл топтардың салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және қатысымдық жаттығуларды қолдану бойынша тәжірибелік-экспериментімізден сенімді нәтиже алуға мүмкіндік береді.

*Қазақ тілі пәні бойынша оқыту эксперименті* қатысымдық жаттығуларды қолдану негізінде дайындалған әдістемелік нұсқаулық негізінде жүргізілді:

- 1) Оқыту экспериментінің мақсаты мен міндеттері анықталды.
- 2) Оқыту экспериментіне қажетті жаттығу ұстанымдары іріктелді.
- 3) Жаттығу үлгілері таңдалып алынды.
- 4) Сабақ жоспарының үлгісі ұсынылды.
- 5) Жүргізілген эксперименттің нақты қадамдары көрсетілді.

*Біріншіден*, қатысымдық жаттығуларды қолдану арқылы қазақ тілін үйрену барысында тіл үйренушілердің тілді игеру деңгейін, қарым-қатынасқа деген сенімділігін, тілді үйренуге деген ынтасын арттыру, қатысымдық дағдыларын жетілдіру мақсат етілді және төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- сөйлеу, тыңдау дағдыларын дамыту;
- сөздік қорын молайту;
- грамматикалық дағдыларын жетілдіру;
- қазақ тілін шынайы жағдайда қолдануға деген сенімділікті арттыру.

*Екіншіден*, оқыту экспериментіне қажетті жаттығу ұстанымдары іріктелді: *шынайылық, интерактивтілік, қатысымдық бағыттылық, біртіндеп күрделендіру және жүйелілік, ынталандыру, жеке ерекшеліктерді есепке алу, кері байланыс, мәнмәтіндік және мақсаттылық*. Бұл ұстанымдар негізінде таңдалған жаттығулар тіл үйренушілердің күнделікті өмірінде немесе кәсіби іс-әрекетінде кездесетін шынайы өмірлік жағдайлар мен материалдарға негізделді (мысалы: шопинг, жұмыс сұхбаты). Қатысушылардың белсенді әрекеттесуін ынталандыруға бағытталды. Бұл қарым-қатынас пен топтық жұмыс дағдыларын дамытуға көмектесті (мысалы: топтық талқылау, жұптық тапсырмалар, рөлдік ойындар т.б.). Жаттығулардың негізгі мақсаты сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу сияқты қарым-қатынас дағдыларын дамытуды көздеді (мысалы: белгілі бір тақырыпты талқылауға, презентация жасауға, хат жазуға бағытталған жаттығулар). Тіл үйренушілердің бірте-бірте өз дағдыларын

дамыта алатындай қиындықты арттыру ретімен ұйымдастырылды (мысалы: қарапайым диалогтардан бастап, күрделі жобалау тапсырмаларына көшу). Тіл үйренушілердің оқу үдерісіне қатысуы үшін қызықты және олардың дағдыларын арттыруға ынталандыратын болды (мысалы: интерактивті ойындар, қызықты тақырыптар бойынша жобалық жұмыс). Тіл үйренушілердің білім деңгейлерінің, қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің айырмашылығы ескерілді (мысалы: әр тіл үйренушінің деңгейіне сәйкестендірілген сараланған тапсырмалар). Тіл үйренушілердің дағдыларын арттыруға көмектесу үшін олардың жетістіктері мен қателері туралы тұрақты және сындарлы кері байланыс жүргізілді (мысалы: жаттығу нәтижелерін талқылау, топтық жұмысты бағалау, мұғалімнің пікірлері). Тіл үйренушілердің болашақта кездесуі мүмкін нақты өмірлік мәселелермен мәнмәтіндік байланысы және нақты белгіленген мақсаттары назарда болды (мысалы: кәсіби жағдаяттарды модельдеу, ағымдағы жаңалықтарды талқылау т.б.).

*Үшіншіден*, сабақ барысында көптеген жаттығу түрлерімен жұмыс жасалды. Соның ішінен *рөлдік ойын, сұхбат, талқылау, жоба, бірге әңгіме жазу* сияқты жаттығу үлгілері таңдалып алынды әрі оларға қысқаша сипаттама берілді.

а) «Дүкенде сауда жасау» *рөлдік ойыны*.

*Мақсаты:* Сауда» тақырыбы бойынша диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту.

*Шарты:* жұпқа бөлініп, сатып алушы, сатушының рөлін атқарады. Тауарлардың (азық-түлік, киім-кешек, тұрмыстық заттар) сипаттамасы бар карталарды таңдап, сатып алушы тауардың бағасы, сапасы және басқа да сипаттамалары туралы сұрауы, ал сатушы сұрақтарға жауап беруі керек. Бірнеше минуттық диалогтан кейін жұптар рөлдерін ауыстырады. *Нәтижесінде* тіл үйренушілер саудаға қатысты лексика мен сөз тіркестерін қолдануға жаттығады. Сұрақ қою, жауап беру қабілеттері дамиды.

ә) «Жаңа доспен кездесу» *сұхбаты*.

*Мақсаты:* Әңгімелесу және сұрақтарды пайдалану дағдыларын дамыту.

*Шарты:* жұпқа бөлініп, бір тіл үйренуші сұхбат беруші, екіншісі сұхбат алушы рөлін атқарады. Әңгімелесу үшін сұрақтар тізімін дайындайды (мысалы, отбасы, хобби, оқу туралы). Сұхбат беруші сұрақтар қояды, ал сұхбат алушы жауап береді, мүмкіндігінше толық және қысқа жауап беруге тырысу керек. Сұхбаттан кейін студенттер рөлдерін ауыстырады. *Нәтижесінде* тіл үйренушілер күнделікті қарым-қатынас жағдайында сұрақ қоюды және оған жауап беруді үйренеді. Кеңейтілген жауаптарды тұжырымдау мүмкіндігі жақсарайды.

б) «Экологиялық мәселелер» *талқылау жаттығуы*.

*Мақсаты:* Дәлелді сөйлеу және пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту.

*Шарты:* шағын топтарға бөлінеді (3-4 адам). Әр топқа қоршаған орта мәселелеріне (мысалы: ауаның ластануы, кәдеге жарату) байланысты талқылау тақырыбы беріледі. Тіл үйренушілер мәселені талқылап, оны шешу бойынша

ұсыныстар жасап, оны топтарға ұсынуы керек. *Нәтижесінде* өз көзқарасын дәлелдеу қабілеттері дамиды. Тіл үйренушілер топта жұмыс істеуді және бірлескен жұмыс нәтижелерін ұсынуды үйренеді.

в) «Көрікті мекен» жобасы.

*Мақсаты:* Ауызша баяндаманы дайындау және ұсыну дағдыларын дамыту.

*Сипаттама:* тіл үйренушілер Қазақстанның белгілі көрікті жерлерінің бірін таңдап, қысқаша презентация дайындайды (3-5 минут). Презентацияда көрікті жердің орны, тарихы және маңыздылығы туралы ақпарат болуы керек. Тіл үйренушілер топтың сұрақтарына жауап бере отырып, өз жобаларын ұсынады. *Нәтижесінде тіл үйренушілер* ақпаратты құрастыруды және оны ауызша баяндауды үйренеді. Сөздік қоры кеңейіп, айтылымы жақсарды.

г) *Бірге әңгіме жазу жұмысы.*

*Мақсаты:* Жазу және ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

*Сипаттама:* Топ 4-5 адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Әр топ ертегінің бастапқы сөз тіркесін алады (мысалы, «Ертеде бір қазақ ауылында...»). Тіл үйренушілер кезекпен әңгімеге бір сөйлем қосады, оны қағазға түсіреді. Әңгіме аяқталғаннан кейін топтар өз әңгімелерін топқа ұсынады. *Нәтижесінде тіл үйренушілер* жазбаша және шығармашылық ойлауға жаттығады. Ынтымақтастық және мәселені бірлесіп шешу дағдылары дамиды. Рөлдік ойын, сұхбат, талқылау, жоба және бірге әңгіме жазу сияқты қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің диалогтік сөйлеу, қарым-қатынас жасау, дәлелді сөйлеу, ауызша баяндама дайындау және баяндау, сонымен қатар жазу және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Тіл үйренушілер тілдік дағдыларын жетілдірді, топта жұмыс істеуге, қатысымдық жағдаяттарға белсенді қатысуды үйренді.

*Төртіншіден,* оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларға негізделген бірнеше сабақтар ұйымдастырылды. Үлгі ретінде «Дүкеннен сатып алу» тақырыбына арналған сабақ жоспарының үлгісі ұсынылды.

*Тақырыбы:* Дүкеннен сатып алу

*Сабақтың мақсаты:* «Сауда» тақырыбы бойынша диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыта отырып, сөздік қорын молайту.

*Ұзақтығы:* 50 минут

*Материалдар:*

- Тауарлардың суреттері және олардың сипаттамалары бар карточкалар.
- Қағаз парақтар мен қаламдар.
- Сатып алу тақырыбы бойынша диалогтың аудио жазбасы (мысалы).
- Аудио жазбаны ойнатуға арналған компьютер.

*Сабақ барысы:*

1. *Кіріспе (5 минут).* Оқытушы тіл үйренушілермен амандасып, сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіреді. Сауда туралы қысқаша әңгімелейді: тіл үйренушілер нені және қайдан сатып алады, қазақ тілінде сауда жасағанда қандай қиындықтар туындауы мүмкін.

2. *Алдыңғы білімді белсендіру (5 минут)*. Алдағы тәжірибені талқылайды. Мысалы, шағын топта тіл үйренушілер (3-4 адам) соңғы сатып алуларын талқылап, тәжірибелерін бөліседі. Содан кейін жаңа сөздікпен таныстырылады. Мұғалім тауарлардың суреті бар карточкаларды көрсетеді және жаңа сөздер мен сөз тіркестерін түсіндіреді (тауарлардың атаулары, сатып алуға арналған сөз тіркестері).

3. *Тыңдау және қайталау (5 минут)*. Тыңдалым әрекеті жүзеге асырылады. «Сауда» тақырыбы бойынша диалогтың аудиожазбасы ойнатылады. Тіл үйренушілер тыңдап, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жазады. Қайталап тыңдап, талдау жүргізеді. Тіл үйренушілер естігендерін талқылау үшін негізгі сәттерде тоқтатып, жазбаны тағы бір рет тыңдайды.

4. *Жұппен жаттығу (20 минут)*. Рөлді бөліп алып, дайындық жасайды. Тіл үйренушілер жұпқа бөлінеді, біреуі сатып алушы, екіншісі сатушы рөлін атқарады. Оқытушы тауарлар мен сипаттамалар жазылған карточкаларды таратады. Тіл үйренушілер жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып рөлдік ойын ойнайды. Оқытушы сыныпты аралап, диалогтарды тыңдап, қажет болған жағдайда көмектеседі. Әр жұп топқа диалогты қысқаша ұсынады. Оқытушы және қалған тіл үйренушілер кері байланыс беріп, қателер мен тиімді сәттерді талқылайды.

5. *Жалпылау және бекіту (8 минут)*. Қысқа сынақ алынады. Оқытушы жаңа сөздік қоры бойынша (қағазда немесе ауызша) қысқа тест өткізеді. *Сабақты талқылайды*. Тіл үйренушілер сабақта не ұнағанын, не қиын болғанын талқылайды. Оқытушы нақты жағдайларда қарым-қатынас дағдыларының маңыздылығына баса назар аударады.

6. *Үйге тапсырма (2 минут)*. *Үйге тапсырма беріледі*. Оқытушы үйде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сауда тақырыбына шағын диалог жазу тапсырмасын береді. Үйге берілген тапсырма түсіндіріледі, сұрақтар қойылса, жауап беріледі.

7. *Үй жұмысы*. *Тапсырма*: Сатып алушы мен сатушы арасында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, қысқаша диалог (10-15 үнқатым) жазыңыз. Оны жұптық жұмыста көрсету үшін келесі сабаққа дайындаңыз.

*Үй тапсырмасының мақсаты*: Жаңа лексикалық-грамматикалық материалды бекіту, сауатты жазу дағдыларын дамыту.

Бұл сабақ жоспары қатысымдық дағдыларды дамытуға арналған әртүрлі әрекеттерді қамтыды, сонымен қатар тіл үйренушілерге жаңа материалды нақты өмір мәнмәтінінде, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді.

*Бесіншіден*, эксперимент жалпы келесі ретпен жүргізілді:

1) тіл үйренушілер эксперимент мақсатымен таныстырылды. *Мақсаты* – қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын жетілдіруге арналған бірқатар қатысымдық жаттығуларды орындау, сол арқылы шынайы өмірлік жағдайларда қазақ тілін сенімді және еркін қолдануға көмектесу.

2) эксперимент арқылы қатысымдық жаттығулардың тиімділігін дәлелдеу үшін оның әртүрлі түрлері алынғаны түсіндірілді.

3) жаттығуларды орындау реті мен уақыты белгіленді, оқытушы тарапынан тіл үйренушілердің жаттығуларды орындау барысы бақыланатыны ескерілді.

4) тіл үйренушілерге әр жаттығуға белсене қатысып, бағыт-бағдарды орындап, мүмкіндігінше қазақ тілін қолдануға тырысу керектігі айтылды.

5) нақты деректерді алу үшін шынайы және табиғи реакциялардың маңызды екендігін атап көрсетілді.

6) жаттығуларды орындау барысында қатысушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын, қандай тілдік құрылымдар мен лексикалық бірліктерді қолданатынын, қандай қателік жіберетіндері бақыланды. Белсенді қатысу, өздерін сенімді ұстау және жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға ерекше назар аударылды. Мысалы, *Юлия мен Анжелика сатып алуға қатысты жаңа сөздерді белсенді қолданды, бірақ сұрақ қоюға қиналады. Семен барыс септігін пайдалануда бірнеше рет қателіктер жіберді, бірақ серіктесінің көмектесуінен кейін өзін түзетуге тырысты.*

7) жаттығулардың нәтижелері арнайы кестеге жазылды. 4-кестеде тіл үйренушілердің тапсырманы қаншалықты орындағаны, қандай қателіктер жібергені және жаңа материалды қаншалықты белсенді пайдаланғаны көрсетілді.

#### Кесте 4 – Жаттығу нәтижелері

Қатысушы	Жаттығу түрі	Орындау ұпайы (1-5)	Негізгі қателіктер	Кері байланыс
Анжелика	«Дүкенде сауда жасау» рөлдік ойыны	4	Сұраулы сөйлем құруда қиналады	Жаңа лексиканы белсенді қолданды
Юлия	«Дүкенде сауда жасау» рөлдік ойыны	4	Сұраулы сөйлем құруда қиналады	Жаңа лексиканы белсенді қолданды
Семен	«Жаңа доспен кездесу» сұхбаты	3	Барыс септігін дұрыс жалғамайды	Серіктесінің көмегінен кейін ғана өзін түзетті, жалпы тырысады
Вероника	«Жаңа доспен кездесу» сұхбаты	2	Септіктерді шатастырады	Серіктесімен жақсы жұмыс істейді
Ескерту – Автордың құрастыруымен				

8) Қатысушылардың жаттығуларды орындау реакциялары (тапсырмаларды қалай орындағаны, қандай эмоциялар көрсеткені, қателер мен түзетулерге қалай әрекет еткені жазылды. Мысалы, *Анна мен Вероника рөлдік ойынға белсене қатысты, жиі күлді, бұл тапсырманы оң қабылдағанын көрсетті. Вероника басында аздап қобалжығанымен, тез бейімделді. Семен оқығанды жақсы көреді, сөйлеуге қиналады, көп ойланып, сөйлеу үлгісіне қарап қана жауап береді, сөздік қоры аз.*

9) Эксперимент кезеңінде жүргізілген қатысымдық жаттығулар жазбалары ұсынылды.

1-кезең: Нұсқау (10 минут).

а) Сабақтың мақсатымен таныстырылды: *«Күнделікті жағдайда қазақша жақсы сөйлей алуларың үшін біз қатысымдық дағдыларды жаттықтырамыз».*

ә) Жаттығулардың орындалу реті түсіндірілді: *«Алдымен біз рөлдік ойын, содан кейін сұхбат, талқылау, ең соңында кері байланыс жасаймыз. Мен сіздерді бақылап, жаттығулардың орындалу барысын жазып отырамын».*

2-кезең: «Дүкенде сатып алу» рөлдік ойыны ұйымдастырылды (20 минут)

а) Тіл үйренушілерді жұпқа бөліп, өнімдер жазылған карточкалар берілді.

ә) Тапсырма орындалып болғаннан кейін оқытушы келесі ескертулерді атап өтті: *«Семен сенімді бастады, «баға» және «сапа» деген жаңа сөздерді қолданды, бірақ тәуелдік жалғауда қате жіберді. Әлия бірнеше рет «Көйлектің сапасы қандай?» деп сұрады, бірақ Семен жауап бергенде: «Көйлек сапа жақсы», - деді. Сұраулы сөйлемнің формасына назар аудармады».*

3-кезең: «Жаңа доспен кездесу» бойынша сұхбат жүргізілді (20 минут)

а) Тіл үйренушілер бір-біріне сұрақ қойып, жауап берді.

ә) Оқытушы жағдайға сәйкес ескертулер жасады: *«Семен «сіз қайдан?» деп сұрады, бірақ ол жіктік жалғауын дұрыс қолданбады. Анна сұрақтарға сенімді жауап берді, алайда бір ғана сөз айтып қысқа жауап берді».*

4-кезең: «Экологиялық мәселелер» бойынша талқылау жасалды (20 минут)

а) Тіл үйренушілер экологиялық мәселелерді топта талқылады.

ә) Оқытушы дер кезінде ескерту жасады: *«Әлия мен Ержан қоршаған орта және лас, ластау деген жаңа сөздерді қолданып, ауаның ластану мәселесін белсенді түрде талқылады. Семен талқылауға қатысуға тырысты, бірақ ойын ашық жеткізе алмады. Себебі сөздік қоры аз әрі сөйлемнің орын тәртібінен қате жіберді».*


5-кезең: Қорытынды және кері байланыс алынды (10 минут)

а) Нәтижелерді тіл үйренушілер өзара талқылап, әр жаттығуға кері байланыс берді.

ә) Оқытушы да өз тарапынан кері байланыс берді: *«Тіл үйренушілер жаттығуларды орындауға қанағаттанғандықтарын білдірді және тапсырмалардың қызықты әрі пайдалы болғанын атап өтті. Әлия рөлдік ойындар оған өзін сенімді сезінуге көмектескенін айтты».* Бұл мысал тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын бағалауға жүйелі тәсілді қамтамасыз ете отырып, эксперимент кезінде нұсқауларды, мониторингті және деректерді жазуды қалай жүргізу керектігін көрсетті. Оқыту тәжірибесінің соңында қорытынды бақылау тесті алынды (23-сурет).

Эксперименттік топ жазылымнан басқа барлық аспектілердің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті, бұл қолданылған қатысымдық жаттығулар мен әдістердің тиімділігін растайды. Эксперименттік топтағы қатысымдық жаттығулардағы жоғары нәтиже қазақ тілін оқытуда мұндай әдістердің

маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді. Эксперименттік топтың жазу дағдылары бақылау тобымен салыстырғанда біршама төмен болып шықты, бұл қосымша назар аударуды қажет етеді. Бастапқы және соңғы нәтижелерді салыстыратын болсақ, эксперименттік топ өз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартқаны анық, бұл эксперименттің тиімділігін растайды. Олай болса, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу және қатысымдық жаттығуларға ерекше көңіл бөлу эксперименттік топтың нәтижелерін жақсартуда шешуші рөл атқарды, оны қазақ тілін оқытуда кеңінен қолдануға ұсынуға болады.



Сурет 23 – Қазақ тілінен қорытынды бақылау тест нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Қатысымдық жаттығулар тілдің барлық аспектілеріне, соның ішінде тыңдалымға, оқуға, грамматика мен лексикаға, сөйлеуге оң әсер етті. Эксперименттік топтың нәтижелері әртүрлі контексте тілді белсенді қолдануды және қатысымдық жаттығулар жалпы тілдік дағдыларды айтарлықтай жақсартатынын растайды.

*Қазақ тілі пәні бойынша бақылау экспериментінде* нәтижелерді салыстыру үшін бағалау параметрі, бағалау шкаласы анықталады. Тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі, тіл үйренуге деген ынтасы бойынша деректерге талдау жасалады. Салыстыру нәтижелері тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі, тіл үйренуге деген ынтасы бойынша шығарылады. Статистикалық әдістерді қолдану арқылы мәліметтерді талдау, бақылау, эксперименттік топтарында жүргізіледі. Статистикалық талдау тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі, тіл үйренуге деген ынтасы параметрлері бойынша жүргізіледі. *G-cr* белгілері арқылы зерттеу жұмысының болжамы тексеріледі. Корреляциялық талдау жасалады. Нәтижесінде корреляциялық матрица ұсынылады, корреляция түсіндірілді.

Әдістеменің тиімділігі анықталады. Соңында қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалады.

*Екінші бағыт «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша жүргізілді.*

*Мақсаты:* Болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында қатысымдық жаттығуларды әзірлеп, қолдану әдістерін үйрету.

*Міндеттері:*

- қазақ тілін оқыту әдістемесі курсының силлабусына жаңа «Қатысымдық жаттығулар» модулін қосу және мақсатын анықтау;

- қатысымдық жаттығулар туралы теориялық білім алу үшін 2 және 3-курс студенттерін эксперименттік жұмысқа тарту;

- студенттерге қатысымдық жаттығуларды әзірлеу және қолдану әдістерін үйрету;

- болашақ мұғалімдердің қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту;

- студенттер теориялық білімдерін қолдана алатын және нәтижелерді талдай алатын практикалық сабақтар ұйымдастырылды.

*Мазмұны:*

- болашақ педагогтерді жаттығулардың алуан түрлерімен, соның ішінде қатысымдық жаттығулармен таныстыру;

- сөйлеу жаттығуларын қатысымдық жаттығулармен салыстыру, олардың ерекшеліктерін түсіну;

- қатысымдық жаттығулар құрастыруға, үлгілер беруге жаттықтыру;

- алған білімдерін іс жүзінде қолдану: болашақ педагогтердің қатысымдық жаттығуларды өз бетінше дайындауы, оларды талдау және жетілдіру;

- сабақ жоспарын құру және қатысымдық жаттығуларды пайдалана отырып сабақ өткізу.

*Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша (2, 3-курс студенттеріне арналған) анықтау экспериментінде келесі жұмыстар жүзеге асырылды:*


1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы қысқаша мәлімет берілді, оның басты мәселелері анықталды.

2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі курсының силлабусына жаңа «Қатысымдық жаттығулар» модулі қосылды.

3. Қатысушы ретінде Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 6B01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті және 6B01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2, 3-курс студенттері алынды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудың ұстанымдарын, әдістерін, формалары мен құралдарын зерттейтін жетілген, теориялық тұрғыдан негізделген ғылым. Ол болашақ педагог мамандардың қазақ әдеби тілін меңгерудегі теориялық білімі мен практикалық дағдыларын дамытуға бағытталады. Дәстүрлі қалыптасқан тәсілдер мен заманауи әдістерді қоса алғанда, қазақ тілін оқыту әдістемесі оқу материалының мазмұнын

практикалық тұрғыдан түсіндіріп, болашақ педагог маманға қажетті білім, білік, дағды көлемін анықтайды. Болашақ мұғалімдерді дайындауда, оларға оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін үйретуде маңызды рөл атқарады, болашақ педагог мамандардың қазақ тілін ойдағыдай меңгеруіне, олардың мәдени дамуына ықпал етеді. Оны төменде берілген 24-суреттен көруге болады.



Сурет 24 – Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселелері

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Бұл мәселелерді шешу білім беру мекемелерінде тәрбие мен білім берудің жалпы мақсаттарын белгілейді, яғни қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні – оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан шығарылады. Сондықтан болашақ педагог мамандарға жүргізілетін «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні аясында қатысымдық бағдарлы оқыту және қатысымдық жаттығулар жайлы теориялық, практикалық білім беру маңызды. Осы тұрғыдан «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсының силлабусына жаңа «Қатысымдық жаттығулар» модулі енгізілді. Оның мақсаты – болашақ педагог мамандарға қатысымдық жаттығуларды теориялық, практикалық жақтан меңгерту, оларды құрастыру, талдау және қазақ тілін оқытуда қолдану жолдарын үйрету. Қатысымдық жаттығулар туралы теориялық білім алып, оны болашақ кәсіптерінде қолдану үшін 6B01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті және 6B01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2, 3-курс студенттері тартылды. Жалпы саны: 50. Бұл «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсының силлабусына жаңа «Қатысымдық жаттығулар» модулінің қосылуы 2 және 3-курс студенттеріне қатысымдық дағдыларды тиімді дамытуға және теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері ретінде дайындық сапасын арттыруға септігін тигізеді.

*Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша оқыту экспериментінде қатысымдық жаттығулар туралы теориялық-практикалық білім беру мақсатын жүзеге асыру барысында төмендегідей жұмыстар жүргізілді:*

1. 2, 3 курс студенттерімен ауызша әңгіме жүргізілді.

2. Қатысымдық жаттығу, оны құрудың ұстанымдары мен түрлері, сөйлеу және қатысымдық жаттығуларының өзіндік ерекшелігі жайлы теориялық ақпарат берілді.

3. Қатысымдық жаттығуларды құрастыру кезінде нені ескеру қажет екендігі түсіндірілді.

4. Қатысымдық жаттығудың үлгілері ұсынылды.

5. Қатысымдық жаттығуларды өз бетінше құрастыру кезеңіне өтудің маңызды қадамдары үйретілді.

6. Қатысымдық жаттығулар туралы алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік берілді.

7. Қатысымдық жаттығуды құру мен тексеруге арналған практикалық сабақ жоспарының үлгілері жасалды.

*Біріншіден,* болашақ педагог мамандармен қатысымдық жаттығулар туралы білімдерін анықтау мақсатында әңгіме жүргізілді. Онда төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Жаттығудың қандай түрлерін білесіздер?

2. Қатысымдық жаттығу туралы естідіңіз бе?

3. Естісеңіз қатысымдық жаттығулардың қандай түрлері бар?

4. Қатысымдық құзыреттілік деген не?

5. Оның қатысымдық жаттығулармен қандай байланысы бар?

Әңгіме нәтижесі студенттердің көпшілігі тілдік жаттығулар, мәтінді аудару және сөздерді жаттау сияқты дәстүрлі жаттығу түрлері туралы білетіндерін анықтады. Дегенмен, қатысымдық жаттығулары туралы білімдері шектеулі болды. Студенттердің аз бөлігі ғана қатысымдық жаттығулар туралы естіген, алайда түрлерін атай алмады. Бұл қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталған оқытудың заманауи әдістерінен хабардар еместігін көрсетті. Қатысымдық құзыреттілік ұғымы да біраз ғана студенттерге таныс болды. Білетіндер мұның қатысымдық жаттығуларымен қалай байланысты екенін нақты түсіндіре алмады. Әңгімелесу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің көпшілігі қатысымдық жаттығулармен жеткілікті түрде таныс емес және қатысымдық құзыреттілік туралы нақты түсініктері жоқ. Бұл қатысымдық жаттығуларды оқу үдерісіне енгізуге бағытталған оқыту экспериментін жүргізу қажеттілігін растайды. Студенттерге бұл әдістерді үйрету олардың қазақ тілін тиімді оқытуға қажетті дағдыларды дамытуға және кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

*Екіншіден,* қатысымдық жаттығу, оның құрудың ұстанымдары мен түрлері туралы теориялық мәлімет берілгеннен соң, сөйлеу және қатысымдық жаттығу үлгілерін салыстырып, қатысымдық жаттығудың өзіндік ерекшелігі

түсіндірілді. Ол үшін екі мысал алынды. Оны төмендегі 5-кестеден көруге болады.

### Кесте 5 – Сөйлеу және қатысымдық жаттығулар сипаттамасы

Сөйлеу жаттығуының үлгісі	Қатысымдық жаттығудың үлгісі
<p>Суретті сипаттаңыз.  <i>Үлгі: Бұл – менің отбасым. Әкемнің аты – Ербол. Ол 36 жаста. Бұл – менің анам. Оның аты – Анар. Ол 30 жаста. Кішкентай бала – менің сіңлім. Оның аты – Мәнишүк. Ол 2 жаста*</i></p> 	<p>Суретті сипаттаңыз.  <i>Үлгі: Бұл – менің отбасым. Әкем, анам, сіңлім және мен. Ауа-райы тамаша. Күн ыстық. Өзен жағасы. Жып-жылы су. Демалысымыз керемет өтті**</i></p> 
<p>* – Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [121, б. 14];                  ** – Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [134, б. 17]</p>	

Ұсынылған екі мысал *бағыты, мақсаты, құрылымы мен күрделілігі, дағды түрлері, мәнмәтін мен шынайылық, қолданылуы мен тиімділігі* өлшемшарттары бойынша төмендегі 6-кестеде талданды.

### Кесте 6 – Мысалдарды талдау сипаттамасы

Түрі	Сөйлеу жаттығуы	Қатысымдық жаттығу
1	2	3
Бағыты	Негізгі лексикалық және грамматикалық құрылымдарды меңгеруге бағытталған.	Тілді нақты жағдайда іс жүзінде қолдануға бағытталған.
Мақсаты	Заттарды, адамдарды сипаттау үшін қарапайым сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету.	Ойды жеткізу, өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу қабілеттерін дамытуға ықпал ету.
Құрылымы және күрделілігі	Қысқа және жай сөйлемдер қолданылады.	Түрлі лексикалық және грамматикалық элементтерді қамтитын күрделі құрылымға ие
Дағды түрлері	Сөздердің дұрыс айтылуына және контексте қолданылуына назар аудару арқылы негізгі сөйлеу дағдыларын дамытады, қарапайым конструкцияларды есте сақтауға көмектеседі.	Күрделі сөйлеу дағдыларын дамытады, іс-әрекеттерді, өзара әрекеттесулерді және сезімдерді сипаттау, бұл үлкен сөздік қорды және күрделі сөйлемдер құра білуді қажет етеді.
Мәнмәтін және шынайылық	Қарапайым сипаттамаларға және ақпаратты түсіруге бағытталғандықтан жиі шындыққа жақын емес.	Шынайы, өйткені ол белсенді әрекеттестік пен жеке пікірлер мен эмоцияларды білдіруді талап ететін нақты қарым-қатынас жағдайларын имитациялайды.

## 6-кестенің жалғасы

1	2	3
Қолданылуы және тиімділігі:	Оқытудың бастапқы кезеңдерінде тиімді, тіл үйренушілерге тіл негіздерін меңгеруге көмектесу.	Нақты жағдайларда тілді қолдану және практикалық қатысымдық мәселелерді шешу қабілетінің дамуына ықпал етеді.
Ескерту – Автордың құрастыруымен		

Талдау көрсеткендей, қатысымдық жаттығулар күрделі тілдік дағдыларды дамытуда және тіл үйренушілерді өмірдегі қатысымдық жағдайларға дайындауда тиімді. Салыстыру студенттерге қатысымдық жаттығулардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын, сондай-ақ олардың қатысымдық құзыреттілігін дамытудағы маңыздылығын жақсы түсінуге көмектесті. Бұл нәтижелер қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін қатысымдық жаттығуларды оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру қажеттілігін негіздейді. Қатысымдық жаттығулардың сөйлесу жаттығуларынан айырмашылығы тілді нақты жағдайда практикалық қолдануға бағытталғандығымен, күрделі құрылымы және шынайы мәнмәтінімен ерекшеленеді. Олар тіл үйренушілердің белсенді өзара әрекеттесуін және тілді толық түсінуін талап етеді. Сөйлеу жаттығулары негізгі дағдыларды меңгеру үшін қажет болса, қатысымдық жаттығулар – тілді меңгерудің және күнделікті өмірде қолданудың жоғары деңгейіне жетудің маңызды құралы.

*Үшіншіден*, болашақ педагог мамандарға қатысымдық жаттығуларды құрастыру кезінде нені ескеру керектігі түсіндірілді. Оларға тиімді жаттығуларды өз бетімен жасай алатындай нақты нұсқау мен оның әдістемелік қадамдары берілді:

1. *Жаттығудың мақсатын анықтау.* Әрбір қатысымдық жаттығудың нақты мақсаты болуы керек. Олар: сөйлеу дағдыларын дамыту; тыңдап-түсіну деңгейін арттыру; жазу немесе оқу дағдыларын жетілдіру; белгілі бір сөздік немесе грамматикалық құрылымдарды дамыту. Мысалы, *«Отбасылық демалыс» тақырыбы бойынша сөйлеу дағдыларын дамыту.*

2. *Тілді меңгеру деңгейін ескеру.* Жаттығулар тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейіне сәйкес болуы керек:

- Бастапқы деңгей: қарапайым конструкциялар, таныс сөздік.
- Орта деңгей: күрделі сөйлемдер, сөздік қорын молайту.
- Жоғары деңгей: күрделі грамматикалық құрылымдар, арнайы лексика.

Мысалы, *Бастауыш деңгей (A1, A2) үшін жаттығу отбасының қарапайым сипаттамасын, орта деңгей (B1, B2-1) үшін отбасылық демалыс туралы әңгіме, әртүрлі демалыс түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылауды қамтуы мүмкін.*

3. *Шынайы жағдаят құру.* Қатысымдық жаттығулар шынайы қарым-қатынас жағдайларын имитациялауы керек. Бұл дүкендегі диалог, демалыс күніне арналған жоспарды талқылау, сүйікті демалыс орнының сипаттамасы.

Мысалы, *тіл үйренушілер фотосуреттер мен кілт сөздерді пайдалана отырып, соңғы отбасылық демалыстарын сипаттайды.*

4. *Анық нұсқаулар жасау.* Нұсқаулар анық және нақты болуы керек. Студенттер олардан не күтілетінін білуі керек: нені сипаттау немесе талқылау; қандай тілдік құралды қолдану; нәтижені қандай форматта беру (ауызша әңгіме, жазбаша сипаттама және т.б.). Мысалы: *Үлгіні пайдаланып, жағажайға келген отбасыңызды сипаттаңыз: Олар кім? Олардың есімдері кім? Олар уақыттарын жағажайда қалай өткізеді? Ауа-райы қандай?*

5. *Әртүрлі материалдарды қолдану.*

Қызықты және пайдалы жаттығулар жасау үшін әртүрлі материалдарды пайдалану керек: фотосуреттер мен суреттер, аудио жазбалар мен бейнелер, мәтіндер мен мақалалар. Мысалы: *Шабыттанып сипаттау үшін жағажайда түскен отбасы суретін пайдаланыңыз.*

6. *Өзара әрекеттесу элементтерін қосу.* Қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің өзара әрекетін ынталандыруы керек: рөлдік ойындар мен драматизациялар; пікірталастар мен дебаттар; жұптық, топтық тапсырмалар. Мысалы: *Тіл үйренушілер жұппен жұмыс істейді, біреуі отбасылық демалысты сипаттайды, ал екіншісі мәліметтерді нақтылау үшін сұрақтар қояды.*

7. *Тексеру және кері байланыс.* Тексеру және кері байланыс қадамдарын қосуды ұмытпау керек: тапсырманың орындалуын бағалау, нәтижелерді талқылау, жақсарту бойынша кеңестер беру. Мысалы: *Жаттығуды аяқтағаннан кейін оқытушы мен тіл үйренушілер ненің жақсы жасалғанын және нені жақсартуға болатынын талқылайды.*

Нәтижесінде бұл әдістемелік қадамдардан студенттер әр жаттығудың нақты мақсатын анықтаудың маңыздылығын түсінді. Жаттығуларды тілді меңгеру деңгейіне бейімдеу керек екенін үйренді. Шынайы қарым-қатынас жағдайларын имитациялайтын жаттығулар жасаудың маңыздылығын білді. Бұл білім болашақ мұғалімдерге білім алушылардың қажеттіліктері мен деңгейіне сәйкес келетін тиімді және қызықты қатысымдық жаттығулар жасауға көмектеседі.

*Төртіншіден,* болашақ педагог мамандарға жоғарыда берілген әдістемелік нұсқауға сай жасалған қатысымдық жаттығудың үлгісі ұсынылды.

*Жаттығу үлгісі:* «Жағажайдағы отбасылық демалысты сипаттау».

*Тапсырма:* *Берілген үлгі бойынша жағажайдағы отбасылық демалысты сипаттаңыз.*

*Үлгі:* *Бұл менің отбасым. Әкем, анам, әпкем және мен. Әкем – Александр. Анам – Елена. Менің әпкем – Даша, мен – Мариямын. Ауа-райы керемет. Күн ыстық. Өзен жағалауы. Жылы су. Біздің жағажайдағы демалыс тамаша өтті.*

*Материалдар:* Жағажайдағы отбасылық демалыс суреті.

*Өзара әрекеттесу:* Жүппен жұмыс. Бір тіл үйренуші демалысты сипаттаса, екіншісі сұрақтар қояды. Тапсырманы орындағаннан кейін рөлдер ауыстырылады.

*Кері байланыс:* Жалпы талқылау, жақсы жақтарын атап өту және жақсарту жолдарын ұсыну.

Қатысымдық жаттығуларды құрастыру мұқият дайындықты талап етеді. Нәтижесінде, мақсатын, тілді меңгеру деңгейін, шынайы жағдаятты, әртүрлі материалдар мен тіл үйренушілердің өзара әрекетін ескере отырып, өмірдегі қарым-қатынас жағдайында тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын дамытуға көмектесетін тиімді және қызықты тапсырмалар құруға болады.

*Бесіншіден,* болашақ педагог мамандарға қатысымдық жаттығуларды өз бетінше құрастыру кезеңіне өтудің маңызды қадамдары үйретілді. Мұнда оларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, олардың жаттығуларын тәжірибеде дамытып, тексеруге мүмкіндік беру көзделді.

#### *1. Ұйымдастыру кезеңі.*

Мақсаты: Болашақ педагог мамандарға қатысымдық жаттығуларды құрудың маңыздылығы мен негізгі қадамдарын түсіндіру.

Әдіс-тәсілдері: Дәріс, баяндау, мысалдарды талдау.

Нәтижесі: Жалпы ұстанымдар мен әдістемені түсінеді.

Мысалы: *Бүгін біз қатысымдық жаттығуларды құру үдерісін таныстырудан бастаймыз. Әрбір жаттығудың нақты дағдыларды дамытуға бағытталғанын, тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін ескеріп, шынайы мәнмәтінге енгізілуі керек екенін түсіну маңызды.*

#### *2. Жаттығу мақсаттарын тұжырымдау.*

Мақсаты: Болашақ педагог мамандарды жаттығудың мақсатын құрастыруды үйрету.

Әдіс-тәсілдер: Топтық жұмыс, ой қозғау, талқылау.

Нәтижесі: Болашақ жаттығулардың мақсаттарын анықтайды.

Мысалы, *Топтарға бөлініп, жаттығуларыңызда қандай тілдік дағдыларды дамытқыңыз келетінін талқылаңыз. Мақсаттарыңызды жазып, оларды басқаларға ұсынуға дайындалыңыз.*

#### *3. Тілдерді меңгеру деңгейін анықтау.*

Мақсаты: Болашақ тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін ескеру.

Әдіс-тәсілдері: Қысқаша тест, топтық талқылау.

Нәтижесі: Белгілі бір жаттығу бойынша тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін анықтайды.

Мысалы, *Жаттығуыңыз тілді меңгерудің қандай деңгейіне арналғанын анықтаңыз. Бұл бастауыш, орта немесе жоғары деңгейлер болуы мүмкін. Бастапқы деңгейге арналған тапсырмалар оңай және күрделі құрылымдар аз болуы керек екенін ескеріңіз.*

#### *4. Шынайы жағдаяттар құру.*

Мақсаты: Болашақ педагог мамандарға шынайы мәнмәтінді жаттығулар құрастыруды үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Практикалық тапсырма, мысалдарды талқылау.

Нәтижесі: Жаттығулар үшін шынайы жағдаят құрастыру.

Мысалы: *Жаттығу үшін шынайы жағдаят ойластырыңыз. Бұл дүкенге бару, дәрігерге бару немесе досыңызбен сөйлесу болуы мүмкін. Осы жағдаятты сипаттап, оны көрсетуге дайындалыңыз.*

5. *Нұсқауларды нақтылау.*

Мақсаты: Болашақ педагог мамандарға жаттығуларға нақты және түсінікті нұсқаулар жазуды үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Практикалық тапсырма, мәтінді өңдеу.

Нәтижесі: Нұсқауларды құрастыру және жаңарту.

Мысалы, *Жаттығулардың нұсқауларын жазыңыз. Оларды мүмкіндігінше анық және түсінікті етуге тырысыңыз. Оларды топ болып дауыстап оқып, басқа педагог маманнан кері байланыс алыңыз.*

6. *Әртүрлі материалдарды таңдау және пайдалану.*

Мақсаты: Болашақ педагог мамандарды жаттығуларға әртүрлі материалдарды таңдап, пайдалана білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Ресурстармен жұмыс, мысалдарды талқылау.

Нәтижесі: Әртүрлі материалдарды таңдау және жаттығуларға біріктіру.

Мысалы, *Әрекетте қолдануға болатын материалдарды таңдаңыз. Бұл фотосуреттер, аудио және бейне жазбалар, мәтіндер болуы мүмкін. Олар жаттығуды қызықты және тиімді етуге қалай көмектесетіні туралы ойланыңыз.*

7. *Өзара әрекеттесу элементтерін қосу.*

Мақсаты: Жаттығуларға өзара әрекеттесу элементтерін қосу қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Рөлдік ойындар, жұптық, топтық жұмыс.

Нәтижесі: Өзара әрекеттестік элементтері бар жаттығуларды әзірлеу.

Мысалы, *Балашақ педагог мамандар арасындағы өзара әрекеттесуді қажет ететін әрекетті жасаңыз. Бұл рөлдік ойын, талқылау немесе топтық тапсырма болуы мүмкін. Бұл өзара әрекеттесу қалай болатынын сипаттаңыз.*

8. *Тексеру және кері байланыс.*

Мақсаты: болашақ педагог мамандарға жаттығуларды тексеруді және кері байланыс алуды үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Тестілеу жаттығулары, нәтижелерін талқылау.

Нәтижесі: Кері байланыс негізінде жаттығуларды талдау және жетілдіру.

Мысалы, *Жаттығуды топ мүшелеріне сынатып көріңіз. Олардан кері байланыс алыңыз: не түсінікті болды? не қиындықтар туғызды? нені жақсартуға болады? Жаттығуды нақтылау үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.*

Студенттерге арналған кезеңдік тапсырманың мысалы: «Дүкенде сатып алу» тақырыбы бойынша сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттығу орта деңгейдегі тіл үйренушілерге арналған. Жағдайды модельдеу: Тіл үйренушілер супермаркетте азық-түлік сатып алу көрінісін көрсетті. Бір тіл үйренуші сатушы, екіншісі сатып алушы рөлін ойнады. Сатушы тауар ұсынуы керек,

сатып алушы бағаны сұрап, таңдау жасауы керек. Материал ретінде өнімдердің суреттері және олардың бағасы бар карталар пайдаланылды. Педагог мамандар диалогқа түсіп, сұрақтар қойып, жауап берді және өнімді таңдауды талқылады. Топтағы әрекет тексеріліп, кері байланыс алынды. Болашақ педагог мамандардың қатысымдық жаттығуларды дайындауы нақты әдістемеге назар аударуды талап етеді. Барлық қадамдардан өту арқылы педагог мамандар болашақ тіл үйренушілердің шынайы өмірдегі қарым-қатынас жағдайында тілдік дағдыларын дамытуға көмектесетін тиімді және қызықты жаттығулар жасай алды.

*Алтыншыдан*, болашақ педагог мамандар қатысымдық жаттығуларды құрастыруды үйренгеннен кейін, келесі қадам ретінде оларға білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік берілді. Бұған өздері құрған жаттығулар мен оларды топта сынау және нәтижелерді талдау кірді.

Практикалық қолдану кезеңі:

*1. Өз қатысымдық жаттығуыңызды жасаңыз.*

Мақсаты: Алған білімдерін практикада қолдану.

Әдіс-тәсілдер: Жеке және топтық жұмыс, оқытушымен кеңесу.

Нәтижесі: Тестілеуге дайын қатысымдық жаттығуларды құрастыру.

*Жаттығу:* Үйренген барлық қадамдарды орындау арқылы қатысымдық жаттығу жасаңыз. Мақсатын анықтаңыз, тілді меңгеру деңгейін қарастырыңыз, шынайы жағдаят, нақты нұсқауларды жасаңыз, материалдарды таңдаңыз және өзара әрекеттесу элементтерін қосыңыз.

*2. Жаттығуларды көрсету және тексеру.*

Мақсаты: Топта әзірленген жаттығуларды тексеру.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, рөлдік ойын, талқылау.

Нәтижесі: Жаттығуларды практикалық орындау, кері байланыс жасау.

*Жаттығу:* Жаттығуыңызды топқа көрсетіңіз. Мақсаты мен нұсқауларын түсіндіріңіз, содан кейін оны топ болып сынап көріңіз. Барлық кері байланыс пен пікірлерді жазып алыңыз.

*3. Кері байланыс және қайталау.*

Мақсаты: Кері байланыс алу және жаттығуларды жақсарту.

Әдіс-тәсілдері: Талқылау, талдау, өңдеу.

Нәтижесі: Кері байланыс негізінде жаттығуларды жетілдіру.

*Жаттығу:* Тестілеуден кейін қатысушылардан кері байланыс алыңыз. Ненің жақсы болғанын және нені жақсартуға болатынын талқылаңыз. Алынған пікірлер негізінде жаттығуыңызды нақтылаңыз.

*4. Рефлексия және нәтижелерді талқылау*

*Мақсаты:* Жаттығуларды құру және қолдану үдерісін, нәтижелер мен қорытындыларды талқылау.

Әдіс-тәсілдері: Топтық талқылау, жазбаша рефлексия.

Нәтижесі: Тәжірибеден хабардар болу және алдағы жұмыс үшін ұсыныстар әзірлеу.

*Жаттығу:* Қатысымдық жаттығуларды құру және сынау кезінде не үйренгеніңіз туралы шағын эссе жазыңыз. Қандай қиындықтарға тап болдыңыз? Сізге не ұнады? Алдағы уақытта үйренгеніңізді қалай пайдаланасыз?

*Жетіншіден,* қатысымдық жаттығуды құру мен тексеруге арналған практикалық сабақ жоспарының үлгісі жасалды.

*Тақырыбы:* Қатысымдық жаттығуларды құру және тексеру

*Кіріспе (5 минут)*

Сабақтың мақсаты мен жоспарын талқылайды. Қатысымдық жаттығуларды құрудың негізгі ұстанымдарын еске түсіреді.

*Жаттығу құрастырады (10 минут).* Болашақ педагог мамандар жеке немесе топпен жұмыс жасайды. Мұғалім кеңес береді, көмектеседі.

*Жаттығуды көрсету (10 минут).* Әр топ немесе болашақ педагог маман өз жаттығуын көрсетеді. Мақсаты мен нұсқауларын түсіндіреді.

*Жаттығуды тексеру (10 минут).* Болашақ педагог мамандар бір-бірінің жаттығуларын орындайды.

*Кері байланыс және қайталау (5 минут).* Тест нәтижелерін талқылайды.

Жаттығуларға түзетулер енгізеді.

*Рефлексия және талқылау (10 минут).* Үдеріс және нәтижелер туралы топтық талқылау. Жазбаша рефлексия.

Білімді іс жүзінде қолдану – болашақ педагог мамандарды дайындаудың маңызды кезеңі. Қатысымдық жаттығуларды құру, тексеру және пысықтау болашақ педагог мамандарға теориялық білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларды дамытуға және нақты педагогикалық іс-әрекетке дайындалуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қазақ тілін табысты меңгеруге ықпал ететін тиімді және қызықты жаттығулар жасауға көмектеседі.

Болашақ педагог мамандардың қатысымдық жаттығуларды практикалық қолдануынан кейін оларды талдау және одан әрі жетілдіру кезеңі келеді. Бұл кезең рефлексияны, тәжірибе алмасуды және нәтижелерді болашақ педагогикалық тәжірибеге енгізуді қамтиды. Педагог мамандар оқу әдістерін үздіксіз жетілдіру үшін алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қалай қолдану керектігін түсінуге көмектесу маңызды.

Талдау және жетілдіру кезеңі:

*1. Нәтижелерді топтық талдау.*

Мақсаты: Тестілеу жаттығуларының нәтижелерін талдау, күшті және әлсіз жақтарын анықтау.

Әдіс-тәсілдер: Топтық талқылау, SWOT талдау.

Нәтижесі: Жасалған жаттығулардың тиімді және проблемалық аспектілерін түсіну.

*Жаттығу:* Топқа бөлініп, жаттығуыңызды талдаңыз. SWOT (күшті, әлсіз жақтары, мүмкіндіктер және қауіптер) талдауын қолданыңыз. Ненің жақсы болғанын және қай саланы жақсарту керектігін талқылаңыз.

*2. Жеке және топтық рефлексия*

Мақсаты: Қатысымдық жаттығуларды жасау және қолданудағы жеке тәжірибені терең білу.

Әдіс-тәсілдері: Жазбаша рефлексия, ауызша талқылау.

Нәтижесі: Тәжірибеде алған сабақтарының жеке және ұжымдық хабардар болуы.

Жаттығу: Тәжірибеңіз туралы рефлексия жазыңыз. Қатысымдық жаттығуларын жасау туралы не білдіңіз? Қандай қиындықтарға тап болдыңыз? Сізге не ұнады? Сіз бұл тәжірибені болашақта қалай пайдаланасыз?

*3. Әдістер мен тәсілдерді жетілдіру.*

Мақсаты: Қатысымдық жаттығуларды әзірлеу және өткізу әдістерін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдері: Ұсыныстарды талқылау, жаңа тәсілдер әзірлеу.

Нәтижесі: Жаңартылған және жетілдірілген оқыту әдістері.

*Жаттығу:* Талдау және рефлексия негізінде қатысымдық жаттығуларды жасаудың жаңа немесе жетілдірілген әдістерін жасаңыз, оларды топтарда талқылаңыз және басқаларға өз ұсыныстарыңызды ұсыныңыз.

*4. Жақсартылған жаттығуларды көрсету.*

Мақсаты: Жақсартылған жаттығуларды ұсыну және талқылау, кері байланыс алу.

Әдіс-тәсілдері: Баяндау, талқылау.

Нәтижесі: Кері байланысты ескере отырып, жаттығуларды қорытындылау.

*Жаттығу:* Жақсартылған жаттығулардың презентациясын дайындаңыз. Қандай өзгерістер енгізгеніңізді және неліктен екенін түсіндіріңіз. Оқытушыдан және топтан кері байланыс алыңыз.

*5. Практикаға енгізу.*

Мақсаты: Жасалған және жетілдірілген жаттығуларды болашақ педагогикалық тәжірибеге енгізу.

Әдіс-тәсілдері: Практикалық қолдану, нақты жағдайға бейімдеу.

Нәтижесі: Қатысымдық жаттығуларды нақты білім беру жағдайында қолдануға дайындығы.

*Жаттығу:* Әзірленген жаттығуларды болашақ педагогикалық тәжірибеңізге енгізуге дайындалыңыз. Оларды оқытудың әртүрлі деңгейлері мен шынайы жағдаяттарға қалай бейімдейтініңізді қарастырыңыз.

Талдау мен жетілдіруге арналған үлгілік сабақ жоспары:

*Тақырыбы:* Қатысымдық жаттығуларын талдау және жетілдіру.

*Кіріспе (5 минут).* Сабақтың мақсаты мен жоспарын талқылайды. Талдау мен жетілдірудің маңыздылығын еске түсіреді.

*Топтық талдау (10 минут).* Топтарда SWOT талдау жасалады. Жаттығулардың күшті және әлсіз жақтарын талқылайды.

*Жеке және топтық рефлексия (10 минут).* Жазбаша рефлексия жазады. Рефлексияларды топта талқылайды.

*Әдістемені жетілдіру (10 минут).* Жаңа немесе жетілдірілген әдістерді әзірлейді. Топта ұсыныстарды талқылайды және келіседі.

*Жақсартылған жаттығуларды көрсету (10 минут).* Өзгерістер мен жақсартуларды көрсетеді. Кері байланыс алады.

*Қорытынды талқылау (5 минут).* Нәтижелер мен қорытындыларды талқылайды. Практикаға енгізу туралы шешім қабылдайды.

Құрастырылған қатысымдық жаттығуларды талдау және жетілдіру болашақ педагогтерді дайындаудың маңызды кезеңі саналады. Ол тиімді жаттығуларды құру үдерісін терең түсінуге, қателерді анықтауға және жоюға, педагогикалық іс-әрекетте озық тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс үздіксіз кәсіби өсуге және қазақ тілін оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қатысымдық жаттығуларын талдап, жетілдіргеннен кейін келесі қадам болашақ педагог мамандардың бұл жаттығуларды аудиториядағы нақты жағдаяттарда өз бетінше қолдануға және орындауға дайындау. Бұл қатысымдық жаттығуларды қолдана отырып, сабақтарды жоспарлауды, сабақтарды жаттықтыруды және одан кейін нәтижелерді талқылауды қамтиды.

Іске асыру және дербес пайдалану кезеңі.

### *1. Сабақты жоспарлау.*

Мақсаты: Балашақ педагог мамандарды қатысымдық жаттығулар арқылы сабақты жоспарлауды үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Жеке жұмыс, топтық талқылау.

Нәтижесі: Қатысымдық жаттығулар арқылы сабақ жоспарлары.

*Жаттығу:* Бір немесе бірнеше қатысымдық жаттығуларды қамтитын сабақ жоспарын құрыңыз. Сабақтың мақсатын, іс-әрекеттер ретін, материалдар мен бағалау әдістерін анықтаңыз.

### *2. Практикалық сабақтар.*

Мақсаты: Дамытылған қатысымдық жаттығуларды пайдалана отырып, сабақ өткізу.

Әдіс-тәсілдер: Рөлдік ойындар, сабақты модельдеу.

Нәтижесі: Қатысымдық жаттығулармен сабақ өткізудегі тәжірибелік тәжірибе.

*Жаттығу:* Өзіңіз құрастырған жоспарды пайдалана отырып, аудиторияда сынақ сабағын өткізіңіз. Бір болашақ маман мұғалім, қалғаны білім алушы ретінде әрекет етеді. Сабақтан кейін пікірталас жүргізіңіз.

### *3. Кері байланыс және рефлексия.*

Мақсаты: Өтілген сабақтар бойынша кері байланыс алып, рефлексия жүргізу.

Әдіс-тәсілдері: Топтық талқылау, жазбаша рефлексия.

Нәтижесі: Сабақтың күшті және әлсіз жақтары анықталды, жақсарту бойынша ұсыныстар жасалды.

*Жаттығу:* Сабақтан кейін топтан және оқытушыдан кері байланыс алыңыз: сабаққа рефлексия жазыңыз: не сәтті болды, қандай қиындықтар туындады, нені жақсартуға болады.

#### *4. Ұсыныстар әзірлеу.*

Мақсаты: Оқу үрдісінде қатысымдық жаттығуларды қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Әдіс-тәсілдері: Топтық жұмыс, талқылау.

Нәтижесі: болашақта пайдалану үшін ұсыныстар қалыптастырылды.

*Жаттығу:* Тәжірибеңізге сүйене отырып, қатысымдық жаттығуларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану бойынша ұсыныстар жасаңыз. Оларды топта талқылаңыз және өз ұсыныстарыңызды айтыңыз. Орындау және өз бетінше пайдалану үшін үлгі сабақ жоспарын құрыңыз.

*Тақырыбы:* Қатысымдық жаттығуларды нақты оқу үдерісіне енгізу.

*Кіріспе (5 минут).* Сабақтың мақсаты мен жоспарын талқылайды. Сабақты жоспарлаудың негізгі аспектілерін еске түсіреді.

*Сабақты жоспарлау (10 минут).* Сабақ жоспары бойынша жеке жұмыс жүргізеді. Топта талқылайды және жоспарды түзетеді.

*Практикалық сабақтар (20 минут).* Аудиторияда сынақ сабағын өткізеді. Топтың қатысымдық жаттығуға қатысуын, оны орындауын бақылайды.

*Кері байланыс және рефлексия (10 минут).* Кері байланыс алады, оны талқылайды. Қатысушылар жазбаша рефлексия жасайды.

*Ұсыныстар әзірлеу (5 минут).* Топ болып ұсыныстар береді, оны талдайды

Қатысымдық жаттығуларды жүзеге асыру және өз бетінше қолдану кезеңі болашақ педагог мамандарға нақты жағдайда өз білімдері мен дағдыларын тексеруге ғана емес, сонымен қатар болашақта көмектесетін құнды кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Қатысымдық жаттығуларды пайдалана отырып, сабақты жоспарлау, өткізу және талдау болашақ педагог мамандарды тиімді оқытуға дайындап, өздеріне сенімді әрі құзыретті мұғалім болуға көмектеседі. Осылайша жоғарыда аталған кезеңдердің барлығын орындағаннан кейін болашақ педагог мамандар өз бетінше қатысымдық жаттығуларды жасауға, орындауға және жетілдіруге толық дайын болды, бұл олардың қазақ тілін оқыту сапасын айтарлықтай жақсартты. Болашақ педагог мамандар қатысымдық жаттығуларды құру, талдау және қолдану практикалық тәжірибесіне ие болды.

Қорыта келгенде, бүкіл үдерістің қадамдары маңызды болды. Атап айтсақ:

1) Теориялық кіріспе. Болашақ педагог мамандар қатысымдық жаттығуларды, олардың ерекшеліктерін және сөйлеу жаттығуларынан айырмашылығын білді.

2) Жаттығуларды құрастыру. Болашақ педагог мамандар өздерінің қатысымдық жаттығуларын барлық негізгі аспектілерді (мақсат, тіл деңгейі,

жағдаят, нұсқаулар, материалдар және өзара әрекеттесу) ескере отырып құрастырды.

3) Тестілеу және талдау. Болашақ педагог мамандар жаттығуларды сынап көрді, кері байланыс алды және күшті және әлсіз жақтарын анықтау үшін нәтижелерді талдады.

4) Жаттығуларды жетілдіру. Болашақ педагог мамандар талдау және рефлексия негізінде жаттығуларға түзетулер енгізді.

5) Орындау және өз бетінше пайдалану. Болашақ педагог мамандар жаттығуларын пайдалана отырып, сабақтарды жоспарлады және оқытты, практикалық тәжірибе алды және болашақта пайдалану үшін ұсыныстар әзірледі.

Жалпы қатысымдық жаттығулармен жұмыс кезеңі аяқталғанымен, оқу үдерісі ешқашан тоқтамайды. Сондықтан болашақ педагог мамандар өздерінің дағдыларын үнемі жетілдіру үшін жаңа қатысымдық жаттығулар құру және тексеруді жалғастырулары керек. Жаттығулар мен оқыту әдістерін жақсарту үшін болашақ әріптестері мен тіл үйренушілерінен үнемі кері байланыс алып отыру керек. Одан басқа жаңа тенденциялар мен тәсілдерден хабардар болу үшін қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша семинарларға, тренингтерге және конференцияларға қатысып біліктіліктерін арттырып отырулары керек. Сонда ғана тәжірибе алмасу жүзеге асып отырады. Бұл оқулыққа түрлі сипаттағы жаттығуларды енгізуге мүмкіндік береді әрі кәсіби білікті педагог болып қалыптасуға ықпал жасайды.

*«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша бақылау экспериментінде қазақ тілін оқыту әдістемесі аясында зерделенген қатысымдық жаттығулар модулі бойынша теориялық білімдері, практикалық дағдыларын тексеру мақсатында сауалнама алынады, нәтижелері талданады.*

*Үшінші бағыт «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы бойынша (болашақ педагогтерге арналған) жүргізілді*

*Мақсаты:* Болашақ педагогтерде оқулықтар мен қатысымдық жаттығуларды талдаудың лингводидактикалық негіздері мен критерийлері туралы түсінік қалыптастыру.

*Міндеттері:*

- «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы оқыту;

- болашақ педагогтерге белгіленген критерийлер бойынша оқулықтарды талдауды үйрету;

- оқулықтарда берілген қатысымдық жаттығуларды анықтау және сараптама жасау;

- болашақ педагогтерге өз бетінше қатысымдық жаттығулар құру тапсырмаларын орындату жүзеге асырылды.

*Мазмұны:*

а) Лингводидактика ұғымдары мен оқулықтарды талдау критерийлерін түсіндіру.

ә) Қазақ тілі оқулықтары мен олардағы қатысымды жаттығуларды талдау.

б) Жүргізілген арнайы курс бойынша болашақ педагогтерден кері байланыс алу.

Оқулықтардың лингводидактикалық негіздері тілді табысты оқытуда шешуші рөл атқарады, өйткені олар тіл үйренушілерге білім мен дағдыны беруде қолданылатын тәсілдер мен әдістерді анықтайды. Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздерін және ондағы қатысымдық жаттығуларды зерделеу қазіргі оқулықтардың осы талаптарға қаншалықты сәйкес келетінін және олардың тиімділігін арттыру үшін қай жағынан өзгерістер енгізуге болатынын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің өзектілігі қазіргі көптілді және көпмәдениетті қоғам жағдайында қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігімен түсіндіріледі.

*«Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы бойынша (болашақ педагогтерге арналған) анықтау экспериментінде келесідей жұмыстар атқарылды:*

1. «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» атты арнайы курс жүргізілді.

2. Аталмыш курсқа 6В01706 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6В01707 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 3-курс студенттері тартылды. Жалпы саны: 130.

3. Курста болашақ педагогтерге қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздеріне талдау жасау үйретілді.

*Біріншіден*, курстың мақсаты анықталды. Курстың *мақсаты* – тіл үйренушілерге арналған қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздеріне талдау жасау арқылы қатысымдық жаттығулардың қамтылу деңгейі мен сапасын анықтау.

*Екіншіден*, арнайы курс мақсатына сәйкес болашақ педагог мамандармен үш кезең бойынша жұмыс жүргізілді. Бастапқы кезеңде қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздерін анықтау мақсатында оқу материалын іріктеу мен ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары, сонымен қатар осы ұстанымдардың қатысымдық жаттығулармен байланысы қарастырылды. Екінші кезеңде нысанаға алынған қазақ тілі оқулықтарындағы қатысымдық жаттығуларға талдау жасады. Ол жаттығулардың сандық және сапалық талдау жүзеге асырылды. Үшінші кезеңде тиімді қатысымдық жаттығуларды құрудың ұстанымдары мысал арқылы дәлелденді. Сондай-ақ оқулықтардағы қатысымдық жаттығуларды қолдану және олардың сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беру мақсат етілді.

*Үшіншіден*, пән мазмұнында болашақ педагог мамандарға теориялық түсініктерін еске түсіру үшін лингводидактика ұғымына қысқаша түсінік берілді. Лингводидактика – тілдерді оқыту мен оқыту үдерістерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Лингводидактиканың негізгі міндеті – тиімді оқу материалдары мен оқыту әдістерін құрудың теориялық негіздері мен практикалық ұсыныстарын жасау. Ол оқу материалын таңдау, оқу үдерісін

ұйымдастыру, оқу іс-әрекетін ынталандыру және белсендіру аспектілерін қамтиды.

*Төртіншіден*, қазақ тілінің тиімді оқулықтарын жасауда дәстүрлі ұстанымдардан бөлек, *қатысымдық бағдар, интерактивтілік, жағдаяттық, функционалдық ұстанымдары* да басшылыққа алынады. Мысалы, қатысымдық бағдар ұстанымы тіл үйренушілердің қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамытуға ықпал етсе, интерактивтілік ұстанымы тіл үйренушілердің өзара әрекетін ынталандыратын жаттығуларды қолдануды қажет етеді. Жағдаяттық ұстанымы шынайы өмірге жақын оқу жағдаяттарын құруды мақсат етсе, функционалдылық ұстанымы тілді практикалық жағдайларда қолдануға баса назар аударады. Қатысымдық жаттығулар қазіргі оқулықтардың негізгі элементі, өйткені олар тіл үйренушілердің шынайы өмірдегі қатысымдық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Қатысымдық жаттығулардың түрлеріне диалогтық жаттығулар, монологтық жаттығулар, рөлдік ойындар, пікірлесім мен пікірталастар жатады. Осы бағытта таңдап алынған оқулықтарға талдау жасалады.

*Бесіншіден*, «Қазақша үйренеміз» оқу-әдістемелік құралы талданды. Болашақ педагог мамандар жасаған тұжырымдар төмендегідей болды:

1. Ең алдымен оқулықты ашқанда, бірінші иллюстрациялық материалдар көзге түсетіні анық. Осы ретте аталған оқу құралындағы иллюстрациялық материалдар талапқа сай жасалған. Ережелер, маңызды ақпараттар қанық шрифтпен түрлі түсте графикалық органайзерлер арқылы берілген (қара, қою күлгін, қызыл, көк т.б.). Бұдан тіл үйренушілер алғаш оқулықты ашқанда, қайсысы ереже, қайсысы тапсырма екенін жеңіл ажырата алады.

2. Оқу-әдістемелік құралда өтіліп отырған тақырыпқа сай заманауи, сапалы, қанық боялған суреттер мен картиналар көп берілген. Олар тіл үйренушілердің материалды тез және саналы түрде түсінуін ұйымдастыруымен бірге, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Өйткені суретті пайдалану – ұтымды әдіс. Егер көрнекілікке сюжетті сурет алатын болсақ, жаңа материалды, тіл үйренушілердің көру, есту, сөйлеу сияқты сезім мүшелерін қатыстырып түсіндіргенде, тіл үйренушілер сол оқиғаға өзі тікелей қатысқандай сезінеді.

3. Сабақтар жүйелілік, жеңілден ауырға қарай ұстанымдарына негізделіп құрастырылған. Сабақтардың тақырыбы күрделі емес, күнделікті өмірмен байланыстырыла берілген. Мысалы, «Көптік жалғау» деген термин атауын емес, «АЗ - КӨП» деген тақырып беру тіл үйренуші үшін жеңілірек болатыны ескерілген. Жалпы тіл үйренушілердің сөйлесім, айтылым дағдыларын дамыту мақсатында жазылған оқулық болғандықтан, тіл білімінің терминдері арқылы ережені оқыту емес, күнделікті қарапайым өмірмен лексиканы тілдік ережелермен байланыстырып оқыту көзделген. Яғни басқа атау беру арқылы ереже үйретіледі. Мысалы, «Зат есім» емес, «Мен кімін?», «Сын есім» емес «Мен қандаймын?»; «Сан есім» емес, «Сағат нешеде?» және т.б. тақырыптар.

4. Тағы бір артықшылығы ретінде оқулықтағы тапсырмалардың бір сабақта 4-5-тен көп болмауы, болса да өте жеңіл болуы. Өйткені берілген тапсырма орындалмас бұрын соған ұқсас мәтін беріледі, я болмаса міндетті түрде үлгі арқылы көрсетіледі. Бұл тіл үйренушіге қиындық туғызбайды.

5. Оқу-әдістемелік құралда түсініксіз, шұбалаңқы сөздер жоқ. Тапсырмаларды түсіндіру қысқа да нұсқа берілген. Бұл тіл үйренушілердің тапсырманы жеңіл түсінуіне әрі қабылдауына әсер етеді.

6. Сонымен қатар, тапсырмалар жүйесі «Learning apps», «Kahoot», «Wordwall», «QR» код сияқты жаңа технологияларға сай ұтымды берілген. Ол тіл үйренушілердің қызығушылығын, жылдам шешім қабылдауын, сыни тұрғыда ойлануын қамтамасыз етеді.

7. Сөйлеу әрекетінің барлық түрі қамтылған. Атап айтсақ, жазамыз – 100, оқимыз – 26, аударып есте сақтаймыз – 1, мақалдарды есте сақтаймыз – 1, ән айтамыз – 2, жұмбақ шешеміз – 1, табамыз – 2, орындаймыз – 36, сәйкестендіреміз – 33, анықтаймыз – 9, қайта-қайта бір іс әрекетті қайталап орындатуға негізделген жаттығулар түрінде берілген. Бұл тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырады. Бір нәрсені қайта-қайта қайталау қатысым жасауға дағдыландырады. Әрі қатысымдық жаттығулардың қатысымдық бағдары, функционалдық, интерактивтілік, жағдаяттық, ынталылық ұстанымдарының жүзеге асуын да көрсетеді.

*Алтыншыдан*, болашақ педагог мамандар оқу-әдістемелік құралдың құндылығын арттыру мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасады:

1. Ұқсас тақырыптар өтілген соң, «тест», «өзіңді тексер», «бақылау тапсырмалары» берілсе, тақырыптарды бекітуге тиімді болады.

2. Әр сабақтың басында немесе оқулықтың соңында үйрететін жаңа сөздер, сөздік берілсе, тіл үйренушінің лексикалық минимумын анықтауға септігін тигізеді.

3. Жалпы адам баласы көру арқылы ақпаратты есте ұзақ сақтайтынын ескерсек, мәтін берілгеннен кейін сол мәтінді ашатын видео дайындалса немесе тақырыптас видеоның сілтемесі қалдырылса, меңгерген материалды саналы қабылдауға пайдасы тиеді.

4. Тыңдалым әрекетіне арналған материалдар саны да көбейтілсе, тіл үйренушілердің есту арқылы түсіну қабілеттері жақсы қалыптасады.

Осындай ұсыныстар «Қазақша үйренеміз» қатысымдық жаттығулар жинағын құруға ықпал етті. Жаттығулар жинағы таза қатысымдық жаттығулардың ұстанымдарына әрі «Қазақша үйренеміз» оқу-әдістемелік құралына енбеген тақырыптар мен В.Л. Скалкиннің қатысымдық жаттығу түрлері бойынша құрастырылды.

*Жетіншіден*, оқу-әдістемелік құралда берілген қатысымдық жаттығулар функционалдылық, жағдаяттық, интерактивтілік, ынталылық ұстанымдары бойынша талданды.

*Функционалдылық ұстаным*. Бұл ұстаным қатысымдық жаттығулардың функционалды, яғни шынайы қарым-қатынас жағдайында қолдануға болатын

нақты қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталуын көздейді. Жаттығулар тіл үйренушілерге белгілі бір тақырып немесе жағдаят бойынша тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті тілдік құрылымдарды, лексиканы және модельдерді меңгеруге көмектеседі.

*Жағдаяттық ұстаным.* Бұл ұстаным қатысымдық жаттығулар жағдаяттық болуы керек екенін білдіреді, яғни олар тіл үйренушілердің күнделікті өмірде кездесетін шынайы немесе қалыптасқан қарым-қатынас жағдайларын имитациялауы керек. Жағдаяттық жаттығулар тіл үйренушілерге тілдік дағдыларын тәжірибеде қолдануға және қарым-қатынаста сенімділікті дамытуға ықпал етеді.

*Интерактивтілік ұстаным.* Бұл ұстаным қатысымдық жаттығулар кезінде тіл үйренушілердің өзара әрекеттесуінің маңыздылығын көрсетеді. Жаттығулар тіл үйренушілерді белсенді қарым-қатынас жасауға, ақпарат және идеяларды алмасуға, сұрақтар қоюға және өз пікірлерін айтуға ынталандырады. Интерактивті жаттығулар тыңдау, түсіну және жауап беру дағдыларын дамытады.

*Ынталылық ұстанымы.* Бұл ұстаным тіл үйренушілерді қатысымдық жаттығуларды орындауға ынталандыру қажеттілігін көрсетеді. Жаттығулар тіл үйренушілер орындауға ынталы болу үшін қызықты, өзекті және мағыналы болуы керек. Ынталандыру жаттығулары ойынды, рөлдік ойындарды, қызықты тақырыптар бойынша пікірталастарды және тіл үйренушілер үшін тікелей практикалық мәні бар тапсырмаларды қамтиды. Осыған байланысты болашақ педагог мамандар «Қазақша үйренеміз» қатысымдық жаттығулар жинағынан қатысымдық жаттығулар таңдап, оларды функционалдылық, жағдаяттық, интерактивтілік және ынталылық ұстанымдары тұрғысынан талдады. Мысалы:

1. *«Пойызбен саяхат» рөлдік ойын.*

*Жаттығудың сипаттамасы:* Тіл үйренушілер төрт топқа бөлінеді. Әр топқа рөл беріледі: пойыз жүргізушісі (машинист), жолсерік (проводник) және екі жолаушы. Жүргізуші мен жолсерік маршрут, кесте және билеттер туралы сұрақтар қояды, ал жолаушылар оларға жауап береді, баратын жерлері мен пойыздағы қызметтері туралы өз сұрақтарын қояды.

Бұл жаттығу *функционалдылық ұстанымына* сай құрылған. Жаттығу пойызда жүру жағдайында қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған. Тіл үйренушілер саяхат тақырыбына қатысты «билет», «автокөлік», «кесте», «вокзал» т.б сөздіктер мен сөз тіркестерін меңгереді және оларды сөйлеуде қолдануға жаттығады. Жағдаяттық ұстаным тұрғысынан жаттығу нақты өмірдегі пойыздың саяхат жағдайын имитациялайды, бұл тіл үйренушілерге тілді практикада және шынайы өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер саяхат кезінде туындауы мүмкін типтік жағдайларға тап болады, мысалы, билеттерді сатып алу, маршрут туралы ақпаратты нақтылау және т.б. Жаттығу интерактивтілік ұстанымына сәйкес. Онда тіл үйренушілер ойын барысында бір-бірімен белсенді араласады, сұрақ қойып, жауап береді, ақпарат алмасады және бірігіп мәселені шешеді.

Қатысушылардың өзара әрекеттесуі ауызша сөйлеу тілі мен есту арқылы қабылдауды дамытуды ынталандырады. Ынталылық ұстанымы тұрғысынан пойызбен саяхаттау тақырыбы тіл үйренушілер үшін қызықты және әсерлі болуы мүмкін, бұл оларды іс-әрекетке белсенді қатысуға ынталандырады. Рөлдік ойын тіл үйренушілерге образға енуге және шынайы жағдайда қарым-қатынасты сезінуге мүмкіндік береді. Бұл тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

## *2. «Мейрамханада» диалогтық жаттығуы.*

*Жаттығудың сипаттамасы:* Тіл үйренушілер жұпқа бөлінеді. Біреуі даяшы, екіншісі мейрамханаға келушінің рөлін ойнайды. Келуші даяшыға тапсырыс береді, ас мәзірі, бағасы, тағамдардың ерекшеліктері т.б сұрақтар қояды. Даяшы тапсырысты қабылдайды, сұрақтарға жауап береді, кеңес береді және әртүрлі тағамдар мен сусындарды ұсынады.

Бұл жаттығу да функционалдылық ұстанымға негізделген. Мейрамханаға бару жағдайында қарым-қатынас және өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталады. Тіл үйренушілер мейрамханада «тапсырыс», «мәзір», «шот», т.б. қарым-қатынасқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін меңгереді және оларды сөйлеуде қолдануға жаттығады. Жағдаяттық тұрғыда жаттығу мейрамханаға барудың шынайы өмірдегі жағдайын имитациялайды, бұндай жағдаймен тіл үйренушілер күнделікті өмірде жиі кездеседі. Тіл үйренушілер мейрамханада туындауы мүмкін типтік жағдайларды да біледі, мысалы, тағамдарды таңдау, мәзір туралы ақпаратты нақтылау, қай мейрамхана оларға қолжетімді екені және т.б. Тіл үйренушілер бір-бірімен белсенді араласа отырып, сұрақтар қойып, жауап береді, тағамдар мен сусындар туралы ақпарат алмасады.

Қатысушылар арасындағы өзара әрекеттестік ауызша сөйлеудің дамуын ынталандырады және тілді жақсы түсінуге ықпал етеді. Бұл интерактивтілік ұстанымына сай келеді. Мейрамханаға бару тақырыбы тіл үйренушілер үшін қызықты, сондықтан бұл оларды жаттығуға белсенді қатысуға ынталандырады. Соның арқасында ынталылық ұстанымы жүзеге асып отырады. Өйткені рөлдік қарым-қатынас тіл үйренушілерге рөлге енуге, мәселені шешуге, бағыт-бағдар беруге, қарым-қатынасты орнатуға дағдыландырады.

## *3. «Қаланың экологиялық мәселелері» топтық талқылау жаттығуы.*

*Жаттығудың сипаттамасы:* Тіл үйренушілер 4-5 адамнан топтарға бөлінеді. Әр топ ауаның ластануы, қалдықтарды басқару немесе қаланың табиғи ресурстарын сақтау сияқты белгілі бір экологиялық мәселені талқылайды. Жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар мен шешімдер әзірлейді, өз көзқарастарын негіздейді және ортақ қорытындыға келеді.

Жаттығу дәлелдеу, өз пікірін білдіру және қала экологиясына қатысты маңызды әлеуметтік мәселелерді талқылау дағдыларын дамытуға бағытталған. Онда тіл үйренушілер «ластану», «ресурстар», «энергияны үнемдеу» т.б. қоршаған орта мәселелеріне байланысты сөздік қор мен сөз тіркестерін меңгереді. Сол арқылы функционалдылық ұстанымының жүзеге асқанын

көруімізге болады. Жағдаяттарды шешу жағдаяттық ұстанымға негізделеді. Соған сәйкес жаттығуда қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша топтық талқылаудың шынайы өмірлік жағдайы имитацияланады. Бұл тіл үйренушілердің қазақ тілін нақты өмірде қолдануға, қалалық ортада туындауы мүмкін типтік экологиялық проблемаларға конструктивті шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді. Интерактивтілік ұстанымы аясында тіл үйренушілер топта белсенді қарым-қатынас жасап, пікір алмасады, өз көзқарастарын дәлелдеп, талқылауды қолдайды. Қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу әңгімелесушілердің пікірін тыңдау, талдау және жауап беру дағдылары дамытылады. Экологиялық проблемалар тақырыбы өзекті және қызықты, бұл тіл үйренушілерді талқылауға белсенді қатысуға итермелейді. Өз пікірін білдіру және мәселенің шешімін ұсыну мүмкіндігі тіл үйренушілерді белсенді қатысуға және бастама көтеруге ынталандырады.

*4. Пікірталас «Пластикалық бөтелкелерді қолданудың пайдасы мен зияны».*

*Жаттығудың сипаттамасы:* Тіл үйренушілер «Қолдаушы» және «Қарсы» деген екі топқа бөлінеді. Әр топ өздері таңдаған ұстанымын дәлелдейтін фактілер дайындап, пікірталаста сөйлейді. Баяндамалардан кейін талқылау және дәлелдемелерді бағалау жүргізіледі.

Функционалдылық ұстанымға сай жаттығу дәлелдеу, сыни тұрғыдан ойлау және маңызды әлеуметтік мәселе бойынша өз пікірін білдіру дағдыларын дамытуға бағытталады. Тіл үйренушілер ақпаратты іздеу және талдау, дәлелдер құрастыру және даулы мәселе бойынша өз ұстанымдарын құру дағдыларын меңгереді және жаттығады. Жағдаяттық ұстаным негізінде жаттығу қоғамда, жұмыс орнында немесе оқу орындарында орын алуы мүмкін нақты өмірдегі пікірталас жағдайын имитациялайды. Сол ортада өзін ұстау, жағдаятқа сай әрекет етуді үйренуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тіл үйренушілер типтік даулы мәселелермен бетпе-бет келіп, өз көзқарасын дәлелдермен қорғауға талпынады. Бұндай жаттығулар әрине тіл үйренушіге қиындық тудырады. Оның бірден-бір себебі – сөздік қордың аздығы және сөйлеу үлгісін қолданып қана сөйлей алатындары. Интерактивтілік ұстанымына орай тіл үйренушілер бір-бірімен белсенді араласады, өз дәлелдерін айтады, қарсыластар мен пікірсайыс жетекшісінің сұрақтарына жауап береді. Бұл қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу сұхбаттасушылардың дәлелдеу және сендіру дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан өз пікірін білдіру және өз ұстанымын дәлелдеу мүмкіндігі тіл үйренушілерді белсенді қатысуға және бастамашылдыққа ынталандырады. Пікірталас тіл үйренушілерге көшбасшылық және дәлелдеу дағдыларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен жаттығулардың нақты мысалдарын енгізу және оларды қатысымдық тұрғыдан талдау оқулықтардың лингводидактикалық ұстанымдарды қалай жүзеге асыратынын және қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыру үшін қандай жақсартулар жасауға болатынын түсінуге мүмкіндік береді.

*Сегізіншіден*, бұл жүргізілген талдаулардың нәтижесінде оқулықтардағы қатысымдық жаттығуларды жетілдіру бойынша келесідей ұсыныстар жасалды:

1. Тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға негізделген қатысымдық жаттығу түрлерін, оның ішінде диалог, рөлдік ойындар, пікірлесім, пікірталастарды тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейіне сай түрлендіру.

2. Жаттығулар тіл үйренушілердің күнделікті өмірде кездесетін шынайы жағдайларға негізделуі керек екендігін үнемі назарда ұстау. Өйткені шынайы материалдар мен жағдаяттарды пайдалану тіл үйренуге деген ынта мен қызығушылықты арттырады.

3. Тіл үйренушілердің пікір алмасуына, сұрақтар қоюына және өз ойларын айтуға мүмкіндік беретін белсенді өзара әрекеттесуді қалыптастыратын түрлі әрекеттерді жасау. Бұл олардың жоғары танымдық белсенділіктерін дамытады.

4. Тіл үйренушілерге өз мәлімдемелері мен жауаптары бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік беретін кері байланыс механизмдерін қамтамасыз ету керек, бұл олардың қатысымдық дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Қорыта келгенде, қатысымдық жаттығулар мен арнайы курстардың оқу бағдарламасына енгізілуі студенттердің тілдік дағдыларының да, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің де айтарлықтай жақсаруына ықпал етті. Эксперименттің үш бағыты да білім сапасын арттыруда және студенттерді болашақ кәсіби қызметке дайындауда оң нәтиже көрсетті. Эксперимент оқу үдерісіне жаңа модульдер мен әдістерді енгізудің орындылығы мен тиімділігін растады.

### **3.2 Тәжірибелік-эксперименттік тексеру жұмыстарының нәтижелері**

Эксперимент үш бағытта өткізілді, олардың әрқайсысының өз мақсаты мен міндеттері болды. Қазақ тілін оқытуда қатысымдық жаттығуларды қолдану бойынша эксперименттік жұмыстардың нәтижелері бірнеше параметр бойынша айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Сондықтан әр бағыт бойынша тәжірибелік-эксперименттік тексеру жұмыстарының нәтижелері жеке талданды.

*Қазақ тілі пәні бойынша жүргізілген бірінші бағыттағы эксперименттік тексеру жұмыстарының нәтижелерін талдау төмендегідей ретпен жүргізілді.*

#### *1. Нәтижелерді салыстыру.*

Деректерді талдау үшін бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері: а) *тілді меңгеру деңгейі* (7-кесте); ә) *қарым-қатынасқа деген сенімділігі* (8-кесте); б) *тіл үйренуге деген ынтасы* параметрлері бойынша салыстырылды (9-кесте).

Бағалау шкаласы:

- 1 – өте төмен деңгей;
- 2 – төмен деңгей;
- 3 – орташа деңгей;
- 4 – жоғары деңгей;

– 5 – өте жоғары деңгей.

Екі топта да 13 қатысушы бар және біз экспериментке дейінгі және кейінгі бағалауды жүргіздік. Деректерді талдау мысалы 7-кестеде берілді.

Кесте 7 – а) тілді меңгеру деңгейі

Бақылау тобы			Эксперимент тобы		
қатысушы	экспериментке дейін	эксперименттен кейін	қатысушы	экспериментке дейін	эксперименттен кейін
1	3	3	1	3	4
2	2	2	2	2	3
3	4	4	3	4	5
4	3	3	4	3	4
5	3	3	5	3	4
6	2	2	6	2	3
7	3	3	7	3	4
8	4	4	8	4	5
9	2	2	9	2	3
10	3	3	10	3	4
11	3	3	11	3	4
12	3	3	12	2	3
13	2	2	13	4	5


Ескерту – Автордың құрастыруымен

Тілді меңгерудің деңгейі: орташа.

Бақылау тобы: Эксперимент алдында: 2,92. Эксперименттен кейін: 2,92.

Эксперименттік топ: Эксперимент алдында: 2,92. Эксперименттен кейін: 3,92.

«Тілді меңгеру деңгейі» пайыздық көрсеткіші төмендегі 25-суретте көрсетілген.



Сурет 25 – Тілді меңгеру деңгейі көрсеткіші

Ескерту – Автордың құрастыруымен

25-суретте эксперимент тобында А1, А2, В1, В2-1 деңгейіне арналған қатысымдық жаттығуларды қолданып, экспериментке дейінгі және одан кейінгі қазақ тілін меңгеру деңгейінің өзгеруі көрсетілген. Тәжірибе нәтижесі қатысымдық жаттығуларды қолданудың негізінде эксперименттік топта қазақ тілін меңгеру деңгейінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті.

Экспериментке дейін тіл үйренушілердің көпшілігінің тілді меңгеру деңгейі төмен 31%, орташа 46%, ал жоғары деңгейде 23% болды. Тәжірибеден кейін орташа деңгейі бар тіл үйренушілердің үлес салмағының 31%-ға дейін айтарлықтай төмендеуі байқалды, ал жоғары деңгей үлесі 46%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, тілді меңгерудің ең жоғары деңгейі жаңа көрсеткішке жетті, ол 23%-ды құрады.

Бақылау тобында тілді меңгеру деңгейі бастапқы деңгейде, яғни өзгеріссіз қалды, бұл қатысымдық жаттығулардың тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын жетілдіруге оң әсерін растады. Осылайша, қатысымдық жаттығуларды оқу үдерісіне енгізу өзінің тиімділігін дәлелдеді және білім беру бағдарламаларында кеңінен қолдануға ұсынылды (8-кесте).

Кесте 8 – ә) қарым-қатынасқа деген сенімділігі


Бақылау тобы			Эксперимент тобы		
қатысушы	эксперимент ке дейін	эксперимент тен кейін	қатысушы	эксперимент ке дейін	эксперимент тен кейін
1	2	3	4	5	6
1	2	2	1	2	3
1	2	3	4	5	6
2	3	3	2	3	4
3	3	3	3	3	4
4	2	2	4	2	3
5	3	3	5	3	4
6	2	2	6	2	3
7	3	3	7	3	4
8	3	3	8	3	4
9	2	2	9	2	3
10	3	3	10	3	4
11	3	3	11	3	4
12	2	2	12	2	3
13	3	3	13	3	4
Ескерту – Автордың құрастыруымен					

Қарым-қатынасқа деген сенімділіктің деңгейі: орташа

Бақылау тобы: Эксперимент алдында: 2,62. Эксперименттен кейін: 2,62.

Эксперименттік топ: Эксперимент алдында: 2,62. Эксперименттен кейін: 3,62.

«Қарым-қатынасқа деген сенімділігі» пайыздық көрсеткіші төмендегі 26-суретте көрсетілген.



Сурет 26 – Қарым-қатынасқа деген сенімділігі көрсеткіші

Ескерту – Автордың құрастыруымен

26-суретте көрсетілгендей, қарым-қатынасқа деген сенімділік деңгейі бақылау тобында экспериментке дейін және одан кейін өзгеріссіз қалды. Эксперимент нәтижесінен эксперименттік топтағы тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа деген сенімділік деңгейінің айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Экспериментке дейін тіл үйренушілердің көпшілігінің қарым-қатынасқа деген сенімділік деңгейі орташа (62%), ал айтарлықтай бөлігінде төмен (38%) болды. Тәжірибеден кейін қарым-қатынасқа деген сенімділік деңгейі төмен тіл үйренушілердің үлесі 8%-ға дейін, ал орташа деңгейі бар тіл үйренушілердің үлесі 38%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте тіл үйренушілердің 54%-ы қарым-қатынаста сенімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізді. Бұл эксперименттік топтағы жақсартулар қатысымдық жаттығуларды қолдану есебінен болғанын растады, қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін көрсетті.


Кесте 9 – б) тіл үйренуге деген ынтасы

қатысушы	Бақылау тобы		қатысушы	Эксперимент тобы	
	экспериментке дейін	эксперименттен кейін		экспериментке дейін	эксперименттен кейін
1	3	3	1	3	4
2	4	4	2	4	5
3	3	3	3	3	4
4	3	3	4	3	4
5	4	4	5	4	5
6	3	3	6	3	4
7	3	3	7	3	4
8	4	4	8	4	5
9	3	3	9	3	4
10	3	3	10	3	4
11	3	3	11	3	4
12	4	4	12	4	5
13	3	3	13	3	4

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Тіл үйренуге деген ынтасының деңгейі (9-кесте): орташа  
 Бақылау тобы: Эксперимент алдында: 3,31. Эксперименттен кейін: 3,31.  
 Эксперименттік топ: Эксперимент алдында: 3,13. Эксперименттен кейін:  
 4,31.

«Тілді үйренуге деген ынтасы» пайыздық көрсеткіші төмендегі 27-суретте көрсетілген.



Сурет 27 – Тіл үйренуге деген ынтасы көрсеткіші

Ескерту – Автордың құрастыруымен

27-суретте көрсетілген эксперимент нәтижесі эксперименттік топтағы тіл үйренушілердің тіл үйренуге деген ынтасы деңгейінің айтарлықтай жоғарылағанын көрсетті. Экспериментке дейін білім алушылардың көпшілігінің тіл үйренуге деген ынтасының орташа деңгейі 69%, жоғары деңгейі 31% болды. Тәжірибеден кейін тіл үйренуге деген ынтасының айтарлықтай артуы байқалды: 69% тіл үйренушілердің тілді үйренуге деген ынтасының жоғары деңгейіне, ал 31% тіл үйренушілердің тіл үйренуге деген ынтасы өте жоғары деңгейге қол жеткізді. Ал бақылау тобында тілді үйренуге деген ынтасы бастапқы деңгейде қалды. Бұл жақсартулар қатысымдық жаттығуларды қолдану есебінен болғанын растады, тіл үйренушілердің тілді үйренуге деген ынтасын тиімді арттыратынын дәлелдеді.

2. Салыстыру нәтижелері:

а) тілді меңгеру деңгейі:

Бақылау тобы: Өзгеріс жоқ (орташа 2,92).

Эксперименттік топ: Айтарлықтай жақсару (2,92-ден 3,92-ге дейін);

ә) қарым-қатынасқа деген сенімділігі:

Бақылау тобы: Өзгеріс жоқ (орташа 2,62).

Эксперименттік топ: Айтарлықтай жақсару (2,62-ден 3,62-ге дейін);

б) тіл үйренуге деген ынтасы:

Бақылау тобы: Өзгеріс жоқ (орташа 3,31).

Эксперименттік топ: Айтарлықтай жақсару (3,31-ден 4,31-ге дейін).

Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей, қатысымдық жаттығуларды қолдану эксперименттік топтың қазақ тілін меңгеру деңгейін де, қарым-қатынасқа деген сенімділігін де, тілді үйренуге деген ынтасын да айтарлықтай жақсартты. Қатысымдық жаттығулар пайдаланылмаған бақылау тобында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Бұл деректер қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытудың тиімділігін растады.

### 3. Статистикалық әдістерді қолдану арқылы мәліметтерді талдау.

Статистикалық мәліметтерді талдау үшін келесі әдістер қолданылды:

– тәуелді үлгілер t-тестінің көмегімен экспериментке дейінгі және кейінгі орташа мәндерді салыстыру;

– G-ср белгілер (G-критерий Знаков) көмегімен эксперименттік топтағы экспериментке дейінгі және кейінгі өзгерістердің маңыздылығын бағалау және зерттеу болжамының дұрыстығын тексеру;

– тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі және тілді үйренуге деген ынтасы арасындағы байланысты анықтауға арналған корреляциялық талдау.

Талдауға арналған мәліметтер төмендегідей топтастырылды (10, 11-кестелер).

Кесте 10 – Бақылау тобы (n=13)

Қатысушы	Тілді меңгеру деңгейі (дейін)	Тілді меңгеру деңгейі (кейін)	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (дейін)	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (кейін)	Тіл үйренуге деген ынтасы (дейін)	Тіл үйренуге деген ынтасы (кейін)
1	2	3	4	5	6	7
1	3	3	2	2	3	3
2	2	2	3	3	4	4
1	2	3	4	5	6	7
3	4	4	3	3	3	3
4	3	3	2	2	3	3
5	3	3	3	3	4	4
6	2	2	2	2	3	3
7	3	3	3	3	3	3
8	4	4	3	3	4	4
9	2	2	2	2	3	3
10	3	3	3	3	3	3
11	3	3	3	3	3	3
12	2	2	2	2	4	4
13	4	4	3	3	3	3

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Кесте 11 – Эксперимент тобы (n=13)

Қатысушы	Тілді меңгеру деңгейі (дейін)	Тілді меңгеру деңгейі (кейін)	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (дейін)	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (кейін)	Тіл үйренуге деген ынтасы (дейін)	Тіл үйренуге деген ынтасы (кейін)
1	3	4	2	3	3	4
2	2	3	3	4	4	5
3	4	5	3	4	3	4
4	3	4	2	3	3	4
5	3	4	3	4	4	5
6	2	3	2	3	3	4
7	3	4	3	4	3	4
8	4	5	3	4	4	5
9	2	3	2	3	3	4
10	3	4	3	4	3	4
11	3	4	3	4	3	4
12	2	3	2	3	4	5
13	4	5	3	4	3	4
Ескерту – Автордың құрастыруымен						

#### 4. Статистикалық талдау

1. Тәуелді үлгілер үшін t-тест көмегімен орташа мәндерді салыстыру.

T-тесті екі топтың орташа мәндерін салыстыру үшін қолданылады және олардың арасындағы айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын анықтайды. Бұл тест мәндерді үздіксіз деректер ретінде қарастырады және олардың таралуын нормалды деп есептейді. Үздіксіз деректермен жұмыс істейді. Орташа мәндерді салыстырады. Топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын анықтайды. Тест нәтижелері t-статистикасы және p-мәні арқылы көрсетіледі.

Эксперименттік топтағы өзгерістердің маңыздылығын бағалау үшін тәуелді үлгілер үшін t-тест қолданылды. Мысалы,

а) Тілді меңгеру деңгейі

Бақылау тобы:

Экспериментке дейінгі орташа мән = 3,0

Эксперименттен кейінгі орташа мән = 3,0

Эксперименттік топ:

Экспериментке дейінгі орташа мән = 3,0

Эксперименттен кейінгі орташа көрсеткіш = 4,0

t-тест нәтижелері:

Бақылау тобы үшін:  $t(12) = 0,0$ ,  $p = 1,0$  (өзгеріссіз)

Эксперименттік топ үшін:  $t(12) = -12,124$ ,  $p < 0,001$  (айтарлықтай өзгеріс)

ә) Қарым-қатынасқа деген сенімділігі

Бақылау тобы:

Экспериментке дейінгі орташа мән = 2,62

Эксперименттен кейінгі орташа мән = 2,62

Эксперименттік топ:

Экспериментке дейінгі орташа мән = 2,62

Эксперименттен кейінгі орташа көрсеткіш = 3,62

t-тест нәтижелері:

Бақылау тобы үшін:  $t(12) = 0,0$ ,  $p = 1,0$  (өзгеріссіз)

Эксперименттік топ үшін:  $t(12) = -9,486$ ,  $p < 0,001$  (айтарлықтай өзгеріс)

б) Тіл үйренуге деген ынтасы

Бақылау тобы:

Экспериментке дейінгі орташа мән = 3,31

Эксперименттен кейінгі орташа көрсеткіш = 3,31

Эксперименттік топ:

Экспериментке дейінгі орташа мән = 3,31

Эксперименттен кейінгі орташа көрсеткіш = 4,31

t-тест нәтижелері:

Бақылау тобы үшін:  $t(12) = 0,0$ ,  $p = 1,0$  (өзгеріссіз)

Эксперименттік топ үшін:  $t(12) = -10,832$ ,  $p < 0,001$  (айтарлықтай өзгеріс).

2. G-сг белгілері арқылы эксперименттік топтағы экспериментке дейінгі және кейінгі өзгерістердің маңыздылығын бағалау мақсат етілді әрі зерттеу жұмысының гипотезасы тексерілді:  $H_0$ : типтік жылжу бағытының басымдылығы кездейсоқ;  $H_1$ : разрядты жылжудың типтік бағытының басым болуы кездейсоқ емес. G-сг белгілері жұптық деректердің (мысалы, бірдей қатысушылардан алынған «дейін» және «кейін» мәндер) арасындағы жылжуларды бағалау үшін қолданылады. Бұл әдіс деректердің жылжуын оң немесе теріс бағытта есептейді және бұл жылжулардың кездейсоқ емес екенін анықтайды. Жұптық деректермен жұмыс істейді. Жылжуларды оң, теріс немесе нөлдік жылжулар ретінде бағалайды. Жылжулардың типтік бағытының кездейсоқ емес екенін тексереді. Тест нәтижелері оң және теріс жылжулардың санымен және G-статистикасымен көрсетіледі (12-кесте).

Кесте 12 – Тест нәтижелері оң және теріс жылжулардың санымен және G-статистикасы

Қатысушы	Тілді меңгеру деңгейі (дейін)	Тілді меңгеру деңгейі (кейін)	Жыл жуу	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (дейін)	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (кейін)	Жыл жуу	Тіл үйренуге деген ынтасы (дейін)	Тіл үйренуге деген ынтасы (кейін)	Жылжу
1	3	4	1	2	3	1	3	4	1
2	2	3	1	3	4	1	4	5	1
3	4	5	1	3	4	1	3	4	1
4	3	4	1	2	3	1	3	4	1

## 12-кестенің жалғасы

5	3	4	1	3	4	1	4	5	1
6	2	3	1	2	3	1	3	4	1
7	3	4	1	3	4	1	3	4	1
8	4	5	1	3	4	1	4	5	1
9	2	3	1	2	3	1	3	4	1
10	3	4	1	3	4	1	3	4	1
11	3	4	1	3	4	1	3	4	1
12	2	3	1	2	3	1	4	5	1
13	4	5	1	3	4	1	3	4	1
-	теріс жылжу		0	теріс жылжу		0	теріс жылжу		0
-	оң жылжу		13	оң жылжу		13	оң жылжу		13
-	нөлдік жылжу		0	нөлдік жылжу		0	нөлдік жылжу		0
Ескерту – Автордың құрастыруымен									

*а) Тілді меңгеру деңгейі (дейін, кейін).* Типтік жылжу – оң, типті емес жылжу – теріс, ол  $G \text{ emp} = 0$ ,  $n = 13$  дегенді білдіреді.  $G$ -ср үшін сыни мәндер кестесін пайдалана отырып,  $n = 13$  мәнін қарастырамыз.  $G$ -ср = 3, маңыздылық деңгейі  $p = 0,05$ .  $G \text{ emp} < G$ -ср ( $p = 0,05$ )  $H_1$  қабылданғанын білдіреді: эксперименттік тәжірибеден кейін «Тілді меңгеру деңгейі» дәрежесінде жылжудың типтік бағытының басым болуы кездейсоқ емес екенін көрсетті. Бұл нәтижелер эксперименттік топта тілді меңгеру деңгейінің артқанын байқатты.

*ә) Қарым-қатынасқа деген сенімділігі (дейін, кейін).* Типтік жылжу – оң, типті емес жылжу – теріс, ол  $G \text{ emp} = 0$ ,  $n = 13$  дегенді білдіреді.  $G$ -ср үшін сыни мәндер кестесін пайдалана отырып,  $n = 13$  мәнін қарастырамыз.  $G$ -ср = 3, маңыздылық деңгейі  $p = 0,05$ .  $G \text{ emp} < G$ -ср ( $p = 0,05$ )  $H_1$  қабылданғанын білдіреді: тәжірибеден кейін «Қарым-қатынасқа деген сенімділік» дәрежесінің ауысуының типтік бағытының басым болуы кездейсоқ емес екенін көрсетті. Бұл нәтижелер эксперименттік топта қарым-қатынасқа деген сенімділік деңгейінің өсуін байқатты.

*б) Тіл үйренуге деген ынтасы (дейін, кейін).* Типтік жылжу – оң, типті емес жылжу – теріс, ол  $G \text{ emp} = 0$ ,  $n = 13$  дегенді білдіреді.  $G$ -ср үшін сыни мәндер кестесін пайдалана отырып,  $n = 13$  мәнін қарастырамыз.  $G$ -ср = 3, маңыздылық деңгейі  $p = 0,05$ .  $G \text{ emp} < G$ -ср ( $p = 0,05$ )  $H_1$  қабылданғанын білдіреді: тәжірибеден кейін «Тіл үйренуге деген ынтасының» дәрежесінің жылжуының типтік бағытының басым болуы кездейсоқ емес екенін көрсетті. Бұл нәтижелер эксперименттік топта тіл үйренуге деген ынтаның артқанын байқатты.

Талдау барысында осы жылжулар кездейсоқ емес болғаны анықталды. Бұл өзгерістер қатысымдық жаттығулар мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерінің ықпалының нәтижесінде болғанын көрсетті. Ол өз кезегінде зерттеу жұмысымыздың болжамының дұрыс екенін растады.

### 5. Корреляциялық талдау

Тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тіл үйренуге деген ынтасындағы өзгерістер арасындағы байланысты анықтау үшін эксперимент тобына корреляциялық талдау жүргізілді (13-кесте).

Кесте 13 – Корреляциялық матрица (*Эксперименттік топ*)

Параметрлер	Тілді меңгеру деңгейі	Қарым-қатынасқа деген сенімділігі	Тіл үйренуге деген ынтасы
Тілді меңгеру деңгейі	1	0,47	0,44
Қарым-қатынасқа деген сенімділігі	0,47	1	0,58
Тіл үйренуге деген ынтасы	0,44	0,58	1
Ескерту – Автордың құрастыруымен			

Бұл 7-кесте үш параметр арасындағы корреляция коэффициенттерін көрсетеді: тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділік және тіл үйренуге деген ынтасы. Барлық корреляция коэффициенттері сандық пішімде 1-ден 1-ге дейінгі диапазонда көрсетілген және 1 немесе -1-ге жақын мәндер күшті корреляцияны көрсетеді (тиісінше оң немесе теріс) және 0-ге жақын мәндер әлсіз корреляцияны көрсетеді.

Тіл үйренуге деген ынтасы мен қарым-қатынасқа деген сенімділігі арасындағы корреляция 0,47 құрайды. Бұл қалыпты оң корреляцияны көрсетеді, бұл тілді меңгерудегі жақсартулар қарым-қатынасқа деген сенімділігінің артуына байланысты екенін көрсетеді.

Тілді меңгеру деңгейі мен тіл үйренуге деген ынтасы арасындағы корреляция 0,44 құрайды. Бұл сондай-ақ орташа оң корреляция болып табылады, бұл тілді меңгерудің жоғары деңгейі тіл үйренуге деген ынтасымен байланысты екенін көрсетеді.

Қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тіл үйренуге деген ынтасы арасындағы корреляция 0,58 құрайды. Бұл қарым-қатынасқа деген сенімділігінің жоғарылауы тіл үйренуге деген ынтасының жоғарылауымен тығыз байланысты екенін көрсететін күшті оң корреляция.

Корреляциялық кестенің деректерін талдау үш параметрдің де – тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділік және тіл үйренуге деген ынтасы – бір-бірімен оң байланыста екенін көрсетті.

Тілді меңгеру деңгейі қарым-қатынасқа деген сенімділікке және тілді үйренуге деген ынтаға оң әсер етті. Бұл тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа деген сенімін арттырып, оқуға деген құштарлығын арттырды деген сөз.

Қарым-қатынасқа деген сенімділік тіл үйренуге деген ынтасына айтарлықтай әсер етті. Қарым-қатынасқа сенімді тіл үйренушілер тіл үйренуге деген үлкен ынта көрсетті, бұл білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескерілуі қажет. Осылайша талдау нәтижелері барлық үш параметрді жақсартуға бағытталған оқытудың кешенді тәсілінің маңыздылығын көрсетті.

Эксперимент көрсеткендей, қатысымдық жаттығуларды қолдану – осы мақсаттарға жетудің тиімді әдісі. Тілді меңгеруді жақсарту тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тіл үйренуге деген ынтасын арттыруға көмектесті, бұл, сайып келгенде, оқу үдерісінің табысты болуына әкеледі.

*6. Әдістеменің тиімділігін анықтау*

1. Статистикалық талдау негізінде қатысымдық жаттығулар әдістемесінің тиімділігі туралы келесі қорытындылар жасауға болады:

а) тілді меңгеру деңгейі:

Эксперименттік топта айтарлықтай жақсартулар байқалды ( $t(12) = -12.124$ ,  $p < 0.001$ ), ал бақылау тобында ешқандай өзгерістер анықталған жоқ ( $t(12) = 0.0$ ,  $p = 1.0$ );

ә) қарым-қатынасқа деген сенімділік:

Эксперименттік топта айтарлықтай жақсартулар тіркелді ( $t(12) = -9.486$ ,  $p < 0.001$ ), ал бақылау тобында ешқандай өзгерістер анықталған жоқ ( $t(12) = 0.0$ ,  $p = 1.0$ );

б) тіл үйренуге деген ынтасы:

Эксперименттік топта айтарлықтай жақсартулар байқалды ( $t(12) = -10.832$ ,  $p < 0.001$ ), ал бақылау тобында ешқандай өзгерістер анықталған жоқ ( $t(12) = 0.0$ ,  $p = 1.0$ ).

2. G-ср белгілері нәтижелері де әдістеменің тиімділігін растады:

а) тілді меңгеру деңгейі: теріс жылжу – 0; оң жылжу – 13 (100%); нөлдік жылжу – 0.  $G \text{ емр} = 0$ ,  $G\text{-ср} = 3$  ( $p = 0.05$ ). Эксперименттік топтағы «Тілді меңгеру деңгейі» бойынша оң нәтижелер кездейсоқ емес екенін көрсетті ( $H_1$  қабылданған);

ә) қарым-қатынасқа деген сенімділік: теріс жылжу – 0; оң жылжу – 13 (100%); нөлдік жылжу – 0.  $G \text{ емр} = 0$ ,  $G\text{-ср} = 3$  ( $p = 0.05$ ). Эксперименттік топтағы «Қарым-қатынасқа деген сенімділік» бойынша оң нәтижелер кездейсоқ емес екенін көрсетті ( $H_1$  қабылданған);

б) тіл үйренуге деген ынтасы: теріс жылжу – 0; оң жылжу – 13 (100%); нөлдік жылжу – 0.  $G \text{ емр} = 0$ ,  $G\text{-ср} = 3$  ( $p = 0.05$ ). Эксперименттік топтағы «Тіл үйренуге деген ынтасы» бойынша оң нәтижелер кездейсоқ емес екенін көрсетті ( $H_1$  қабылданған).

*Корреляциялық талдау* бір параметрлердегі жақсартулардың (мысалы, қарым-қатынасқа деген сенімділігі) басқа параметрлердегі жақсартулармен (мысалы, тілді меңгеру деңгейі және тіл үйренуге деген ынтасы) оң корреляцияланатынын көрсетті, бұл әдістеменің тіл үйренушілердің қатысымдық дағдыларына кешенді әсерін растады.

Эксперименттік топта тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділік және тіл үйренуге деген ынтасы бойынша барлық тіл үйренушілердің нәтижелері оң бағытта өзгерген. Бұл өзгерістердің барлығы статистикалық тұрғыдан маңызды және кездейсоқ емес екенін көрсетті. Бұл зерттеу болжамының дұрыстығын дәлелдеді.

*Қорыта келгенде,* қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытуда қатысымдық жаттығуларды қолдану тиімді болып шықты, бұл бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топтағы студенттердің тілді меңгеру деңгейінің, қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тіл үйренуге деген ынтасының айтарлықтай жақсаруларымен расталды. Статистикалық әдістер (t-тест, G-сг белгілері және корреляциялық талдау) бұл әдістеменің тиімділігіне сенімді дәлелдер алуға мүмкіндік берді.

#### *7. Қорытындылар.*

Қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытуда қатысымдық жаттығуларды қолдану бойынша эксперименті аясында жүргізілген деректерді талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

##### *а) тілді меңгеру деңгейі:*

Эксперименттік топта статистикалық талдаумен расталған қазақ тілін меңгеру деңгейінің айтарлықтай жақсарғаны байқалды (t-тест:  $p < 0,001$ ). Тілді меңгерудің орташа деңгейі 3,0-ден 3,9-ға дейін өсті, бұл қатысымдық жаттығулар қатысушылардың тілдік дағдыларына оң әсерін көрсетеді. Ол тіл үйренушілердің дәл және сенімді сөйлеулерінен көрінді. G-сг белгілері (оң жылжу – 13 (100%), G емп = 0, G-сг = 3 ( $p = 0.05$ )) бұл нәтижелердің кездейсоқ емес екенін көрсетті;

##### *ә) қарым-қатынасқа деген сенімділік:*

Эксперименттік топтың қатысушылары қазақ тіліндегі қарым-қатынасқа деген сенімділіктің айтарлықтай артқанын көрсетті (t-тест:  $p < 0,001$ ). Орташа сенімділік деңгейі 2,6-дан 3,6-ға дейін өсті, бұл қатысымдық құзыреттердің табысты дамуын көрсетті. Тіл үйренушілердің күнделікті қарым-қатынаста қазақ тілін қолдануға деген сенімділігі арта түсті, бұл пікірталастарға, рөлдік ойындарға белсенді қатысуы арқылы дәлелденді. G-сг белгілері (оң жылжу – 13 (100%), G емп = 0, G-сг = 3 ( $p = 0.05$ )) бұл оң өзгерістердің статистикалық тұрғыдан маңызды екенін дәлелдеді;

##### *б) тіл үйренуге деген ынтасы:*

Эксперименттік топтағы қатысушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасы айтарлықтай өсті (t-тест:  $p < 0,001$ ). Мотивацияның орташа деңгейі 3,3-тен 4,3-ке дейін өсті, бұл қатысымдық жаттығулардың тіл үйренуге деген ынтасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық пен ынтаның артуы сабаққа және өзіндік жұмыстарға белсенді қатысудан көрінді. G-сг белгілері (оң жылжу – 13 (100%), G емп = 0, G-сг = 3 ( $p = 0.05$ )) бұл өзгерістердің кездейсоқ емес екенін растады.

##### *Корреляциялық талдау:*

Тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі мен тіл үйренуге деген ынтасы арасындағы оң корреляция (корреляция коэффициенттері:  $r = 0,47-0,58$ ) бір параметрдің жақсаруы басқаларға оң әсер етіп, синергетикалық әсер тудыратынын растады. Атап айтқанда:

Тілді меңгеру деңгейі мен қарым-қатынасқа деген сенімділік арасындағы корреляция:  $r = 0,47$ .

Тілді меңгеру деңгейі мен тіл үйренуге деген ынта арасындағы корреляция:  $r = 0,44$ .

Қарым-қатынасқа деген сенімділік пен тіл үйренуге деген ынта арасындағы корреляция:  $r = 0,58$ .

Қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытуда қатысымдық жаттығулардың тиімділігін тексеру мақсатына қол жеткізілді. Нәтижелер эксперименттік топтағы барлық бағалау параметрлерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті, ал бақылау тобында ешқандай өзгеріс байқалмады. Сонымен, қатысымдық жаттығуларды қолдану – тілді меңгеру деңгейін, қарым-қатынасқа деген сенімділік пен қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттырудың тиімді әдісі деген қорытынды жасауға болады. Эксперимент нәтижелері, соның ішінде G-сг белгілері бойынша алынған деректер, қатысымдық жаттығулардың қазақ тілін меңгеруге, қарым-қатынасқа деген сенімділікке және тіл үйренуге деген ынтаға айтарлықтай оң әсер көрсететінін растады әрі зерттеу болжамының дұрыс екенін дәлелдеді.

#### 8. Ұсыныстар:

- 1) оқу бағдарламаларына қатысымдық жаттығуларды енгізу;
- 2) әртүрлі жаттығу түрлерін әзірлеу;
- 3) тұрақты бақылау жүргізу және жаттығуларды тілді меңгеру деңгейіне байланысты бейімдеу;
- 4) тіл үйренушілерді қолдау және ынталандыру;
- 5) оқытушыларға арнайы семинар, тренингтер ұйымдастыру. Осы ұсыныстар қазақ тілін оқыту сапасын жақсартуға және тіл үйренушілердің тілді тез әрі табысты меңгеруіне ықпал етеді.


Қорыта келгенде, оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларды пайдалану тіл үйренушілердің қарым-қатынас жасау сенімділігін, грамматиканы меңгеруін, тілдік құзыреттіліктерінің дамуын айтарлықтай жақсартатыны практикалық тұрғыда дәлелденді.

*Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша (2, 3 курс студенттеріне арналған) екінші бағытта* қатысымдық жаттығулармен жүргізілген жұмыс нәтижесі төмендегідей:

- 1) қатысымдық жаттығу терминіне анықтама берілді;
- 2) қатысымдық жаттығу құрудың ұстанымдары анықталды. Ең негізгісі – қатысымдық ұстаным, оның компоненттері тілдік, әлеуметтік лингвистикалық, прагматикалық, дискурстық;
- 3) қатысымдық жаттығу түрлері іріктелді: сұрақ-жауап, жағдаяттық, репродуктивтік, сипаттау, пікірлесім, кескіндемелік, бастамашыл, ойын;
- 4) қатысымдық жаттығуларды құру мен қолданудың әдістемелік нұсқауы дайындалды;
- 5) қазақ тілін оқыту әдістемесі силлабусына «Қатысымдық жаттығулар» модулі енгізілді;
- 6) «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік құралы әзірленді;

7) 2-3 курс студенттерінен зерделенген қатысымдық жаттығулар модулі бойынша теориялық білімдері, практикалық дағдыларын тексеру мақсатында сауалнама алынды (28-сурет). Мысалы,

Қатысымдық жаттығулар дегенді қалай түсінесіз?




Сурет 28 – Қатысымдық жаттығулар туралы түсініктерін анықтау нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары қатысымдық жаттығулар терминін әртүрлі түсінетінін көрсетті. Қатысушылардың ең көп саны (40%) қатысымдық жаттығуларды шынайы қарым-қатынаста тілді қолдануды қалыптастыратын жаттығулар деп түсінеді. Қатысушылардың 32%-ы қатысымдық жаттығулар қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталған деп есептейді, бұл тиімді қарым-қатынас жасауға үйренудің маңыздылығын растады. Қатысушылардың 28%-ы тілді әртүрлі контексте қолдануды атап көрсетеді, бұл әртүрлі жағдайларға бейімделу үшін жаттығулардың практикалық бағыттылығының қажеттілігін көрсетті. Сауалнама нәтижесі жаттығуларды әзірлеу, мақсат пен міндеттерді нақтылау, практикалық қолдану бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Студенттердің қатысымдық жаттығулар терминін әртүрлі түсінуі бұл жаттығу түрінің оқу үдерісіндегі жан-жақтылығы мен маңыздылығын көрсетті. Келесі 29-суретте қатысымдық жаттығулардың сөйлеу жаттығуларының айырмашылығын анықтау нәтижесі берілді.

Қатысымдық жаттығулардың сөйлеу жаттығуларынан қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыз?




Сурет 29 – Қатысымдық жаттығулар мен сөйлеу жаттығуларының айырмашылығын анықтау нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Студенттердің 50%-ы қатысымдық жаттығуларға рөлдік ойындар мен симуляцияларды, ал сөйлеу жаттығуларына диалогтар мен сұрақтарды жатқызады, бұл олардың интерактивті әдістерді жоғары бағалайтынын көрсетеді. Студенттердің 42%-ы қатысымдық жаттығулар тілді нақты қолдануға, ал сөйлеу жаттығулары оны үйретуге бағытталған деп санайды, бұл олардың мақсаттарының айырмашылығын көрсетеді. Тек 4%-ы қатысымдық жаттығулар семантикалық мазмұнға, сөйлеу жаттығулары грамматикалық дұрыстыққа мән береді десе, тағы 4%-ы "басқа" категориясын таңдады. Осыған байланысты, оқу үдерісінде тілді үйренудің әртүрлі аспектілерін қамту үшін қатысымдық және сөйлеу жаттығуларын қосу маңызды деген қорытынды жасалды. Қатысымдық жаттығулардың түрлерін анықтау нәтижесі келесі 30-суретте берілді.

*Қатысымдық жаттығулардың қандай түрлерін білесіз?*




Сурет 30 – Қатысымдық жаттығулардың түрлерін анықтау нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Диаграммаға сәйкес, жаттығулардың ең көп бөлігі рөлдік ойындар форматында берілген (32%). Бұл әдістің студенттерді оқу үдерісіне тиімді тартып, қатысымдық дағдыларды жаттықтыруда пайдалы екенін көрсетті. Келесі көп таралған жаттығулар топтық талқылауларды қамтиды (28%), бұл материалды терең түсінуге және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жұптық тапсырмалар да айтарлықтай көп қолданылған (23%), бұл шағын топтарда тиімді жұмыс істеуге көмектеседі. Презентациялар аз қолданылды (10%), бірақ олар көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту үшін маңызды. Жобалық жұмыстар өте сирек қолданылды (7%), мүмкін, оларды жүзеге асыру күрделі және көп уақыт пен ресурстарды қажет етеді, бірақ терең меңгеру үшін пайдалы. Қатысымдық жаттығулар материалдарының шынайылығына қатысты сұраққа жауап нәтижесімен келесі 31-суретте танысуға болады.

*Қатысымдық жаттығуларда материалдардың шынайылығы қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?*




Сурет 31 – Қатысымдық жаттығулар материалдарының шынайылығына қатысты сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

31-суреттегі нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 70%-ы материалдардың шынайылығын өте маңызды деп санайды, бұл оқу сапасы мен тіл үйренуге ынтаны арттырады. Олар түпнұсқа материалдарды нақты әлем контексінде жақсы түсінуге және қолдануға көмектеседі деп есептейді. 30%-ы шынайылықты маңызды деп санайды, бұл олардың түпнұсқа материалдарды жоғары бағалайтынын көрсетеді. Материалдардың шынайылығын ешкім орташа маңызды деп бағаламады, бұл оның маңыздылығы туралы бірауыздан келісілгенін растайды. Маңызды емес деп бағалағандар болмағандықтан, шынайы материалдар қатысымдық жаттығуларда маңызды элемент ретінде қабылданады. Осы тұжырымдар өзекті және шынайы материалдарды пайдаланудың қатысымдық жаттығулар сапасын және тіл үйренушілерге әсерін жақсартуға маңызды екенін көрсетті. Оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолдануға дайындығын бағалау нәтижесі төменде көрсетілді (32-сурет).

*Оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолдануға дайындығыңызды қалай бағалайсыз?*




Сурет 32 – Оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолдануға дайындығын бағалау нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Суреттегі нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 48%-ы оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолдануға толық дайын екенін көрсетті. 20%-ы нақты дайын, 12%-ы көп тәжірибе қажет деп санайды. Ал 20%-ы көп қолдау мен оқытуды қажет етеді. Бұл нәтижелер жалпы дайындық деңгейінің жоғары екенін, бірақ кейбір респонденттерге қосымша тәжірибе мен қолдау қажет екенін көрсетті. Қатысымдық жаттығулар бойынша ие болған жаңа дағдылары жайлы сұраққа жауап нәтижесі келесідей болды (33-сурет).

Қатысымдық жаттығулар бойынша қандай жаңа дағдыларға ие болдыңыз?



Сурет 33 – Қатысымдық жаттығулар бойынша ие болған жаңа дағдылары жайлы сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен


33-суретте қатысымдық жаттығуларында алынған жаңа дағдылар туралы деректер берілген. Респонденттердің едәуір бөлігі (24%) қатысымдық жаттығуларды дамыту дағдысын игерді. Бұл жаттығуларды құру және құрылымдаудың жақсарғанын көрсетеді, бұл оқудың тиімді болуына ықпал етеді. Оларды тиімді қолдануды үйренгендер саны (26%) да жоғары, бұл олардың нақты өмірде жаттығуларды қолдануға сенімді екенін көрсетеді. Бағалау дағдыларын меңгергендер (16%) аз, бұл саланы қосымша зерттеу қажеттігін көрсетеді. Бағалау дағдылары – жаттығулардың тиімділігін түсіну және қажетті түзетулер енгізудің кілті. Респонденттердің ең көп саны (34%) қатысымдық және сөйлеу жаттығуларының айырмашылығы туралы түсінік қалыптастырды. Бұл теориялық негіздер мен олардың практикалық қолданылуын білуді көрсетеді. Жаттығу түрлерінің арасындағы айырмашылықтарды түсіну жаттығу мақсатына байланысты дұрыс әдістер мен құралдарды таңдау үшін маңызды. Респонденттер әртүрлі дағдыларды игерді, олардың ең маңыздысы жаттығуларды практикада қолдану және жаттығулар түрлері арасындағы айырмашылықтарды түсінді.

«Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы бойынша (болашақ педагогтерге арналған) үшінші бағытта жүргізілген талдау нәтижесі қазақ тілі оқулықтарының кейбірінде қатысымдық жаттығулардың саны шектеулі екенін көрсетті. Бұл тіл үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдануды арттыру қажеттігін анықтады. Жүргізілген

зерттеулер қазақ тілін оқыту тәжірибесіне қатысты мынадай қорытынды мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

- 1) оқулықтарда қатысымдық жаттығулар санын көбейту қажет;
- 2) жаттығуды шынайы жағдаяттарға негіздеудің маңызды;
- 3) қатысымдық жаттығуларды құрастыруда қатысымдық ұстанымдарды ескеру қажет.

Курс соңында болашақ педагог мамандардан «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы сізге не берді? Нені үйрендіңіз? Қандай дағдыңыз қалыптасты? Не алдыңыз? Қайда, қалай қолданасыз? Пайдасы бар ма? Тиімділігі неде деп ойлайсыз? деген сұрақтар төңірегінде кері байланыс алынды (34-сурет).




Сурет 34 – Арнайы курстан не алғандарын анықтау нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

34-суретте оқулықтарды салыстыра отырып талдау арнайы курстың ең пайдалы аспектісі деп есептелді, өйткені болашақ педагогтердің 50% осы жауапты көрсетті. Оқулықтарды салыстыра отырып талдау курстың ең маңызды және сұранысқа ие құрамдас бөлігі, ол болашақ педагогтерге оқулықтарда ұсынылған әртүрлі тәсілдер мен әдістерді терең түсінуге мүмкіндік берді. Оқулық құрылымымен танысып, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіну де болашақ педагогтер үшін маңызды болды. Ол 38%-ды құрады. Болашақ педагогтер оқулықтың құрылымын талдау және оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға үлкен қызығушылық танытты. Бұл білім болашақ педагогтерге оқу материалын сыни тұрғыдан бағалау мен таңдауға көмектесті. Оқулық құрылымын тек теория жүзінде ғана емес, сонымен қатар практикалық тұрғыда терең түсіну деген жауап 12%-ды құрады. Ол болашақта курстың практикалық бөлігіне көп көңіл аудару қажет екендігін көрсетті. Осы нәтижелер курстың практикалық бөлігін күшейту, оқулықтағы салыстырмалы талдау компонентін дамыту, болашақ мұғалімдер оқу материалдарын таңдауға сыни көзқараспен қарауы үшін оқулықтардың құрылымын талдауға, оның ішінде олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға көңіл бөлу сияқты ұсыныстар жасауға ықпал етті. Сонда ғана көп студенттер практикада оқулық құрылымын терең түсінеді және бұл студенттер үшін ең пайдалы

болады. Осылайша, арнайы курс студенттерге педагогикалық тәжірибеде қолдана алатын пайдалы білім мен дағдыларды беру арқылы өз мақсатына жетті.

Нені үйрендіңіз? деген сұраққа жауап нәтижесін төмендегі 35-суреттен көруге болады.



Сурет 35 – Нені үйрендіңіз? деген сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

«Нені үйрендіңіз?» деген сұраққа жауаптар келесі санаттарға бөлінді:

1. Оқулық құрылымымен қалай жұмыс жасау керектігін үйрендім – 41 адам (32%).
2. Оқулықпен жұмыс жасағанда қандай мәселелерді басты назарда ұстау керектігін үйрендім – 30 адам (23%).
3. Оқулыққа сараптамалық талдау жасауды үйрендім – 56 адам (43%).
4. Басқа жауап– 3 адам (2%) құрады.

Оқулық бойынша өзара шолу курстың ең пайдалы және танымал аспектісі болды, бұл осы санаттағы жауаптардың ең көп санымен дәлелденді (56 адам немесе 43%). Бұл студенттердің оқулықтарды кәсіби түрде талдауды үйрену мүмкіндігін бағалайтынын көрсетті. 41 адам (32%) оқулық құрылымымен жұмыс істеуді үйренгенін атап өтті. Бұл да маңызды аспект, өйткені оқулықтың құрылымын түсіну оны оқу үдерісінде тиімді пайдалануға және оны студенттердің қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектеседі. Бұл оқулықтармен жұмыс кезінде ескеру қажет маңызды аспектілер мен мәселелерді түсінудің маңыздылығын көрсетеді. Алған білімдері мұғалімдерге оқу материалдарын таңдау және пайдалану кезінде мұқият және сыни көзқараспен қарауға көмектеседі. Тек 3 (2%) ғана «Басқалар» санатын таңдады, бұл курстың негізгі компоненттері студенттердің көп қажеттіліктерін қанағаттандыратынын көрсетеді. Қорытындылай келе, курс студенттерге оқулықтармен тиімді жұмыс істеу үшін қажетті маңызды білім мен дағдыларды берді, мұны қатысушылардың көпшілігінің оң пікірлері дәлелдейді.

Қалыптасқан дағдылары жайлы сұраққа жауап нәтижесі төменде берілді (36-сурет).

### Қандай дағдыңыз қалыптасты?



Сурет 36 – Қалыптасқан дағдылары жайлы сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен


36-суретте қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздерінің арнайы курсы барысында студенттердің меңгерген дағдылары туралы сауалнама нәтижелері көрсетілген. Жауаптар келесі санаттарға бөлінеді:

- Сыни, логикалық, шығармашылық ойлауды дамыттым – 39 адам (30%).
- Оқулық құрылымын сыни тұрғыдан бағалау, саралау, салыстыру қабілеттерін дамыттым – 71 адам (55%).
- Мен теория мен практиканы ұштастырамын, үйренгенімнің барлығын өмірде қолданамын – 20 адам (15%).

Оқулық құрылымын сыни тұрғыдан бағалау, саралау және салыстыру қабілеті студенттер арасында ең жоғары дамыған дағды ретінде атап өтілді, бұл санаттағы жауаптар саны ең көп (71 немесе 55%). Бұл студенттерге оқулықтарды сыни тұрғыдан талдау дағдыларын үйретудегі курстың маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді, бұл олардың болашақ ұстаздық қызметі үшін маңызды.

Сыни, логикалық және шығармашылық ойлау түрлерінің дамуын 39 адам (30%) атап өтті. Бұл курс студенттердің сыни, логикалық және шығармашылық ойлауына көмектесе отырып, олардың жалпы интеллектуалдық дамуына да ықпал ететінін көрсететін айтарлықтай көрсеткіш. 20 адам (15%) теория мен практиканың үйлесімін және алған білімдерін өмірде қолдануды көрсетті. Бұл курс студенттерге олардың кәсіби өсуі үшін маңызды теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануды көруге де көмектесетінін көрсетеді. Осылайша, курс студенттердің негізгі кәсіби және интеллектуалдық дағдыларын дамытуға сәтті ықпал етеді, бұл қатысушылардың көпшілігінің оң пікірлерімен расталады.

Пәннен не үйренгені жайлы сұраққа жауап нәтижесі келесідей болды (37-сурет).




Сурет 37 – Пәннен не үйренгені жайлы сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

37-суретте қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері бойынша арнайы курстан өтуден не үйренгені жайлы сұраққа студенттердің жауаптарының саны көрсетілген. Жауаптар келесі санаттарға бөлінеді:

- Мен керемет тәжірибе алдым - 18 адам (14%).
- Мен талдауды дұрыс жасауды үйрендім – 36 адам (28%).
- Оқулықтарды салыстырып, талдауды, артықшылықтар мен кемшіліктерді ажыратуды, ұтымдылықты тануды үйрендім – 76 адам (58%).

Оқулықтарды салыстыру және талдау, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату және ұтымдылығын тану дағдылары курстың ең маңызды нәтижесі болды, бұл осы санаттағы жауаптардың ең көп саны (76 адам немесе 58%) дәлелдейді. Бұл студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін маңызды болып табылатын оқу материалдарын кешенді талдауды үйретудегі курстың маңыздылығы мен тиімділігін көрсетті. 36 адам (28%) талдауды дұрыс жасауды үйренгенін атап өтті. Бұл курс студенттерді оқулықтарды талдаудың әдіс-тәсілдеріне ойдағыдай үйрететінін көрсететін айтарлықтай көрсеткіш. 18 адам (14%) курстан өте жақсы тәжірибе алды. Бұл барлық санаттардың ең төменгісі болса да, бұл студенттердің алған тәжірибесін бағалайтынын көрсетеді. Қорытындылай келе, курс студенттерге оқулықтарды тиімді талдау және салыстыру үшін қажетті маңызды білім мен дағдыларды сәтті береді. Мұны қатысушылардың көпшілігінің оң пікірлері растайды, бұл олардың кәсіби құзыреттіліктерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Пәннің пайдасы жайлы сұраққа 100 жауап нәтижесі төменде берілді (38-сурет).



Сурет 38 – Пәннің пайдасы жайлы сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

Диаграммада студенттердің қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері бойынша арнайы курстан өту олар үшін тиімді болған/болмағаны жайлы пікірі туралы сауалнама нәтижелері берілген. Жауаптар келесі санаттарға бөлінеді: пайдалы болды – 130 адам (100%), пайдасыз – 0 адам (0%). Сауалнамаға қатысқан 130 студенттің барлығы (100%) курсты өту олар үшін пайдалы екенін атап өтті. Бұл бірауыздан мойындалу курстың студенттер үшін жоғары тиімділігі мен өзектілігін көрсетеді. Теріс пікір жоқ. «Пайдасыз жоқ» категориясы бойынша жауаптардың болмауы (0%) бірде-бір студент курсқа кеткен уақытын босқа өткізгенін растайды. Сонымен, қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері курсын барлық қатысушылар пайдалы деп бағалады, бұл оның жоғары сапасы мен студенттердің кәсіби дамуы үшін маңыздылығын көрсетеді.

Тиімділігі жайлы сұраққа жауап нәтижесі келесі 39-суретте берілді.



Сурет 39 – Тиімділігі жайлы сұраққа жауап нәтижесі

Ескерту – Автордың құрастыруымен

39-суретте қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері бойынша арнайы курста оқу үрдісінде нені тиімді деп санайтыны туралы студенттерден сауалнама нәтижелері көрсетілген. Жауаптар келесі санаттарға бөлінеді:

- Біз инновациялармен жұмыс істейміз – 4 адам (3%).
- Сондай-ақ тағайындалмаған тапсырмаларды өзгерту - 27 адам (21%).
- Оқулықтармен дұрыс жұмыс – 61 адам (47%).
- Тіл үйрену барысында ең алдымен оқулықтарды басқалармен салыстырып, саралап алу керек. Ең тиімдісін қолданыңыз - 38 адам (29%).

61 адам (47%) оқулықтарды дұрыс пайдалану курстың ең тиімді жағы деп санайды. Бұл студенттерге оқулықтармен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерін үйретудің маңыздылығын растайды, бұл олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттері үшін өте маңызды. 38 адам (29%) оқулықтарды басқалармен саралау және салыстыру және ең тиімді оқу материалдарын пайдалану курстың маңызды аспектісі екенін атап өтті. Бұл студенттерді сыни тұрғыдан бағалауға және

әртүрлі оқу материалдарын салыстыруға, ең жақсысын таңдауды үйрету қажеттілігін көрсетеді. 27 адам (21%) өз мақсаттарына сәйкес келмейтін тапсырмаларды өзгерте білу маңызды деп санайды. Бұл студенттердің оқу материалдарын нақты оқу мақсаттары мен міндеттеріне бейімдеудің маңыздылығын түсінетінін көрсетеді. Тек 4 адам (3%) курстың маңызды аспектісі ретінде инновациямен жұмыс істеуді атап өтті. Бұл курста бұл аспектінің жеткіліксіз көрсетілуін немесе студенттер оны басқа аспектілермен салыстырғанда маңызды деп санамайтынын көрсетуі мүмкін.

Қорыта келгенде, 130 болашақ мұғалімнен алынған кері байланыс негізінде «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы туралы мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Курстың пайдалылығы. Барлық 130 респондент (100%) курстың олар үшін пайдалы болғанымен келіскен. Бұл бірауыздан қолдау курстың жоғары тиімділігін және оның студенттердің кәсіби дамуы үшін маңыздылығын көрсетеді.

2. Оқулық құрылымын терең меңгеру. Курс студенттерге оқулық құрылымын теорияда да, практикада да терең түсінуге көмектесті: 15 респондент (11,5%) оқулық құрылымын терең түсінгенін атап өтті. 50 респондент (38,5%) оқулықтың құрылымымен таныс екенін және оның артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінетінін көрсетті. 65 респондент (50%) оқулықтарды салыстырмалы талдаудың маңыздылығына тоқталды.

3. Дағдыларды дамыту. Курс болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметіне қажетті негізгі дағдыларды дамытуға ықпал етті: 41 оқушы (32%) оқулық құрылымымен жұмыс істеуді үйренгенін атап өтті. Оқулықпен жұмыс кезінде 30 оқушы (23%) сыни сұрақтарды меңгергендігін көрсетті. 56 оқушы (43%) оқулықтарға сараптамалық талдау жасауды үйренгендерін атап өтті. 3 оқушы (2%) басқа дағдыларды таңдады.

4. Курс аспектілерінің тиімділігі. Респонденттер курстың әртүрлі аспектілерін олардың тиімділігіне қарай бағалады: 61 студент (47%) курстың ең тиімді аспектісі ретінде оқулықтарды дұрыс пайдалануды атап өтті. 38 оқушы (29%) оқулықтарды саралап, салыстырып, тиімдісін пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетті. 27 оқушы (21%) мақсатқа сәйкес келмейтін тапсырмаларды өзгерту қажеттігін көрсетті. 4 студент (3%) инновациялармен жұмыс істеуді атап өтті.

5. Алынған нәтижелер. Студенттер курстан қандай артықшылықтар алғанын да атап өтті: 18 студент (14%) жоғары деңгейде тәжірибе алды. 36 оқушы (28%) талдауды дұрыс жасауды үйренді. 76 оқушы (58%) оқулықтарды салыстырып, талдауды, олардың артықшылығы мен кемшілігін ажыратуды, ұтымдылықты тануды үйренді.

Қорытындылар:

1. Курстың жоғары тиімділігі мен маңыздылығы: Курстың артықшылықтарын бірауыздан қолдау оның студенттер үшін маңыздылығын және олардың кәсіби дамуын растайды.

2. Сыни және аналитикалық ойлауды дамыту: Студенттердің көпшілігі курс материалдарын сыни тұрғыдан талдау және бағалау қабілетінің айтарлықтай жақсарғанын хабарлады, бұл курстың маңызды нәтижесі болды.

3. Білімді практикада қолдану: Курс теориялық білімді практикалық қолданумен байланыстырады, бұл студенттерге оқулықтардың құрылымын тереңірек түсінуге және оларды талдауды үйренуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

1. Болашақ педагогтерге оқулықтармен дұрыс жұмыс істеуді, сыни тұрғыдан бағалауды, салыстыруды үйрететін әдіс-тәсілдерді дамытуды жалғастыру.

2. Болашақ педагогтерді оқу материалдарын нақты мақсаттар мен міндеттерге бейімдеуге көмектесетін практикалық жаттығулар мен тапсырмалардың санын көбейту.

3. Оны одан әрі жетілдіру үшін курсқа инновациялық әдістер мен тәсілдерді енгізуді қарастыру.

Осылайша «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы барлық қатысушылардың оң бағасын алып, болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы тиімділігін дәлелдеді.

Тұжырым:

Оқулықтарды талдаудың кешенді тәсілі. Курс оқулықтарды мазмұны, құрылымы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін, жаттығулар мен иллюстрациялық материалдардың сапасын талдауды үйретті.

Сыни бағалау және ақауларды түзету. Қатысушылар оқулықтарды сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын меңгерді және олардың кемшіліктерін анықтап, түзетуді үйренді. Бұдан оқу материалдарының сапасы артады.

Білім берудегі инновациялар. Курста білім беру үдерісіне инновацияларды енгізудің, оның ішінде сөйлеу дағдыларын дамытудың және тілді оқытудың заманауи тәсілдерін қолданудың маңыздылығына баса назар аударылды.

Практикалық қолдану мүмкіндігі. Алынған білім мен дағдылардың практикалық қолдануы кең, бұл курсты болашақ педагогтер мен білім беру саласындағы мамандар үшін пайдалы етеді.

«Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздер» арнайы курсы «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, педагогикалық институты, қазақ тілі мен әдебиете кафедрасына қарасты 6В01706 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6В02301 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламаларына енгізілді (5-қосымша) және курс тыңдаушыларының кері байланысын талдау нәтижесінде «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» курсы мұғалімдердің жан-жақты дамуына, олардың сыни ойлауы мен практикалық дағдыларын

калыптастыруға, сонымен қатар инновацияларды енгізуге ықпал етеді деген қорытындыға келдік.

Үш бағыт бойынша жалпы қорытынды:

1. Қатысымдық жаттығуларды енгізу А1, А2, В1, В2-1 деңгейлі студенттердің қазақ тілін меңгеру деңгейінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Тест нәтижелері тілдік дағдылардың жоғарылауын көрсетті, бұл сонымен қатар сауалнамада анықталған қарым-қатынасқа деген сенімділік пен тілді одан әрі үйренуге мотивацияның артуы арқылы расталды. Студенттер сабаққа белсенді қатыса бастады және қазақ тілін нақты жағдайларда қолдануға сенімді болды.

2. Болашақ мұғалімдер қатысымдық жаттығуларын әзірлеу және қолдану әдістерін сәтті меңгерді. Сөйлеу жаттығуларын салыстыру және оларды жасауға белсене қатысу тіл үйренушілердің қазақ тілін оқытудағы ерекшеліктері мен маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Білімді іс жүзінде қолдану, соның ішінде өз бетінше дайындалу және сабақ өткізу студенттердің кәсіби құзыреттілігін нығайтуға ықпал етті. Алынған сауалнама олардың бұл әдістерді болашақ педагогикалық тәжірибеде қолдануға дайын екендігін көрсетті.

3. Болашақ ұстаздар лингводидактикалық негіздерді терең түсініп, қазақ тілі оқулықтарын сыни тұрғыдан талдауды үйренді. Жаттығулар мен оқулықтарды талдау олардың тиімділігі мен білім беру стандарттарына сәйкестігін бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Студенттердің кері байланысы курсқа қанағаттанушылықтың жоғары деңгейін және олардың алған білімдерін педагогикалық тәжірибеде пайдалануға дайындығының айтарлықтай артқанын көрсетті.

Қорыта келгенде, қатысымдық жаттығулар мен арнайы курстардың оқу бағдарламасына енгізілуі студенттердің тілдік дағдыларының да, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің де айтарлықтай жақсаруына ықпал етті. Эксперименттің үш бағыты да білім сапасын арттыруда және студенттерді болашақ кәсіби қызметке дайындауда оң нәтиже көрсетті. Эксперимент оқу үдерісіне жаңа модульдер мен әдістерді енгізудің орындылығы мен тиімділігін растады әрі зерттеу болжамының дұрыстығы дәлелденді.

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырым**

Диссертациялық жұмыстың «Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар қорытындысы» тарауы бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент талдаулары негізінде қазақ тілін оқыту үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігі айқындалды.

2. «Қазақ тілі» пәні бойынша жүргізілген эксперимент арқылы тіл үйренушіге қатысымдық жаттығулардың тілді меңгеру деңгейіне, қарым-қатынасқа деген сенімділігіне және тіл үйренуге деген ынтасына әсері сипатталды. Қазақ тілі пәні бойынша бақылау экспериментінде нәтижелерді

салыстыру үшін бағалау параметрі, бағалау шкаласы нақты көрсетілді. Тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі, тіл үйренуге деген ынтасы бойынша деректерге корреляциялық талдау жасалып, әдістеменің тиімділігі расталды.

3. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша жүргізілген эксперимент негізінде болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында қатысымдық жаттығуларды әзірлеп, қолдану әдістері жүйеленді. Қазақ тілін оқыту әдістемесі курсының силлабусына «Қатысымдық жаттығулар» модулін енгізу арқылы болашақ педагогтерді жаттығулардың түрлерімен, соның ішінде қатысымдық жаттығулармен таныстыру, сөйлеу жаттығуларын қатысымдық жаттығулармен салыстыру, қатысымдық жаттығуларды өз бетінше дайындауы, оларды талдау және жетілдіру машықтарын қалыптастыру мәселелері дәйектелді.

4. «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» арнайы курсы бойынша (болашақ педагогтерге арналған) жүргізілген эксперимент нәтижесінде болашақ педагогтерде оқулықтар мен қатысымдық жаттығуларды талдаудың лингводидактикалық негіздері мен критерийлері туралы түсінік қалыптастыру, лингводидактика ұғымдары мен оқулықтарды талдау критерийлерін түсіндіру, қазақ тілі оқулықтары мен олардағы қатысымдық жаттығуларды талдау құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту жолдары анықталды.

5. Тілді меңгеру деңгейі, қарым-қатынасқа деген сенімділігі, тіл үйренуге деген ынтасы бойынша G-сr белгілері негізінде жүргізілген сараптамалық талдау зерттеу болжамының дұрыстығын дәлелдеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді және бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды. Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей **қорытындылар** жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативтік құжаттары негізінде жасалған талдаулар көрсеткендей, қатысымдық жаттығулар білім алушылардың әртүрлі қатысымдық жағдайларға бейімделуіне, өз ойлары мен идеяларын анық әрі қисынды түрде жеткізуіне, әңгімелесушіні түсініп тыңдауына және алған ақпаратқа өз көзқарасын білдіруіне мүмкіндік береді. Бұл дағдылар қатысымдық құзыреттілікті арттыруға және білім алушылардың қазақ тілінде әртүрлі өмірлік жағдайларда сөйлесу қабілетін дамытуға, сондай-ақ болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал етеді. Дегенмен отандық әдістеме ғылымының теориялық дамуы мен практикасының нәтижесінде жинақталған тіл үйрету жаттығуларының мол қоры арасында сөйлеу тілін дамытуға бағытталған қатысымдық жаттығулардың аз екендігі байқалады. Бұл мәселе тақырыптың өзектілігін танытты.

2. Нысанаға алынған мәселе бойынша теориялық еңбектерді зерттеу нәтижесінде қатысым теориясының ерекшеліктері, пәнаралық сипаты және практикалық маңызы анықталды. «Қатысымдық жаттығулар» терминінің қатысым теориясымен байланысты екендігі дәлелденді. Сонымен қатар, «коммуникация» термині мен оны зерттеген ғалымдардың еңбектері мен пікірлері сараланды. «Қатысымдық жаттығулар» терминінің қалыптасу жолдары айқындалды және тіл үйретудегі қатысымдық әдістің нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануға және тілдік деңгейде өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығы айқындалды. XX ғасырдың соңында шетелдік ғалымдардың қатысымдық жаттығуларды теориялық тұрғыдан қарастырған ғылыми еңбектері талданып, зерттеу нысанына қарай ұстанымдары мен түрлері кесте түрінде алғаш рет ұсынылды. Қатысымдық жаттығулардың зерттелуі, ғылыми аппаратын біріздендіру тақырыбында жазылған мақаламыз «Современные научные парадигмы в башкирской и казахской лингвистиках» атты ұжымдық монографияға енгізілді (Қосымша А).

3. Жаттығу оқу құралының негізгі аспектісі ретінде анықталды. Қазақ тілі оқулықтары нақты өлшемдер бойынша сараланып, онда берілген қатысымдық жаттығулар теориялық және практикалық тұрғыда талданды. Қатысымдық жаттығулар жүйесіне енген жаттығу түрлері білім алушылардың тілдік және сөйлеу дағдыларын дамытуға негізделетіндігі дәлелденді және *сұрақ-жауап, жағдаяттық, репродуктивті, сипаттау, пікірлесім, кескіндемелік, бастамашыл, ойын* сынды жаттығу түрлері ұсынылды. Нәтижесінде «Қазақша үйренеміз», «Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар» оқу-әдістемелік

құралдары әзірленіп, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәліктер алынды (Қосымшалар Ә, Б, В).

4. Оқулықтың оқу ақпаратын толық қамтитын құрал ретінде құрылымы (теориялық бөлім, әдістемелік бөлім, эстетикалық бөлім) қарастырылып, әр бөлімнің мақсаты мен міндеттері айқындалды. Болашақ педагогтерге «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» атты арнайы курс ұйымдастырылып, оқулықтарды талдаудың өлшемшарттары меңгертілді. Арнайы курсқа қатысқан студенттермен кері байланыс орнатылды (Қосымша Г). Бұл арнайы курстың тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді, оқулықтың практикалық қолданылуы мен теориялық негіздерінің білім беру сапасын арттыруға үлес қосатындығын дәлелдеді (Қосымша Ғ). Нәтижесінде *«Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» атты арнайы курсы* Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 6В01706 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6В01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6В02301 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламаларына ұсынылып, жаңа элективтік пән енгізу актісі алынды (Қосымша Д).

5. Қатысымдық жаттығулардың тиімділігін эксперимент жүргізу арқылы тексеру үш бағытты, үш кезенді қамтыды. Бірінші кезең бойынша «Қазақ тілі» пәнінде тіл үйренушілерге қазақ тілі қатысымдық жаттығуларды қолдана отырып үйретілді. Нәтижесінде қатысымдық жаттығуларды қолдану тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін айтарлықтай арттырды. Осы жетістіктерді ескере отырып, эксперименті екінші кезеңде ары қарай жалғастыру жоспарланды. Екінші кезең бойынша "Қазақ тілін оқыту әдістемесі" пәнінің силлабусына «Қатысымдық жаттығулар» модулі енгізілді. Бұл модуль болашақ мұғалімдерге қатысымдық жаттығулар, оларды құрастырудың ұстанымдарын, түрлері мен әдіс-тәсілдерін меңгертуге бағытталды. Нәтижесінде болашақ педагогтер қатысымдық жаттығуларды басқа жаттығу түрлерінен айыруды үйренді, оны құрудың ұстанымдарын, әдіс-тәсілдерін меңгерді, өз бетімен *сұрақ-жауап, жағдаяттық, репродуктивті, сипаттау, пікірлесім, кескіндемелік, бастамашыл, ойын* сынды қатысымдық жаттығулар құруды үйренді. Үшінші кезең бойынша болашақ педагогтерге «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» атты арнайы курс ұйымдастырылды. Бұл курс қатысымдық жаттығулардың оқулықтарда берілуіне талдау жасауға бағытталды және игерген білімдерін практикада қолдану машығын тексеруге мүмкіндік берді. Бұл кезеңде болашақ педагогтер оқулықты талдаудың өлшемшарттарымен танысты, сол бойынша сараптамалық талдау жүргізді, оқулықтарды салыстырып өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтады, өздерінің пікірлерін дәлелді жеткізуді қалыптастырды, қатысымдық құзыреттіліктерін дамытты. Нәтижесінде

оқулықтарға сараптамалық талдау жасау оқу басылымдарын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

6. Зерттеу жұмысында алынған мәліметтерді статистикалық талдау, соның ішінде эксперименттік топтағы өзгерістердің маңыздылығын бағалау үшін t-тест, G-cr белгілері әдістері арқылы зерттеу жұмысы болжамының дұрыстығы дәлелденді. Эксперимент нәтижелері жұмыста толық көрсетілді.

Алынған нәтижелер қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесін одан әрі дамыту үшін маңызды. Атап айтқанда:

1. Теориялық негіздердің дамуы: «Коммуникация» және «қатысымдық жаттығулар» ұғымдарының лингвистикалық және педагогикалық негіздерін анықтау арқылы осы әдістеменің теориялық негіздерін тереңдетуге ықпал етті. Қатысымдық жаттығулардың теориялық негіздерін жүйелеу мен анықтау жаңа ғылыми ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына негіз болды.

2. Әдістемелік негіздердің байытылуы: Әлемдік және отандық әдістеме іліміндегі қатысымдық жаттығуларды талдау, олардың тиімділігі мен қолдану ерекшеліктерін анықтау арқылы қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері кеңейтілді. Бұл жаңа зерттеулер мен әдістемелік ұсыныстардың пайда болуына негіз болады.

3. Жаңа теориялық ұсыныстар: Қатысымдық құзыреттіліктің компоненттері мен қазақ тілін оқытудың мақсатты нәтижелерін жүйелеу жаңа теориялық ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулардың қалыптасуына ықпал етті. Бұл ұсыныстар болашақтағы ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстарға негіз бола алады.

Сонымен қатар алынған нәтижелер қазақ тілін оқыту үдерісінде келесі практикалық артықшылықтарға жетелейді:

1. Әдістемелік ұсынымдардың әзірленуі: Қатысымдық жаттығуларды құрастыру және қолдану әдістемесі студенттердің қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі. Тиімді жаттығулар оқу бағдарламалары мен курстарға енгізіліп, оқу үдерісін қызықты және нәтижелі етеді.

2. Оқу басылымдарының жетілдірілуі: Оқу басылымдарындағы қатысымдық жаттығуларға сараптама жасау арқылы олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, жаңа оқу құралдары мен әдістемелік кешендерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

3. Оқытушыларды қолдау: Жаңа әдістемелер мен ұсынымдар оқытушыларға қазақ тілін оқыту үдерісінде тиімді құралдар мен нұсқаулар береді, бұл олардың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектеседі.

4. Педагогикалық дайындықты қолдау: Зерттеу нәтижелері болашақ педагогтерді кәсіби даярлау үдерісіне пайдалы болып, қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша жоғары оқу орындарында кәсіби даярлықты жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы нәтижелер қазақ тілін оқытудың ғылыми және практикалық негіздерін дамытуға, сонымен қатар болашақ зерттеулер мен практикалық қолдану үшін маңызды негіз бола алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / құраст. О. Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 664 б.
- 2 Оразбаева Ф.Ш. Деңгейлік қазақ тілі. – Алматы, 2019. – Т. 5. – 560 б.
- 3 Тексты по истории социологии XIX-XX веков: хрестоматия / сост. В.И. Добренъков. – М.: Наука, 1994. – 406 с.
- 4 Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1999. – 63 б.
- 5 Языкознание: большой энциклопедический словарь. – Изд. 2-е, репринт. – М., 1998. – 685 с.
- 6 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік словарь, 2005. – 440 б.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – Т. 8. – 744 б.
- 8 Даль В. Толковый словарь живаго великорусского языка. – Изд. 2-е, испр. – СПб., 1881. – Т. 2. – 807 с.
- 9 Толковый словарь русского языка / под ред. Д.Н. Ушакова. – М.: ОГиз, 1935. – Т. 1. – 1562 с.
- 10 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 598 с.
- 11 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов: пос. для учителя. – Изд. 3-е, испр. и доп. – М.: Просвещение, 1985. – 357 с.
- 12 Қазақ тілінің сөздігі / ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
- 13 Тихонов А.Н., Хашимов Р.И., Журавлева Г.С. Русский язык: энциклопед. словарь-справоч. лингвист. терминов и понятий: в 2 т. – М.: ФЛИНТА, 2014. – Т. 2. – 840 с.
- 14 Жеребило Т.В. Словарь лингвистических терминов. – Изд. 5-е, испр. и доп. – Назрань: ООО «Пилигрим», 2010. – 486 с.
- 15 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі: сөздік. – Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2016. – 168 б.
- 16 Матвеева Т.В. Полный словарь лингвистических терминов. – Р-на-Д.: Феникс, 2010. – 562 с.
- 17 Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М.: Наука, 1984. – 176 с.
- 18 Кобозева И.М. Теория речевых актов как один из вариантов теории речевой деятельности. // Новое в зарубежной лингвистике: сб. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 17. – С. 7-21.
- 19 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология / ред. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп баспасы ЖАҚ, 2002. – 256 б.

- 20 Психология: энциклопедиялық сөздік / ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 624 б.
- 21 Дүйсенбаев А. Педагогика: оқул. – Астана: Фолиант, 2018. – 164 б.
- 22 Бап-Баба С.Б. Жалпы психология (жантану негіздері). – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 268 б.
- 23 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1974. – 696 б.
- 24 Остин Дж. Как производить действие при помощи слов? / пер. с англ. – М., 1999. – 329 с.
- 25 Серль Дж. Что такое речевой акт? // Логос. – 1999. – №3. – С. 34-47.
- 26 Методика как наука: учеб. пос. / под ред. Е.И. Пассова, Е.С. Кузнецовой. – Воронеж: Интерлингва, 2002. – 40 с.
- 27 Бим И.Л. Методика обучения иностранным языкам как наука и проблемы школьного учебника (Опыт системно-структурного описания). – М.: Русский язык, 1977. – 288 с.
- 28 Білім және ғылым: энциклоп. сөздік / ред. Ж.Қ. Түймебаев. – Алматы, 2009. – 400 б.
- 29 Нұрмұхаметова Р.Ә., Молдағалиев Б.А., Фейзулдаева С.А. және т.б. Педагогика: сөздік. – Ақтау, 2009. – 112 б.
- 30 Лемберг Р.Г. Методы обучения в школе. – Алма-Ата, 1958. – 93 с.
- 31 Лапидус Б.А. Интенсификация процесса обучения иноязычной речи (пути и приемы). – М.: Высшая школа, 1970. – 128 с.
- 32 Сосенко Э.Ю. Коммуникативные подготовительные упражнения (При обучении говорению на начальном этапе). – М.: Русский язык, 1979. – 140 с.
- 33 Рамзина Т.А., Полидва М.А. Коммуникативные упражнения. – Изд. 3-е, перер., доп. – М.: Русский язык, 1989. – 179 с.
- 34 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М., 2009. – 448 с.
- 35 Әдіскер анықтамалығы / құраст. Б. Қапалбек, А. Кеңесова, А. Жұмағұлова. – Астана, 2016. – 195 б.
- 36 Гез И.И. Система упражнений и последовательность развития речевых умений и навыков // ИЯШ. – 1969. – №6. – С. 19-23.
- 37 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – М.: Просвещение, 1969. – 214 с.
- 38 Вятютнев М.Н. Понятие языковой компетенции в лингвистике и методике преподавания иностранного языка // Иностранные языки в средней школе. – 1975. – №6. – С. 26-36.
- 39 Рубинштейн С.Л., Основы общей психологии. – СПб: Питер, 2000. – 712 с.
- 40 Тамбовкина Т.Ю. Активизация речемыслительной деятельности учащихся на начальном этапе обучения // Иностранные языки в школе. – 2009. – №2. – С. 36-38.

- 41 Пассов Е.И. Коммуникативные упражнения (на материале немецкого языка). – М.: Просвещение, 1967. – 97 с.
- 42 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 207 б.
- 43 Күзембаева А. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі класс оқушыларының қазақша тілін дамыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. 1994. – 172 б.
- 44 Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2005. – 302 б.
- 45 Костомаров В.Г. Требование к грамматическим упражнениям // Матер. 5-го междунар. метод. семин. преподавателей русского языка стран социализма. – М., 1965. – С. 199-210.
- 46 Миролубов А.А. Натуральный метод // Иностранные языки в школе. – 2002. – №5. – С. 26-28.
- 47 Виноградова Л.А. Повторение грамматики русского языка в III и IV классах: из опыта учителя. – Л.: Учпедгиз, 1957. – 96 с.
- 48 Грузинская И.А. Методика преподавания английского языка в средней школе: учеб. пос. – М.: Учпедгиз, 1933. – 94 с.
- 49 Bruner J., Olver R. and P. Greenfield (eds). Studies in Cognitive Growth // New York: Wiley, 1966. 343 p.
- 50 Rivers W.M. Talking off the Tops of Their Heads // TESOL Quarterly. – 1972. – Vol. 6, №1. – P. 71-81.
- 51 Hymes D.H. et al. On Communicative Competence // In book: Sociolinguistics. Selected Readings. – Harmondsworth: Penguin, 1972. – P. 269-293.
- 52 Krashen S. D. Principles and Practice in Second Language Acquisition. – Oxford: Pergamon, 1982. – 269 p.
- 53 Скалкин В.Л. Коммуникативные упражнения на английском языке: пос. для учителя. – М.: Просвещение, 1993. – 128 с.
- 54 Салистра И.Д. О некоторых методических терминах // ИЯШ. – 1959. – №2. – С. 55-64.
- 55 Рахманов И.В. Методика обучения немецкому языку в VIII-X классах. – М., 1956. – 151 с.
- 56 Грузинская И.А. Методика преподавания английского языка в средней школе. – Изд. 5-е. – М., 1947. – 222 с.
- 57 Грузинская И.А. Упражнения в V, VI, VII и VIII классах средней школы // ИЯШ. – 1940. – №3. – С. 16-25.
- 58 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №604 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>. 10.11.2023.
- 59 Лapidус Б.А. К теории упражнений по иностранному языку // Иностранные языки в высшей школе. – 1975. – №10. – С. 84-89.

60 Цетлин В.С. Методика преподавания французского языка в XIII-X классах. – М. 1949. – 111 с.

61 Мешінбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы: Абай атындағы Алматы университеті, 1999. – 163 б.

62 Камиева Г.К. Орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін мақал-мәтелдер арқылы дамыту: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 28 б.

63 Абдразахова Ф. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 25 б.

64 Ноғайбаева Ж. Дыбыс үндестігі арқылы орыс бөлімі студенттерін қазақша сөйлеуге үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.

65 Лапатухин М.С. Очерки по методике казахского языка в русской школе. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1940. – 44 с.

66 Жиенбаев С. V-VII класқа арналған грамматика кітабы // Халық мұғалімі. – 1940. – №7-8. – Б. 77-80.

67 Чистяков В.М. Основы методики русского языка в нерусских школах. – М.: Учпедгиз, 1947. – 388 с.

68 Сарыбаев Ш. Методика преподавания казахского языка в русской школе. – Алматы, 1943. – 125 б.

69 Курманбаева Ш.К., Курманова А.К., Бердикулова А.С. Қазақша үйренеміз: оқу-әдістем. құр. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 93 б.

70 Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 77 б.

71 Айғабылов А. Лексиканы оқыту методикасы, оның қазіргі міндеттері. – Алматы: Мектеп, 1988. – 95 б.

72 Жахина Б. Сөздің лексика-семантикалық тобымен байланыста тіл дамытудың әдістемесі: оқу құр. – Алматы: «Эверо» баспаханасы, 2006. – 171 б.

73 Филин Ф.И. Очерки теории языкознания. – М.: Наука, 1982. – 334 с.

74 Бехтерева Н.П. Нейрофизиологические аспекты психической деятельности человека. – Л., 1971. – 120 с.

75 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Изд. 2-е. – М.: Просвещение, 1991. – 223 с.

76 Рахманов И.В. Обучение устной речи на иностранном языке: учеб. пос. – М.: Высш.школа, 1980. – 120 с.

77 Щерба Л.В. Очередные проблемы языковедения // Известия Академии наук союза СССР. – 1945. – Т. 4, №5. – С. 173-186.

78 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 144 б.

79 Беляев Б. В. Очерки по психологии обучения иностранным языкам. – М.: Просвещение, 1965. – 226 с.

80 Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. 1. – 384 б.

- 81 Курманбаева Ш.К. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі: монография. – Өскемен, 2012. – 278 б.
- 82 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. – Т. 2. – 584 б.
- 83 Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арда, 2016. – 488 б.
- 84 Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксистерінің сипаттары: оқул. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. – 159 б.
- 85 Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістем. құр. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.
- 86 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_). 10.11.2023.
- 87 Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: оқул. – Алматы: ОНОН, 2017. – 340 б.
- 88 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Изд. 18-е, стерео. – М.: Рус. яз., 1987. – 797 с.
- 89 Қоғамдық ғылымдар саласы терминдері мен анықтамаларының мемлекеттік стандарты (жоба) / А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2018. – Кіт. 2. – 535 б.
- 90 Толковый словарь русского языка: в 4 т. / под ред. Д.Н. Ушакова – М., 1935. – Т. 1. – 1562 с.; 1938. – Т. 2. – 1040 с.; 1939. – Т. 3. – 1424 с.; 1940. – Т. 4. – 1502 с.
- 91 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: 4000-ға жуық термин. Педагогика және психология / ред. М.М. Құл-Мұхаммед. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.
- 92 Хомский Н.Аспекты теории синтаксиса /пер.с англ. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972.– 354 с.
- 93 Паламарчук Л.Н. Формирование информационно-технологической компетентности учащихся 5-7-х классов: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Челябинск, 2009. – 23 с.
- 94 Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М.: Флинта, 1998. – 200 с.
- 95 Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управление УВП. – М., 2005. – 288 с.
- 96 Жадрина М. Результаты образования: традиции и новые тенденции // Творческая педагогика. – 2003. – №4. – С. 3-10.
- 97 Равен Д. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ. – М.: Знание, 2002. – 394 с.
- 98 Петровская Л.А. Компетентность в общении. – М.: МГУ, 1989. – 216 с.
- 99 Коряковцева Н. Современная методика организации самостоятельной работы изучающих иностранный язык: пос. для учит. – М.: Аркти, 2002. – 176 с.


- 100 Дуйсенова М.М. Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері «бастауыш сынып материалдары бойынша): док. PhD. ... дис. – Түркістан, 2016. – 157 б.
- 101 Рысқұлбекова А.Д. Бастауыш сынып оқушыларына арналған жиынтығы: әдістем. көм. құр. – 36 б.
- 102 Мұқанбетова Ш.Т. Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2008. – 30 б.
- 103 Хомский Н. Язык и мышление. – М., 1972. – 122 с.
- 104 Холлидей А. Реалити-шоу. – М., 2007. – 381 с.
- 105 Canale M., Swain M. Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing // *Appl. Linguistics*. – 1980. – №1. – P. 1-47.
- 106 Dornyei Z., Thurrell. Strategic Competence and How to Teach It // *ELT Journal*. – 1991. – №45. – P. 16-23.
- 107 Dornyei Z., Scott M.L. Communication Strategies in a Second Language: Definitions and Taxonomies // *Language Learning*. – 1997. – №47. – P. 173-210.
- 108 Littlemore J. The Communicative Effectiveness of Different Types of Communication Strategy // *System*. – 2003. – №31. – P. 331-347.
- 109 Вятютнев М.Н. Традиции и новации в современной методике преподавания русского языка и литературы // *Научные традиции и новые направления в преподавании русского языка и литературы: докл. Советской делегации на конгрессе*. – М., 1986. – С. 78-90.
- 110 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // *Высшее образование сегодня*. – 2003. – №5. – С. 34-42.
- 111 Гез Н.И. Формирование коммуникативной компетенции как объект зарубежных методических исследований // *Иностранные языки в школе*. – 1985. – №2. – С. 17-24.
- 112 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. – М.: Академия, 2004. – 336 с.
- 113 Изаренков Д.И. Базисные составляющие коммуникативной компетенции и их формирование на продвинутом этапе обучения студентов-нефилологов // *Русский язык за рубежом*. – 1990. – №4. – С. 54-60.
- 114 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 315 б.
- 115 Саломатов К.И. Проблемы воспитания потребности в знаниях у школьников. – Изд. 2-е. – Р-на-Д., 2011. – 189 с.
- 116 Аманжолов С.А. Қазақ әдеби тіл синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 117 Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2016. – 224 б.
- 118 Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. – Алматы, 1946. – 118 б.
- 119 Шонанов Т. Тіл дамыту. – Қызылорда, 1931. – 54 б.
- 120 Жұматаева Е.Ө. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2003. – 301 б.

- 121 Рахметова Р.С. Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1994. – 291 б.
- 122 Құрманова Н. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 245 б.
- 123 Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптар): пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.
- 124 Littlewood W. Communicative Language Teaching: An Introduction // Cambridge: Cambridge University Press, 1981. – 108 p.
- 125 European Language Portfolio / Council of Europe. – Strasbourg: Council of Europe, 2001. – 40 p.
- 126 Krashen S. The Input Hypothesis: Issues and Implications. – London: Longman, 1985. – 120 p.
- 127 Ellis R. Task-Based Language Learning and Teaching. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 387 p.
- 128 Педагогическая энциклопедия: в 4 т. / под ред. И.А. Каирова. – М., 1964. – Т. 4. – 832 с.
- 129 Беспалько В.П. Теория учебника: дидактический аспект. – М.: Педагогика, 2008. – 160 с.
- 130 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – Т. 2. – 336 б.
- 131 Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015. – Т. 1. – 247 б.
- 132 Лернер И.Я. О дидактических основаниях построения учебника // В кн.: Проблема школьного учебника. – М., 1991. – Вып. 20. – С. 18-26.
- 133 Күзекова З.С. Профессор Рақыш Әміров оқулықтарындағы жаттығулар түрлері // Қаз ҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2005. – №4(86). – Б. 18-28.
- 134 Жантілеуова Л. Қазақ тілі сабақтары А-1 қарапайым деңгейге арналған оқу құр. – Астана, 2015. – 96 б.
- 135 Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т. және т.б. Қазақ тілі: қарапайым деңгей А1. – Астана, 2016. – 268 б.
- 136 Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: бастапқы деңгей (А1). – Астана, 2018. – 122 б.
- 137 Бейсенбаева Л.Ж., Балабеков А.К., Жакыпжанова А.С. Қазақ тілі: қарапайым деңгей (А1). – Нұр-Сұлтан, 2021. – 196 б.
- 138 Усманова М.Г. Изучаем башкирский язык. Интенсивный курс обучения. – Уфа: Китап, 2011. – 240 с.
- 139 Yedi İklim Türkçe / Yunus Emre Enstitüsü “Türkçe Öğretim Seti Ders Kitabı Seviye A1”. – Ankara Cad., 2015. – 192 s.

- 140 Naviy L., Rakisheva G.M., Stukalenko N.M. et al. Ways to enhance students' learning activities in the context of higher education // *Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment*. – 2020a. – Vol. 8, №4. – P. 557-561.
- 141 Luck S. L., Swartz S. The Textbook Didn't Mention That: An Intercultural Experiential Exercise in Business Communication // *Management Teaching Review*. – 2020. – Vol. 5, №3. – P. 231-245.
- 142 Chan J.Y.H. Four decades of ELT development in Hong Kong: Impact of global theories on the changing curricula and textbooks // *Language Teaching Research*. – 2021. – Vol. 25, №5. – P. 729-753.
- 143 Nordlund M., Norberg C. Vocabulary in EFL teaching materials for young learners // *International Journal of Language Studies*. – 2020. – Vol. 14, №1. – P. 89-116.
- 144 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 1946. – 720 с.
- 145 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1980. – 225 б.
- 146 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б.
- 147 Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері. – Алматы, 1951. – 267 б.
- 148 Коменский Я.А. Великая дидактика. – СПб., 1955. – 358 с.
- 149 Курманова А.К., Қапантайқызы Ш. Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. – Көкшетау, 2024. – 221 б.
- 150 Kurmanova A.K., Kapantaikyzy Sh. The role of communicative exercises in increasing the level of practical knowledge of the kazakh language // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. – 2023. – №2. – Б. 93-104.
- 151 Курманова А.К. Қатысымдық жаттығулар: зерттеулер мен оқулықтарға талдау // Торайғыров университетінің хабаршысы. – 2022. – №4. – Б. 233-245.
- 152 Курманова А.К., Тагирова С.А. Роль коммуникативных упражнений при изучении казахского языка // XVIII Акмуллинские чтения: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Уфа, 2023. – Т. 2. – Б. 246-250.
- 153 «LearningApps.org» // <https://learningapps.org/display?>. 10.11.2023.
- 154 «Formulator Tarsia» // <https://www.tarsiamaker.co.uk/>. 10.11.2023.
- 155 «Kahoot» // <https://create.kahoot.it/details>. 10.11.2023.
- 156 «Wordwall» // <https://wordwall.net/ru/resource/14996526>. 10.11.2023.
- 157 «Classroomscreen, Padlet» // [padlet.com/asylzatmuslimova](https://padlet.com/asylzatmuslimova). 10.11.2023.
- 158 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі: Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz>. 10.11.2023.

# ҚОСЫМША А

## Современные научные парадигмы в башкирской и казахской лингвистиках: коллективная монография



## ҚОСЫМША Ә

### «Қазақша үйренеміз» оқу-әдістемелік құралы мен авторлық куәлігі



# ҚОСЫМША Б

## Авторлық құқық куәліктері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

**ҚУӘЛІК**  
2021 жылғы «18» тамыз № 19787

Автордың (пардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):  
**ҚҰРМАНБАЕВА ШЫНАР КАПАНТАЙҚЫЗЫ, БЕРДИҚҰЛОВА АЛАСАЙ СМАИЛОВНА,  
ҚҰРМАНОВА АЙНАШ ҚҰРМАНОВНА**

Авторлық құқық объектісі: **құрамдас туынды**

Объектінің атауы: **Авторлық жоба: «Қазақша үйренеміз». Оқу әдістемелік құралы**

Объектіні жасаған күні: **17.08.2021**





Құжат тіркелдіні нақты тіркелу мақсатында қолданатын  
"Авторлық құқық" бөліміндегі тіркелуі болса, <https://osauyrtf.kz/kazipent.kz>  
Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazipent.kz](https://osauyrtf.kz/kazipent.kz)  
в разделе «Авторское право» <https://osauyrtf.kz/kazipent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды Оспанов Е.К.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2024 жылы «10» шілде № 48287

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):  
**ҚУРМАНОВА АЙНАШ ҚУРМАНОВНА, КАПАНАТЖЫЗЫ ШЫНАР**

Авторлық құқық объектісі: **құрамдас туынды**

Объектінің атауы: **"Қазақша үйренеміз: Қатысымдық жаттығулар". Оқу-әдістемелік құрал**

Объектіні жасаған күні: **09.07.2024**



Құжат суретсіздігінің <http://www.kazpatent.kz/> сайтының  
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады. <https://copyright.kazpatent.kz>




Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://kazpatent.kz)  
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

Е. Османов

## ҚОСЫМША В

### Қазақша үйренеміз: қатысымдық жаттығулар: оқу-әдістемелік құралы







## ҚОСЫМША Г

### Кесте Г.1 – Болашақ педагогтердің арнайы курс туралы кері байланыстары

<i>Кері байланыс №1</i>	"Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері" арнайы курсы бізге оқулықтардың мазмұнын игертті, оқулықтар туралы және олардың қағидалары жайлы ақпараттарды үйрендік. Мен бұл курс негізінде қазақ тілі оқулықтарын, теориялық мәліметтерді практикалық тұрғыдан талдауды үйрендім. Менде бұл курс негізінде айтылым, оқылым дағдысы, шешім қабылдау, ынта, белсенділік, тілдік коммуникация дағдыларым қалыптасты. Жалпы курс барысында оқулық талдау арқылы өзіме көп тәжірибе жинадым. Болашақ педагог маман ретінде қандай жұмыс жүргізілуі тиістігін, қандай оқулықпен жұмыс жасау керектігін ұқтым. Мен бұл курстан үйренгенімді болашақта өз мамандығымға сәйкес қолданамын. Бұл арнайы курстың бізге <i>тигізетін пайдасы өте мол, тиімділігі өте жоғары.</i>
<i>Кері байланыс №2</i>	"Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері" арнайы курсы оқу арқылы кітапты толық талдауды үйрендім. Осы уақытқа дейін оқулық, оқу-құралының құрылымына мән бермеппін. Бір-бірінен айырмашылығы болатынын, сол арқылы оқырманға әсер етуі де әртүрлі болатынын байқадым. Оқушының жас ерекшелігіне, деңгейі мен психологиясына сай оқулықтарды қалай құру, мазмұнды әрі негізгі ету керектігін үйрендім. Сондай-ақ сөйлесім әрекеті түрлері, БЛУМ таксономиясының да маңызын және қалай тапсырма ретінде енгізу керектігін үйрендім. Жаңа технологиялық платформалардың қолданылуы мен мәтін, сілтеме, теориялық мәлімет, глоссарий, тест т.б. кітап бөліктерінің ара-жігін ажыратып, қалай тиімді етіп жасауды үйрендім. Жалпы кітап талдау барысы өте қызықты. Әсіресе, бірнеше кітаптарды бірге салыстыра талдау мені жан-жақты дамытты, кітап туралы өз ұсыным мен өзімнің жеке пікірімді айтып үйрендім. Бұл мен үшін <i>жаңа белес.</i>
<i>Кері байланыс №3</i>	Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері" атты бұл пән арнайы мұғалімдерді даярлайтын барлық мамандықтарға өте қажет. Себебі курста қай оқулықпен жұмыс жасаған дұрыс, әрі қолайлы тұстары қандай, тапсырмалар қалай берілген, барлығын білу өте маңызды. Осы пән кітапты талдауды, оқушымен қалай жұмыс жасауды үйретті. «Қазақша үйренеміз» атты оқулық талдағанда ол кітап ересектерге арналғанынан бастап қызық болды. Неге? Себебі балаларды оқыту қалай екені белгілі, бірақ ересектерді оқыту деген қалай болады деген сұрақ бізді қызықтырды. Қолданатын оқулығыңды талдап қойсаң, ішіндегі тапсырмаларды қай уақытта қайсысын қолдану керек және өзің қалаған ерекше әдістер болса соны қосып тұрып балаға білімді бере алатынымызды түсіндім, кітапта берілген түрлі әдістердің баршасын қолдана білуді үйрендім. Мұндай әдістемелер арқылы қазақ тіліне қызығушылықты ғана арттырмай шетелдіктердің тілімізді үйреніп кетуіне де көмектесеміз. Оқулықтарды талдауда ұққаным әр баланың жасына лайықты мәтіндер мен тапсырмалар беріледі, сол арқылы оқушы оқуға деген ықыласы артады. Жалпы бұл пәннің <i>педагог адамға берері мол</i> екен.
<i>Кері байланыс №4</i>	"Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері" арнайы курсы маған <i>біріншіден</i> , оқулықты жәй ғана оқырман ретінде оқып ғана қоймай, оның әр қырынан танытуға көмек берді. Мәселен, оқулықты талдағанда оның мазмұнына, құрастырылған жаттығуларға, жаттығуларда берілген мәтіндердің тәрбиелік мақсатына, сол тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне сай жасалғандығына, иллюстрациялық суреттердің қаншалықты берілгендігіне назар аударуға мүмкіндік берді. <i>Екіншіден</i> , оқулықты талдау барысында авторлардан кеткен олқылықтарды сыншы маман ретінде қайта түзетуді үйрендім. <i>Үшіншіден</i> , оқулықты талдау барысында зерттеушілік, сарапшылық дағдымды қалыптастырдым. <i>Төртіншіден</i> , оқулықты талдау барысында біршама тәжірибе жинақтай алдым. Сонымен қатар, әріптестерімнің жасаған жұмыстарымен тәжірибелік алмасу жасап, көп нәтижеге қол жеткіздім. <i>Бесіншіден</i> , оқулық талдауды болашақта өз оқулығымды құрастыру барысында пайдаланамын деп ойлаймын. <i>Алтыншыдан</i> , оқулықты талдаудың тиімділігіне келетін болсам, болашақ педагог ретінде оқу процесінде кездескен қиыншылықтардан тез шығуға, өз тәжірибем бойынша оқулықты сол сәтте түзетуге мүмкіндік ала аламын. Қорытындылай келе, әр оқулықты талдау, онымен сыни тұрғыдан жұмыс жасау <i>болашақ маман үшін өте пайдалы</i> дүние деп ойлаймын.
<i>Кері байланыс №5</i>	Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері" арнайы курсы бойынша көп нәрсе үйрендім, түйдім. Кез- келген мұғалім мектепте, басқа оқу орындарында болсын, өзі үйрететін оқулығын алдын - ала талдап, зерттеу жасап, өз пікірін қалыптастыруы тиіс. Осы тұрғыдан, бұл курс тапсырмаларды іріктеп, жіктеп, оқулықтың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, сыни көзқарас қалыптастыруға септігін тигізді. Сонымен қатар, оқушылардың білік, дағды деңгейлеріне, жас ерекшелігіне қарай тапсырмаларды дұрыс, сауатты жүйелеуді үйретті. Болашақ мұғалім ретінде бұл пән мені жан- жақты дамытты. Бұл тәжірибелерді болашақта өз қажетіме жарататынымға сенімдімін. Себебі, нағыз, сауатты ұстаз болу үшін нені оқытқалы жатқанын білу, оқулықтың әр бөлігіне талдау жасай білу, білім алушыға әр тапсырманы танымдық тұрғыдан жеткізе білу қажет. Тиімділігі - <i>болашақ мұғалімнің міндетті түрде пайдасына асуында.</i>





Қазақ тілі А1 бастапқы деңгей оқу құралы		Қазақ тілі 5-сынып
<b>Айырмашылық</b>	<b>Ұқсастық</b>	<b>Айырмашылық</b>
1.Теориялық тақырыптармен қатар күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі тақырыптарда кездеседі.	1.Теориялық тақырыптар қарастырылған.	1.Теориялық тақырыптарға қарағанда функционалды бағыттағы тақырыптар жиі ұшырасады.
2. Тіл үйренушілерге қазақ тіліндегі тілдік тақырыптар түсінуге оңай әрі жеңіл берілген.	2.Тілдік тақырыптарға байланысты ережелер берілген.	2.Оқу бағдарламасына негізделіп жасалған бұл оқулықтағы тілдік тақырыптарға арналған ережелер шұбалаңқы формада берілген.
3.Аталған оқу құралында берілген жаттығулар тіл үйренушілерге бастапқы А1 деңгейіне сай құрастырылған. Мысалы:	3. Тақырыпқа сай тапсырмалар құрастырылған.	3.Бұл оқулықта берілген жаттығулар сол жастағы оқушылардың жас және психологиялық ерекшелігіне сай әзірленбеген. Мысалы:
		
4.Оқу құралындағы тақырыптар тіл үйренушілер үшін екі тілде берілген. Мысалы:	4. Карта, сызба, схемалар келтірілген.	4.Мектеп оқулығы бір тілде жүргізілген.
		
5.Оқу құралының соңында тіл үйренуші алған теориялық білімін практика жүзінде жетілдіру үшін арнайы жазу парағы берілген. Мысалы:		5.Бұл оқулық арнайы оқу бағдарламасында берілгендіктен оқушылар үшін тиімді. Себебі, оқу құралы кез келген тіл үйренушілерге қолжетімді болса, ал, бұл мектеп оқулығы 5-сынып оқушылары үшін міндеттелген мемлекеттік құжат.
		

Сурет F.1, парақ 2

Кесте F.1 – Қазақ тілін үйренушілерге арналған қазақ тілі оқулығын талдау

1. Топ :	Кок 217													
2. Оқулық атауы:	Жантілеуова Л. Қазақ тілі сабақтары А-1 қарапайым деңгейге арналған оқу құралы.													
3. Аннотациясы:	Қазақ тілі сабақтары оқу құралында қарапайым деңгейге (А-1) сәйкес 14 тақырып пен коммуникативтік бағыттағы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілді. Оқу құралының негізгі мақсаты – тұрмыстық, әлеуметтік, ресми-іскери мазмұн- дағы лексиканы тіл қолданушыға меңгерту және ой-пікірін қарапайым деңгейде жеткізуге дағдыландыратын грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру. Оқу құралы қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары, әдіскерлеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.													
4. Мазмұны:	Кіріспе, 14 сабақ, Аралық бақылау: Лексика – грамматикалық бөлік (Тест); Оқылым бөлігі; Сөйлесім бөлігі; Жазылым бөлігі. Грамматикалық минимум, Сөздік қор, Қолданылған әдебиеттер.													
5. Талданатын мәселелер:	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Диалог	5	2	2	4	2	3	1	2	1	3	2	2	1	2
Монолог	0	2	0	1	1	0	1	1	0	0	1	1	0	0
Теория	4	2	3	2	1	2	1	1	2	1	2	1	1	2
Пікірлесу	0	1	0	0	1	0	0	1	0	1	0	1	0	0
Рольдік ойын	0	1	0	1	1	1	1	0	0	0	1	1	1	0
Пікірталас	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жұптық, топтық тапсырма	2	1	1	2	1	0	1	1	0	1	1	2	1	0
Жаңа сөз, сөйлеу үлгісі	36	27	21	37	40	42	24	25	34	30	25	17	27	11
Фонетика:	1	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0
Лексика:	3	1	2	2	1	2	2	2	1	1	2	2	2	2
Грамматика:	2	4	6	4	3	3	5	3	4	4	4	5	3	4
Нәтиже сабақ:	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Оқу құралы туралы қорытынды пікір (артықшылығы, кемшілігі, ұсыныс)	Бұл оқулықтың басқа оқулықтарға қарағанда артықшылығы: аз уақыт ішінде тіл үйренушіге қазақ тілін меңгерту, коммуникативтік қатынасқа түсіру. Оқулықтың кемшіліктері: нәтиже сабақ әр сабақтың соңында жоқ тек аралық бақылау ретінде 14 сабақтан кейін 30 тест берілген. Грамматикалық минимум реттілік, бірізділік қағидасы бойынша орналаспаған. Ұсыныс: бұл оқулықта А-1 деңгейіне арналғандықтан фонетикаға байланысты тапсырма көбірек болу керек деп ойлаймын. Себебі қазақ тілінде төл дыбыстар, буын, екпін, тасымал бар екенін ескерілуі керек.													

## ҚОСЫМША Д

### Ендіру актісі

БЕКТЕМІН

Ш.Уәлиханова атындағы  
Көкшетау университетінің  
Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор  
Н.А.Медетов  
«29» 06 2022 ж.



### Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің оқу үдерісіне жаңа элективті пәнді ЕНДІРУ АКТІСІ

1. **Жұмыс енгізілетін мекеме атауы:** Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті.

2. **Ұсыныс атауы:** Ш.Уәлиханов ат. КУ-дің оқу үдерісіне жаңа элективті «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» пәнін 6B01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B0107 – Қазақ тілін мен әдебиеті, 6B02301 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламаларына енгізу.

3. **Енгізу аясы:** Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

4. **Енгізу мерзімі:** 2022-2023 оқу жылы

5. **Енгізу нысаны:** жеке меншік

6. **Оқу үдерісінде пайдалану:** 6B01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B0107 – Қазақ тілін мен әдебиеті, 6B02301 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламаларына «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» пәнін арнайы курс ретінде енгізу.

7. **Енгізуге жауапты:** педагогика ғылымдарының магистрі, лектор А.К.Курмановна.

8. **Енгізу тиімділігі:** Білім алушылар оқулықтану негіздерін меңгеруарқылы қазақ тілі оқулықтарының құрылымы мен мазмұнына сараптамалық талдау жасай алады. Қазақ тілі оқулықтарының дидактикалық, методологиялық-теориялық негіздерін меңгереді. Қазақ тілі оқулықтарында берілген жаттығуларды талдап, мақсатына қарай сұрыптауды үйренуді. Қатысымдық жаттығуларды құрастыру технологиясын меңгереді. Оқу-әдістемелік кешендерді оқып-талдауға, баға беруге, тиімді әдістемелік кешендерді құрастыра алуға машықтанады. Оларды практикада қолдана білу дағдыларын қалыптастырады. Қазақ тілі оқулықтарын ғылыми тұрғыдан зерттеп-тану қабілеттері дамиды. Өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеуге және оларды талдай білуге дағдыландырады.

**Курстың пререквизиттері:** Қазақ тілін оқыту әдістемесі

**Комиссия ескертпелері, ұсыныстары, бағасы:** «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» пәні білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытып, теориялық білімін тереңдетеді, практикалық дағдысын қалыптастырады. Жаттығулар түрлерін зерделеп, оқыту мақсатына қарай жаттығуларды сұрыптауға және құрастыруға дағдыландырады. Оқу үдерісіне шығармашылықпен келуге баулиды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл жайттар аталған пәннің өзектілігін айқындайды. Пәннің мақсаты мен міндеттері 6B01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B0107 – Қазақ тілін мен әдебиеті, 6B02301 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасына қойылатын біліктілік, құзыреттілік талаптарына сәйкес келеді. Комиссия «Қазақ тілі оқулықтарының лингводидактикалық негіздері» пәнінің 2022-2026 оқу жылдарына арналған 6B01706 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01709 – Қазақ тілінде оқытатын және оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6B0107 – Қазақ тілін мен әдебиеті, 6B02301 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламаларына элективті пән ретінде енгізілгенін растайды.

**Төраға:**

Академиялық даму  
департаментінің басшысы



С.К.Мемшов

**Комиссия мүшелері:**

Ғылым және коммерцияландыру  
департаментінің басшысы



М.Е.Байдалин

ОжОӘЖ жоспарлау  
орталығының басшысы



Г.М.Ергалиева

Педагогика  
институтының директоры



А.Т.Бексеитова

Қазақ тілі мен әдебиеті  
кафедрасының меңгерушісі



К.К.Молгаждаров

Жауапты хатшы:

ОжОӘЖ жоспарлау  
орталығының методисті



Ш.Н.Жумабаева